



1921 жылғы  
қыркүйектен  
шыға бастады

# АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№9, ҚЫРКҮЙЕК, 2014

## МАЗМҰНЫ

### ЗАМАНХАТ

Қазақ жайы.....3

#### ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Ұлытау төріндегі толғаныс.....5

#### ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА

Алик АЙДАРБАЕВ. Еліміздің дамуы мен халық тұрмысының сапасын көтеру – ортақ мүдде.....10

#### ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘНГІЛІК

Досмұхамед КІШІБЕКОВ, Тимур КІШІБЕКОВ. Отан ең биік, қасиетті құрылым.....13

#### ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Азаматтық – саяси-мемлекеттік, ал, ұлт – саяси-халықтық сипаттағы ұғым.....16

Зікірия ЖАНДАРБЕК. Қазақ тарихын кім, қалай жазу керек?.....20

#### МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Айтан НҮСПІХАНҰЛЫ. Бізге керегі – ұлтшылдық болар.....27

#### ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Құдияр БІЛӘЛ. Діни ауытқушылық – ұлт жадына кері әсер етеді.....30

#### ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІКІ

Игілік ӘЙМЕН. Кімнің – қай отанның соғысы? «Кімнің – ненін» жеңісі?.....34

#### ТАРИХТАН ТӘБӘРІК

Ислам ЖЕМЕНЕЙ. Әмір Темірдің әмірі әлемге әсерін тигізді ме?.....35

#### ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ОРАМДЫ ОЙ

Хасен ҚОЖА-АХМЕТ. Есер музыка есті алып біте ме?.....40

Жанғали ЖҮЗБАЙ. «Нота жазуы қазақ күйіне нұқсан келтіріп, дәстүрлі күйшілікті бұзды...».....52

|                                                                                                                                    |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>МЕНИҢ ҰСТАЗДАРЫМ</b>                                                                                                            |     |
| Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ. Ұлы ақын, ұлық ұстаз – Қадыр Мырзалиев.....                                                                    | 58  |
| <b>ТАҒЫЛЫМ</b>                                                                                                                     |     |
| Ораз ҚАУҒАБАЙ. Қонаевтың атасы Қонай батыр кім?.....                                                                               | 65  |
| Гүлзат КӨБЕК. Шәкен Айманов әлемі.....                                                                                             | 69  |
| Жандарбек ҚАРАБАСОВ. Ноғайбай шешеннің Абаймен кездесуі.....                                                                       | 73  |
| <b>ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ</b>                                                                                                     |     |
| Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ. Тұғырынан таймаған тұлға.....                                                                                    | 78  |
| <b>ОЙТОЛҒАҚ</b>                                                                                                                    |     |
| Дулат ТҰРАНТЕГІ. Көркем аударма және ақын талғамы.....                                                                             | 83  |
| Ақжол ҚАЛШАБЕК. Әдебиет жайлы жазбалар.....                                                                                        | 94  |
| Аманхан ӘЛІМҰЛЫ. Талант тағдыры.....                                                                                               | 99  |
| <b>АҚЫН АҚЫН ТУРАЛЫ</b>                                                                                                            |     |
| Темірхан МЕДЕТБЕК. Өткеннің өкінішінен де рух іздеген.....                                                                         | 104 |
| <b>ДОСТЫҚ ДАСТАНЫ</b>                                                                                                              |     |
| Ғабит ЗҰЛХАРОВ. Зерделі Зелинский.....                                                                                             | 108 |
| <b>ҒАЛЫМ МІНБЕРІ</b>                                                                                                               |     |
| Құралай МЫРЗАХАНҚЫЗЫ. М.Әуезовтің ұлт фольклоры мұрасын жинау, жариялау және насихаттау саласындағы еңбектері жайлы бірер сөз..... | 112 |
| Жанетта ИМАНКУЛОВА. Ағылшын тілін қалай жақсы меңгеруге болады.....                                                                | 115 |
| Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....                                                                                           | 116 |

---



---

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:**

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

---



---

**БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:** Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:** Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184.

## ҚАЗАҚ ЖАЙЫ

Ілгері нөмерлерде Европа, Азия патшаларының жайынан һәм Россияның ішкі, тысқы істерінің жайынан қысқа-қысқа сөйлеп, аз да болса мағлұмат бергеннен кейін енді қазақ істері жайынан сөйлемекпіз. Қазақтың кемтігі, керегі көп. Кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз, тіпті жоқ. Біздің керегіміздің көбі бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер. Бұрын бізге ғылым да, өнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпымыз жайлы да, жақсы да еді. Заман қазір де сол қалыпты болса, қазаққа ғылым, өнер керек болмас еді. Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды.

...Бұрынғыдай кең даланы қазақ жалғыз меншіктеп отырған жоқ, басқаларда келіп тығылды. Басқалармен араласу енді көбейді һәм жылдан-жылға көбейіп барады. Олармен араласқан соң біздің бұрын керек қылмаған нәрселеріміз керек бола бастады һәм жылдан-жылға керегі көбірек бола бастады һәм жылдан-жылға керегі көбірек білінер. Өзгелерден кем болмай, тең боламын деген жұрт қатарынан қалмасқа тырыса-

ды. Тең болғанда адам болсын, жұрт болсын, білімі, өнерімен тең болады. Қалыспаймын дегенде осыларымен қалыспасқа тырысады.

Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үйлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында да болса, үстін түсіп, қалғанның ісін баспақшы. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы. Малымен асқандар байлығымен қамыттап жұмысына жекпекші. Біз өзімізбен өзіміз болып, басылып бара жатқанымызды, батып бара жатқанымызды бірақ білетін көрінеміз. Бізде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрын жоқтығы керегі болмағаннан еді. Енді де керек емес пе? Бұларды енді керек қылмасақ күні бұрын өзімізді құдайға атаған малдай, басқалардың есігіне арнап қою керек.

Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттың да өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп те отыр. Неге басқалардан қазақ есігіне жүріп малай бо-

лушылар аз, басқалардың есігінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалардың ісінің үстемдігін көрсетеді. Осыған осы бастан көз салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл-желпі қарай, көздің қырын салып қана өтетін емес, көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе. «Басынның сауында бер садақасын», «Ұша алмас салсаң бүркіт томағасын» дегендей, бәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға киілген соң жөн тауып ұшу қиын болар.

Біз осы уақытта тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз. Мұнан аман өтсек жұрт болғанымыз. Алаштың азаматы көптеп, көлемдеп ақылын қосып, білімін біріктіріп, ұлтын кешуден аман өткізуге жол көрсететін жері осы. Білгенін айтып, қолдан келгенін істеп, жұртын сүйемелдеп тар жерден аман өткізуге қайрат қылатын да кезі осы.

Бізде негізгі бір зор адасқандық өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік. Өзіміз жай жатып сұрай берелік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді. «Жығылған күреске тоймас» деген, алмаса да қазақ сұрауын қоймайды. Сұрауда да парық бар екенін есіне де алмайды. Бір сұрау бар – ол есікте тұрып, еңкейіп бас ұрып, жыламсырап, аяныш түсіріп, көңілін жібіту жөнмен сұрау. Бұл қайыршылардың сұрауы. Оған ойланбай, қомданбай, осал, оңтай нәрсе, тиын-сыйын бере салады. Бұл елеусіз сұрау. Екінші түрлі сұрау бар – ол төрде отырып, төбесін тең ұстап, қадіріне сүйеніп сұрау. Бұл елеулі сұрау. Бұлай сұрағанның қолқасы ескерусіз жерде қала қоймайды.

Сұрағанын береді, бермесе де ойланып, қиналады.

Қазақтың сұрауы бұл екі сұраудың қай түрі екенін өздері біледі. Біздің айтатынымыз: **Қазақтың сұраудан арманы да жоқ, сұрағанын алғаны да жоқ.** Сонда да әлі сұрасақ молығар едік деп қамданады. Сұрағаннан молықса, қайыршылар молығар еді. Қайыршылықтан байығандар бек сирек. Есіктен есікке жүріп қайыршылықпен күнелткен тіршілік қандай, өз бетінен кәсіп қып, мал жиып, өз еңбегімен күн көрген тіршілік қандай? Қайыршылықпен күн көремін деген оңбайтын адамның ісі, сұраумен молығамыз деген оңбайтын жұрттың ісі. Біз осы күнге шейін сұраумен келдік, берер деген үмітті бақтық. Сұрағанымыз көп, алғанымыз қанша, есепке салып байқау керек емес пе? Сұрауымыз көп болып, алғанымыз жоқ болса, сұрауда не мағына бар? Өзгеге сенбей өлмес жағымызды өзіміз көздеп ойланып, қамдану керек емес пе? Жоқ, әлде болса сұрауымыз жетпеген жері бар десек, толықтырып сұралық. Сұрағанымыз қанша, сұрағаннан алғанымыз бар ма, сұрамай тағы қалғанымыз бар ма, білу үшін кейінгі нөмерлерде соның жайын жазып өтпекпіз. Сонан соң сұрамай қалған мынадай нәрсе бар екен десек, сұрау жағын кеңесерміз. Сұрамай қалғанымыз жоқ екен. Сұрасақ та бермейді екен. Сұрағаннан ешнәрсе өнбейді екен десек, өнбейтін істі қойып, өзге жолын қарастырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?

*М.Д. «Қазақ» газеті,  
1913, №1-44*



## ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ТОЛҒАНЫС

Жақында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Жезқазған өңірінде болғаны барша оқырмандарымызға жақсы мәлім. Сапар барысында Президент арнайы сұхбат берді. Енді, жұртшылық назарына Елбасының Ұлытау төріндегі ұлт туралы толғаныстарын ұсынып отырмыз. Өңгіме қазіргі экономика мәселелері, ел тарихы, тіл тағдыры, дін ахуалы төңірегінде өрбіді.

Сұхбатты «Хабар» агенттігінің тілшісі  
Ринат ДУМАНҰЛЫ жүргізді.

— Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгін Жезқазған өңіріне келіп, тек аймақ үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін стратегиялық тұрғыдан аса маңызды «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» теміржол магистральдарының тұсауын кестіңіз. Бұл – біздің ел үшін шын мәніндегі тарихи оқиға. Енді осы сапар ауқымында Қазақ елінің рухани орталықтарының бірі – қасиетті Ұлытау жеріне арнайы ат басын бұрып отырсыз. Кезінде ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай, біздің елдің «тарихы қалың». Ендеше, сол тарихымыздан, әсіресе, қазір біз әңгімелесіп отырған Ұлытауға байланысты тарихымыздан халқымыз қандай тағылым алуы керек?

— Біріншіден, Жезқазған жерінде үлкен тарихи оқиға болды деп санаймын. Бұл – Жезқазған өңірінен ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың мыс кенін табуымен және Жезқазған қаласының орнығуымен сабақтас нәрсе. Қазір арада 50-60 жыл өтті, қаншама кен шығарылды, мыс алынды. Жер қойнауындағы байлықтың таусылатын кезі болады. Жезқазғанның төңірегіндегі мыс кені де таусылып, қаланың жағдайы нашарлай бастады. Бұл – табиғи жайт. Кеңес Одағы тұсында әрбір кен орны, әрбір электр стансасы төңірегіне ауыл салынатын еді ғой. Ал енді мына жердегі жұмыс ауқымы біткеннен кейін халық не істерін білмей қалды. Жезқазғанның теміржол тұйығында тұрғаны бәрімізді әр уақытта қинайтын еді. Екіншіден, Кеңес Одағы кезінде барлық теміржол Ресейге қарай салынды. Ал көлденең жүретін, елді бір-бірімен қатыстыратын жол салынған жоқ. Ол Кеңес Одағының да, Ресейдің де ешқандай жоспарына кірмеді. Қазақстанды ешкім ойламады. Енді, міне, еліміздің экономикасы ілгерілеп, 500 миллиард теңге ақша бөлінетін жағдайға жеткеннен кейін осындай 1200 шақырымдық теміржол салынып отыр. Бұл – айта салғанға өте оңай. Ал маңызына келсек, алдағы 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз. Жаңа тікұшақпен ұшып келе жатқанда өзін көрдің, тақыр даланың торғай қонатын бұтасы жоқ. Сол тақыр далада ел тұрмайды. Себебі, оған жұмыс та жоқ, шаруашылық та жоқ. Ал теміржол төрт облыстың бірнеше ауданына тіршілік нәрін

береді. Теміржолдың бойынан жұмыс табылады. Жұмыс болғаннан кейін кенттер бой көтереді. Халық қонданады, даламызды ел жайлайды. Экономикалық жағы өз алдына бір мәселе.

Комбинаттың жұмысын ұзарту үшін былай істейді. Жердің астында қалған «целиктер» болады. Шахтаның төбесін ұстап тұру үшін жер қойнауына үлкен-үлкен кенді қалдырып қояды. Сол кеннің ішінде мыстың бай қоры жатыр. Оны алайын десек, үстінде тұрған ауылдар бар. Ол ауылдарды көшірмесе, «целикті» алған кезде ойдым-ойдым жермен бірге төмен түсіп кету қаупі төнеді. Сол үшін мемлекет 250 миллион қаржы шығарып, жұпыны үйлерде тұратын 6 мың халықты жақсы үйлерге көшіріп, астындағы кенді алады. Кеннің өзінің 200 миллион тонна рудасы болса, содан 2 миллион тонна мыс шықса, комбинат үшін 20-30 жылға жұмыс табылады деген сөз. Одан кейін барлау жұмыстары жүрер болса, жұмыс орны көбейе береді. Сондықтан мұның маңызы өте үлкен.

Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ен даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді. Біз өз тарихымызды жанадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз. Тарих жылы деген жылды жарияладық. Дүние жүзінен – Қытайдан, Ираннан қазақ тарихының жазба жәдігерлерін жинадық. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген.

Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі ке-

рек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Бұл – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы. Мұнда тұрған тау – аумағы 200 шақырым қырат-қырат таулар. Ең биігі – Әулиеата деп аталады. 1100 метр. Одан ағып жатқан, мына біз маңында отырған бұлақ Әулиебұлақ деп аталады. Осының бәрін ата-бабамыз бекер атамаған ғой. Жаздың күні осы жерді жайлаған қазақ малын Ұлытаудың етегіне айдап келеді. Батыстан да, Оңтүстіктен де, Солтүстіктен де, Шығыстан да ағылады. Мына таудан бұлақ ағады, төңірегі жайылымға қолайлы. Мыңдаған, миллиондаған мал жатса да көрінбейтін шүйгін дала болған. Бар қазақ жан-жақтан келген соң киіз үй тігеді, ат шаптырып, той жасайды. Осы жерде қыз ұзатады, баласын үйлендіреді. Бір-бірімен құда болып тарасады. Мына елдің қызы былай кетеді, ана елдің жігіті мына жақтан қыз алады. Еліміз осылай араласады. Қазақтың кең даласында диалект сөздің жоқтығы содан деп ойлаймын. Батыс Қазақстанды, Атырау облысы мен Шығыс Қазақстанды, Оңтүстікті алып қарасақ, барлық әдет-ғұрпымыз, баланың тууы, қыз ұзату, үйлену тойы, сүндет тойы, өлгендерді жерлеу салты бір-бірімен үндес. Мысалы, Қытайдың солтүстігі мен оңтүстігінің, батысы мен шығысының арасы біздегі сияқты 3 мың шақырым болса да, Пекиннің адамы оңтүстіктің тілін түсінбейді. Бізде олай емес.

Ұлытаудың қасиеті осындай. Кең байтақ жерде қазіргідей ұшақ, теміржол, автокөлік жоқ. Бір-біріне барып көмектескенше не заман? Әрқайсысы өзін өзі сақтап қалу керек болды. Сондай замандар өткен. Мысалы, Отан деген үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкенді, шешенді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн. Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз. Сондай тарихтың куәгері – Ұлытау. Оны білуіміз керек.

Кезінде мен астана болатын жер іздегенде Ұлытауды көрейін деп әдейі келдім. Қазақ жерінің нағыз орта тұсы екені рас. Бірақ қазіргі заман талабымен қарасақ, бұл жерде не жол, не су, не әуежай жоқ – ешнәрсе де жоқ. Бұл жерге қыруар қаражат керек болар еді. Бәрібір елдің ордасына лайықты жер емес-ті. Бірақ қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Міне, теміржол, басқа да жолдар салынып жатыр.

Келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның ордасы болған деп те айтады. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсақ құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек.

– **Қасиетті Ұлытау жеріндегі ерекше аура, ерекше жағдай, шынын айтқанда, маған да сезіліп тұр. Тәуелсіздік жылдарында біз рухани құндылықтарымызбен қайта қауыштық. Өзіңіздің руханият, мәдениетке деген ерекше**

**қамқорлығыңыздың арқасында халқымыз туған тілімен, дінімен дәстүрімен қайта табысты. Алайда, жастар арасында ата дінді дұрыс түсінбей, бұрмалап, оны әртүрлі мағынада ұғатындар жеткілікті. Осы ретте еліміздің болашақ дамуында діннің алар маңызы қандай болуы керек деп ойлайсыз?**

– Біз, жалпы, діннен де, тілден де айырыла жаздаған елміз. Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді. Қазақтың тілі бір шоғыр казактардың тілі болып қалды. Ол қайда шығады? Кімге керек болады? Қазақтың шекарасынан асып шықсаң, бұл тілдің керегі бар ма, жоқ па? Бір жағынан алып қарағанда оның жөні бар. Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз. Қазақтың кейбір сөз оралымдарын, Абайдың сөз өрнегін басқа тілге, мәселен, орысшаға, ағылшыншаға аударып көрші. Ол мүмкін емес. Себебі, тілдің өз қасиеті бар. Сондықтан тіл жоғалатын болса, сол қасиет те жоғалады. Сол сияқты біз тәуелсіздік жылдарында дінімізге қайта оралып жатырмыз. Қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айырылып көрген емес. Ешқандай уақыт үзілісі болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді. Бұрынғыдай қорықпай, жасқанбай, дінге бас иіп, Құдайға құлшылық етіп, мешіттер салып жатырмыз. Қаншама азаматтарды – білімді, дінді насихаттайтын молдаларды дайындап келеміз.

Осының барлығы дұрыс қой, дініміз де, дәстүріміз де қазаққа керек, әрине. Дегенмен, тек біздің дініміз ғана дұрыс екен деп жүрген басқа елдердің жағдайы мүшкіл болды. Мысалы, бір мұсылманның ішінен сүннит пен шиит болып бөлініп, қан төгіп жатқан халықтар қаншама? Бір діннің ішінде өзара ұғыспай, ағымдармен келіспей, соғысып жатқан католиктер қаншама? Сондықтан біз абайлауымыз керек. Біздің дініміз керемет, басқа діндердің керегі жоқ дегенмен жөн. Біздің дініміз – өзіміздің дініміз. Бірақ басқаны да үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз, құрметтеуіміз қажет. Сонда мұсылманның діні де құрметтелетін болады. Дінге бас ұрып жүріп, біз оның теріс жағына түсіп кетпеуіміз керек. Бізге зиян келтіретін дін ағымдары бар. Қан төгіп, соғыспен, дінмен мемлекет орнатып, мемлекеттік дін жасаймыз деп жүргендер бар. Баяғы Мұхаммед пайғамбардың сахабалары тұсындағы, Әбубәкір, Омар, Осман, Әлидің кезіндегі халифатты қайтадан орнатамыз деген ұмтылыс «жаулап алу» ниетінен туған болатын. Біз бұдан ажырап, дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуымыз керек. Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн. Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді. Міне, осындай исламды құрметтеуіміз керек. Екінші жағынан, елдің барлығы мешітке барады екен деп, оларға топырлап көп адам ілеседі. Менің мәліметім бойынша, Қазақстан халқының 60 пайызға жуығы

ислам дінін қолдайды. Соның ішінде нағыз дін ұстанып жүрген халықтың мөлшері 20-25 пайыздан аспайды. Тобырмен жүргендер де бар ішінде. Бұл да жақсы, барып үйрене берсін. Дегенмен, мешітке барған, қажылық жасаған дұрыс екен деп құр әншейін сән көріп жүрмесе болды. Осы күні қалтасында ақшасы болса, ұшаққа отырып, қажылық жасап қайтатындар көбейді. Заманның ағымына байланысты ол да дұрыс шығар. Бірақ қажылықтың қасиеті басқада. Оған жолдың азабын көріп, бірнеше ай жүріп баратын болған. «Абай жолы» романынан Құнанбайдың жасаған қажылығы жөнінде оқыдыңдар ғой. Ойлап қараңдар, ол кезде ат арбамен қаншама ай жүріп, жол қиындығын тартып, әзер жететін. Сондықтан дінге бас иетіндер шын жүреппен, әділеттілік үшін, имандылық үшін барса деп ойлаймын. Құдайға шүкір, дініміз өзіміздікі, қолымызға тиді. Қазір бізге ешкім одан алшақта деп айтпайды. Әркімнің өз еркі бар. Бірақ осыны дұрыс жолмен жүргізуіміз керек.

**– Біздің халқымыздың руханиятында діннің орны қандай маңызды болса, тіл де сондай маңызға ие. Сіздің қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге байланысты ойларыңызды біле отырсақ.**

– Мемлекеттік тілдің қолданылуы, оның өркендеуі үшін барлық жағдай жасалды. Конституцияға «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай етіп жазылды. Солай ғой? Ешкімге қазақ тілінде сөйлеме деп, кедергі жасап отырған бір адам жоқ. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Қандай мінбеден қазақша сөйлесең де, ешкім «тәйт, былай тұр» деп айтпайды. Қанша адам отырса да, соларға арналған аудармасын беріп, қазақ тілінде сөйлеуге болады. Біз тілімізді құрметтей білуіміз керек. Ешкімге анау сөйтпеді деп уәж айтудың жөні жоқ.

Мен бәрін білемін, біздің жазушыларымыз, мәдениет өкілдері «Біздің тіліміз жетімдік көріп келеді, тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде байғұс тіліміз жетімдіктен шықпай жүр» деп айта береді. «Бақытсызбын» деген адам бақытсыз болады. «Бақыттымын» деп жүрсе, бақытты болады. «Тіліміз бар» деп жүрсе, тіліміз бар болады, «тіліміз жоқ» деп жүрсе, тіліміз жоқ болады. Қай-қайдағыны, ақырзаманды басқа орнатпай, тіл туралы заңды қолданып, өзімізбен өзіміз қазақша сөйлесуіміз керек. Тілді қолданып, батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі көрсетуіміз керек. Әйтпесе, жыл сайын 100 мыңнан астам бала мектеп бітіреді, соның 80 пайызға жуығы қазақ тілінде оқыған. Қазір орыстыкі болсын, басқаныкі болсын, барлық мектептерде қазақ тілін оқыту міндетті болып саналады. Қай мектепке барсаңыз да, 6-7 сыныптағы қай баланы кездестірсеңіз де, ол қазақша, орысша, ағылшынша сөйлеп тұрады. Міне, біздің тілге деген қамқорлығымыз осы. Мүмкін, жұрт «біздің Президентіміз неге қазақша сайрамайды, ылғи да біраз сөйлеп келіп, орысшаға ауысып кетеді» деп ойлайтын шығар. Мен мұның бәрін білемін.

Біз Тәуелсіздік жариялағанда Қазақстандағы қазақтың саны 40 пайыз болатын. 40 пайыз! Басқалар «Сендер азсыңдар мына мемлекетте,

қайдағы тәуелсіздік сендерге?» деп айтпайтын ба еді? Дегенмен, елге соның бәрін түсіндіріп, күресе жүріп, біз тәуелсіздік жарияладық. Қазір, міне, қазақтың саны 65 пайызға жетті. Қазақстан халқының саны сол кездегіден азайып, біразы көшіп кетті ғой. Ресейге көшті, еврейлер көшті, немістер көшті, анау көшті, мынау көшті... Осы тұста халық 13-14 миллионға жуық болған еді. Қазір 4 миллиондай халық қосылып, 17 миллионнан астық. Тіпті, Кеңес Одағы кезіндегіден де көбейіп барамыз. Құдайға шүкір, жыл сайын халқымыздың саны артуда. Оның ішінде қазақтың саны көбеюде.

Ал жарайды, бәрін тыйып, қазақ тілінен басқа тілді заңмен жауып тастап, ауыздарыңды ашпандар, сөйлемендер десек, онда Украина сияқты боламыз. Қазір қазақтың бәрі мұны түсінген шығар. Солай етіп, жұрттың басынан соғып отырып, қазақ тіліне әкеліп, қантөгіс қылып, тәуелсіздіктен айырылу керек пе, әлде ептеп-ептеп амал қолданып, мәселемізді шешу керек пе? Өңгіме сонда. Ал таңдайық, қайсысын аламыз?

Сондықтан мен бұл жерде де сабырлылық керек деп ойлаймын. Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр. Қазақтың саны көбейіп, тілдің ауқымы кеңейіп келеді. Көп облыстарда барлық іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі. Оған ешкім кедергі жасамайды. Қазағы көп аудандар қазақша жүргізеді. Оның ішінде қазір қазақша сөйлейтін басқа ұлттың азаматтары қаншама? Көріп отырсыздар, барлық жерде бар. Оларды теледидардан көріп жүрсіздер. Журналистер арасында да, қарапайым адамдар арасында да бар. Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр. Ал енді тарихын, болашағын қазақпен бірге деп санамайтындар бәрібір кетеді. Оған біз тыйым сала алмаймыз, салып та отырған жоқпыз. Сондықтан өз халқымыздың сана-сезімін үйретіп, өз тілімізді өзіміз бағалауымыз керек. Мен қазақтың тілін ғана білемін, басқасы құрысын деп жүргендердің кім екенін алып қарайықшы. Ол – не орыс тілін жөнді білмейтін адам, не ағылшын тілін мүлде білмейтін адам. Оқуға мойынсынбайды, сөйлегісі келмейді. Солар: «Қазақтың тілі ғана жақсы, қазақтың тілінен басқа сөз жоқ» дейді. Сонда біз мына өркениетпен қалай жалғасамыз, айтыңдаршы? Орыс тілін алайық. Ол да белгілі. Бізге орыс елінің тізесін батырып жіберген кезі болды. Сол орыстың тілін үйренеміз деп қазақ тілінің қолданысы азайды деген мәселеге тіреледі ғой. Кейбір ұғымдарды орыс тілінен енген деген желеумен біржақты аударуда. Дүниежүзіне ортақ сөздердің қазақша баламасын тауып жатыр. Мен талай жазушылармен, композиторлармен сөйлесіп жүрмін. «Пианино», «пиано» деген халықаралық термин. Оны біз «күйсандық» дедік. Ешқандай жанаспайды. Сандық пен күйдің арасына пианиноны қосуға бола ма? Мысалы, композиторды дүниежүзінде композитор дейді. Біз «сазгер» деп жүрміз. «Саз» деген басқа мағынаны береді. Мұның бәрі неден шығып жатыр? Өйткені орыстың тілінен арылу керек деп ойлаймыз. Біресе түріктен, біресе арабтан, біресе парсыдан аламыз. Сөйтіп, бұзып жүрміз.

Тілді байыту керек! Оған халықаралық

ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан қорқып, шошудың қажеті жоқ. Тіліміз өркендеп, өсіп келе жатыр дей аламын. Қазір ешқандай қауіп жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор. Дүниеде 6 мың тіл бар. Жыл сайын оның 10 пайызы жойылып отырады. Қажет еместері... Оны қолданатын адамдар аз, ауқымы тар. Солай болып жатыр. Ал мына ағылшын тілін дүниежүзі халқының 70 пайызы қолданады. Неге оны қолданады? Ол – ғылым мен білімнің, ақпарат құралдарының, интернеттің, медицина мен мәдениеттің тілі. Ағылшын тілін білмей-ақ өмір сүреміз деуге болады. Әрине, болады! Бірақ онда ағылшын тілі арқылы тарап жатқан ілімді білмейсің. Оны білмесең, өркендеп өсуіңе жол ашпайсың, болашағыңа балта шабасың. Сондықтан біз мемлекетімізді алға сүйреп, экономикасын көтеріп, өркендеп-өсіп, озық отыз елдің қатарына қосыламыз деп отырғанда, халқымыз, жастарымыз ағылшын тілін білмесе, қалай болады? Мысалы, 1 жарым миллиард халқы бар Қытай елі қытай тілін құрметтеп отыр ғой. Бірақ барлық элитасы, бизнесі ағылшын тілінде де сөйлейді. Жапондардың бизнес элитасы, ғылым-білімі ағылшын тілінде. Бір миллиард халқы бар Үндістан тәуелсіздігін алған кезде ағылшын тілін доғарып тастады да, 5-6 жылдан кейін қайта оралды. Сингапурда да, Малайзияда да солай болды. Мына бізді отарлаған елдің тілі құрысын деп қолданыстан алып тастап, керек болған соң қайтып келді. Сондықтан үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін игергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз соны неге ойламаймыз? Біз осылай үштұғырлы тілді қолдандасқ, түбінде біздің жолымыз ашық болады. Осыны түсіну керек. Бұл жерде асығыстық жасамау керек. Сабырлы болған жөн. Біздің көпұлтты болып отырғанымызға ешкім кінәлі емес. Тағдыр солай болды. Өзге халықтардың да ешқандай жазығы жоқ. Орыстардың, украиндардың, белорустардың, ұйғыр, чешен секілді халықтардың не кінәсі бар? Осылай болды, тарих бізді көпұлтты етті. Бәрінің басын қосып, Қазақстанның бірлігін сақтап, төзімділік танытып, экономикамызды өркендетіп, өсе беретін болсақ, келешек қазақтың қолында болады.

– **Құрметті Президент мырза, Сіздің бастаманыңбен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ келесі жылдың басынан толыққанды жұмысына кіріседі. Бірақ әлі де болса, оған үрке қарайтындардың бар екенін байқап жүрміз. Осы ретте не айтасыз?**

– Мен мұны үнемі айтып келе жатырмын. Түсінгісі келмейтін адам бәрібір ұқпайды. Картаға қарайық, Қазақстан құрлықтың дәл ортасында орналасқан. Теңізге шығатын жолымыз жоқ. Қазақстанда екі қабатты бір үй салу бағасы Малайзияда сондай 10 үй салу құнымен бірдей. Неге? Біздің елдегі суық 40 градусқа дейін жетеді. Ыстығымыз да солай. Ал Малайзияда да, Сингапурда да ауа райы біркелкі. Бізде зауыт, фабрика салу Малайзиядан 5-6 есе қымбат. Ал енді олар теңіздің, мұхиттың жағасында отырған соң тауарын кемеге тиейді де, арзан жолмен жібере салады. Біз мына Қарағандыдан, Жезқазғаннан

мысты пойызға тиеп, анау Қара теңіздің жағасына жеткізгенше әр шақырымына ақша төлейміз. Қытайға, Ресейге жеткенше ақы береміз. Анау Еуропаға барғанша қыруар ақша жұмсаймыз. Сонда біздің «теңізіміз» не болды? Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі? 17 миллион ғана халқымыз бар. 250 миллиардқа жақын өндіріс өніміміз бар. 17 миллион халықты қамтамасыз етіп болғаннан кейін әрі қарай қалай өсеміз? Егер біздің шығарған тауарларымызды біреу сатып алмаса, ол қоймада тұрып қалады. Ол сатылмағаннан кейін зауыт тоқтайды. Зауытта істейтін жұмысшының бәрі жұмыстан босайды. Жалақысынан айырылады. Бала-шағасын асырай алмай, босып кетеді. Сондықтан жақын көршілермен экономикалық қарым-қатынас жасау маңдайымызға жазылған нәрсе. Мұны ешкім шекесі қызғаннан жасамайды. Мүмкіндігіміз осындай, басқа амалымыз жоқ. Сондықтан, экономикалық одақ құрдық. Саяси емес, экономикалық одақ. Бұл – дұрыс. Мен бұған зерттеп-біліп, шын көңілмен барып отырмын. Бізде басқа жол жоқ. Ресеймен, Қытаймен сауда-саттық жасамасақ болмайды. Беларусьпен, Украинамен қатынас жасағанымыз жөн. Мына оңтүстіктегі ағайындармен де сауда-саттығымыз болғаны дұрыс. Бірақ олардың кейбірінің бізбен сауда-саттық жасауға еш жағдайы жоқ екенін де біліп отырсыздар. Тауарды сатып алуға шамасы келмейді. Кейбірі жабық экономиканы қолданып отыр. Олармен де сауда-саттық жасай алмаймыз. Сондықтан біз осыған баруымыз керек. Біреулер «Ресей бізді қайтадан басып алатын болды» деп қорқақтайды. Олай емес. Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері жиналып, үш Президент мәселе қараған кезде, біреуі қарсы болса, ешқандай шешім қабылданбайды. Консенсус деген сол. Егер екеуінің шешімі жақпайтын болса, мен қарсы болам, мәселе шешілмейді. Сондықтан бәрінің құқығы бірдей. Әдейі сөйттік. Оның бер жағында экономикалық комиссия бар. Комиссияның ішінде әр елден үш-үштен тоғыз адамнан тұратын алқа құрылған. Ол жерде де консенсус бар. Оның үстіне Премьер-Министрлердің үш орынбасары жұмыс істейді. Оларда да солай шешеді. Үкімет басшылары кездескенде де сөйтейді. Ал айтындаршы, қай жерде бізді кемсіте алады? Егер де бұл жағдаймен келіспейтін болса, Қазақстанның ол экономикалық одақтан шығып кетуге құқы бар. Мен бір рет айттым, тағы қайталап айтам, тәуелсіздікке нұқсан келтіретін болса, ондай ұйымдарда Қазақстан ешуақытта болмайды. Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік! Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан бұл жөнінен ешқандай күдік болмасын. Үйде отырып алып, дастарқан үстінде «ойбай, сөйтіп кетті, бұйтып кетті, анау сөйтті» дейтін түк білмейтін дилетант адамдардың сөздеріне құлақ қоюдың жөні жоқ. Қандай аргумент бар, мысалға келтіріңдерші маған? Қай жерде не болып жатыр екен? Қазақ болсын, орыс болсын, барлық іскер



адамдармен сөйлессең, бәрі мұның пайдалы екенін айтады.

Кеден одағына кірдік. Ресей шекарасында біздің пойыз келе жатыр делік. Бұрын бір тоннаға жүз теңге төлейтін болсақ, Ресей шекарасына кіргеннен кейін үш жүз теңге төлейтінбіз. Қазір ондай жоқ. Мен жай ғана мысалмен айтып отырмын. Шындығында мыңдаған, миллиондаған теңге төлейтін едік. Сонда біздің тауардың бағасы жаңағы ақшадан бірден өсіп кететін. Ондай бағамен шетелге барған кезде бәсекеге түсе аламыз ба? Түсе алмаймыз. Біз мұнайды, темірді, көмірді тасымалдап жатқан елміз. Біздің мемлекетіміз бұдан қаншама пайда тауып жатыр. Бұл бір. Екіншіден, қоян-қолтық сауда жасайтын екі ел бір-бірінің тыныштығын қолдайды. Бір-бірінің бейбітшілігіне мүдделі болады. Бір-біріне қол сұқпайды, саясатына араласпайды. Бір-бірімен жанжалдаспайды. Ол жағы да белгілі. Сондықтан бұл жерде ешқандай қорқатын, жасқанатын нәрсе жоқ. Оның бәрін мен қадағалап отырмын. Егер Қазақстанның тәуелсіздігін өз қолымен жасап, қызғыштай қорғап келе жатқан қазақ болса, соның бірі менмін. Мен істеп отырған ісіме, алды-артыма, елдің болашағына қарап отырған адаммын. Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді. Тіл де, дін де жайына қалады. Қазақтың да жағдайы жақсармайды. Сондықтан, бұған түсіністікпен қарау керек. Құр сөзді қою керек. Егер күмән болса, мемлекеттен «неге бұлай?» деп жауап алған жөн. Соны түсінгеннен кейін, біліп сөйлеген адам жақсы ғой. Беталды сөйлеп, қойдың құмалағымен бал ашып отырған адамның сөзін айтпау керек.

– **Соңғы уақытта Украина төңірегінде қалыптасып отырған ахуал, көршіміз Ресейге салынып жатқан санкциялар біздің экономикамызға қаншалықты кері әсерін тигізуі мүмкін? Жалпы, біздің елдің экономикасы ықтимал қауіп-қатерлерге дайын ба?**

– Шынын айтқанда, бұл енді ойламаған жерден шыққан қиыншылық болды. Ресей мен Украинаның арасында осындай ахуал орнығады деп кім ойлаған? Ойлап қарасаң, екеуі бір дінді, бір тілді, бір жерде бірге өсіп-өнген ел. Мұның экономикалық одақа қолайсыз салдары тиеді, әрине. Оны айтпауға болмайды. Неге? Себебі Батыстың бәрі Ресейге санкция салып жатыр. Санкциясын жеке адамдарға жасаса бір жөн, қаржы жүйесіне де, экономиканың кейбір секторларына да салынуда. Бұл Ресейдің экономикасын төмендетеді. Зауыттары нашар жұмыс істей бастайды. Сосын біздің тауарларды алатын жағдайы болмайды. Біздің шикізатты қабылдау мүмкіндігі азаяды. Міне, осы тұрғыдан қиыншылық көруіміз мүмкін. Екіншіден, Ресейдің де қарсы санкциялары бар. Тұтылатын тағам өнімдерін алмаймыз деп жатыр. Біз осыны пайдаланып, Ресейге азық-түлік өнімдерін көбірек шығаруымыз керек. Фермерлеріміз көкөністі, ет-сүтті, басқа да тамақ түрлерін көбірек әзірлеп, көптеп сатып, пайда таба алады. Мұның да қауіпті жағдайлары бар. Бірақ пайдалы жағын қолдануға болады.

Ал олардың жасап жатқан кедергілерінің Қазақстанға тікелей қатысы жоқ. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына биыл кіреміз деп отырмыз. Бұл

мәселені шешеміз. Еуроодақпен бұрынғы келіс-сөздерімізді жалғастырып, жаңа келісімге қол қоймақпыз. Оны да шешеміз. Демек, о жақтан да, бұ жақтан да тосқауыл жоқ. Қазір Ресейдің өзін түріктер қолдаймыз деп жатыр. Иран да қолдаймыз дейді. Тауарларын жібергісі келеді. Біз де сөйтеміз. Бұл бір жағынан пайдалы. Бірақ мұндай санкциялар өмір-бақи болады екен деп алданып та қалмау керек. Қазір егіннің бәрін егіп, Ресейге апарамыз делік. Ертең Ресей санкцияны алып тастап, бұрынғы үрдіске қайта келетін болса ше... Сондықтан қиын жағдайға қалмау үшін алды-артымызды ойлап қадам жасау керек. Мұның ақырын күтуіміз керек. Дүниеде қандай соғыс болса да, ылғи келіссөзбен бітеді. Ылғи бейбітшілікпен бітеді. Мынау да бітеді. Уақыт деген керемет күш. Уақыт өзі бәрін орнына келтіреді.

Сондықтан, Қазақстанның болашағы жарқын деп санаймын. Себебі, біз ешбір елге тиісіп көрген халық емеспіз. Ешбір елге жау емеспіз. Төңі-регіміздің ешқайсысы да бізге жау емес. Бізге сырттан келіп тиісейін деп тұрған ешкім жоқ. Дегенмен, қандай жағдайда да өз қауіпсіздігімізді ойлап, Қарулы Күштерімізді сайлап, ішкі-сыртымызды, етек-жеңімізді жиып, сақ отыруымыз керек. Осылай төңірегіміз бейбіт, өзіміз бейбіт, ішіміз бүтін, бірлігіміз берік болса, ұтылмаймыз. Қазақтың бірлігі – мына көпұлтты халықтың бірлігі. Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын.

Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан «Мәңгілік Ел» деген идеяны ұсындым. «Мәңгілік Ел» болу үшін бәрін жасап жатырмыз. Әнеу күні Үкіметте біраз өзгерістер жасаған себебіміз мынау: Үкімет билігінде отырған шенеуніктер саны шағын болуы керек. Ал олардың істеген жұмысы ауқымды болуы қажет. Жаңа министрліктердің басына келген басшылардың жасы 40 пен 50-дің аралығында. Көпшілігі ағылшын тілін меңгерген, өз саласының маманы. Олар Ресеймен де, басқа шетелдермен де еркін сөйлесіп, келіссөз жүргізе алады. «Болашақ» арқылы оқыған, өз елімізде тәрбиеленген сондай жастарымыз қаулап өсіп келе жатыр. Бәрі де мемлекет жұмысымен айналысуда. Қазақстанның ең үлкен патриоты да, елді алға сүйрейтін де солар болады деп сенемін. Менің арманым, ойым осы. Лайым солай болсын! Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын.

– **Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Еліміздің осындай киелі де ең сұлу жерлерінің бірі – қасиетті Ұлытау баурайында ерекше сұхбат бергеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.**

– Жаңа өзің айтып кеткендей, мына жердің аурасы жақсы. Қазір далада күннің ыстығы қырық градусқа жуық болып тұрса да, осы Әулиебұлақтың жағасы қандай көркем. Мына тұрған қайыңдар, мынау жер сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бәрінің көзін көрген шығар. Мінекей, дүние деген осылай ылғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабаларымыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!



**Алик АЙДАРБАЕВ,**  
Маңғыстау облысының әкімі

## ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ МЕН ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫНЫҢ САПАСЫН КӨТЕРУ – ОРТАҚ МҮДДЕ

Соңғы 20 жылдың ішінде қол жеткізген баянды, түбегейлі табыстар қазақ елін жаңа бір серпіліске, әлем өркениетінің тағы бір жоғары көкжиегіне шығуға шақырып тұр. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы осыны баяндайды, осыған шақырады. Бұл біздің еліміздегі дүниетанымдық тың серпіліс. Жолдауда бүгінгі күн тәртібінде және болашақта назарға ұстайтын әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың өзекті мәселелері барынша қамтылған. Олардың бәрін атап, түрін түстеу мүмкін емес. Біз әлем елдерінде жылдан-жылға өршіп келе жатқан жаһандық тайталасқа дайын болуымыз керек дейді Президент. Өйткені, 30 елдің қатарына қосылуға бәсекелестік қатал болмақ. Сондықтан да, экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу керек. **«Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттілікпен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм».** Бұл орайда еліміздің батыс өңірінде жатқан Маңғыстау облысында қандай шаралар жүзеге асуда? Енді, соған қысқаша талдау жасайық.

Бірінші жартыжылдықтағы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытындағы біздің іс-қимылымыз Елбасының **«Қазақстан жолы - 2050»**: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының міндеттемелеріне, сонымен қатар, мемлекеттік, салалық бағдарламаларға сәйкес құрылды. Бүгін біз бірінші жартыжылдықтағы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын және алдағы уақыттағы міндеттерімізді белгілейтін боламыз.

Бірінші кезекте – тіршілік қажеттілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарды дамыту, әсіресе, ауылдық аумақтарды сумен қамтуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Облыс деңгейінде «Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде орталықтандырылған су жүйесімен қалалық жерлер – 87 пайызға, ауылдық жерлер – 28 пайызға қамтылды. Осы мақсатқа биыл республикалық бюджеттен 4 млрд. 200 млн. теңге бөлінді. Бүгінде

Бейнеу селосында селоішілік су құбыры мен су тазарту нысанының, Жетібай станциясында, Мұнайшы мен Жетібай ауылдарында су құбыры жүйесінің, Сайын Шапағатов селосында селоішілік су құбыры мен резервуардың, Дәулет селолық округында ішкі су жүйелерінің құрылыстары жүргізілуде.

Облыстық әкімдік, «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, Мұнайлы ауданы басшылығының бірлескен жұмысының нәтижесінде осы жылы «Каспий» су тұщыту зауыты Басқұдық, Маңғыстау, Қызылтөбе ауылдарын сумен қамтамасыз ете бастады. Зауыт тәулігіне 5 мың текше метр ауыз су дайындап шығаруда. Жақын арада өндірістің қуатын тәулігіне 8 мың текше метрге жеткізу жоспарда бар. Бұл Атамекен ауылын да су жүйесіне қосуға мүмкіндік береді.

**Екіншіден, бала бақшамен қамту және жаңа оқу жылы қарсаңында үш ауысымдық мектептерді жою.** «Балапан» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 3 - 6 жас аралығындағы сәбилерді мектепке дейінгі тәрбиемен қамту қарқыны өсіп келеді. Облыс бойынша осы жылдың басында біз жақсы көрсеткішке жеттік. Қазір бұл көрсеткіш – 81 пайыз болса, біздің алдағы мақсатымыз – 2020 жылға дейін бала бақшамен қамтуды 100 пайызға жеткізу. Осы нәтижеге жету үшін биылдың өзінде 660 орындық 4 бала бақшаның құрылысы бітіп, пайдалануға берілді. Оның үстіне жергілікті және республикалық қаражат көздерінен 3090 орынға арналған 14 бала бақша салынып жатыр.

**Облыс тұрғындары үшін тағы бір маңызды мәселе – тұрғын үймен қамту.** Биылғы жылы **«Қолжетімді тұрғын үй - 2020»** бағдарламасының барлық бағыттары бойынша 487 мың шаршы метр үйді пайдалануға беру жоспарланды. Қазіргі уақытта оның 280 мың шаршы метрі қолданысқа берілді. Бұл 2013 жылдың осындай мерзімімен салыстырғанда 30 пайызға артық және жоспардағыдан 15 пайызға көп. Атап айтқанда, Ақтау қаласында бірінші жартыжылдықта 5 жаңа 40 пәтерлік үй салынып, пайдалануға берілді. Биыл Ақтау қаласындағы аумағы 24 гектардан тұратын 32 «А» шағын ауданда мемлекеттік бағдарлама аясында жаңа тұрғын үй құрылыстары қарқынды жүзеге асырылатын болады.

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси жағдайы тұрақты. Негізгі макроқорсеткіштер бойынша өңірде **оң динамика** байқалады. Жылдан жылға **халық саны көбейіп келеді**. Бүгінде облыста **595 мың адам тұрады, жыл сайынғы өсім 4 пайызды құрайды**. Мұны Астананың өсімімен бірдей деуге болады.

**Жалпы ішкі өнім** тұрақты өсуде. 2013 жылдың қорытындысы бойынша ол 1 трлн. 880 млрд. теңгені құрады. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім бойынша облыс басқа өңірлер арасында төртінші орында. Жалпы өңірлік өнім - 18 мың АҚШ доллары.

Күнделікті жұмысымызда біз өлкеге **инвестиция** тартуға көп көңіл бөліп келеміз. Өткен жылмен салыстырғанда, инвестиция көлемі 23 пайызға өсіп, бірінші жартыжылдықта 215 млрд. теңгені құрады. Инвестиция көлемі **жан басына шаққанда 1 жарым мың АҚШ долларына** жетіп, Маңғыстау облысы еліміз бойынша екінші орынға көтерілді. Облысқа тартылған инвестиция сомасы орташа республикалық көрсеткіштен 2 есеге көп. Біз осы жетістікпен шектелмек емеспіз. Өңірлерге шетелдік инвестициялар тарту мен технологияларды жетілдіру жұмыстарын күшейту туралы Елбасының тапсырмасы бар. Біз инвестициялық жобаларды өлкеге әкелу үшін қолда бар барлық құралдарды пайдаланудамыз. Атап айтқанда, сәуір айынан бастап біз Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Тони Блэрдтің Ассоциациясы сарапшыларымен бірігіп жұмыс жасап жатырмыз. Күзде бірлескен жұмысымыздың бірінші сатысы аяқталады. Нәтижесінде біз шетелдік инвесторларға Маңғыстау облысының инвестициялық әлеуетін көрсетуді және өңір экономикасының тартымды секторларына қомақты салымдар тарту туралы нақты ұсыныстармен шығуды жоспарлап отырмыз.

Инвестициялық ағымдардың келесі маңызды бағыты - үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде белсенді жұмыс жасау. Еліміздің **Индустрияландыру картасына** облыс бойынша жалпы құны **243 млрд. теңге** болатын **31 жоба** енгізілді. Бұл жобаларды жүзеге асыру кезінде 6 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Индустрияландыру картасы бойынша биыл 2 жобаны аяқтау жоспарланғанын атап өткім келеді. Бұл жобаларға мониторинг жүргізудің нәтижесінде біз Картаға тағы да қосымша жалпы құны **18 млрд. теңге** тұратын **10 жобаны** қостық.

Елбасының қапысуымен өткен жалпыұлттық телекөпірдің кезінде Шетпе селосындағы индустриялық жоба, батыс аумағындағы жалғыз ірі цемент өндірісі - **«Каспий Цемент» зауытының** іске қосылып, 400 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік алдық. **«Ақтау теңіз**

**порты» арнайы экономикалық аймағында** инвестиция тарту мен жаңа өндірістер ашу жұмыстары жалғасуда. Арнайы экономикалық аймақ құрылғаннан бері оның аумағында 5 жоба жүзеге асырылды. Қазір 19 жоба жүзеге асырылу үстінде, оның 5-уі биыл іске қосылады. Өз кезегінде экономикалық аймаққа инфрақұрылымдар жүргізу үшін республикалық бюджеттен 7,6 млрд. теңге бөлінді.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында әзірбайжандық инвестициялық салыммен «Азерсун» өндіріс және логистикалық орталығының іргетасы қаланды. Орталық тағам өнімдері, оның ішінде жеміс-жидектер мен көкөністер сақтайтын үлкен қоймалар салады. Қоймалардан аталған тағам өнімдері облыстың сауда орындарына жеткізілетін болады. Осылайша, бұл жоба екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынасты кеңейтуге, өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға және Маңғыстаудың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда баса назар аударатын және қажыр-қайратты қажет ететін басты бағыт - **халықты жұмыспен қамту болуда**. Жыл басынан бері еңбек нарығында **13 мың 200 жұмыс орны** ашылды. Соның нәтижесінде халықтың **ақшалай табысы - 8 пайызға, орташа жалақы - 17 пайызға, нақтырақ айтқанда 190 мыңнан 203 мың теңгеге** өсті. Жалпы жұмыссыздық деңгейі **5,6 пайыздан 5,4 пайызға** азайды. Осыған қарамастан ауылдық жерлерде әлі де жұмысқа орналаспаған адамдар бар. Өлкенің дәстүрлі мұнайгаз өндіру ерекшелігі белгілі, дегенмен, біз жаңа мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек. Ол – ауыл-аймақтарда **кәсіпкерлікті дамыту**. Қазіргі уақытта елімізде бизнес жасауға барлық қолайлы жағдайлар жасалған. Елбасының кәсіпкерлік класты дамытуды бірнеше қайтара айтқанын білесіздер.

**Облыста «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге үлкен көмек көрсетіліп келеді**. Бағдарлама аясында облыс бойынша жалпы құны 3 млрд. 600 млн. болатын 24 жоба мақұлданды. Шағын және орта кәсіпті дамыту жолында мемлекет тарапынан қолдау, қаржы бөлу жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Бағдарламаның экономикалық басымдық берілген саласына сауда желілері де енгізілді. Бұл қазақстандық өнім өндірушілерді қолдауға бағытталған. Жаңадан іс бастаған кәсіпкерлерді қолдау, бизнесті жүргізуге сервистік көмек көрсету және «Іскерлік байланыстар» жобасын жүзеге асыру жұмыстары қолға алынды. Соның бірі – **Жетібай ауылында «Жанарыс» ЖШС** тігін және химиялық тазарту цехынан тұратын кешен салып, ел игілігіне берді. Жылына мұнда 5500 дана жұмысшы киімі, 24 мың қолғап және

2200 дана басқа да өнімдер шығарылатын болады. 62 жұмыс орны ашылып, оның ішінде «Жұмыспен қамту – 2020. Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 25 қызметкер арнайы оқытылып, жұмысқа орналасты. 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында микронесиелік ұйымдар халыққа сомасы **384 млн. 500 мың теңге болатын 107-ден астам** несие берді. Осының арқасында 151 тұрғын жұмыспен қамтылды.

**Екіншісі – әлеуметтік сала.** Жыл сайын жергілікті бюджеттің 60 пайызы әлеуметтік саланы дамытуға жұмсалады. Биыл осы мақсатқа **70 млрд. теңге** бөлінді, бұл қаржы өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 13 пайызға ұлғайтылды.

Жартыжылдықтың қорытындысы **денсаулық сақтау** саласында халық денсаулығының неғұрлым жақсарғанын көрсетті. Өлкемізде дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен емханалар нысандарын салу есебінен **денсаулық сақтау ұйымдарының жүйесі** артып келеді. Атап айтқанда, биыл **облыстық аурухананың кардиологиялық блогы** пайдалануға берілді. Сонымен қатар, жақында **Жаңаөзен қаласында** ұзақ күттірген **қалалық перзентхана** ашылды. Қазірдің өзінде облысымызда 8 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы салынып жатыр.

**Үшіншісі – аймақ экологиясы.** Ағымдағы жылда қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын атқаруға облыстық бюджеттен 275 млн. теңге қарастырылды. Бұл орайда «Қошқар-Ата» қалдық көлінің деңгейін бір қалыпта ұстауға мән беріп отырымыз, тұрақтандыру жұмысы әлі жалғасуда. Бостанқұм, Түйесуқұм және Қызылқұм құмды массивтерінің өсімдік жабынын қайта қалпына келтіру шаралары жүргізілуде.

Соңғы уақытта елімізде өңірлерді теңдей етіп дамытуға бағытталған бірқатар бағдарламалар қабылданды. Осы ретте Жаңаөзен қаласын 2020 жылға дейінгі кешенді дамыту Жоспарының және Моноқалаларды дамыту бағдарламасы аясында 2014 жылдың өзінде қалаға 11 млрд. 200 млн. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржының есебінен әлеуметтік (*4 мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, 1 орта мектеп, 5 спорттық құрылымдар*) және қоғамдық тәртіппен қауіпсіздік нысандарын салу (*4 нысан*), инженерлік инфрақұрылым, жол құрылысы, сумен қамтамасыз ету, қаланы және жақын елді мекендерді абаттандыру жұмыстары жүзеге асырылуда, кәсіпкерлікті қолдау шаралары да қарастырылған.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың маңызын күшейту үшін: «Аймақтарды дамыту» мен «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламаларына сәйкес құны 2 млрд. 100 млн. теңге болатын облыстың 48 елді мекенінде 731 жұмыс орны ашы-

латын коммуналдық-инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын абаттандыру, қайта қалпына келтіру, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша 130 жобаны жүзеге асыру, оған қоса, облыс қалаларында инженерлік инфрақұрылымдардың құрылысын салу көзделуде.

Жүзеге асырылып жатқан жобалардан басқа, «Ералы-Құрық», «Маңғышлақ-Баутин» темір жолдарының құрылысы, сондай-ақ ұзындығы 500 шақырым болатын «Бейнеу-Шалқар» тас жолын салу мүмкіндіктері қарастырылуда. Бейнеу мен Шалқардың арасын қосу арқылы Ақтау портына дейінгі жолды 600-700 шақырымға азайтуға болады. Бұл мәселенің шешімі тек қана көлік саласының дамуына әсерін тигізіп қана қоймай, облыс тұрғындарының еліміздің оңтүстігіне қарай қарым-қатынасына жол ашады.

**Екінші.** МАЭК кәсіпорны су шығару кешенін дамыту мен жаңғырту шараларының шегінде тұщытылған су дайындайтын ескірген қондырғыларды ауыстыру бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыруда. Кәсіпорын кешенді жаңарту мен оның қуаттылығын ұлғайту шараларын одан әрі жалғастыруға дайын.

Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Маңғыстау мен Қаракия аудандарының кейбір елді мекендерінің тұрғындары «Астрахань – Маңғышлақ» су құбырымен келетін Волга суын пайдаланатыны белгілі. «Астрахань – Маңғышлақ» су құбырындағы су тапшылығын шешу үшін оны қайта құрылымдау және жобаны арзандатудағы тиімді нұсқаларды анықтау қажет. Оның ішінде қайта құрылымдайтын су құбырының қуатын өзгерту бойынша жобаны түзету мәселесін қарау керек (*алғашында жоба тәулігіне 260 мың текше метрге дейін су беретін құбырға арналып жасалды, көрсетілген қуатты тәулігіне 150 мың текше метрге дейін өзгерту ұсынылады*).

**Үшінші.** Облыстың электр жүйесін «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорнының үш электр станциясы өндіріп отырғаны белгілі. Қазіргі таңда бұл станциялар өз ресурстарын 70 пайыздан 100 пайызға дейін өндірді. Құрылғының толық физикалық жағынан тозығына жетуіне байланысты 2025 жылға қарай кәсіпорынның электр энергиясын өндіру қуаты 205 МВт-қа төмендейді. Өндірістік және әлеуметтік нысандардың көбеюіне, тұрғын үй қорының өсуіне байланысты, электр энергиясын пайдаланудың жыл сайынғы өсімі орташа 4 пайызды құрайды.

Іске асырылатын шаралардың барлығы Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттемелерге сәйкес жалғасуда.

## ОТАН – ЕҢ БИІК, ҚАСИЕТТІ ҚҰРЫЛЫМ

Әр адамның туған, өскен жері бар. Ол оның Отаны. Дүниеде туған жерден, өскен ортадан ыстық еш нәрсе жоқ. Адам қай жерде жүрмесін сол туған жерін, өскен ортасын сағынады, аңсайды. Бұл үлкен психологиялық, әрі физиологиялық қасиет. Оның себебі тереңде. Адамның Отанға деген құштарлығы күш береді, ешқашан өшпейді. Адам елінен ұзақ жерде жүріп, дүние салса және сол жерде жерленсе, туған жерінен қабырына бір уыс топырақ апарып салатын кәде де содан. Туған жері кірмеген мемлекет екінші Отан атанса да, туған Отаным дей ала ма? Бұл да шындық. Отаны бар адамның арқа сүйер тірегі бар. Ол қай жерде жүрмесін Отанын айтып, мақтан етеді. Туған жер, өскен орта Отан деген қасиетті ана тәрізді ұғымның жанды кіндігі. «Отан от басынан басталады» деген осы. **Қазақ қай жерде: Монғол, Қытай, Түркі басқа елде тумасын, ол қазақ даласын армандайды. Өйткені, ол жерде ата-бабалар сүйегі жатыр. Ол жер оның бүкіл тарихы, көшпелі мал баққан тіршілігі, мыңдаған жылдар қалыптасқан, бай тілі, биік адамгершілік, әдет-ғұрпы, ашық аспан, жел қаққан бет-бейнесі, қиындықтан қорықпайтын, төзімтал, тәуекелшіл батыл, батыр тұлғасы. Олай болса, қазақ жері «Жаным арымның садақасы» деген бар қазақтың елі, ұлы Отаны. Кейде тәш-пушке өкпелеп, ренжіп, не елін тастап, басқа жерге кететіндер болған. Бірақ, бұл жүрегі таза болса, әрине Отанға өкпелеу емес. Отан үлкен күдіретті, қасиетті құбылыс, құрылым. Жеке адамдарға өкпелегенмен Отанға ешкім өкпелемейді. Есі дұрыс, ары таза адам Отанын сатпайды. «Ер туған жеріне» деген мақал соны аңғартады. Сондайлардың бірегейі қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен басқалардың басын біріктіріп, үлкен Түркістан жасап, теңдікке жеткізбек болған Мұстафа Шоқай болатын. Ол заманда бұл кемеңгерлік ойдан**

туған ұран еді. Ол бүкіл өмірін бостандық күресіне жолдады.

Отан деген ұғымға, сонымен екі нәрсе кіреді. **Біріншіден**, туған, кіндік кескен жер дедік. **Екіншіден**, қоғамдық, әкімшілік құрылым. Адамның туған жері өзгермейді, естен шықпайды, аңсау күшейе береді. Ол мәңгі, ал, қоғамдық, саяси, әкімшілік құрылым (*ауыл, аудан, облыс, Республика, мемлекет*) аттары, басқару жүйесі, тәртібі өзгеріп отырады. Кейде бір халық тарихы бір мемлекетпен атанып, кейін түрлі себептермен басқа мемлекетке өздігінен еркін, кейде күшпен қосылып жатады. Тарихта бұл болған. Оның тәртібі ұнайма, әлде жоқ па, бұл басқа мәселе. Бірақ, мемлекет аты қандай болмасын, ел, өлке қалай аталмасын, оның ішіне туған, өскен жерің, яғни, кіші Отаның кіретін болса, онда ол ұлы Отаның болып саналады. Бұл тарих, объективтік процесс. **Жері жоқ елдің, мемлекеті де жоқ. Бұл да тарихи шындық. Жерінен, мемлекеттен айырылып, Отансыз қалған этностар болған. Бұл басқа салмасын, өте ауыр трагедия. Отан үшін жан пидалық осындайдан.**

Біз қазақ халқы қазір Егеменді ел болдық. Бұл біздің Отанымыз. Бірақ, күні кеше ғана біз көп ұлтты Кеңес елі атандық. Бұл 70 жылға созылды. Оған дейін 300 жылдай патшалы Ресей қарамағында болдық. Біздің өзіміз ғана емес, оған туған жеріміз кірді. Тұрған өлкеміз қалай аталмасын, туған жеріміз соған енген соң ол біздің еліміз, Отанымыз болып саналады дедік. Сол Отанға қауып төнгенде, Отанымыз үшін деп күреске шықтық. **1812 жылы Наполеон Бонапарт Ресейге шабуыл жасап, Мәскеуге дейін жеткенде, Орынборда жасақталған қазақтардан тұрған атты әскер полкі француздарды Мәскеуден Парижге дейін қуып, аттарын Сенада суарған. Бұл бір, екіншіден, Ресейге туған жері кірген соң Ресейді өгей шешесіндей болса да Отаным деген**

қазақтар, патша өктемдігіне наразы болып, оған қарсы шыққан Пугачев көтерілісіне де жақтасты. Өйткені, патша өкіметіне ұлт аймақтары отар болды. Бұл да шындық. Кеңес Одағы кезінде, патша мойындамаған, енді, біздің заңды жеріміз, ресми Республикамыз болды. Өз үкіметіміз, экономикамыз, оқу, мәдени орындары жұмыс атқарды. Басқа Республикалармен бірге Социалистік ел атанды. Кеңес жылдарында Отанға кірген барлық халықтар бірдей теңдік құқығын алды. Еңбек Отанға жасалды. Оқудың, дәрігерлік көмектің барлық түрлері тегін болды. Сауатсыздық жойылды. Біреуден біреу артық болмады. Жұмыссыздық жойылды. Ел жоспармен жұмыс атқарды.

Жылына бір рет ақылы демалыс заңдастырылды. Барлық мақсаттардан Отан игілігі алда тұрды. Еңбек ерлері, қоғам, ғылым, мәдениет қайраткерлері шықты. Отаршылдыққа негізделген патшалы Ресеймен салыстырғанда Кеңес Одағы прогресс еді. Колхоздық құрылым шаруаларды бұрынғы мезгіл-мезгіл қайталанатын аштықтан ғана құтқарған жоқ, олардың ұйымшыл психологиясына сай келді. Ел уайымсыз, ертеңі қалай болады демей, өмір сүре бастады. Фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда келісім шартын, берген анттын бұзып, бізге соғыс ашқанда, ол тек Ресейге, орыстарға қарсымыз деп шабуылға шыққан жоқ. Фашистік Германия Кеңес Одағына, біздің Отанымызға, Социалистік мемлекеттік құрылысымызға, ұстанған идеологиямызға қарсы шығып, айуандықпен бәрін қырып, жойып, ойран салды. Сондықтан, бүкіл Кеңес елі болып, намыс, тәуелсіздік үшін Отанды қорғауға аттанды. 1418 күнге созылған бұл әділетті соғыс бейбіт өмір сүріп жатқан біз үшін өте ауыр тиді. Қанша қалалар, өндірістер, селолар, шаруашылықтар қирады. Сондықтан, «Бәрі майдан үшін!», «Бәрі жеңіс үшін!», жас өспірімдер мен кемпір, шалдардан басқалар тегіс көтерілді. Қанша мыңдаған, миллиондаған адамдар қанын төкті, өмірін пиде етті. Ресей, Украина, Белоруссия, Молдавия, Балтық жағалауы елдеріне

жасалған соғыс деп түсінген ешкім болған жоқ. Біздің бүкіл Отанымызға жау балта шапты деп дұрыс бағалады. Егер, сол фашистер соғысты Батыстан емес, Орта Азиядан бастаған болса, сонда Ресей, Украина, Белоруссия және басқалар біздің жеріміз емес деп қарап отырған болар ма еді? Ондай ой ешкімнің басына да кірмес еді. Өйткені, бұл бүтін Отанымыз болатын. Отан соғысы халықтың ішкі сенімін, жан қиярлық ерлігін көрсеткізді.

Басқа барлық Кеңес Одағы халықтарымен қатар Қазақстан жерінде де Отан қорғауға қатыспаған бір де бір семья болған жоқ. Кей семьядан бүкіл ер азаматтары майданнан қайтпай қалғандары, не мүгедек болып қалғандары аз болған жоқ. Соғыстың қандай ауыр жерлері болмасын, Мәскеуді қорғауда, Ленинградты жау қоршауынан босатуда, түрлі шайқастарда, жау амбразурасының оқ шашып тұрған тесігін денесімен жапқандар, Берлинді бомбылаған, неміс самолеттеріне таран жасағандар, сүңгуір кемелерде ерлік көрсеткен, жау тылында фашистер күшіне ойран салғандар ішінде қазақтар, қазақстандықтар аз болған жоқ. Қазақ табиғатында – батыр халық.

Ұлы Отан соғысы халықтың творчестволық тығынын ашты. Мәселен, жау техникасына кедергі жасайтын шойын болаттан кірпі жасап, бөтелкеге жанғыш сұйық зат құйып, дәлдеп лақтырып, жау танқтарын шырпыдай өртеген қарапайым, бірақ, өте нәтижелі қаруды ойлап тапқан – халық еді. Айта ғой ол кім? Айта алмайсың. Көпшілік, халық тапқыш, дана. Сол қаһармандық ерлік пен бірлік неміс фашистік орданы талқандап, Берлинді қиратып, Рейхстагқа Жеңіс Қызыл туын көтергізді. Ұшқыш Нұркен Әбдіровке жанып бара жатқан самолетінді жау күштері шоғырланған топқа құлат деп, не жауынгер Сұлтан Баймағамбетовке жау амбразурасы тесігін денемен жап, оқтың үнін өшір деп ешкім бұйрық берген жоқ. Бұл әркімнің жүрек әмірі, Отанға жанын құрбан етуге дайын екендігі. Жауынгер Сабалақов жасаған ерлікті Александр Матросов, Сұлтан Баймағамбетов, тағы басқа ондаған Кеңес солдаттары қайталады. Австрияда өлім жазасы аталған ең ауыр лагерьдегі

тұтқындар ішінде генерал-лейтенант Д.М. Карбышев (1880-1945) болды. Ауыр жарақаттан неміс фашистері қолына түскен ол, тұтқында оларға қарсылық көрсеткені былай тұрсын, антифашистік үгіт жүргізгені үшін, 1945 жылы аяз күндердің бірі 18 ақпанда, оны камерадан шығарып, лагерь алаңында шешіндіріп, тұрғызып, үстіне су құйып, тірідей мұз бағанаға айналдырып, хайуандықпен азаптап, өлтірген. Кеңес адамдарына қайсарлық көрсеткені үшін фашистер азаптың басқа да түрлерін жасады. Осындай ерлердің бірі Мұса Жалел. Ол өлім лагерінде фашистерге қарсы өжет өлеңдер жазды. Сөйтіп, жан түршігерлік азаптарға мойымай өлер алдында ерлік көрсеткізген Отан күші азаматтық намыс болатын. Қайталап айтамыз. Отан – туған жер. Оның аты қалай өзгермесін, ол қай қоғамдық құрылымға кірмесін – ол сенің үлкенді-кіші Отаның, елің, құдірет-күшің, жаның, қашан да оның садағасы. Отан соғысы Кеңес елінде жаппай ерлік тудырды.

Өткен 1941-1945 жылдардағы сұрапыл, соғыста ерлікпен мерт болған, жеңіспен елге оралып, еңбектеніп жүріп, дүниеден өткен ардагер жандардың рухына мәңгілік тағзым демекпіз. Ұлы жеңістің 70 жылдығы қарсаңында зерттеуші ғалым Тілеу Көлбаевтың «Өшпес даңқ» еңбегі осы мақсатқа арналған. Тәрбиелік мәні мол халық санасына жол тартқан бұл еңбекке сәт сапар тілейміз.

Адам баласы өмірінде Отаннан биік, Отаннан қымбат, Отаннан күшті, одан ыстық еш нәрсе жоқ, болмайды да. Қазір біз жеке меншік, ашық сауда кезінде өмір сүрудеміз. Әркім өз тіршілігін жасауда. Қатты байып кеткендер де бар. Таза кәсіпкердің қолын ешкім қақпайды. Сол мүмкіндікті беріп отырған да Отан. Отан сенсіз өмір сүре алады. Отаны жоқ адам мүсәпір. Отаны бар адамның арқа сүйер тірегі мол. Сол Отанға қайтарым қалай демекпіз? Өйткені, Отан парызы бәрінен биік.

Досмұхамед КІШПБЕКОВ,  
ҚР ҰҒА академигі,  
Тимур КІШПБЕКОВ,  
профессор

• **Жыр тілек**

**МӘҢГІЛІК ЕЛ**

Оу, дүние-ай, әр Заман туады екен  
дараланып,  
Ата сөзі – бата сөздей жүректе  
сараланып.  
Тәуелсіздігі Елімнің тұғырлы  
болған сайын,  
Кеудемде намыс оты жанады  
анық!  
Оу, дүние-ай, біртұтас елім барда  
тірі болам,  
Тірі болам, заманымның өлмес  
жыры болам.  
Мәңгілік Ел жолындағы бір мүдде,  
бір мақсатты,  
Жасай берші, жасай бер, Қазағым,  
Ұлы далам!  
Мәңгі бол, қайтпас, қайсар, Қазақ  
Елім,  
Мәңгі бол, кең далам, асқар белім.  
Желбіретіп, көтеріп, көк  
Байрақты,  
Алға баста, түркітілдес, Түркі  
Елін!  
Кең байтақ, осынау Қазақ  
даласының,  
Мен де бір арман куды баласымын.  
Келер Заман, келер Ұрпақ, қамын  
ойлап,  
Ұлы-қызы тауып жатыр  
жарасымын.  
Оу, дүние-ай, талайға тарих боп  
өткен Заман,  
Қасиетті Бабалар мәңгілік келмекке  
кеткен Заман.  
Бүгінгі күн Ұлы Қазақ данасы мен  
баласына,  
Мәңгілік Ел болу үшін жеткен  
Заман!

**Жаркынбек ЖАҚСЫМБЕТОВ,**  
**ҚР Парламент Сенатының**  
**аппараты Халықаралық**  
**қатынастар, қорғаныс және**  
**қауіпсіздік комитетімен өзара**  
**байланыс жасау бөлімі**  
**менгерушісінің орынбасары**



Сейілбек МҰСАТАЕВ,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-і  
Саясаттану кафедрасының  
профессоры, саяси ғылымдарының  
докторы

Украинадағы саяси жағдайдың ушығуы, Израиль мен Палестина арасындағы қарулы қақтығыстың өршуі, Еуроодақ ауқымындағы мигранттардың саны артуына алаңдап, евро ықпалдасудың болашағына күмәнмен қарайтын ұлтшыл евроскептиктердің саны артуы, шовинистік пиғылдағы кейбір ресейлік саясаткерлердің қоғамдық пікірді дүрліктіруі, «скинхедтер» сияқты неонацистік қозғалыстардың белең алуы, әлем картасында этникааралық жанжалдардан туындайтын «ыстық нүктелердің» көбеюі ұлтшылдық мәселесінің қазіргі саяси өмірдегі өзекті тақырыптардың бірі болып отырғанын көрсетеді. Солай бола тұра, кеңестік тоталитарлық кезеңде қалыптасқан қасаң стереотип бойынша ұлтшылдық жағымсыз ұғымға айналып, «Ауру қалса да, әдет қалмайдының» керімен ұлтшылдық десе аза бойы қаза болатындар әлі күні де жетіп артылады. Біртұтас «совет халқын» жасау эксперименті үшін, әрине, ұлтшылдық теріс әрі қауіпті ұғым саналды. «Ұлтшыл» деген жала жабылып, қаншама қазақ зиялысы репрессия кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшырады, ұлтжандылығы үшін жазаланып, қаншасы атылды. Бұған қоса, национал-социалистік идеологияға сүйенген А.Гитлердің нацистік Үшінші рейхі неміс фашизмі туындатып, Екінші дүниежүзілік соғысқа себепкер болды. Осындай тарихи жағдайлар ұлтшылдық ұғымына деген жағымсыз көзқарастың туындауына ықпал етті. Ал, түптеп келгенде, ұлтшыл деген ұғымды құбыжық етуге ықпал еткен мәселе – «национализм» мен «нацизм» деген ұғымдардың

## АЗАМАТТЫҚ – САЯСИ-МЕМЛЕКЕТТІК, ал, ҰЛТ – САЯСИ-ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТТАҒЫ ҰҒЫМ

ара-жігі ашылмастан, қазақшаға «ұлтшылдық» деп аударма жасалып, қоғамдық санада шатасудың орын алуы еді. «Национализм» – ұлттық мемлекетті қалыптастырушы әрі нығайтушы болып табылатын мемлекетқұрушы төл ұлттың (*неміс – Германия, француз – Франция, қазақ – Қазақстан т.с.с.*) рөлін басты құндылық ретінде танытын дүниетаным, ұлтжандылық сезімі, өз ұлтыңды сүйу, ұлтшыл болу. Ұлтшылдық толерантты: өз ұлтыңды сүйе отырып, өзге ұлт өкілдерінің ұлтшылдығына түсіністікпен қарауды талап етеді; ал, «нацизм» – «национал-социализм» деген идеология атауының қысқартылып алынған нұсқасы, бұл – шовинизмді («ұлы» ұлттың астамшылығын насихаттап, «бұратана» ұлттарды қанау, шеттетіп, түртпектеу құқығын негіздеу), расизм (нәсілдік дискриминация) мен антисемитизмді (семиттік тіл тобына жататын еврейлерге жау ретінде қарау), ксенофобияны (грекше: ксенос – бөтен, шетелдік, фобия – қорқыныш) социализмнің бойына сіңіріп, бір ұлттың ариялық этникалық артықшылығына сүйене отырып «әлеуметтік әділеттілік» орнатуды аңсайтын әсіре ұлтшыл-социалистік қоғамдық құрылыстың тоталитарлық идеологиясы. Бұрмаланған ұлтшылдықтың құбыжық формасы ретінде национал-социализм идеологиясы бүкіл әлемге қайғы-қасірет әкеліп, адамзатқа қарсы ауыр қылмыстардың жасалуына негіз болды. Сондықтан да, «нацизмді» қазақша нақтылап, «әсіре ұлтшыл-социализм» деп атын атап, түсін түстеп айтқан жөн. Сол кезде ғана оның нағыз ұлтжанды ұлтшылдықтан айырмашылығын түсінуге болады.

Ұлтжандылық әрбір ұлт үшін қажет, ұлтжанды ұлтшыл болу арқылы ғана ұлттың тілін, салт-дәстүрін, ерекшеліктері



мен ұлттық мемлекетін сақтап, дамытуға болады. Таза национализм, яғни, өз ұлтыңды сүюді білдіретін ұлтшылдық ұғымы жағымды құбылыс, ол ұлттық мемлекет құру үшін аса қажетті рухани құндылық.

Ұлтшылдық – өз ұлтыңа деген сүйіспеншілік, шыққан тегіңе деген ыстық сезім. Яғни, ұлтшылдық дегеніміз – ұлтжанды болу, өзіңнің ұлттық ерекшеліктеріңе мақтанышпен қарау, салт-дәстүрлеріңді сақтап, ана тілде сөйлеу, қысқасы, өз ұлтыңа тән барлық белгілер мен ұстанымдарға қатысты асқақ та позитивке толы сезім. *Ұлтшылдықтың ауқымы кең, ол саяси, қоғамдық немесе мәдени сипаттағы идея немесе қозғалыс емес, ұлтшылдық ұлттық өмірдің барлық саласын қамтиды. Ол саяси, әлеуметтік-экономикалық даму үлгілерінен тәуелсіз өмір сүруге қабілетті, саяси режимдер ауыса береді, экономика да сан-алуан жолдармен дамиды, ал, ұлт өзінің ерекшеліктерін сақтап, қоғамдық өзгерістерге бейімделе отырып өмір сүруін жалғастырады. Осылайша, ұрпақ алмасу, мәдени мұраны үзбей, ұлттық болмысты жоғалтпай болашаққа қадам басу жүзеге асады. Ал, ұлттық сана-сезімін, болмыс-бітімін жоғалтқан ұлт жер бетінен жойылады.*

Ұлтшылдық мәселесінде ерекше мән беретін маңызды ерекшелік – ол тек бір ұлтты мақтап, асыра сілтеуді ғана білдірмейді, ұлтшылдықта сынға да орын бар: ұлттың бойындағы кемшіліктерді сынап көрсетіп, олардан арылудың жолдарын іздеп, қайғырып-қамықпаған ұлтшыл ойшыл жоқ шығар. Абай атамыздың «Қара сөздеріндегі» қазақтың бойындағы кемшіліктердің айтылуы осыдан, Алаштың ұлтжанды қайраткерлері де «Айқап», «Маса», «Қазақ» басылымдары арқылы өз ұлтының жоғын жоқтады. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлтшылдық – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті іспетті аса қажетті қасиет. Ресей ойшылдары да орыстың олқылықтарын ашына көрсетіп, сынға толы қаншама шығармаларын жазды. Әлемдегі басқа ұлттардың ойшылдары да солай, өз ұлтын сүйгендіктен, жақсы қасиеттерін асқақтатып мақтаса, жаман қылықтарына ұялады, жаны ашығандықтан кемшіліктерін сынап, ұлтының мықты болуын армандайды.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп, нағыз ұлтшылдар жақсы мен жаманды қатар көре біледі. Ұлтшылдықтың бір сипаты осындай. Ұлдары ұлтшыл келетін, сол ұлтшыл ұлдарын ұлықтай білетін ұлт та ұлы болмақ. Ал, керісінше, ұлтын сүйетін ұлтшыл ұлдарын ұрыдай көріп, қуыстанған ұлт түбі ұтылады.

Елдің өркендеуі мен дамуын үнемі және біржақты насихаттай беру де ұлтшылдықтың халықты ұйыстырудағы қызметіне кері әсерін тигізеді. Бірақ, бұл бас салып Үкіметті, еліміздің саясатын сынауда ғана емес, оны осы мәселеге өзім қандай үлес қосып жүрмін деген сауал төңірегінен де іздеу керек. Қиыншылықтардың бар екендігін және оның себептерін анықтап, зиянкестікті жоюдың жолдарын көрсету, оған әрқайсымыздың саяси сілкінісіміздің, рухани жаңаруымыздың, ұлтжандылығымыздың қажет екендігін түсіндіру арқылы оны жандандыруға болады. Бұл көп жағдайда халықты, ұлтты қиыншылықты жеңуге жұмылдыруда тиімді қызмет атқаратынын ұмытпауымыз керек.

Ұлтшылдықтың дамуы түрлі кезеңдерден өткен, оның небір теориялары мен жіктемелері бар. Қысқа қайырсақ, ұлтшылдық ерте кезеңде басты құндылық ретінде ұлтты қанға, яғни, шығу тегіне қарай анықтауға негізделді. Бұл ұлтты анықтаудың немістік үлгісі. Әрине, генетика ғылымы тұқым қуалау заңының ақиқатын ашып берді, дегенмен, ұлт мәселесіне келгенде генокорды бұзатын қайшылықты құбылыстардың орын алатынын өмір көрсетіп отыр. Алысқа бармай-ақ, кейбір ата-анасы қазақ балалардың өз ана тілін білмей, құбәра күйге түсіп, аты-жөні мен бет әлпеті қазақ болғанымен, орыстануы бұған анық дәлел. Халық арасында ондайлар «шалақазақ» деп аталатыны да бәрімізге белгілі. Бұл кеңестік кезеңдегі «достық лабораториясында» орыстанып кеткен корей, саха, бурят сияқты бірқатар ұлттарға да тән қиын мәселе. АҚШ, Канада, Еуропа елдеріне қоныс аударған кейбір мигранттардың ұрпақтары да осындай күйге душар болған. Бұдан кез келген ұлттың тектік қорының, ұлттық ерекшеліктерінің бұзылуына ықпал етуші факторлардың көп екенін байқауымызға болады. Жаңа туған нәрестенің азамат болып қалыптасуында ұлттық тәлім-тәрбиенің

маңызы аса зор, жас бала бейне бір бос ыдыс секілді, ал, бос ыдысты неше түрлі сұйық немесе қою заттармен толтыруға болады. Яғни, бала өзінің жастайынан алған тәрбиесі мен біліміне, өскен ортасына қарай қалыптасады. **Ұлтымыздың болашағы зор, бәсекеге қабілетті әрі сапалы болуы үшін әрқайсымыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруіміз қажет.** Бұл міндет жүзеге асуы үшін ата-аналардың ұлттық намысы берік, ата-баба аманатына адал, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді қастерлей білуі тиіс. Және, ең бастысы – әр қазақтың өз ұлтына, тіліне, діліне, елі мен жеріне деген мақтанышы мен сенімі мол болуы қажет. **Ондай мақтаныш сезімі қай кезде болады?** Әрине, еліміз сөз жүзінде емес, нағыз іс жүзінде дамып, халықтың әл-ауқаты артып, өмір сапасы жақсарып, білім-ғылым мен мәдениет көркейіп, заң алдында бәрі тең болатындай құқықты және қауіпсіз қоғам орнаса Қазақ елі үшін бәріміз мақтанып, халқымыз өз отаны үшін жанын қиюға даяр болары сөзсіз. Бұл біз ашқан жаңалық емес. **Ұлттық мемлекетті нығайту үшін ең алдымен мемлекетқұрушы ұлттың саны мен сапасын жақсарту қажет** деген қағида баяғыдан бар. Дамыған елдер бұл қағидаға имандай сенеді және оны шынайы жүзеге асырып та жатыр. Ал, біздегі жағдай қалай? Қазақстандағы мемлекет құрушы төл ұлт – қазақ ұлтының саны мен сапасын жақсарту үшін бізге әлі де көп еңбектену қажет. Қазақтар көп қоныстанған ауыл-аймақтарды дамыту, тұралаған ауыл шаруашылығын көтеру, жастарды баспанамен қамту, ауылдық жерлердегі өмір сапасын жақсарту, шетелдегі қазақтарды жинау т.б. **Қазақ ұлты мықты болмай, Қазақ елі мықты болмасы анық.** Бұл өзара тәуелді мәселе, бір жағынан қазақ ұлты бәсекеге қабілетті болу үшін барынша тырысып, ғылым-білімді, кәсіпті, бизнесті барынша меңгеруге ұмтылуы шарт. Екінші жағынан, билік тарапынан мемлекетқұрушы қазақ ұлтының дамуына барынша жағдай жасалуы тиіс. Мемлекет құрушы қазақ ұлтының атқаратын миссиясы ауыр, жауапкершілігі зор, сондықтан да, өз атамекенінде тұрып жатқан төл ұлттың артықшылықтарға ие болуына моральдық құқығы бар. Бұған өзге ұлт өкілдері түсіністікпен қарауы

керек, қазақтар әрдайым кеңпейілділік танытып келе жатқанын олар да ұмытпас. Мемлекетқұрушы ұлт ретінде қазақ ұлты Қазақстан атты ұлттық мемлекеттің ең басты субъектісі, ұлттық мүдденің қайнар бастауы әрі басты қорғаушысы. **Қазақстанға лайықтап айтсақ, ұлттық мүдденің өзіндік қазақылық сипаты, қазақы исі болуы шарт.** Кез келген ұлттық мемлекеттегі төл ұлттың орны мен рөлі осындай. Олай болмаса, бүкіл елді, жалпымемлекеттік сипаттағы ұлттық мүдде туралы әңгіме қозғай алмаймыз. **Мемлекетқұрушы ұлттың мұң-мұқтажы мен арман-мақсаты ескерілмесе, ол – ұлттық мүдде емес, билік басында отырған билеуші элитаның ғана мүддесін білдіретін** волюнтаристік тар саяси мүддеге айналмақ. Мұндай алдамшы, мемлекетсымақтық тар саяси мүддені саясаткерлер жүз жерден жалаң ұранмен бүркемелегенімен, ол ұлттық мүдде деңгейіне көтеріле алмайды.

Ұлтшылдық теориясының дамуы барысында ұлтты мемлекеттің азаматы болуымен анықтау да орын алды. Бұл саяси ғылымда француздық модель деп те аталады. Мұндай үлгі бойынша қандай ұлттың өкілі болмасын, қолында Франция азаматы екенін растайтын төлқұжаты бар болса, ол – француз. Францияға бақыт іздеп келген қаншама араб, африкалық, азиялық мигранттар азаматтық алып, еуропалық өмірден орнын тауып, бағы жанып жатса, өздерін французбыз деп мақтанышпен айтады. Бұл модельдерден көріп отырғанымыздай, азаматтық – тек саяси, яки, мемлекеттік сипаттағы, ал, ұлт – саяси әрі халықтық сипаттағы ұғым. Ұлт ұғымының ауқымы да кең, мән-мағынасы да терен.

Қазіргі заманғы ғаламдану процесі ұлтты айқындау мәселесіне де, ұлтшылдық сезіміне де айтарлықтай ықпал етіп отыр. «Әлем азаматы» деген космополиттік өзін-өзі айқындау түрі пайда болып, кейбір елдерде ұлттық ерекшеліктер, азаматтық өзін-өзі айқындау екінші кезекке қалып барады. Трансұлттық компаниялар ғаламдық деңгейде пайда табуды көздейді, бір мемлекеттің ауқымы олар үшін тар. Олар ғаламдандудың басты қозғаушы күштері. Бұл аздай, нарықтық қатынастар адамдарды тұтынушылық психологияға негізделген эгоизмге ұрындырып, әлеуметтік жіктелудің

жаңа түрлерін туындатуда. Мұның барлығы айналып келгенде ұлттық құндылықтардың девальвацияға ұшырауына өзіндік үлестерін қосуда. Біздіңше, шынайы ұлтшылдар да, патриоттар да негізінен орта таптан шығады. Тұрғылықты халықтың бай-кедей болып жіктелуі қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіруші басты факторлардың бірі. Орта тап саяси тұрғыда әлеуметтік амортизатор қызметін атқаратынын ескерсек, мұндай жұмсартушы-тұрақтандырушы факторсыз антогонистік сипаттағы бай-кедей қайшылығы таптық күреске ұласып, саяси жанжалға немесе дағдарысқа ұрындыруы ғажап емес. Ал, республикамызда нағыз орта тапты қалыптастырып, одан әрі дамыту үшін: өндірісті жолға қою, ауыл шаруашылығын жандандыру, еркін сауданы қалпына келтіру, салықтарды төмендету, несиенің сыйақылық пайыздық мөлшерін өркениетті елдердің деңгейіне жақындату, жалақы мен зейнетақы сияқты төлемдерді көтеру, бюрократиялық кедергілер мен сыбайлас жемқорлықты барынша азайту, орта және шағын бизнеске қолдау көрсету, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес, нарықтық қатынастарға сәйкес мамандарды қайта даярлау сияқты бірқатар аса маңызды міндеттерді шешу ұлтшыл азамат пен мемлекеттің арасындағы кері байланысты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері, қысқаша айтсақ, қазақы ұлтшылдық пен отаншылдықты нығайтатын әлеуметтік-экономикалық факторлар болып табылады.

Рухани факторларға келсек, ең алдымен, қазақ ұлты халықты ұйыстырушы ядро қызметін атқарғанымен, қазақ тілі мұндай миссияны атқаруда кенжелеп қалғаны жасырын емес. Президентіміз де идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғамда жоғарғы тіл мәдениетінің орнығуы тиіс екенін атап көрсетеді. Оған мемлекеттік тілді окшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, керісінше, оның біріктіруші рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол шын мәнісінде барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі екені даусыз. Ұлтшылдықтың

негізі – мемлекеттік тіл, сондықтан, Қазақстанды мекен еткен әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс. Әлемде біз сияқты көпэтносты мемлекеттер жеткілікті екені рас. Бірақ, шетелдерде мемлекеттік тілді білмесең, азаматтық ала алмайсың, жақсы жұмыс жоқ, өмір сүруің қиын. Сөйте тұра, ондай мемлекеттерді ешкім де «ұлтшыл» деп кінәлап, айыптағып жатқан жоқ.

Жалпы, ұлтшылдық мәселесі бойынша жасаған тұжырымдарымыздың түйіні төмендегідей болмақ: **Бірінші**, қазақы ұлтшылдыққа тәрбиелеуде тарихымызды, рухани-мәдени мұраларымызды жаңғырта отырып, дәстүр мен жаңашылдықты өзара бейімдеп, қатар өрбіткеніміз жөн. Алайда, ұлтшылдық сияқты аса нәзік мәселеде ешқашан сыңаржақтылыққа, асыра сілтеушілік пен еліктегіштікке бой алдырмауымыз қажет. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу іс-шаралары өмірлік шынайылықпен сабақтасуы қажет. **Екінші**, ұлтшылдық ұғымының мәні терең, атқаратын қызмет ауқымы да анағұрлым кең. Сонымен қатар, ұлтшылдық сезімі жасаппаздық сипатта ғана болмайтынын ескеруіміз қажет. Радикалды, нацистік, экстремистік, террористік т.б. саяси күштер патриоттық ұрандарды жамылып, халықтың арасына іріткі салуы да ықтимал. Нағыз ұлтшылдық сана-сезімді қалыптастыру жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асады. **Үшінші**, Қазақстандық патриотизмнің де, қазақы ұлтшылдықтың да тілі – мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі. Сондықтан, мемлекеттік тілді меңгеруді міндет етіп қоятын кез келді. Біздің ата заңымызда мемлекеттік тілді білу парыз ретінде бекітілгені қынжылтады, ол парыз емес міндет, борыш, талап ету деген сөздермен алмастырылуы тиіс. Міндет қойылмайынша, талап етілмейінше заң орындалмайтыны сияқты, мемлекеттік тіл де көркеймейді. Қызмет пен шен керек пе – мемлекеттік тілді біл. Міндет пен талап қою – күштеу немесе мәжбүрлеу емес. Біз конституциялық тұрғыда құқықты мемлекет болғандықтан қазақ тілін оқып-үйрену күштеу арқылы емес, талап қою жолымен, саналы түрде, халықтың бәріне ортақ қажеттілік ретінде, жас ұрпаққа бала кезінен үйретіліп, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі керек.



**Зікірия ЖАНДАРБЕК,**  
ясауитанушы, Қ. А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті Түркология ғылыми-  
зерттеу институтының аға ғылыми  
қызметкері

Бүгінгі күні Қазақ Елі өзінің саяси, экономикалық дербестігін алып, тәуелсіз ел болғанымен қоғамдық сана саласында өз дербестігін толық әлі ала алған жоқ. Өйткені, қоғамдық сана бөліп алып, шекара қоя салатын жер де, мынау сенікі, мынау менікі – деп бөле салатын дүниемүлік, мал да емес. Ол – миллиондаған қандастарымыздың өмірдегі іс-әрекеті мен өмірлік позициясын айқындайтын діни, тарихи, мәдени, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлік құндылықтар жүйесі. Халқымыз басынан өткерген отарлық кезең, әсіресе, коммунистік идеология кезеңі халық санасында өзінің ауыр іздерін қалдырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Қазіргі күнде көптеген қандастарымыздың тарих сахнасынан кеткеніне жиырма жылдан асса да, кеңестік дәуірді ұмыта алмай, аңсауы – сол санаға сіңіп қалған кеңестік құндылықтар ықпалы. Тәуелсіздікпен ілесе келген базар экономикасы, қоғамда қалыптасқан экономикалық, қоғамдық қатынастардың бұзылуы халық санасында ірі іркілістерді, рухани, мәдени тоқыраушылықты туғызды. Бұл процестермен қоса қоғамды деидеологизациялау мен демократияландыру процестерінің қатар жүруі, батыстың ақпараттық, мәдени, діни-идеологиялық ықпалының пәрменділігін арттырды. Бұл өз кезегінде халықтың белгілі бір топтарын рухани тұғырынан айыруға, кейбіреулерін рухани азғындыққа бой алдыруға әкелді. Бұл кезеңнің мұндай ауырлығын біз түгіл, бүкіл кеңестік жүйенің идеологиялық тірегі, орындаушысы болған орыс ғалымдарының өзі мойындап отыр. Мысалы, философ-тарихшы А. Я. Гуревич былай

## ҚАЗАҚ ТАРИХЫН КІМ, ҚАЛАЙ ЖАЗУ КЕРЕК?

немесе Еуроцентризм үлгісінің  
зияны қанша?

дейді: «Қазір біздің қоғам күрделі тарихи өзгерістерді басынан өткеруде. Осы күнге дейін санада қалыптасқан құндылықтардың әлеуметтік-психологиялық негіздері мен өмір сүру жүйесінің күйреуі халықты абдыратып, рухани тоқыраушылыққа ұшыратып отыр». Бірақ, біздің орыстарға қарағанда жоғалтқанымыздың өлшеусіз көп екені ешкімге жасырын емес. **Қазақ халқы Ресей империясы құрамындағы бұратана халық ретінде жан-жақты қысымға түсіп, орыстардың идеологиялық ықпалында болғаны, өз тарихынан, мәдениетінен, жалпы рухани құндылықтарынан отаршылдар белгілеген деңгейде ғана хабары болғаны ащы да болса шындық. Отаршылдар мақсаты – қазақ халқын толық рухани дербестігінен айыру мәңгүрттендіру болатын. Бұл әрекет белгілі бір дәрежеде өз мақсатына жетті де. Халық санасында өз тарихы мен рухани дүниесіне үрке қараушылық, менсінбеушілік сияқты жаман әдеттерді қалыптастырып үлгерді.**

Бұл айтылған мәселелер қазақ халқының бүгінгі күні рухани салада жан-жақты, әрі қатпарлы қысымға ұшырап отырғанын дәлелдейді. Сондықтан, қазақ халқының рухани дербестігін қалпына келтіру мемлекеттік мәселеге айналып отырғанын мойындауға тиіспіз. Өйткені, Қазақ халқы өзінің жоғалтқан рухани, мәдени құндылықтарын қайтадан қалпына келтірмейінше, халық санасындағы рухани тоқыраушылықты жою, құлдық психологиядан құтқару мүмкін емес. Рухани, мәдени дербестігін сақтай алмаған халықтың өзінің мемлекеттілігін де сақтай алмасы анық.

Мұндай күрделі кезеңде халықты тығырықтан шығарар жол – қазақ халқының сан ғасыр бойы жинаған рухани-мәдени мұрасы мен тарихы болмақ. Бірақ, оларды қайтадан қалпына келтіру онайға соқпасы, қазіргі күннің өзінде белгілі болып отыр. Өйткені, кеңес дәуірінде қазақ

тарихы мен жалпы рухани мәдениетіне евроцентристік көзқарас пен тарихына материалистік тұрғыдан жасалынған талдау, қазақ халқының дәстүрлі тарихы мен мәдениетіне берілген ауыр соққы болды. Тарихты материалистік тұрғыдан тану методологиясы негізінде жазылған тарих қазақ халқын өзінің дәстүрлі тарихи жадынан айырды және ол тарихтың түпкі мақсаты қазақта құлдық психология қалыптастыру болды. Сондықтан, қазақ тарихын жаңа көзқарас, Тәуелсіз ел тұрғысынан қайта жазу, дәстүрлі тарихи жадыны қалыптастыру – бүгінгі Қазақ тарих ғылымы алдында тұрған ең өзекті мәселе.

Соңғы кезде бұл мәселе қазақ тарихшылары арасында өткір пікір таласқа ұласып, баспасөз беттерінде жиі-жиі көтеріліп келеді. Қазақ тарих ғылымын реформалау қажеттігі күн тәртібінде тұрған мәселе ретінде қарастырып жүрген тарихшы Қ. Атабаев: «... Қазақстан тарих ғылымының зерттеу объектісін «Қазақстан Республикасының тарихы» деп алу, біздің ұлттық мүддемізге сай келмейді. Өйткені, ол ұлттың тарихын емес, мемлекеттің тарихын зерттеу болып шығады. Қазақтарды құрған мемлекеттер емес, мемлекеттерді құрған қазақтар. Қазақстандағы мемлекетті құрушы бірден-бір ұлт – қазақ ұлты. ...Сондықтан, қазақ тарихы мемлекеттер тарихының тінінде (контекстінде) емес, мемлекеттер тарихы қазақ тарихы тінінде зерттелуі тиіс» – дейді. Автор бүгінгі қазақ тарих ғылымы алдында тұрған мәселені дөп басып отыр. Ғалымды ашындырып отырған мәселе – әлі күнге қазақтың тәуелсіз тарихының жазылмауы. Тәуелсіздік алып, жеке мемлекет болған Қазақстан түгіл, Ресей құрамында отырып өздерінің тәуелсіз тарихын жазып жатқан татар ғалымдарына танданбасқа болмайды. Мысалы, татар тарихшысы Д. Исхаков татар тарихы туралы жазған мақаласында: «Историю необходимо разрабатывать как национальную историю, отражающую наши собственные, т. е. национальные интересы. Национальную историю татар нужно рассматривать, прежде всего, в общем контексте общетюркской истории, так как татары являются частью тюркской, шире исламско-тюркской цивилизации. Поэтому возникает проблема выхода за пределы узких рамок прежней русской (советской) историографии. Прежнее по-

ложение татарской исторической науки, которую можно охарактеризовать как жесткую привязанность к русской историографии, правильнее было бы квалифицировать как колонизацию нашей собственной истории со стороны имперского центра» дейді. Демек, кез-келген халықтың тәуелсіз өз тарихы болуы тиіс. Бұл қазақ үшін өткір де, өзекті мәселелердің бірі. Ол үшін, алдымен, отарлық кезеңде жазылған тарихқа талдау жасап, оның методологиялық негіздерінің қазақ болмысына сай келмейтін тұстарын анықтап, олардан арылу қажет. Сонда ғана қазақ халқының тәуелсіз тарихын жазу мүмкіндігі туады. Ол үшін қазіргі қазақ тарихының жазылуына негіз болған евроцентристік көзқарас пен тарихты материалистік тұрғыдан түсіну методологиясына талдау жасалуы тиіс.

Алдымен евроцентристік көзқарас дегеніміз не, осыған талдау жасап көрейік. Евроцентризм – европалықтардың өз тарихы мен мәдениеті туралы қалыптастырған көзқарастар жүйесі. Евроцентризм туралы ағылшын тарихшысы Норман Дэвис: «Тех кто пишет историю Европы, нельзя обвинить в евроцентризме просто потому, что они фокусируют внимание на европейских делах, то есть придерживаются избранной темы. Евроцентризм определяется не темой, а отношением. Евроцентризм – это традиционная для европейских авторов склонность считать их цивилизацию высшей и самодостаточной, это пренебрежение необходимостью принимать во внимание и другие, неевропейские точки зрения. Неудивительно (и очень хорошо), что история Европы писалось, в основном, европейцами и для европейцев. Но, прискорбно, что европейские историки часто подходили к своему предмету как Нарцисс к пруду, искали в нем только отражения своей красоты» дейді. Бұл жерде автор евроцентристік көзқарас астарында европалық өркениет жатқанын бүкпесіз ашық айтқан және бұл көзқарастың өзге халықтар тарихын зерттеуде тура келе бермейтінін де ескерткен. Ал, европалық өркениет негізінде христиандық таным жатқаны айдан анық. Бұл туралы неміс ақыны Т. С. Элиот: «Основным в создании общей культуры народов, каждый из которых имеет свою культуру, является религия... Я говорю об общей христианской традиции, которая сделала Европу тем,

что она есть, и об общих элементах культуры, которые это общее христианство с собой принесло... Именно в христианстве развилось наше искусство; христианстве – до недавнего времени – коренились правовые системы Европы. Именно на фоне христианства приобретает значения наша философия. Отдельный европеец может не верить в истинность христианской веры; и все же то, что он говорит, производит, делает – все обретает смысл в христианском наследии. Только христианская культура могла породить Вольтера и Ницше. Я не верю, что европейская культура переживет утрату христианской веры» дейді. Бұл евроцентристік көзқарас негізінде христиандық таным жатқанын анық аңғартып отыр. Ал, философ Карл Ясперс болса бұл ойды бұдан әрі былайша тереңдете түседі. Ол: «**Батыстың тарих философиясы христиандық діни ілімнің негізінде пайда болды. Августиннен Гегельге дейін орасан зор туындыларда бұл сенім құдайдың тарихтағы қадамын көрді. Құдайлық аянның сәттері оқиғалар ағымындағы шешуші бетбұрыстарды өзімен айшықтайды**» – деп, бір түйіндеп алып, ойын бұдан ары қарай: «**Соның арасында христиандық сенім бүкіл адамзаттың сенімі емес, ол тек бір сенім. Дүниежүзілік тарихты осылай түсіну тек христианин үшін иланымды болып көрініс табатынында оның кемшілігі тұр**» деп таркатады. Бұл ой орыс ойшылы Н.Бердяевтің «Русская идея» атты шығармасында мынадай үндестік табады: «**Русская мысль, русские искания начала XIX в. и начала XX в. свидетельствуют о существовании русской идеи, которая соответствует характеру и призванию русского народа. Русский народ – религиозный по своему типу, и по своей душевной структуре. Религиозное беспокойство свойственно и неверующим ... Даже у тех русских, которые не только имеет православной веры, но даже воздвигают гонения на православную церковь, остаются в глубине души слой, сформированный православием**». Бұл орыс халқын халық етіп қалыптастырған православие діні екендігін дәлелдеп тұр. Демек, евроцентристік көзқарас христиандардан өзге халықтардың тарихы мен жалпы рухани болмысын танып-білуге сай келмейді. Оны өзге емес сол христиан ойшылдарының өзі мойындап отыр. Олай болса, евроцентристік көзқарасты

негізге алып исламдық танымға негізделген қазақ немесе жалпы түркі мәдениетін, тарихын танып, білу мүмкін еместігін сезіну онша қиын емес. Өйткені, қазақ халқының рухани, мәдени болмысы, өнері, қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық заңдары түгелімен ислам діні, оның ішінде Қожа Ахмет Йасауи негізін салған сопылық жолдың түркілік бағыты – йасауийа тариқаты негізінде қалыптасқанын ескерсек, онда осы күнге дейінгі тек тарих ғылымы емес, жалпы гуманитарлық ғылымдарға қатысты қалыптасқан ғылыми көзқарасты түгелімен қайта қарау қажеттігін түсінеміз. Тарих ғылымы болса, тек евроцентристік көзқарас емес, сонымен бірге «тарихты материалистік тұрғыдан түсіну» деген маркстік дүниетаным аясында қалып, қатпарлы қысымға ұшырады.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің тарихты материалистік тұрғыдан түсіну теориясы – адамзат тарихында материалдық құндылықтардың шешуші рөл атқаратын басты фактор екендігін дәлелдеді. Олар – «**Сананы тұрмыс билейді**» – деген қағиданы ұсынды. К. Маркс бұл қағиданы: «**Адамдар өз өмірінде, қоғамдық қатынас барысында, өзінің еркінен тыс, бірақ қажетті қатынастарға, өндірістік қатынастарға түседі және ол қатынас өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысына сай келеді. Бұл өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымын құрайды. Ол қоғамдық құрлыстың базисі, негізі. Материалдық өндіріс өзіне лайықты әлеуметтік, саяси, рухани процестерді қалыптастырады. Тұрмысты сана билемейді, керісінше, тұрмыс сананы билейді**» – деп түсіндіреді.

Тарихты материалистік тұрғыдан тану, түсіндіру тәсілі адамды материалдық құндылықтар үшін рухани құндылықтарды құрбан етуге даяр, өзімшілік құбыжыққа айналдырды. Өздеріне осы методологиялық өлшемді негіз етіп алған кеңестік тарихшылар қазақ даласындағы бүкіл қоғамдық, саяси процестердің негізгі қозғаушы күші болған рухани процестердің тарихи фактор ретіндегі рөлін жоққа шығарды. «**Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы**» – деген мақалды өмірінің негізгі қағидасы етіп, иман-сенімін малынан да, жанынан да артық санаған халықтың басты қасиеті сыртқа тебілді. **Қазақ халқының дәстүрлі тарихи жады тарихты материалистік тұрғыдан түсіну шеңберіне сыймайтын болған соң**

қолданыстан шығарылып тасталды. Ол тарихтың орнына өзге халықтардың, атап айтқанда, қытай, грек, араб, парсы, италяндтардың кезбе саяхатшылары мен тарихшыларының, географтары мен зерттеушілерінің жолжазбалары мен еңбектерінде жазылған деректер негізінде қазақ халқының мүлде басқа тарихы жазылып, шынайы тарих ретінде ұсынылды. Рухани өрісі биік халық материалистік тұрғыдан жазылған тарихта ой-өрісі тар, мал үшін, мал жайлайтын жер үшін еш нәрсені аямайтын жабайы немесе жартылай жабайы халық ретінде сипатталды. Халықтың рухани дүниесіне, мәдениетіне ешкім назар аудармады.

К. Маркс адамзат тарихын қоғамдық-экономикалық формацияларға-құрылыстарға бөлді. «Өндірістік қатынас - деп жазды К. Маркс, - жиынтығында қоғамдағы қоғамдық қатынастарды құрайды және ол қоғамдық дамудың белгілі бір сатысына сай болады (*Алғашқы қауымдық құрылыс, антикалық, құл иеленушілік кезең, феодализм дәуірі, капитализм дәуірі, коммунистік қоғам*).

Бұл формациялар туралы ілім батыстың отырықшы, егінші халықтарының тәжірибесінде жасалды. Көшпенді халықтар бұл қоғамдық құрылыстар туралы ұғымға да, мемлекет деген ұғымға да сыймай қалды. Олар: «Мемлекет таптық қоғам бар жерде ғана құрылады», — деген қағиданы алға тартты.

Кенестік тарихшылар ол қоғамдық құрылыстардың қазақ даласындағы қоғамдық құрылысқа сай келмейтінін, мұндағы тарихи процестердің өзіндік ерекшелігі барлығын, тарихты материалистік тұрғыдан түсіну тәсілін қазақ тарихына қолдануға болмайтынын ескермеді. Керісінше, қазақ халқында рулық, тайпалық жүйенің сақталуы халықтың әлі алғашқы қауымдық құрылыс шеңберінен шықпағандығын, дамудың жоғарғы сатысына көтерілмегендігін көрсететін басты көрсеткіш ретінде сипатталды.

Қазақ халқы тарихын зерттеуде материалистік көзқарастың сай келмейтінін ғалым Ж. Артықбаев былай тұжырымдайды: «Біздің байқағанымыздай, тарихи қазақстандағы басты кемшілік пен шектеушілік тарихқа бір жақты материалистік тұрғыдан талдау жасауға байланысты болып отыр және ол қоғам мен мемлекеттің тарихилығымен

байланысты. Тарихты материалистік тұрғыдан зерттеу евроцентризммен, маркстік методологиялық түсініктермен, парадигмалармен тікелей байланысты. Тарихты зерттеудегі формациялық өлшем — адамзат тарихындағы сан түрлілікті жоққа шығарды. Қоғамдық өмір мен мемлекеттіліктің тууын таптық күрестің тууымен, байлар мен кедейлер арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланыстырды». Бірақ, тарихты материалистік тұрғыдан зерттеудің қазақ тарихы үшін зиянды екенін көптеген тарихшылар әлі күнге түсінген жоқ. Осы теорияны басшылыққа алған біздің кейбір әсіре тарихшылар қазақ халқында мемлекеттіліктің болғандығына, қазақ халқының болашақта өз мемлекеттілігін сақтап қалу, басқару, иелік ету мүмкіндіктерінің барлығына күмән келтіруде. Мысалы, тарихшы А. Көшкімбаев былай дейді: «Крупные посттарно-политические образования (империи) кочевников носили спорадический характер. На исторической шкале, пройденной номадными социумами, можно фиксировать только «спышки государственности», дефинирующиеся, прежде всего, хронологической дискретностью, т. е. временные объединения с их последующим распадом и возвращением в первоначальное, «общинно-кочевое состояние». Осы айтылған пікір тарихи шындыққа сай келеді ме? Жоқ. Көшпенділерде, бұл контексте қазақ халқында мемлекеттіліктің, мемлекеттік дәстүр сабақтастығының болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Түрік қағандығы дәуірінен келе жатқан мемлекеттік дәстүр сабақтастығы Қазақ хандығына дейін жалғасқанына, сан қилы тарихты басынан кешіргеніне, жеңістің де, жеңілістің де дәмін татқанына тарих куә. Тарихқа белгілі Қарлұқ мемлекеті, Оғыз мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда мемлекеті, Өзбек ұлысы, Қазақ хандығы, бәрі де қазақ жерінде болған мемлекеттілік сабақтастығының айқын көріністері. Бүгінгі күні +Қазақстан Республикасы сол дәстүр сабақтастығын әрі қарай жалғастырып отыр.

Бірақ біз, осы күнге дейін осы тарихты өзіміздікі деп айта алмадық. Өйткені, тарихқа материалистік көзқарас бізге ондай мүмкіндік берген жоқ. Бүгінгі күні Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін тарихқа

көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттігі туып отыр. Тарихы материалистік өлшемге сай келмейтін қазақ тарихы түгіл, Маркс тарихқа материалистік көзқарас теориясын қалыптастыруда тарихи тәжірибесін негізге алған Батыс Европа халықтарының өзі бұл теорияның қате екендігін, тарихи шындық мүлде бөлек екендігін дәлелдеп шықты. Соңғы 40-50 жыл көлемінде Батыс Европа ғалымдарының жүргізген археологиялық, текстологиялық зерттеулерінің нәтижелері маркстік қоғамдық формациялар туралы ілімнің тарихи негізі жоқтығын дәлелдеп берді. Мысалы, археологтардың Солтүстік Германия, Ютландия, Британ аралдары мен Скандинавия жерлерінде көне қоныстарға жүргізілген қазба жұмыстары германдықтардың көне дәуірден отырықшы, егіншілікпен айналысқан қауымда емес, әр семьяның өз шаруашылығы бар, жеке-жеке өмір сүрген халық екенін дәлелдеп берді. Бұл айтылғандардың тарихи шындық екенін сол көне дәуірдегі сот жазбалары мен әдет-ғұрып туралы жазбалар да дәлелдейді. Материалистік методологияның мұндай кемшілігін сезінген тарихшылар басқа жол іздеуді бастады.

Ең бастысы маркстік методология болған тарихи оқиғаларды есепке алумен ғана шектелді. Ал, ол оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші ретінде таптық қайшылықтар көрсетіліп, қоғамның діни, мәдени аспектілері есепке алынбады. Басқаша айтқанда, тарихты зерттеу біржақтылық сипат алды. Батыс Европадағы аграрлық мәселелер тарихын зерттеген орыс тарихшысы А. Я. Гуревич мынадай қызықты мәселелерге назар аударған. Ол VI ғасырда франк билеуші топтарының тарихын жазған Григорий Турскийдің назарынан тыс қалған көп мәселелердің бетін ашады. Г. Турский жазған тарихында корольдер мен өзге ықпалды адамдар бірін-бірі аямай қырып жатқан, билік үшін, байлық үшін бар қылмысқа баратын, діни адамгершілік қасиеттерден жұрдай қорқаулар ретінде сипатталады. Бірақ, тарихшының өзі ол оқиғалардың шынайы себептерін түсінбейді. Тек болған оқиғаларды тізумен ғана шектеледі. А. Я. Гуревич Г. Турскийдің тарихи оқиғаларды бір жақты көрсетуінің басты себебі, оның христиан епископы болғандығында деп біледі. Өйткені, әлі көне діни сенімдегі герман тайпаларының діни-рухани

дүниесін түсінбеуі, сол өзі жазған тарихи оқиғалардың ішкі себептерін ашуға мүмкіндік бермеген. Осы жерде А. Я. Гуревич айтқан пікірдің қазақ тарихына да тікелей қатысы барлығын, қазақ халқының көне дәуірден XIX ғасырға дейінгі тарихының толығымен өзге халық өкілдері қалдырған деректер негізінде жазылғанын тағы бір рет ескертіп өтсек артық болмайды. А. Я. Гуревич өз зерттеуінде осы бір жақтылық мәселесіне байланысты ойын былай тұжырымдайды: «Аграрлық құрылым мен материалдық құндылықтарды өндіру, бір жағынан, қоғамдық сана формалары: адамның сенімі, діні, қиялы, екінші жағынан, бір тарихи феноменнің екі жағы. Оларды кезінде тарихшылар қолдан заңсыз екі жікке «қоғам» және «мәдениет» – деп бөлді. Шындығында, бұлар бөлінуге болмайтын бірлік. Тарихшылар оларды бірлікте қарастыруды қайта қалпына келтіруді үйренуі керек. Соңғы жылдары қазақ тарихшылары да бұл мәселеге көңіл аудара бастады. Мысалы, этнограф-ғалым Ж. Артықбаев қазақ тарихын зерттеу методологиясына қатысты ойын былай тұжырымдайды: «Евразия даласы көшпенділерінің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-мағынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшпелі қоғамның өмір сүру негізінде қайталанбайтын, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшеміне сай келмейтін ерекше мәдениет қалыптасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. Бәрінен бұрын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс». Бұл жерде ғалымның қазақ тарихын зерттеудегі басты методологиялық бағытты айқындап беріп отырғанын атап көрсетуге тиіспіз. Өйткені, қазақ халқы әр кезде өзінің рухани дүниесін, иман-сенімін малынан да, жанынан да артық қойды, «Өлімнен ұят күшті» – деп, ар-ұятын өмірінен де артық санады. Бұл қазақ халқы үшін материалдық дүние емес, рухани дүниенің қымбат екендігін, қазақ қоғамы үшін рухани



құндылықтар шешуші мәнге ие екендігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, қазақ халқы басынан кешкен сан қилы оқиғалардың басты қозғаушы күші рухани процестер болды. Өкінішке орай, бұл факторлар қазақ тарихын зерттеуде есепке алынбады. Осы мәселе бойынша исламтанушы-ғалым Н. Нұртазина: «Отандық қоғамтану ғылымында дінді мәдениетке қарсы қою, атап айтқанда, ислам дінінің мәдениетке қосқан үлесін мойындамау, ...ислам дәстүрін жоққа шығару, жалпы қазақ қоғамының исламдану дәрежесін өте төмен бағалау, сопылықтың шын мағынасын түсінбеу немесе әдейі бұрмалау т. б. Нәтижесінде бейрухани тарих пен діннен ажыратылған ұлттық мәдениет жасалынды» дейді. Қоғамдық ғылымдардағы осы тоңмойындық бүгінгі ұрпаққа өз ата-бабасының рухани, мәдени болмысын тануға мүмкіндік бермей отыр. Бұл өз кезегінде күн өткен сайын өскелең ұрпақтың қазақ халқының рухани, мәдени қайнарларынан алшақтауына, дөрекіленуіне, мәдениетсіз тобырға айналуына ықпалын тигізуде және бұл қоғамдық өмірдің бар саласынан көрініс табуда. Егер де, бүгінгі күні ғалымдар тарапынан қазақ тарихы мен рухани, мәдени болмысына жаңа көзқарас қалыптастырылмаса, онда ертеңгі күні қазақ халқының ұлт ретінде жойылып кету ықтималдығы барлығын жоққа шығаруға болмайды. Ол үшін, алдымен, қоғамдық ғылымдарды зерттеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыру қажет. Ол үшін қайтадан жаңалық ашу қажет емес. Тек, осы күнге дейін жасалынған ғылыми зерттеу тәсілдерінің ішінен қажеттісін тандап ала білуде. Бұл жерде сол еуропалық ғалымдардың да тәжірибесін пайдалану артық емес. Ол үшін ғылыми-зерттеу тәсілдерінің негізіндегі христиандық таным мен құндылықтарды алып тастап, олардың орнына исламдық таным мен құндылықтарды қою керек. Сонда қазақ тарихын зерттеудің жаңа тәуелсіз арнасы қалыптасады. Бұл қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеу мүлде жаңа бағытқа бет бұрып, қазақ халқы өз тарихы мен рухани, мәдени мұраларына өзгенің емес, өзінің көзімен қарауға мүмкіндік алады. Әрине, бұл жерде мына мәселе ескерілуі тиіс. Ислам дініндегі халықтардың да сан түрлі мәдениет өкілдері екендігі, олардың арасында қаншама ерекшеліктер барлығын естен шығаруға болмайды. Олардың

арасынан қазақ халқының қайталанбас ерекшелігін қалыптастырған рухани күшті анықтау қажеттігі туады. Жалпы, бұл халықтар арасындағы мәдени ерекшеліктер тек ислам дініндегі халықтарға ғана тән емес, христиан дініндегі халықтарда да осы мәселе бар. Ол туралы еуропалық жазушы Альберто Моравийе былай деп жазады: «Европа мәдениеті екі жақты мата сияқты: бір жағы сан түрлі бояумен өрнектелген, екінші жағы терең де, қанық бір түсті бояумен боялған». Бұл жерде автор христиан дініндегі халықтардың мәдениеті сан түрлі болғанымен, оларды біріктіріп тұрған христиандық таным болғанын анық меңзеп отыр. Сол сияқты ислам дініндегі халықтардың да мәдениеті саналуан болғанымен, оларды біріктіріп тұрған ұлы күш – исламдық таным барлығын көрсетеді.

Біз жоғарыда «тарихты материалистік тұрғыдан тану» тәсілі қазақ тарихын зерттеуге тура келмейтінін, бұл тәсілді қолдана отырып жазылған тарихта қазақ халқының тарихи жады қолданыстан шығып қалатындығы туралы айтқан болатынбыз. Өйткені, қазақ халқы рухани дүниені материалдық дүниеден жоғары бағалады. Бұл туралы ХХ ғасыр басындағы қазақ ойшылдары иманның материалдық дүниеден жоғары екендігін дәлелдеп жазды да. Мысалы, Шәкәрім қажы марксизмнің тарихты материалистік тұрғыдан тану тәсілінен толық хабардар болды және бұл тәсілді қолдану неге апаратынын айқын аңғарды. «Пайғамбар Мұса жолықса» атты өлеңінде бұл тәсіл туралы былай дейді:

*Затшылдық көзді байлады,  
Адастырып айдады.  
Жан билемей тән билеп,  
Ақылдың соры қайнады.  
Ғылым деп ұды жегізді,  
Денесіз зат жоқ дегізді.  
Дәлелсіз пәнмен перделеп,  
Көрсетпей қойды негізді.*

Ал, Ә. Бөкейханов болса, қазақ тарихын жазу үшін, алдымен, оның мәдени болмысына көңіл аудару қажеттігін жазады. Ол, «Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лауық (лайық). Тарихтың сара жолы екіге бөлінеді. Бірі бөлек тарихтың пайдаланған соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы... тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история

культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады» – дейді. Мәшһүр Жүсіп болса, «Осы күні шежіре сөйлеп жатқандар: бірі қытай тарихынан переводтап алады. Бірі орыс жазушыларынан переводтап алады. Ол қазаққа қалай шежіре болады? «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден алынып жатқан біреуі жоқ» – деп танданыс пен ренішін қатар білдіреді. Қазақ ойшылдарының бұл пікірлері қазақ тарихын тану үшін материалдық құндылықтар емес, мәдени, рухани құндылықтардың маңызы жоғары екендігін, өз тарихы қымбат екендігін дәлелдейді. Қазақ ойшылдарының бұл пікірлері негізінде қазақ халқының дәстүрлі діни танымы жатқанын көруге болады. Бұл өз кезегінде қазақ тарихын зерттеу үшін, ең алдымен, оның басынан кешкен діни, рухани үдерістеріне баса көңіл аудару қажеттігін көрсетеді. Жалпы діннің адамзат қоғамында шешуші рөл атқаратын қуатты фактор екендігі құпия емес. Діннің қоғамдағы рөлінің артуы – ол қоғамның нұрлануына, гүлденуіне, мәдениетінің жаңа сатыға көтерілуіне әкелсе, діннің қоғамдағы рөлінің төмендеуі, керісінше, қоғамның азғындауына, тоқырауға ұшырап, ыдырауына әкелетін қауіпті факторға айналады. Діннің қоғамдағы рөлінің қаншалықты жоғары екендігі туралы ХХ ғасыр басындағы орыс ойшылы В. С. Соловьев: «При таком внутреннем соединении (а несмешении) религиозной идеи с народностью выигрывает и та и другая сторона. Народность перестает быть простым этнографическим и историческим фактором, получает высший смысл и освящение, а религиозная идея обнаруживается с большой определенностью, окрашивается и воплощается в народности, приобретает в ней живую историческую силу для своего существования в мире. И чем значительнее народная сила, тем выше она должна подниматься над национальным эгоизмом, тем полнее она должна отдаваться своему вселенскому служению» – деп жазады. В. С. Соловьевтің бұл пікірі кез-келген халықтың

деңгейі, рухани қуаты діни идеяның халықтың ой-санасынан қаншалықты терең орын алуына байланысты екендігін көрсетіп отыр. Басқаша айтқанда, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, жалпы мәдениетінің қай бағытта дамитынын айқындайтын – діні, діни танымы. Демек, қазақ қоғамындағы діни үдерістер тарихын зерттеу – қазақ тарихына басқа тұрғыдан талдау жасауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл тарихты зерттеуде алғаш рет қолданылып отырған тәсіл емес. Батыс елдерінде бұрыннан қолданылып келе жатқан өз алдына жеке ғылыми мектеп болып қалыптасқан жүйе және ол жүйе «тарихи идеализм» мектебі немесе «мәдени-тарихи мектеп» деп аталады. Бұл зерттеу жұмысының негізгі нысаны қазақ қоғамындағы діни үдерістер тарихы болғандықтан, діндерді зерттеу тәсілдері де қатар қолданылады. **Олар мына тәсілдер:**

1. *Тарихи-салыстырмалы зерттеу тәсілі.* Бұл тәсіл бір діннің әр кезеңдегі жағдайын салыстыра отырып, қоғамда болып жатқан өзгерістерге талдау жасауға мүмкіндік береді.

2. *Феноменологиялық тәсіл.* Бұл тәсіл мән мен мағынаның адамдар арасындағы рухани ықпалдастығы мен санадағы өзгерістерінің қаншалықты екендігін анықтайды.

3. *Герменевтикалық тәсіл.* Бұл тәсіл діни құбылыстар мен діни мәтіндердегі шешілуі қиын мәселелерді шешу, түсіндіру жолдарын көрсетеді.

Тарихты зерттеудің бұл тәсілі қазақ халқының қолданыстан шығарылған тарихи жадын ғылым кәдесіне жаратуға, тарихи дереккөзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде қазақ тарихына рухтың енуіне, өз тарихына өзгенің көзімен емес, қазақтың көзімен қарауына мүмкіндік береді. А. Байтұрсыновтың тарихшыларға қойған талабын толық іске асырады. Ол кісі тарихшыларға мынадай талап қояды: «Тарихшылардың мақсаты – уақиғалардың уақытын қана көрсетіп, яки не түрде болған тысқы сиқын көрсету емес, ол уақиғаның болуына нендей нәрселер, қандай уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнімен таныстыру». Мұндай ретпен жазылған тарих халықтың басынан кешкен оқиғаларының себеп-салдарын толық түсінуіне, жеңісіне мақтанып, жеңілісінен сабақ алуына мүмкіндік береді. Алайда, бұл бұрынғы жазылған тарихты толық жоққа шығару емес. Ол тарихта айтылмай қалған мәселелерді қазақ халқының дәстүрлі тарихи жадында сақталған дүниелермен толықтыру, байыту болып табылады.



Айтан НУСИПХАНҰЛЫ,  
көсемсөзші

## БІЗГЕ КЕРЕГІ – ҰЛТШЫЛДЫҚ БОЛАР

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Сәбетқазы Ақатайдың «Ұлтсыздық, ұлтшылдық һәм ұлтжандылық» атты мақаласына орай, Досмұхамет Кішібеков жазған сын мақаланы оқыған соң («Қазақ әдебиеті», 15 мамыр 1998 ж.), осы тақырыпқа таласы бар адам болуым себепті, менің де өз ойымды ортаға салғым келіп отыр. Сонымен, бізге керекті ұлтшылдық па, әлде ұлтжандылық па? Сәбетқазы Ақатай ұлтшылдықты сананың жоғары деңгейіне, ұлтжандылықты төменгі деңгейіне жатқызады. Досмұхамет Кішібеков: «Азаттық үшін, тәуелсіздік үшін күресте, басқа елдің өктемдігіне қарсылық көрсетуде ұлтшылдық ауадай қажет, елді біріктіретін ұран іспетті. Бірақ, оны ұдайы қолдана берсек, санның сапамен қатынас мөлшері бұзылады» дейді. Автор осы ойын сабақтай келіп: «Ұлтшыл емес, ұлтжанды болу керек» деген байлам жасайды. Біздің пайымдауымызша, ұлтшылдық – о баста ұлтпен бірге жаралған ұғым. Ол – ұлттың бойындағы сана-сезімнің жиынтығы. Ал, ұлтжандылық – ұлтшылдықтың бойынан жырып алынып, қолдан жасалған жасанды ұғым. Сәбетқазы Ақатайдың «құрама», «мәдени ұғым» дегені біздің осы сипаттамамызбен үндес, сарындас.

Енді біз осы ұғымның өмірге қашан және қалай келгеніне бір сәт назар аударып көрелік. Горбачев билік жүргізген «қайта құру» деп аталатын жылдарда, қамауда қыстығып отырған демократияның тиегі ағытылысымен-ақ, ұлт мәселесі былайғы басқа мәселелердің барлығын ығыстырып тастап, бірден-ақ бірінші кезекке шыға бастады. Бұған дейін аты бар да заты жоқ республикалар рәміздерін түгендеуге, тарихи зердесін жаңартуға, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құруға қарай бет түзеді. «Сүверенитет шеруі» деп аталған осы көштің соңынан Қазақстан да ілесіп берді. Алайда, ол кезде басқаларды қайдам, бізде, қазақта

дәл қазіргідей тәуелсіздікке қол жеткізе аламыз деп ешкім ойлай қойған жоқ еді. Біз де, әйтеуір, коммунистік партияның жаңа кезеңдегі саясаты шеңберінде құрылмақ болып жатқан «Жаңарған одаққа» лайық келетін шарт астында ғана, жоғалтқандарымызды жасқана, абайлап жоқтай бастағанбыз. Сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында оқиғалардың дамуы жылдам болғаны соншалық, бүгінгі айтылған сөз ертең ескіріп қалатын. Бұл кезде, алды тәуелсіздік атты мәреге таяп барған ұлы көштің соңында, әліптін артын бағып, біз де келе жаттық.

Бодандықтың бұғауы бірте-бірте үзіліп жатқан, бірақ, әлі біржола үзіле қоймаған, біржола үзілуі мүмкін еместей, әсіресе, қазақ үшін солай көрінетін осы бір кезең, өзіне лайық тұтас бір жаңсақ ұғымдардың тізбегін тудырды. «Егемен», «ақтандақ», «ақтау» дегендеріңіздің бәрі – осы кезеңнің жемісі. Солардың қатарында «ұлтжандылық» та бар еді.

Біз ол кезде «тәуелсіз елміз» деп айта алмадық. «Егеменбіз» дедік. Тарихымызды отаршылдардың жазғанын немесе солардың нұсқауымен жаздырылғанын айта алмадық. Оны, «тұтастай алғанда, дұрыс жазылған деп есептеп, тек сол дұрыс тарихымыздың өнбойында әлдебір себептермен, әлдекімдердің кінәсінен бұрмаланған немесе құпия ұсталған тұстары – ақтандақтары ғана бар, сол ақтандақтарды айтып, жариялап кеп жіберсек болғаны, бәрі де орны-орнына келе қалады» деп ойладық. Ол кездегі қоғамдық пікірдің ақтандақтар жөніндегі деңгейі осы шамада ғана болатын.

Репрессия құрбандарын ақтау (реабилитация) жөніндегі түсінігіміз де коммунистік партия сызып берген шеңберден шыққан жоқ. Шығуы мүмкін де емес еді. Мағжан Жұмабаевтың 1989 жылы жарық көрген бір томдық шығармалар жинағына жазылған алғысөзді сол кездегі біздің «ақтау», «ақтандақ» туралы ұғым-түсінігіміздің неғұрлым жинақталған көрінісі десе де болады. Ол кезде: «Октябрь Революциясы

күшпен әперген бостандығымызды жеке адамға табыну заманы мен тоқырау дәуірінде тағы да бақытсыздыққа ұрындырып алып едік. Енді, міне, сол бостандық жаңғырып, қайта туды», сондай-ақ «мұндай ғажайып дәуірге жеткізген партия басшылығына біз мың-мың алғысымызды арнауымыз керек» деп жазуымызға тура келген. Мағжан Жұмабаевты «Ұлы Октябрь Революциясы әкелген бостандықты бар даусымен өз жырына айналдырып сөйледі. Революцияның қызыл жалауын жыр майданында көтерді» дегенбіз. Бүгін Мағжан Жұмабаев мұраларымен толық күйінде танысу мүмкіндігіне ие болған тәуелсіз еліміздің оқырмандарына оның Октябрь төңкерісін қалай қабылдағаны, қандай жалау көтергені туралы түсінік берудің қажеті бола қоймас.

Коммунистік партия кезінде ұлтшылдықтан асқан айып, күнә жоқ еді ғой. Сондықтан, біз одан өлердей қорқатынбыз, ат-тонымызды ала қашатынбыз. Ұлтымыздың ең қарапайым белгілерінің өзін «ұлтшылдықпен ешқандай қатысы жоқ» деп, Мәскеудің алдында ақталып, әлекке түсіп жататынбыз. Ал, енді, демократияның заманы туып, өз ұлтын сүю, құрметтеу айып пен күнә болудан қалып, әспеттеле бастаған кезде, бұрын ұлтшылдыққа жатқызып қаралған нәрселеріміз енді құндылыққа айналып жатқан тұста, «біз ұлтшылмыз» деудің орнына, «біз ұлтжандымыз» деген жаңа ұғымды ойдан шығардық. Ұлтшылдық коммунистік партия сызып берген шеңберге сыймайтын ұғым болса, ұлтжандылық сол шеңбердің ішінде өмір сүре беретін «жуас», «градусы» төмен ұғым еді.

Түрліше тарихи кезеңдерде саясаттың ығына қарай, белгілі бір ұғымдардың бұрмалауға тап болатыны, өзгерістерге ұшырайтыны, кейін ішінара қалпына келіп жататыны – болып тұратын құбылыс. Күні кеше ғана «тәуелсіздіктен» бір дәреже төмен қолданылып келген «егемендік» сөзі бүгін өзінің толық мағынасында тәуелсіздіктің баламасы ретінде жүретін болды. Сол сияқты амалдап күн кешкен кезімізде алға шыққан «ұлтжандылық» та бүгін «ұлтшылдықтың» баламасы ретінде, онымен тең дәрежеде қолданылса, оның ешбір ағаттығы бола қоймайды. Мәселе оған біздің қандай мағына беруімізге байланысты.

С. Ақаатай айтқандай, «ұлтжандылықты» ұлттық сананың жетілмеген көрінісі, төменгі деңгейі ретінде, яғни, осы күнге дейін қолданылып келген күйінде қарап қалыптастырсақ, ол сол деңгейге шаққұғым болып қала береді. Ал, оны мен айтқандай,

«ұлтшылдықтың» баламасы ретінде көрсек, солай орнықтыруға да болады. Мәселен, «егемендік» пен «тәуелсіздік» – бізде тең деңгейдегі ұғымдар. Тәуелсіздік алғалы бері, өмір көп өзгерістерге ұшырады. Мүлде сапалы жаңа мазмұндармен толықты. Бұрын коммунистік партия сызып берген шеңбердің ішінде пайда болған ұғымдар қазір ескірді. Ақиқатты толық күйінде айтуға мүмкіндік туылған және солай етуге бізді міндеттеп отырған қазіргі күннің талабы тұрғысынан келгенде, алашордашыларды «Октябрьге, Кеңес өкіметіне, Коммунистік партияға адал еді» деп ақтау, ендігі жерде тым оғаш болар еді.

Бұған дейін төбесімен тұрған ақиқат табанымен жер басып, өзінің табиғи қалпына келуіне байланысты, біздің ақтау (реабилитация) туралы ұғымымыз да енді 180 градусқа бұрылыс жасауға тиіс болады. Ойымыз түсінікті болу үшін нақтылы мысал келтіре отырып қарастыра берсек, мәселен, алашордашыларды ақтауда бас төреші, яғни, ақтаушы коммунистік партия, одан кейінгі төрешілер партияның жергілікті өкілдері болып келді. Алашордашылар болса, ақталушы орында тұрды. Бірінші жақ екінші жақты өз қалауынша тергеп-тексерді. Олардың өмірі мен қызметінің ең мәнді, маңызды жерлерін сызып тастады. Қалғанын ыңғайға келтіріп бұрмалап, өңін айналдырды. Енді, міне, тәуелсіздік талаптарына сәйкес, тергеуші мен тергелушінің орны ауысуы тиіс. Қазір бас төрешінің, ақтаушының орнында алашордашылар тұр да, ақталушының орнында сіз бен біз тұрмыз. Бақсақ, алашордашылар ұлттыңа, еліне адал, ақ екен де, бар пәле сіз бен бізде екен. Сол себепті, біз «оларды қалай ақтаймыз?» деп емес, «олардың рухы алдында өзіміз қалай ақталамыз?» деп бас қатырғанымыз жөн сияқты.

Ұлтшылдық Д.Кішібеков пайымдағандай, уақытша, өткініші құбылыс емес, ол – ұлтпен бірге пайда болған, ұлтпен бірге жасайтын табиғи қасиет. Өкінішке орай, дүниенің тепе-теңдігі бұзылған сәтте осы табиғи қасиеттің де бұзылып, басқа мазмұн алатыны да бар. Мәселен, күштілер әлсіздерді басып алып, бодандыққа түсіреді. Метрополия мен колония арасындағы қатынас қалыптасады. Мұндайда метрополияның билеуші ұлты – езуші ұлт, колониядағы ұлт – езілуші ұлт болып табылады. Езуші ұлттың ұлтшылдығы империясының идеологиясына айналып, шовинизм түрінде көрінеді.

Қазақ пен Ресей арасындағы метро-

полия мен колония қатынасы үш ғасырға созылғандықтан, екі ұлттың қоғамдағы орны олардың ұлттық менталитетіне терең із қалдырды. Соның нәтижесінде, билеуші ұлт қазақтарға «менікі былай да менікі, ал, сенікі де менікі» деген тұрғыдан қарады. Қазақтар: «Менікі тек менікі ғана емес, әрі сенікі де» деп, өзінде барын билеуші ұлттың алдына тосып отырды. Сырттай қарағанда, бәрі де ерекше жүріп жатқандай болып көрінетін осы процестер іс жүзінде, тіпті де, олай емес болатын. Оның аржағында осыған алып келетін империялық саясат пен оның алуан түрлі тегеріштері жұмыс істеп тұратын.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері арақідік болса да, қазақ шовинизмі туралы сөз шығып қалып жүр. Біздіңше, Қазақстанда қазақ шовинизмі деген нәрсе атымен жоқ. Және оның болуы да мүмкін емес. Қазақ ұлтшылдығы қазақ шовинизміне айналу үшін, кемінде екі түрлі алғышарт керек. Оның біріншісі, еліміз қазақ ұлтының мемлекеті ретінде қалыптасуы керек. Бірақ, бұл да аздық етеді. Екіншіден, Қазақстан қуатты империяға айналып, айналасындағы елдердің территорияларына көз алартуы, «ана елде, мына елде Қазақстанның мүддесі бар» дегенді желеу етіп, әлсіздерге күш көрсетіп, тізе батыруы ләзім. Сонда ғана, тек сонда ғана империялық өктемдік пен озбырлығын қамтамасыз ету қажетінен, қазақ ұлтшылдығы қазақ шовинизміне айналып кете баратын болады. Сөйтіп, табиғи қалыптағы ұлтшылдық енді империялық идеология ретінде көрініп, сапалық өзгеріс жасайды, залалды, реакциялық мазмұн алады. Қазақ ұлты осындай жағдайға дейін бара ала ма? Меніңше, бара алмайды. Қазақтар қазіргі күнде жұрттың бәрінікі болып отырған республикасын ұлттық мемлекет етіп құрып шығуы әбден ықтимал. Оған біздің көзіміз жетеді де. Ал, бірақ, қазақ мемлекеті қанша күшейсе де, басқалардың территориясына көз аларта алмайды. Оның басқа себептерін айтпаған күннің өзінде, тек геосаяси орны мұндай саясат ұстануына мүмкіндік бермейді. Қазақстанның маңайында «мынаны өзіме қосып ала қояйыншы» дейтіндей әлжуаз ел жоқ. Бір жағы – іргелі Ресей, екінші жағы – қордалы Қытай. Сондықтан, көршісін жаулап алу немесе күштеп ықпалында ұстау ойы есі дұрыс қазақтың басына оралуы мүмкін емес. Қазақстанда Баркашовтар мен Жириновскийлердің болмайтын себебі де сондықтан.

Интернационализм жөнінде бір-екі сөз: «Біз интернационализмнен неге қашамыз?

Егер, бұл ұғым біздің тәуелсіздігімізді ірітіп жібермесе...» дейді. Интернационализм – халықаралық қатынастарда қолданылатын термин. Оның бұл мағынасы қытай тілінде өте-мөте анық көрінеді. Қытайша «го- жижуй» деп аталатын осы сөздің сөзбе-сөз мағынасын анықтасақ, го-жы – халықаралық, жуй – изм. Екеуін қосқанда, халықарализм болып шығады. Ал, Қытайдың өз ішіндегі ұлтаралық қатынастарға бұл ұғым қолданылмайды. Оның неге бұлай болатыны туралы әр кезде жазып жүргенім себепті, бұл арада тоқталып жатпаймын. Тек, Д. Кішібековтың пайымдауына байланысты айтайын дегенім, «интернационализм» сөзі бізде о баста өзінің халықаралықтық стандартты орнынан ауытқып, қате қолданысқа түскен. Бұл – бір. Екіншіден, бұл ұғым бізде ұзақ жылдар бойы большевиктер мен коммунистерге қызыл отаршылдықты бүркемелейтін перде есебінде қызмет етіп келді. Өзімізге таныс Қазақстан өміріне, интернационалдық тәрбиенің объектісі кім болғанына бір сәт назар аударып көрейікші. Сонау Қазан төңкерісінен бастап, «интернационализм» Қазақстанда «қазақ ұлтшылдығы» дейтінге қарсы қойылып келді. Мұстафа Шоқай Түркістанда большевиктер орнатқан пролетариат диктатурасы, шын мәнінде, орыстардың диктатурасы болғанын тамаша дәлелдеп берген ғой. Олай болса, большевиктердің «пролетариат интернационализмінің» орыс үстемдігін қамтамасыз ететін идеологиялық қару ретінде қызмет еткені күмән тудырмаса керек. Ұзақ жылдарға созылған осындай «тәрбиенің» нәтижесінде, орыстың қазаққа қатынасы «Сен мені түсінуге, сыйлауға міндеттісің, ал мен сені түсінуге, сыйлауға міндетті емеспін» деген тұрғыдан қалыптасты. Мұндай астамшылдықтың орыс ұлтының етінен өтіп, сүйегіне сіңгені сонша, біз оны осы күні де, ең қарапайым орыстардың ұғым-түсінігі мен іс-қимылдарынан да анық байқай аламыз.

Бұл күнде «интернационализмді» тек біз ғана емес, бізбен тағдырлас басқа республикалар да қолдана бермейді. Ендеше, бұл – заманы өткен ұғым. Оның орнын патриотизм басты. Енді, біз өзіміздің жас ұрпақтарымызды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге тиіспіз. Ал, қазақ халқының ұлтшылдық сана-сезімі дамып кемелденбейінше, Қазақстан патриотизмі де дамып кемелденбейді. Бізге керекі – ұлтшылдық. Бізге керекі – патриотизм.

1998 ж.



**Құдияр БІЛӘЛ,**  
Ақпарат саласының  
үздігі

## **ДІНИ АУЫТҚУШЫЛЫҚ – ҰЛТ ЖАДЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕДІ**

### **немесе Ишандық мектеп туралы**

Дәстүр мен дін біздің бөліп қарастыруға болмайтын ұлттық болмысымыз. Сондықтан, дәстүрімізбен үндеспейтін жат діни ағымдар біздің жаратылыстық болмысымызды өзгеріске түсіреді. Ал, ұлттың өзіне тән ерекшелігін қай тұрғыда болсын жоққа шығаруға тырысқан сол ұлттың өкілі, оның тіліне, діліне, дініне көңілі толмаса, не сол ерекшеліктердің өз бойында болғандығын намыс көрсе және содан арылуға тырысса – иманнан ажырайды. Себебі, ұлттық болмысты өзгертуге әсер ету, не соған талпыну – бізді ұлтқа, ұлысқа бөлген Алла қалауына қайшы келеді. Рас, көп елдерде дін ұлттық болмысқа әсер етуден қалып барады. Өйткені, дінді ұлттық болмыстан тыс оқшаулау – саналы түрде жүзеге асырылып келеді. Жеке адамдардың емес, мемлекеттің дінге деген оқшау көзқарасы, яғни, мемлекет құраушы ұлт ұстанған дінге оң қабақ танытпауы – ұлттық болмысты өзгеріске түсіреді. Бір сөзбен айтқанда діни ауытқушылық – ұлт жадына кері әсер етеді. Өкінішке қарай біздің дәстүрлі дінімізді өзгеріске түсіруге талпынып жүрген жасырын күштер бізде де аз емес. Сондықтан, біздің дәстүріміз бен дінімізді біте қайнастырып жіберген ата-бабамыздың жолы – Ишандық мектепті қайта жаңғыртқан жөн. Сондай мектептің бірі, бұл күнде Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек аудандық сәулет-көркем мұражайына айналған Аппақ ишан медресесі.

Егер, біз Ишанға анықтама бере алсақ, қазақтың ұлттық діни ұстанымы айқындала түседі. Тіпті, біздің ұлттық мінезіміз де, ашық-шашық көрінетін қалпымыз да діни ұстанымымызға тікелей байланысты. Оның негізі – Ишандық мектептен бастау алады. Сонымен Ишан деп кімді айтамыз? Білген жөн, діндардың бәрі ишан бола алмайды. Бүгінгі діни түсінік тұрғысында сараласақ, ишандық өткен тарих еншісінде қалғандай әсер қалдырады. Себебі, ишандыққа дайындайтын жоғары оқу орны жоқ. Ондай оқу орны бұрын да болмаған. Жалпы ишандық оқу арқылы қалыптаспайды. Ол – беріледі. Ишандықтың тағы бір анықтамасы – пірлік. Пірге байлану біздің табиғатымызға тән. Пір және мүрид. Тарихты қаузамай-ақ көнекөз қариялардың сөзіне құлақ салсақ, ишансыз ауыл болмағанына көз жеткізесің. Олардың қай-қайсысы да «біздің піріміз Пәленше», «біз түгеншенің мүридіміз» деп жатады. Жалпы, пірлік ауыл-аймақтан басталып, үш жүздің басын қосуға дейінгі деңгейге көтерілген. Оны пайғамбар әулетіне деген құрметтен де аңғаруға болады. Оған дәлел – сайын далада бой көтерген кесенелер. Сондай киелі орындардың бірі – Аппақ ишан медресесі. Аппақ ишан 1864 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының қазіргі Бәйдібек ауданындағы №1 ауылда дүниеге келген. Аппақ ишан есімін өз есімімен қабат аталатын Шаяндағы мешіт-медресе кешені әлі күнге дейін асқақтап тұр. Бұл күнде мемлекет құзырына алынған сәулет-көркем мұражайы өткен тарих шежіресі ретінде халыққа қызмет көрсетуде.

Шынында да Ишандық мектеп бізде әлі күнге дейін жабулы күйінде қалып келеді. Бұл тұрғыда тек белгілі ғалым Н.Нұртазинаның ғана еңбектерін айтуға болады. **Ишандық мектеп... Біз оны қалай қабылдап, қалай түсініп жүрміз? Шынтуайтына келгенде ишандық мектеп – біздің дәстүрлі дініміз. Өкінішке қарай, біз әлі күнге дейін дәстүрлі дініміздің өзін толықтай түйсініп, сезіне қойған жоқпыз. Әзірге біз тек шарифат төңірегіндегі мәселелермен ғана шектеліп келеміз. Бір сүйсінерлігі, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы өз ұстанымдарын ә дегеннен-ақ дәстүрлі дінімізге негіздей қалыптастырды. Бұл тұрғыда бұрынғы бас мүфтилер Рәтбек пен Әбсаттар қажылардың еңбектері зор болғандығын айта кеткен жөн. Рәтбек қажы өзіне тән адуынды мінезбен сыртқы күштердің дінімізге ықпал етуіне бой бермесе, Әбсаттар қажы Діни басқарманың мәдени деңгейін көтеріп, имамдар мектебін қалыптастырды. Бағымызға қарай қазіргі мүфтиіміз Ержан қажы Малғажыұлы да сол қалыптасқан ұстанымды әрі қарай өрбітіп келеді. Діни басқарманың «Дін мен дәстүр» атты көп томдық кітаптарды шығара бастауы соның айғағы. Алайда, діни басқарманың дәстүрлі дініміздің ішкі иірімдеріне үңілетін кезі келді. Себебі, ол – біздің ұлттық болмысымыз.**

**Дәстүрлі дініміздің ішкі иірімдері дегеніміз... Шынтуайтына келгенде ол біздің өмір салтымыз. Өкінішке қарай кейінгі кездері біз оны дін, дәстүр, мәдениет деп бөлшектеуге кірістік. Бір қарағанда жеті шелпек пісіруі мен ислам құндылықтары арасында ешқандай байланыс жоқ сияқты. Сол сияқты келіндердің сәлем салуы мен отқа май құюы да кейбір «жаңашыл» діндарларға ұнамасы анық. Ал, әруақ ауызға алынған жерде тыпыршып отыра алмай кететін «діндарлар», тіпті, күн санап белең алып барады. Соның бәрі кезінде ең даламызда салтанат құрған Ишандық мектептің жабылып қалуына байланысты туындап жатқан келеңсіздіктер. Біз бұл күнде өзіміздің дәстүрлі дініміздің мән-мағынасына**

**дендеп бойлай алмайтын жағдайға келдік. Күн санап белең алып бара жатқан жат ағымдарға тосқауыл қойып, көпшілік қауымға дәстүрлі дініміздің өзіндік ерекшелігін ұғындыра алмай жатқандығымыз да сондықтан. Себебі, біздің дәстүрлі дініміздің өзіндік ерекшелігін діндарларымыздың өзі жете ұғындыра алмайды. Оны ұғыну үшін Аппақ ишан сияқты ғұламалар қалыптастырған ишандық мектептің, яғни, дәстүрлі дініміздің ішкі иірімдерін қайта саралаған жөн. Өкінішке қарай, ол «иірім» тұңғығына шому көп діндардың маңдайына жазыла бермеген. Ал, кезінде бүкіл қазақ сол бастаудан сусындаған еді. Нәтижесі – ұлан-байтақ даламыздағы қадам басқан сайын кездесетін әулие-әмбиелер кесенесі. Егер, біз Ишандық мектептен көз жазып қалмағанда кесенелерге көз сүзбей, әулиелерді әр ауылдан кездестірген болар едік. Бүгінгі медреселер, тіпті, араб елдеріндегі мүйізі қарағайдай жоғарғы діни оқу орындары әулиелік түсінікті шәкірт бойына дарыта алмайды. Соған орай, әулиеге деген сенім де тарих қойнауына кетті. Себебі, әулие – Ишандық мектептің жемісі. Сонда Ишандық мектепте бүгінгі діни оқу орындары бере алмайтындай қандай тәлім, қандай жасырын сыр бар? Бұл сауал жауабын Имам Раббанидың «Мактубынан» (Хатынан) және Жалал-ад-дин Румидың «Мәснауынан» (Егіз шумақтар) табуға болады. Рас бұл екі кітап өзге ел діндарларына да жат емес. Бірақ, олар бұл қос кітапты көркем шығарма ретінде ғана қабылдайды. Бұл кітаптарды саралау үшін кімге де болсын адамзат баласының алдына ұдайы көлденең қойылып келген материя бірінші ме, жоқ әлде сана бірінші ме деген сауалға жауап беруіне тура келеді. Әрине, қай діндардың да Аллаға сенетіндіктен сана бірінші деп бірден-ақ жауап қайтаратыны күмәнсіз. Алайда, ол солай дегенімен әлгі кітаптарды бәрібір қабылдай алмайды. Себебі, материалистік түсінік өз таным шеңбері ауқымынан арғыны көре алмайды. Жер бетіндегі дінге қатысты келеңсіздіктердің күн санап өршіп бара жатқандығы соған байланысты. **Дінге****

қатысты материалдық көзқарас – ислам құндылықтарын тәрк етті. Дін бар асылынан, гауһарынан айырылды. Алайда ол жоғалып кеткен жоқ. Біздің мақсатымыз – соны қайта жаңғырту.

Адамзат баласына қойылып келген мәңгілік сауалды діни тұрғыда сараласақ, ол – жан бірінші ме, жоқ әлде тән бірінші ме дегенге келеді. Жауап айқын – жан бірінші. Солай дегенмен, біз жоғарыда тілге тиек еткен екі кітап бізге бәрібір құпиясын ашпайды (*Айтпақшы, ол кітаптар қатарына Яссауидің «Хикметін» де жатқызуға болады*). Себебі, ол кітаптар хал іліміне орай жазылған. Хал ілімі – біздің жан дүниеміз. Яғни, біз жан дүниемізге қатысты жайтты түсіне алмадық. Демек, біздің көзқарасымыз, жанды бірінші деуіміз – өтірік. Біз бәрін көрініп тұрған нәрсемен – тәнмен, материямен өлшейміз. Бір сөзбен айтқанда, материалдық көзқарастан ажырай алмай келеміз. Өзіміздің материалист екенімізге көз жеткізу үшін мына бір жайтқа назар аударайық. **Біз кәміл мұсылман адам деп кімді қабылдаймыз? Дұрыс. Діндар – исламның бес парызын орындайтын, ұдайы мешітке барып тұратын адам. Жарайды ол адам құран жаттаған қари, ойын-тойға бармайтын, күмәнді тамақ ішпейтін, мұсылман адамға үйлеспейтін өзге жат әдеттерден аулақ тақуа жан болсын. Бірақ, солай бола тұра мұның бәрі материалдық өлшем. Біз ол адамды материалдық көзқарас арқылы таразылап, бағаладық. Ал, жан – өлшемге сыймайды. Сондықтан, біз оны материалдық көзқараспен түсіне алмаймыз. Ұғынықтылық үшін мына бір жайтқа назар аударайық. Құран Кәрімде айтылғанындай Алла адамды өзіне ұқсатып жаратқан. Бұл – хал ілімі. Осы ұғымды материалдық тұрғыда түсініп, талдасаң – кәпір боласың. Сол сияқты, біз материалдық тұрғыда кәміл мұсылман деп баға берген діндар да сол материалдық ғибадатымен шектеліп хал ілімін қабылдай алмаса – мұнафық (екіжүзді) адамнан еш айырмашылығы болмайды.**

**Иә. Алла адамды өзіне ұқсатып**

**жаратқан. Бұл жерде материалдық көрініс өлшем емес. Себебі, Алла жаратылған нәрселерге ұқсамайды. Алла тек Өзіне ұқсайды. Демек адам... Иә. Өзі. Біз Өзі деп кескінді, суретті, форманы, тәнді айтып отырғанымыз жоқ. Тән – материя. Біздің күретамырымыз да материя. «Алла сендерге күретамырларыңнан да жақын» деген аят бар. Демек біз тән емеспіз, Алла да тәнде емес, жанда. Тән, яғни, материя, мына 18 мың ғалам Алладан тысқары тұрады. Алладан тысқары тұрған нәрсе, ол мейлі ғибадат болсын, ешқашан қабыл болмайды.**

**«Өзіңді танысаң – Алланы танысың».** Белгілі жайт. Біз Алланың жанымызда екенін білдік. Демек, бізге материалдық көрініс бергізіп тұрған – жан. Жан, яғни, Алла болмаса біз жоқ болып кетеміз. Жоқ болу – біздің түсінігіміздегі өлім. Өлім – материалистік түсінік. Ажалға қарсы тұру, қайғыру, қамығу, түңілу – шынтуайтына келгенде материалистік ұғым-түсінік шеңберінде қалып қойғанымызды әйгілейді. Біздің негізіміз – жан. Ал, ол мәңгілік. Сол сияқты, біз білетін, білмейтін 18 мың ғаламның да негізі бар. Сол негізге үңілмей 18 мың ғаламды қанша шарласаң да Алланы таппайсың. Негізді танысаң – Алланы танысың. Ол негіздің шынайы аты – әруақ.

**Біз әруақты тек өлген адамдардың рухы деп қана түсінеміз. Ол түсініктің өзі жындар әлемімен астасып, тіпті, басқа бағытқа бұрылып кетті. Болмаса әруақсыз Алланы тану әсте мүмкін емес. Егер, біз әруақ туралы түсінігімізді қайта қалыптастыра алсақ, онда өзге бағыттағы діни ағымдарға да тосқауыл қойып, еліміздегі бүкіл мұсылман қауымын дәстүрлі дініміз төңірегінде топтастыра алған болар едік. Бәрінен бұрын көпшіліктің дінге деген көзқарасы өзгеріп, кім де болсын жан мен тән, сана мен материяның ара жігін ажырата алатын дейгейге көтеріліп, шынайы ғибадат мәнін ұғынар еді. Сонда ғана ислам дініне теліне айтылатын барлық келеңсіздіктердің дінге мүлде қатысы жоқтығын түйсініп, ата-бабаларымыз қалыптастырған ұлы даладағы**



ишандық мектептің соншалықты ұлықтығын, оның деңгейіне өзге елдердегі бір де бір оқу орнының шендесе алмайтындығына көз жеткізген болар едік. Бұл – өзімізді асыра дәріптеу емес, біз айтып жеткізе алмай жүрген шындық. Қайталап айтайық, бар ғәп – жан мен тән, сана мен материяға қатысты қалыптасқан түсінікке байланысты. Біздің ата-бабаларымыз жан, яғни, хал ілімін (хузири ілім) меңгерді де біз болсақ материалистік түсінік деңгейінде қалып қойдық. Қанша жерден ғұлама, қанша жерден діндар болсақ та. Өзімізді босқа күстәнәлағандай болмас үшін ишандық мектеп деңгейін шамалы саралай өтейік.

Құран Кәрімде әруақ туралы «Рух – Алланың әмірінен» деген аят бар. Өкінішке қарай, бұл аят мәнін ашатын «кілт» ишандық мектеппен бірге ғайып болды. Ал, кейінгілер ол «кілтті» іздемек түгілі әруақтың өзін жоққа шығарып, таза материалистік бағытқа бұрылып кетті. Шынтуайтына келгенде сана бірінші ме, жоқ әлде материя бірінші ме деген мәңгілік сауалдың жауабы «Рух – Алланың әмірінен» деген аятта тұр. Пайғамбарымыздың «Алла әуелі менің нұрымды жаратқан» деген хадисі бар. Жоғарыдағы аятта айтылған рух – осы нұр. Демек әмір осы нұрға беріледі. Бұдан нұрдың әмірді орындаушы екендігі мәлім болады. Орындаушының шынайы аты – құл.

Барлық діндарлар мойындайтын мынандай ақида (көзқарас) бар. Абсолютті бар нәрсе ол – Алла. Алла әуелі Аршыны жаратты. Аршыдан Күрси жаратылды. Алла – бар. Оны білеміз. Аршы деп отырғанымыз Пайғамбарымыздың хадисінде айтылғанындай ең әуелгі жаратылыс – нұр. Нұр – ол рух. Аятта айтылғанындай рух – Алланың әмірінен. Әмірге бағынған рух өмірге Күрсиді алып келді. Күрси – материалды әлем. Осы жүйеге сенген адамды біз мұсылман дейміз. Сөзіміз дәйекті болу үшін кәлима шаһадатты қайталап айтайық «Алладан басқа тәңір жоқ,

Мұхаммед оның құлы, әрі елшісі». Осы кәлима шаһадатта біз жоғарыда айтқан үш тізбекті жүйе көрініс береді. Бірінші – Алла. Иә. Одан басқа тәңір жоқ. Екінші – құл. Бұл – әмірді орындаушы рухани әлем. Үшінші – елші. Елші (Күрси) – материалды көрініс.

Жалал-ад-дин Руми өзінің «Мәснәуиында» «Мына әлемнің үстінде тағы бір әлем бар. Қолыңды көрпенің астына тық. Біз оны Әбу Һурайраның қалтасы етеміз» дейді. Әбу Һурайраның қалтасы – Пайғамбарымыздың мұғжизасы. Оның іші бос болып көрінгенімен, қолыңды салып қалағаныңды ала бересің. Жалал-ад-дин Руми Пайғамбарымыздың осы мұғжиза-сүннетін біз де орындай аламыз дегенді айтады. Және де ол түгесілмес қазынаның мына материалды әлемнің сыртындағы әлемге тән екендігін «Мына әлемнің үстінде тағы бір әлем бар» деп ұғындырып тұр. Ол әлемді Имам Раббани өзінің 290-шы мақтубында «Кенеттен мен көзге көрінбейтін жасырын әлемге еніп кеттім. Жоқтық әлемнің шеті түріліп еді, мен жападан жалғыз шексіз, ұшы-қиыры жоқ бір тұңғық теңізге сүңгіп кете бардым. Осы теңіз кеңістігінде ғаламат үлкен ғаламшардың, галактикалардың жер бетіндегі шаңның тозаңындай тым көп екендігіне көз жеткіздім. Жаратылыстарды құрап тұрған барша әлемдердің, ғаламшарлардың, галактикалардың барлығы бір сурет қана екенін көрдім» дейді. Біз бұл мәселелерді уақыты жеткен соң айтып отырмыз. Бағымызға орай ишандар мектебі жетістігін діндарлар емес, қазіргі ғылым дәлелдеп отыр. Квант физиктері мына әлемнің жай ғана иллюзия, оның негізі – антиматерия екендігін әлемге жария етті.

Квант физиктері жаңалығына қарсы тұрар қауқар таныта алмаған атеистер мен бүгінгі теріс бағыттағы діндарлар жұмған ауыздарын аша алмай: «Мен де аң-таң, апам да аң-таңның» күйін кешіп отыр. Өйтсе де, олардың өз бағыттарынан бұрыла қоюы неғайбыл. Сондықтан, бізге дәстүрлі дініміздің негізі – Ишандық мектепті қайта жаңғырту қажет.



Игілік ӘЙМЕН,  
жазушы

## КІМНІҢ – ҚАЙ ОТАННЫҢ СОҒЫСЫ? «КІМНІҢ – НЕНІҢ» ЖЕҢІСІ?

Әуелімен, сұрақ: «Адамда қанша Отан бар? – болуы тиіс?» Немесе бүгінгі нақты сұрағымыз: «Қазақтың Отаны қайсы? Ресей ме – Қазақия ма?..»

Ия, 1941-1945 жылдары біздер «Орыс-Герман» қырғынына – орыстың «Ұлы Отан» соғысына қатыстық. Жан-тәнімізбен атсалыстық! Ол кездері, «СССР» деген алпауыт мемлекеттің құрамында – «Ресей» деген империяның боданы едік. Еріксіз, құл едік. «Құлдық» санамызға сіңіп те кеткендей еді-ау.

Ия, ол соғысқа қатысқан кім-кімді де құрметтеуге – марапаттауға – әспеттеуге міндеттіміз. Себебі, ол – басқыншылыққа, жалпы, соғысқа қарсы соғыс болды. Мұның екінші жағын да ойлап қоюға тиіспіз: егер де, Германиядан бұрын, ол соғысты СССР ашқанда қалай болар еді?.. Барлық империялық елдердің пиғылдары бесенеден белгілі ғой – әлемді жеке-дара билеп-төстеу.

Бүгін, Қазақ елі – тәуелсіз ел (Сондай ма, жоқ әлде?..) Өз Туымыз, Елтаңбамыз, Конституциямыз – елдік шекарамыз бар. СССР – жоқ; Ресей – басқа мемлекет. Ресей – орыстардың Отаны; әлде де болса, солардың құрамындағы бағыныштылықта қалып отырған ұлттардың да отаны-ақ болсын. Ал, енді, біздердің мына сиықтарымыз – не сән, не фасон?..

Соңғы жылдары – «Құдайдың құтты күні»: «9 май! – 9 май! Жеңіс күні! – Жеңіс күні! Ұлы Отан соғысы! – Ұлы Отан соғысы!» деп қоқақтаудамыз, тіптен, үдете түсудеміз. Мақұл, «жеңіс» ортақ-ақ болсын, бірақ, қай атаңнан қалған «қандай отанның» соғысы еді ол?! Оу, ұятымыз – арымыз – намысымыз – ұлттығымыз қайда?! Ол құрғыр нәубетті – тыраштанып, соншама өлерменденгенше – жайымен, жөнімен, ретімен ғана еске алып қойсақ болмас па? Қапелімде, сол орыстардың өзі: «Ей, қазақтар, неғып көкіп те лағып жүрсіндер?! Ресей сендердің отандарың емес, біздікі ғой!» десе, не бетімізді айтамыз? – «қай жерлерімізді көрсетеміз де?..»

– Ей, қазақ! Саған «ұлы отан соғысы» – «ұлы жеңіс» сондайлық керек болып бара жатыр ма? (Керек екендігі рас та ғой). Айтайын, онда: Сенің

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫҢ» – әуірімімен жаның қалған – сонау өткен ғасырлардағы, 300 жылға созылған «ҚАЛМАҚ-ЖОҢҒАР» қырғыны!!! Нағыз «Ұлт-Азаттық» соғысың! «Ұлы жеңісің» – сол жеңіс! Сенің Ұлы қолбасшы Батырларың һәм Қаһармандарың – Алатау, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Баян батырлар еді ғой! Сенің Ұлы Көсемдерің – әз-Тәуке, ер-Есім, Абылай, Кенесары хандар еді ғой! Сенің Ұлы ақылман Билерің – Әйтеке, Төле, Қазыбек билер еді ғой! Ал, енді, басқаның соңынан салпақтап, сүмектеп, өзгенің отанына кілегейше жабысқаныңды қояр кезің әлдеқашан жеткен жоқ па еді бір-ау!?

Бүгінгі бұл елдің жұрты – керемет халық қалаулылары, ел басшылары, я болмаса, «сен тұр мен атайын» жас-қайраттары – азаматтары қайда?! «Әу» деп жөнін айтар – жөнге жығылар ешкімнің қалмағаны ма?

«Патшалар соғысады – зардабын халық көреді». «41-жылғы» соғысты Гитлер бастамаған күнде, Сталиннің өзі-ақ бастар еді. «Басқыншылық», «қорғанушылық» дегендеріңіз – бұл жерде шартты, жалғани түрдегі нәрселер. Дөкейлерге қашан да жеке-дара билік керек. «45-жылғы парадта» қызыл алаңға ақбозатпен не үшін Сталиннің өзі шықпады? – орнына неге Жуковты жұмсады? Себебі, Сталин: «Жалпы соғыс – мен үшін ойдағыдай аяқталмады» деп мойындап-қабылдаған (Германия бүтіндей бұйырмады, Америка күшін – ядролық қаруын көрсетті, Өзі болса соғыстан сілікпесі шықты...). «9 май жеңіс мейрамы» – Сталин өлгеннен соң пайда болған... «саяси жоба».

Жеңсе де, жеңілсе де, бәрі-бір – «жеңетін патша». Жеңсе де, жеңілсе де, бәрі-бір – «жеңілетін халық». «Жалғани ұранға» елітіп, еріп, алды-артыңа қарамай шапаттай берер болсаң – ақыры бір күні маңдайың тасқа шағылып тынарасың.

1939 жылы басталып, 1945 жылы аяқталған ол соғысты (Германия, Италия, Жапония бастаған – СССР, АҚШ, Англия, Франциялар тәмамдаған) – бүкіл әлем: «Екінші дүниежүзілік соғыс» деп атады. Солай тарихқа жазылды. Жарайды, Ресей ол соғысты қалай атаса, солай атасын... Ал, бірақ, біздерге не жорық? Бүкіл Әлемнен бөлектеніп, қайда барамыз? «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» боп біткеніміз бе. Мұның аяғы... Мұның аяғы – сол жоғарыда айтқанымыздай ғой. Басқа қалай болар да еді-ау. Сол үшін де, әлде де, ОЙЛАН, ОЙЛАН, ОЙЛАН, ҚАЗАҚ!!!



**Ислам ЖЕМЕНЕЙ,**  
филология ғылымының докторы,  
SDU профессоры

## ӘМІР ТЕМІРДІҢ ӘМІРІ ӘЛЕМГЕ ӘСЕРІН ТИГІЗДІ МЕ?

Әмір Темір 1336 жылы Кеш (Шаһр-е Сәбз) уәлаятының Қожа Елғар қыстағында дүниеге келді. Әкесі Торағай түркі тайпаларының бірі – Берлас руынан болған. Әмір Темір сол заманның қалыптасқан дәстүрі бойынша Шыңғыс хан тұқымының бірімен үйленген соң «көрекен» лақабына ие болды. Көрекен сөзі түркі тілінде «күйеубала» деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде бұл ұғым Шыңғыс хан ұрпағынан тараған қыздармен үйленген түркі әмірлеріне берілетін болды. Өйткені, ол атау қоғамда өзіндік бедел-абыройға ие. Сол себептен Әмір Темір ұрпақтарының құрған империясы «көрекени империя» кейде әдейі немесе қате түрінде «Моғұл империясы», - деп те аталып келді. Бүгіндері «көрекен» сөзі сол «күйеу» мағынасында түрікмендер арасында қолданылып келеді. Шаһабеддин әбу-л-аббас Аһмет ибн Мұхаммед ибн Абдолла-әл ханафи ғалымдар арасында қысқартылған «Ибн Арабшаһ» есімімен танымал тарихшы, әдебиетші, заңгер, араб-парсы-түркі және моңғол тілдерінің білгірі (1289-1450) Шам қаласында дүниеге келіп, Орта Азия мен бүгінгі Араб пен Ресей елдерінің көптеген жерлерін аралап, соңында Мысырда өмірден өтті. Сонда жерленді. Осы Ибн Арабшаһ жазбаларында Әмір Темір соғыс зақымданып, ақсақ болғанын жазған.

Әмір Темір туралы аңыз бен ақиқатқа толы әңгімелер мен жазба деректер мейлінше баршылық. Тарихта өте көп зерттелген саяси тұлға. Әкесі Тарағай Баһадүр Кеш уәлаятының беделді әмірлерінің бірі болған, ол тек қана жауынгерлік пен батырлық сипатымен емес, сонымен бірге ғалымдарға айрықша ықыласпен қарағаны үшін ұдайы оларға қамқоршы, қолдаушы болып жүрген. Тарағай Баһадүр 1360 жылы қайтыс болды. Ол кезде Әмір Темір бой түзеген еді.

Әмір Темір ірі қолбасшы ретінде аты шыққан кезең 1379 жылы Хорезм қаласын

жаулап алу кезімен тұспа-тұс келеді. Сосын араға көп уақыт салмай Хорасан өлкесін бағындырады. Артынша 1382 жылы Горган, Мазандаран, Систан, Һерат пен Ал-е-Керат аймақтарын жаулайды. 1398 жылы Фарс, Ирактің бір бөлігін, Лорестан, Әзірбайжан өлкелерін жаулап Жалайыр әулеттерінің билігін аталған аймақта жояды. Содан кейін Каспий жакқа бет алып, ол аймақтарда көптеген тұрғындарды қырғынға ұшыратады. Кіші Азия, Үндістан, Иран мен Орталық Азияны бағындырған Әмір Темір Қытайға шабуыл жасауды өз жоспарына енгізген кезде алпыс тоғыз жасында бүгінгі Қазақстан жерінің оңтүстігінде орналасқан Отрарда дүниеден озды. Сосын астанасы Самарқанда жерленді.

Тарихи деректерге қарағанда Ниязи қыстағы Әмір Темірдің мұралық мүлкі есептеледі. Осыған қарап аталмыш қыстақ әкесіне тиесілі болғанын білеміз. Сондықтан, әкесі ауқатты отбасылардың қатарында балаларының жақсы білім алуына мүмкіндік жасай алатын жағдайда болған.

Әмір Тарағай баласына дүнияуи һәм діни білім алуына барлық жағдайды жасады. Сондықтан, Әмір Темір жастайынан сауатын ашып, өз дәуірінің түрлі пәндерін – мәселен, емшілік, математика, астрономия және мемлекет істері мен тарих ғылымдарын үйренеді.

Шағатай әулеттерінің билігіндегі Жетісу мен Қашғар уәлаятының беделді Дулат әмірлерінің көмегімен Тоғлық Темір хандық тағына отырған соң, 1360 жылы Мауараннаһрды Шағатай әулетінің билігіне қайтару үшін сол жерге жорыққа шығады. Жазба деректерге қарағанда аталған жорықта тұңғыш рет Әмір Темірдің есімі аталды.

Қаранас патшаларының әулетінен Әмір Құзғын 1358 жылы қаза табады. Шағатай империясы дағдарысқа ұшырап екі хандыққа бөлінді. Бірі – Моғолстан, Іле өзенінің жағалауы Түркістанның шығысында орналасқан. Онда моңғолдар билік ететін. Моңғол салты бойынша өмір сүретін. Тіпті, Ислам діні де ол жерге табан

тірей алмаған-ды. Екіншісі – Мауараннаһр еді. Оның халқы Ислам дінін қабылдап түркіленіп кеткен моңғолдар еді. Бұларды қаранас деп атаған. Қаранас термині үш мағынада қолданылды.

1. Иран мен Үндістанның шекаралық аймақтарда тұратын түрлі моғол тайпаларынан құралған халық.

2. Мауараннаһрдың түркіленіп кеткен моңғол тайпалары.

3. Түрік-моғол әмірлерінің әулеттері. Олардан Ғазан хан билік тізгінін өз қолдарына алған.

Тоғлық Темір Мауараннаһрды Шағатай билігіне қайтармақшы болып, 1360 жылы сол жаққа аттанды. Сол кезде Қашқадарияның әкімі Қажы Берлас қарсылық көрсете алмай қашып кетеді. Әмір Темір де Тоғлық Темірге қарсы шығу күші жоқ екенін сезіп, оның билігін мойындайтынын айтып ресми түрде қабылдайды. Хан да есесіне Қашқадарияның билігін Әмір Темірге тапсырды.

Әмір Темір мен Тоғлық Темірдің одақтасуы ұзаққа созылмайды. Өйткені, көп ұзамай Әмір Темір Балхтан Кабулға дейінгі аралықтағы аймақты билеушісі Әмір Қазанның немересі Әмір Үсейінмен одақтасты. Әмір Үсейін Әмір Темірдің қолдауының арқасында бірталай тартыста ластан соң өзінің аталық мұра өлкесін қайтарып алды. Әмір Темір де соған қатысты шайқастың бірінде денесінің оң жағы, сондай-ақ, қолы мен санынан зақымданды. Содан бастап «Ақсақ Темір» деп аталды. «Ләнг» парсы тілінде «Ақсақ» деген мағынаны білдіреді. Кейінірек ләнг сөзі қысқартылып, еуропалықтар арасында «Темір лән» деп аталып кетті.

Сараи Мәлік Хатун Ғазан ханның қызымен үйленіп «көреген» лақап есімін алды.

Әмір Темір тірі кезінде өзін Шыңғыс хан ұрпағынан екендігін ауызға алған емес-ті. Бірақ, Темір шежіресіне арнап жазылған бір шежіреде Темірдің тегін Шыңғыс ханға жеткізіп жазған. Алайда, Темір қашан да Шыңғыс ханның ұрпағын сыйлап тұратын. Тіпті, өз билігін заңдастыру үшін Шыңғыс әулеттерінің бірін Самарқанда хан деп жариялап соның атынан өзі билейтін. Әрі өзін «Ұлы Әмір» деп атайтын. Мәселен, Сүйерғытмыш ханды 1370 жылы хан деп жариялады. Ол 1384 жылға дейін хан болды. Мұның бәрі Тобырдың арасында тек қана Шыңғыс әулеттері хан болу керек деген төрелік заң көпшіліктің көзқарасын қалыптастырды. Дәл осындай жағдай Едігенің де тағдырына жазылған-ды.

«Едіге Батырдың немересі Мөнх-Темірдің (Мұң Темір) әйгілі қолбасшысы болған. Ол Ноғай әулетінен болғандықтан, саяси ықпалының қуаттылығына қарамастан ол Ақ Орданың бас билігіне мұрагер емес-тін». Сондықтан, «Едіге 1393 жылы Өріс ханның немересі Темір-Құтлықты (Темір-Мәліктің ұлы) Ақ Орданың ханы деп жариялайды» да өзі «Әмір Едіге» атауын қанағат тұтуға көнеді.

Әмір Темір мен Әмір Едіге аса биік саяси күшке ие болуының бір көрінісі Шыңғыс ханның өз заманында өз ұрпақтарына жасап кеткен саяси биліктің мұрагерлік мықты механизмін бұза білгендігінде. Сондай-ақ, Орталық Азияда түрік халықтарының мәдениеті мен әдебиеті түркі тілінде дамып жатты. Сонымен бірге, түркілер арқылы араб-парсылардың мәдени-әдеби туындылары жалпы көпшілікке тарап жатты. Әрі Шыңғыс хан ұрпақтарын ассимиляцияға ұшыратып жатқан да түркілер болды. Бірақ, оларды ерекше құрмет тұтуды да өмірлік дәстүрге айналдырды. Бұл үрдіс әсіресе көшпенді түркілер арасында басымдау болды.

Әмір Темір саяси өмір жолында әлемді жаулауды мақсат етті. Оның Иран, Сирия, Анадолы, Үндістанға жорықтары тарихшылар үшін белгілі жайт екенін білеміз. Бірақ, қыпшақ даласындағы Әмір Темір мен Тоқтамыс ханның Өрісханға қарсы одақтасуы, әрі Өрісханның әулеттері Темірмен бірігіп Алтын Ордаға қарсы әрекеттері, Едігенің де билікке таласуы түрік халықтарының маңдай алды тұлғаларының қақтығысына жол ашты. Бірақ, соның бәрі түрік халықтарының келешек саяси-экономикалық және мәдени кеңістігіне қаншалықты зиян келтіргені жөнінде арнап жазылған еңбекті көре алмай келеміз. Сондықтан, «Тарих-и Рашиди» еңбегінде қамтылған 1346-1546 жылдар аралығындағы саяси оқиғалар жан-жақты тарихи-саяси, мәдени тұстарын мемлекет қолдауымен мұқият зерттелуі бүгіміз бен ертеңімізге тарихи тәжірибе сабақтары ретінде аса қажет. Мәселен, Әмір Темірдің Алтын Ордаға қатысты ұстанымы Тоқтамыс ханның Алтын Орда мемлекетін Әмір Темірдің ықпалынсыз дербес билеп отырғысы келгендіктен, өзге мемлекеттерінің саяси қолдауына зәру екенін сезіп Литвамен жақындаса бастады. Сондай-ақ, 1395 жылдың көктемінде Алтын Орда мен Мысыр арасындағы Әмір Темірге қарсы одақ құрылу әрекеті байқалды. Тоқтамыс ханның саяси одақтас іздеу әрекеттерінен қауіптен

бастаған Әмір Темір 1395 жылдың бірінші наурызында Тоқтамыс ханға хат жазды. Бірақ, жазған хатынан оңды нәтиже шыға қоймаған соң ақтық шайқасқа бел буды.

Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы келіспеушілік оларды бір-бірімен шайқасуға итермеледі. Соның нәтижесінде екі жақтың әскерінің арасындағы ақтық шайқас 1395 жылдың 15 сәуірінде Кавказдың солтүстігіндегі Терек өзенінің шатқалында болып өтті. Тоқтамыс жеңіліп шегінуге мәжбүр болды. Содан барып Әмір Темір әскері Еділ аймағының Алтын Орда астанасы Сарай қаласына қарай бет алуына жол ашылды. Соңында Сарай Берке және Еділдің төменгі жағасындағы қалалар тоналды. Есепсіз байлық олжаланды. Көптеген жергілікті халық – әйеліде, бала-шағасы да түгелдей күн мен күлге айналды. Қыпшақ империясының кең даласы да ойран болды. Халық саны азайды. Экономикалық қуаты жойылғаны соншалық одан кейін өркендеуге шамасы жетпей қалды. Өйткені, Қиыр Шығыс пен Еуропа арасындағы сауда-саттыққа Алтын Орда территориясы алтын көпір іспеттес еді. Міне, дәл осындай трагедияның болғанын Әмір Темірге арналған «Зәфәрнаме» шығармасынан баяндап көрейік: «...Әзіреті Саһибқыран Қажы Тархан (Астрахань) маңына жеткенде Әмірзада Пір Мұхаммед Жаһангир, Әмір Жаһаншаһ, Әмір Шейх Нұреддин және Темір Қожа Ақбұғаны жасақталған әскерімен Сарай жаққа жөнелтті. Өзі таңсәріде таңдаулы шағын атты топпен Қажы Тархан жаққа бет алды. Ол жерде жанды да жансыз заттардың бәрін тонады. Сол аймақтың әкімі Мұхаммедиді мұз қатқан судың астына батырып жіберді. Ол балықтарға жем болды. Жеңімпаз әскері Еділ өзенінің мұз қатқан суынан өтіп Сарай қаласын жаулап алып өртке орады. Далалықтарды малдарымен қоса талан-таражға салды. Сарайды ойрандады. Оны Сарай тұрғындарының табандылық көрсеткендері үшін кек алу есесі есебінде жасады. Содан қосыны Шынжыр сарайды (зәнжир сараи) талқандауға кірісті. Өйткені, әзіреті Саһибқыран Парсы және Ирак аймақтарын жаулауға аттанғанда олар Мауараннахрге шабуыл жасаған екен. Сондықтан, Шынжыр Сарай аталатын Қазан Сұлтан ханның әйгілі Сарайын ойрандады. Сонымен Сарай осылайша тас-талқаны шықты.

Әмір Темірдің саяси әрекеттері мен қаталдығы туралы ойланып қорытынды жасайтын жайттар жеткілікті. Дегенмен, Әмір Темір және оның әулеттері

билік құрған кезеңдер Мауараннахр, Хорасан әрісі Ауғанстан мен Үндістанда көркемсөз бен әдебиет және көркемөнер жаңа бір сатыға көтерілгендігімен де ерекшеленеді. Бұл дәуірде парсы-тәжік әдебиеті Әбдірахман Жәмидің әдеби шығармаларымен гүлдене түсті. Жәмидің «Һәфт аурәнг» (жеті тақ) шығармасы Темір мен оның ұрпақтарына арналды. Өйткені, Жәмидің назарда ұстаған «Әмір Темір, Халил Сұлтан, Шаһрох, Ұлықбек, Әбілқасым Бабыр, Әбу Саид, Мырза Үсейін Байқара» атымен танымал жеті билеуші өз заманында әдебиет пен мәдениеттің өрістеуіне елеулі үлес қосқанды. Парсы әдебиетінің шарықтауымен қатар Мауараннахр мен Хорасан астанасы Гератта түркі тілінде шыққан көркем әдеби шығармалардың да саны мен сапасы биіктей түсті. Түркі әдебиетіне қомақты үлес қосқандар Әлішер Науаи, Маулана Лүтфи, Дүрбек, Хафиз Хarezми, Атаи, Сәккаки, Гедаи, Сейіт Қасыми сынды ғалымдар мен ақындарды айтуға болады.

Әмір Темір қазақ даласына тендесі жоқ ғажайып ғимарат салдырып кетті. Ол Қожа Ахмет Иасауи мазарына арнап салдырған кесене. Бұл жайында сол дәуірдің тарихшысы Шарафеддин Әли Иәзди 1424-1425 жылдары жазған «Зәфәрнаме» атты кітабында анық мәлімет беріп қалдырған. Ол: «Темір Сейһуннан өтіп, Аһангаран, Женаһ ауылының маңында қыстап шығу үшін әскерлеріне қыстық үйлер салдырғанды. Содан Иасы ауылына барып, сондағы Иасауи бейітіне зиярат етеді. Шейх, имам Мұхаммед Ханафия ұрпағынан екендігін айтады.

Әмір Темір Шейхтың мүбарак мазарына арнап кесене тұрғызуды бұйырады. Ғимарат күмбезінің биіктігі және ішінің қалыңдығы бұйрықтағыдай болуы шарт деп көрсетілген. Сондай-ақ күмбездің түрлі-түсті таспен безендірілуі, есіктері қайнатылған темірден, ал хауызы қайнатылған тастан қалануы тапсырылған. Мазардың тасы мәрімәр тас Тәбриз қаласынан әкелініп, тиісті көлемде, нақышталсын деп жұмыстарын Маулана Ұбайдолла Сәдрге тапсырады. Бір жылда аяқталсын деп бұйырады», – деп жазған.

Қорыта айтқанда Әмір Темірдің өмірі мен жорықтарын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бұл түркі перзенті бастапқы жылдарының балалық шағын әкенің қолқорлығымен өткізді, сосын жиырма бес жасында парасатына арқа сүйеп, бақылаушы және үлкендердің бұйрығын орындаушы ретінде өмір кешті.

Кейінгі жылдары жасы қырықтан асқан Темір қайнаған жанар таудың балқып толқындаған отындай ағысы көптеген елдердің аумағына жетіп, қысқа уақыт аралықта жерлерін басып, тұрғындарын қанға бөледі.

Әмір Темір жастығында қара күш емес, парасат иесі екенін байқатты. Оған дәлел – 1360 жылы Тоғлық Темір хан Кеш қаласына шабуыл жасағанда жиырма бес жастағы Әмір Темір ханның жойқын күшіне қарсы шыға алмайтынын бірден сезіп, асқан зеректік саясатпен ханның билігін мойындап, Кеш қаласын ойрандау-тонаудан аман алып қалды. Сосын Кабулдағы Қызғұн немересі Әмір Үсейін ханзадамен достасуға қисынын тапты. Әрі оның қарындасы Олжай Тұркан ханшайыммен үйленіп «көрекен» атағына ие болып, абыройын асқартатып, ел билеушілердің ішкі дүниесіне жақынырақ үңілуге мүмкіндік алды. Әмір Темір мен Әмір Үсейін екеу ара достығы Олжай Тұркан ханшайымның өлімімен аяқталды. Тіпті, тақталастық жауластыққа айналды. Бірнеше рет шайқасты. Соңғы соғысы Бәлх маңындағы Үндіуан қамалында Әмір Үсейіннің жеңілісі әрі өлімімен аяқталды. Осылайша Әмір Темір 1370 жылдың рамазан айында Бәлхта дербес биліктің туын желбіретті. Сол кезде өзін «саһиб қыран», – деп атады. Сонда Әмір Үсейіннің төрт жесірімен үйленген соң Мауараннахрге аттанып, Самарқан қаласын өзінің астанасы етіп жариялады.

Әмір Темір жорықтарының екінші кезеңі 1370 жылғы тәуелсіз патшалығын жариялаған соң басталды. Бұл бастамасы Әмір Темір өзін «Құран хафизы», – деп жариялаумен ерекшеленеді. Ол деген Құран кітабын жатқа білетін білгір маман екенін растайтын атау. Әмір Темір бұл жариялықтан кейін бес жылдық жорықтарын 1370-1375 жылдары бастайды. Бұл жорықтарында үш рет Харезмге шабуыл жасайды. Бірақ, мұдымды нәтиже алмайды. Бес рет Сейһун өзенінің аржағындағы Жете хақанатын жорықтайды.

Әмір Темір келесі жорығын 1379 жылы Харезмді жаулап алумен бастап, Моғолстан мен Қыпшақ даласын бағындырумен жалғастырды. Сосын, 1381 жылы он жасар ұлы Миран шаһты Хорасан өлкесін жаулауға үлкен қосынмен аттандырды. Артынша өзі оларға қосылып, Нишабур мен Һерат қалаларын басып алды. Сонымен бірге, 1357 жылға дейін Павәнд әулеттерінің қолында болған, одан кейін Мәрәши әулеттерінің билігіне өткен Мазандаран өлкесіне шабуыл жасап ол

аймақты да өз билігіне өткізді.

Әмір Темірдің келесі бес жылдық жорықтары 1392-1396 жылдары жүзеге асты. Бұл жорықтарында жаулаған әр бір қаланы ағайын-туыстарының бір баласына тапсырып отырды. Осы жолы Мәскеуді де жаулап алған соң Үндістанға аттанды. Үндістанды кейін 1399 жылы жаулап, қалалар мен аймақтарын бөліске салып, әмірлерін тағайындаған соң Самарқанға оралады.

Әмір Темір 1399 жылы жорығын Әзірбайжан, Лорестан, Арманьстан, Гүржістан, Шеруанды жаулап алумен жалғастырды. Әмір Темір аталған жылдың күзінде соңғы һәм ең ұзақ мерзімді жорығын бастаған еді. Бұл «жеті жылдық жорық» деген атауымен Батыс өлкелерден басталып, Мысыр мәмлүктері мен Осман сұлтандарының жеңілісімен аяқталған болатын. Әмір Темір осы жорықты бастамас бұрын Самарқан билігін үлкен ұлы Жаһангир шаһтың баласы Мұхаммед Сұлтанға, Әндіжан тағын Омар Шейхтың ұлы Ескендірге тапсырған еді. Әмір Темірдің жорығы Ираванға 1400 жылдан 1404 жылға дейін созылды. Осы аралықта қазіргі Сириядағы Шам мен Һалап сондай-ақ Бағдад қалаларын жаулап алды.

Әмір Темір 1400 жылдың соңына қарай Сивасқа жорыққа шығу алдында сақтық шара ретінде әйелдері мен әмірзадаларын Миран шаһтың ұлы Омар Баһадүрдің басқаруымен Самарқанға жіберді.

I-Байәзид (1360-1402) пен Әмір Темір арасында орын алған 1402 жылғы Анкара шайқасында Әмір Темірге жеңілген соң тұтқынға түсіп бұғауланды. Байәзид тұтқында намыстанып өзіне қол жұмсады. Ол ойын 1403 жылдың наурыз айының сегізіннен тоғызына қараған күні Ақшаһарда іске асырды. Әмір Темір Анадолы шайқасынан кейін 1403 жылдың шілде айында Гүржістанға бет алып, ол жерді жаулаған соң Қытай елін жаулау ниетімен жолға шықты. Сол мақсатпен Сыр жағалауының шығысында орналасқан Отрар қаласына жеткеннен кейін ауруға шалдығып, 1405 жылдың рамазан айында жетпіс бір жасында дүниеден озды.

Темір өзі тірі кезінде Самарқан қаласында аса көркем мазар ғимаратын өзіне арнап салдырған еді. Сол кесенеді анасы Бибі ханым мен бірнеше отбасы мүшелері жерленген болатын. Сол мазарға Әмір Темірді жерлеген соң оны «Әмір көрі», – деп атады.

Әмір Темір отыз алты жыл көптеген елдерді бағындырып, салтанат құрды.

Одан отыз бір ұл, немере, шөбере, шөпшек қалды. Соншама елдерді қатал саясатымен өзіне қаратқан Әмір Темір ол елдердің мәдениет пен әдебиетінің өркендеп, дамуына да айтарлықтай үлес қосып, ғажайып жәдігерлер адамзат тарихына мұра етіп қалдырды. Әмір Темір өлген соң Қара Қойынлы мен Ақ Қойынлы тайпалары оның кең байтақ билігін ұрпақтарына тарылта бастады.

Әмір Темірдің өмірлік ұстанымы мен мінез-құлқы Әмір Темірдің қатал ұстанымына қайшы нәзіктік пен әсемпаздық талғам мен танымын бетпе бет қойып бейнелейді. Өйткені, Әмір Темір каншалықты соғыс кезінде жауларына қатал болса, ғалымдар мен өнерпаздарға мейірменділігі соншалықты жоғары болған. Әр бір жорығында кездескен көптеген ғалымдар, суретшілер, құрылысшылар, өнер иелері тағы басқа сондай білімдарларды өз астанасы Самарқанға өзімен бірге ертіп алып келетін. Сондықтан, Әмір Темір билік құрған кезең ғылым, өнер мен мәдениет дәуірі болды. Әмір Темір білім мен өнерді ерекше сүйетін. Ғалымдар мен өнерпаздарға аса жоғары құрметпен қарайтын. Ол бағындырған қаланы жаулап алғанда қатігездікпен қала тұрғындарын өлтіруге бұйрық берген жағдайдың өзінде ғұлама, діни тұлғалар, өнерпаздарға тиіспеуді бұйыратын. Мәселен, Хаже Әли Сияпуш деген бір сопының сұрауы бойынша Анадолыдан тұтқындалған көптеген адамдарды бостандыққа жібергені соған айғақ. Немесе рауаяттарға қарағанда Әмір Темір мен Хафиз (1327-1388) арасында өткен сұхбат оның зиялы қауымға айрықша ілтипаты бар екенін көрсетеді. Әмір Темір Исфahan қаласын жаулап, қырғынға ұшыратқан соң 1388 жылы Шираз шаһарына қарай бет алды. Ол кезде Мансур ал-Мүзәффәр қала әкімі Дезфул жақта болатын. Сондықтан, болар қала тұрғындары шаһардың қақпасын айқара ашып Әмір Темірдің кедергісіз кіруіне мүмкіндік берді. Есесіне Әмір Темір де тек қана әкімнің туыстарын тұтқындап, өлтірді. Бірақ та, бірде-бір қала тұрғынына зиян келтірмеді. Дәулет Шаһ Самарқанди «Ақындар шежіресі» атты кітабында жазғандай Әмір Темір қаланың төріне жайғасқан соң Шираздың ұлы шайыры Хафизді жанына шақыртты. Оған: «Мен семсерімнің күшімен әлемнің үлкен бөлігін жаулап алдым, мыңдаған қаланы ойрандасам да сүйген Самарқан мен Бұхара қалаларымды гүлдендіріп, әсем қалаларға айналдырдым. Ал, сен болсаң «Егер, Шираз сұлуы менің көңілімді

аулай алса, Үнді қалы үшін Самарқан мен Бұхараны берер ем», – деп жырлап Самарқан мен Бұхарадай қаланы бір үнді қалына сыйлай салыпсың», – депті. Хафиз бірден бас иіп, тағзым етіп: «Әй Сұлтан! Менің осындай орынсыз тартуларым болған үшін осындай сорлы күйге түскенім ғой» – деп жауап қайырыпты. Әмір Темір шайырдың бұл жауабына риза болып, оған қошамет көрсетіп, сыйсияпатын тапсырыпты.

Әмір Темірдің ғалымдарды сыйлайтын себебі – оның өзі оқымысты болатын, өз заманының маңызы зор араб, парсы, түркі тілдерін еркін білген.

Әмір Темір көшпенді салт бойынша киіз үйде тұрып, жерде дастарқан жайып тамактануды ұнататын тай жылқының етін кеуап етіп жеуді қалайтын. Қырық жасынан бастап, бірде бір рет бес уақыт намазын қаза етпестен оқып жүретін мұсылман сүнни ханафи мазһабында болған. Самарқан қаласының гүлденуіне ерекше көңіл бөлгені соншалық, тіпті, соғыс кездерінің өзінде Самарқан қаласын абаттандыруға жаулап алған өлкелерінің шеберлерін сонда жіберіп отырған. Осылайша Самарқандта көптеген сарай мен мешіт тұрғызды. Бұйрығын орындамаған адамдарға қатаң шара қолданатын. Темірдің бұл мінезін білген басшылар оның үкімін бұлжытпай орындайтын. Түркі, парсы, моғол тілдерін білетін. Өзіне қиянат жасағандардың терісін тірідей жұлатын. 1941 жылы Темірдің қабырын ашқанда оның өлімінен ғасырлар уақыт өткен болса да сүйек қаңқасы бастапқы қалпында аман қалғаны, сол аяғы оң аяғынан қысқалау екені байқалды. Бас сүйегінде сақалынан бірнеше тал қынамен бойылған күйінде қалыпты.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б. Марсел «Мен әлемді жаулаушы Темірмін», парсы тіліне аударған: Зәбиһолла Мәнсури, «Мостоуфи», Тһһран, 1374 һижри жылы.
2. Мұһаммед Мүйін, «Фәрһанг Мүйін», «Әмир кәбир» баспасы, Тһһран.
3. «Маънавият юлдузлары», Ташкент, 1999 ж. 400б.
4. Парсы wikipedia.
5. Ұмай Түркеш-Гүней, «Түріктердің тарихы», Анкара, 2007 ж.
6. Мырза Мұһаммед Хайдар Дулат «Тарих-и Рашиди», -Тараз университеті баспасы, 2014 ж.



**Хасен ҚОЖА-АХМЕТ,**  
композитор, өнертанушы

### Сөз басы

Ана бір жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Әбдімәлік Белгібайдың «Сиырға ер салғандай ерсілік» деген мақаласы жарияланды. Автор опера мен балет жанрлары қазақтың төл өнері болмағандықтан оған халық тым аз баратынын, сондықтан, Түркіменстандағыдай, бұл жанрларға Қазақстанда да тыйым салып, бұларды қазаққа түсінікті айтыс өнерімен алмастыру қажет дегенге саятын пікір айтады. Мақала авторы **біріншіден**, Айтыстың әдеби-поэзиялық жанр екендігін, сондықтан, оның операдай музыка жанрын алмастыруы мүмкін емесін қаперіне алмаған (**Айтысқа жұрт ақындардың салған әуенін тыңдау үшін емес, өлең сайысын тыңдауға бармаушы ма еді?!).** Сондай-ақ, музыка өнерінің аталған жанрларын елімізде тоқтатардай, бұл екі өнер түрі (**бірі музыкалық, бірі әдебиет**) бірін-бірі қайталаушы, бәсекелес емес қой?! Айтыс өнеріне жол онсыз да ашық. **Екіншіден**, автор ұсынған жолға түссек, қазақтың төл жанры еместіктен драма, роман, очерк, т.б. әдеби жанрларда жазушыларымыз шығарма жазуды тоқтатуы керек екен! **Үшіншіден**, әлгі автордың, атүсті құлағы шалғаны болмаса, ешқашан классикалық үлгідегі парасатты музыканы тыңдап, оның қасиетіне бойламағаны, танымайтын адамының сыртынан тон пішкендей, осынау музыкалық жанрлар жайында әлгіндей мазмұнды мақала жазуынан-ақ көрініп тұр. Елімізде классикалық музыкаға қатысты қынжылтарлық жағдайдың бары рас. Бірақ, жанашыр адам, осынау музыка өнерінің патшасы атанған жанрды тыңдаушылардың аздығына кінәратты жанрдан емес, қоғамымыздан іздеген болар еді. Мысалы, Италияның ұлы композиторы Дж. Вердидің әйгілі «Аида» операсы Мысыр

## ЕСЕР МУЗЫКА ЕСТІ АЛЫП БІТЕ МЕ?

елінің билеушісі Исмаил-пашаның тапсырысымен Суэц каналының ашылу мерекесіне орай жазылып, алғашқы қойылымы Каир қаласында 1871 жылы болған. Ендеше, опера өзге халықтарға керек болғанда, қазақтың оны түсінбейтіндей несі кем?!

Формасы қарапайым, көтерер жүгі адам сезімінің бір сәттегі күйін баяндауға саятын ән жанрының әуені бірнеше шумақ өлеңнің тек тұтастай мазмұнына сәйкес шығарылады. Сөйтіп, бірінші шумақта қолданылған әуен келесі шумақтарға да, өлең мазмұнында кейбір өзгерістер болса да, қолданыла береді. Ал, опера өнері о баста Италияда антикалық Грекия трагедияларын жаңғыртып, музыканы адамның сөйлеу кезіндегі интонацияларына құруды мақсат етуден пайда болғанын айттық. Рас, кешікпей операға ән үлгісіндегі әуендер еніп кетіп, тіпті, опера тек әншілердің шеберлігін көрсету спектакліне айналған кезеңдер де болған. Бірақ, әр дәуірде мұндаймен келіспеген, «опера музыкасы әр сөздің мазмұнын мейлінше ашуға тиіс» деген принцип үшін күресер композиторлар әр кезеңде шығып отырды. **18-ғасыр ортасында Франциядағы «Еліктеу туралы ғылым» теориясын жақтағандардың бірі Ж.Ж. Руссо музыка жансыз табиғат дыбыстарына емес, адамның сөйлеудегі ырғақтарына еліктеуге құрылуы ғана сезімге шынайы әсер ете алатынын айтты.** Бұл теорияны неміс композиторы К.Глюк сол кезде-ақ өзінің опералық реформасына негіз етті. **Адамның сөйлеу үніне еліктеп әр кейіпкердің бейнесін даралау опера музыкасының эмоциялы, драматизмді болуына әкелді. Диатоникалық жүйе дыбыстарынан тұратын біртональді ән әуеніндей емес, опера әуені альтерацияланған дыбыстарды қолдану, түрлі тональдықтарға ауытқу, өту арқылы жасалынды. Сөйтіп ән жанрынан күрделі «Классикалық музыка тілі» пайда болды.** Бұл «тіл» көп ұзамай аспаптық музыкаға да еніп, одан әрі дамы-



тылды. Меніңше, *классикалық музыкалық шығармалардың жасырлар өтсе де ескірмеуі, адамды жалықтырмауы – оның осылайша, адамның сөйлеу кезіндегі шынайы сезім ырғақтарына құрылғандығынан және әуенінің, сол арқылы сүйемелінің де альтерация, модуляциялар арқылы бояуының молдығынан болар!* Адам сөйлеуіндегі интонацияны вокалдық, сондай-ақ, аспаптық шығармаларда қаншалықты шынайы беруге болатынын (оның кәдімгі әннен айырмасын) М.Мусоргскийдің «Трепак», «Бүрге» әндерін, фортепианолық «Көрмедегі суреттер» циклындағы «Бай еврей мен кедей еврей» пьесасын тыңдау арқылы біле аласыздар.

Егер, қарапайым ән жанрында шығарма жазу табиғи дарыны бар әуесқой композитордың да қолынан келсе, ал, классикалық музыка тілімен және өмірдегі маңызды мәселелерді баяндайтын ірі жанрдағы шығармалар жазу композиторлық дарыны бар адамның көптеген жылдар бойы музыка ғылымын оқып және тәжірибе жинақтауын қажет етеді. Бетховен, Чайковский, Төлебаевтай ұлылардың бүкіл өмірін арнап жазған еңбектерін еш дайындығы жоқ адамның бірден ұға салуы мүмкін бе? Бұл – білім деңгейі төмен адамның (мысалы, 2-3-сынып оқушысының) М.Әуезовтың «Абай жолы» романын немесе А.Пушкиннің «Евгений Онегин» түсіне алмайтыны сияқты мәселе. Бірақ, ол түсінбеді екен деп бұл шығармаларды «нашар дүниелер» демейміз ғой?! Ірі, күрделі мазмұнды әдеби, сондай-ақ музыкалық шығармаларды түсіне білу сана дайындығын қажет етеді. Дайындық туралы айтқанда, классикалық музыканы түсіну үшін міндетті түрде нота, музыкалық аспапта ойнай білу қажет деген ой тұмау керек. Мысалы, классикалық терең ойлы музыканы тыңдап ләззат алатын әртүрлі мамандықтағы адамдарды білемін. Ал, керісінше, музыкалық арнайы оқу орындарын тәмамдай тұра парасатты классикалық музыкаға көңіл бөлмей, жеңілтек әндерге әуестіктен аса алмаған «мамандарды» да көргенбіз. **Классикалық музыка «жеңілтек әуендердей» емес, ол шарап ішіп, әңгіме соғып отырып тыңдағанды көтермейді. Ең қажеті – алаңдамай, музыканы мұқият тыңдай білу.** Мысалы, аталған «Абай жолы» романын оқи отыра біреумен сөйлесіп, көңіліңіз бөлініп тұрса, ол шығарманы дұрыс түсіне

алар ма едіңіз? Классикалық музыка да осы сияқты. Айырмасы – әдеби шығарманың түсінбеген тұсын екі-үш қайтара оқуға болады, ал, музыкалық шығарма тоқтаусыз орындалып кетеді. Мұндай музыканы алғашқыда түсінудің ең жақсы жолы – күйтабағын тауып алып оңашада бірнеше рет тыңдау. Бірер күн тыңдаған соң жалықтыратын «жеңіл музыкадан» айырмасы – парасатты музыка тыңдалған сайын адамды баурауының арта, күшейе түсетіндігінде. Бұл – мұндай музыканың «тілінің» ерекшелігінен, ал, ірі жанрларды тыңдаған сайын әр аспаптың және әншілер партиясынан үнемі жаңалықтар табылып, адамды үздіксіз таңқалдыруынан да болады. Қандайда бір әдеби шығарманы адам бір рет оқып, мазмұнын білгеннен соң қайталап оқи бермейді ғой. Ал, классикалық музыкада мүлде басқаша – бір-екі тыңдағанда әуенді «ұстай алмай», ал, қайталап тыңдаған сайын шығарманың әр иіріміне бойлап, ақыры өмір бойына ғашық болып байланысыз.

Ресей империясындағы 1917 жылғы Қазан айындағы революциядан кейін Кеңес үкіметін мойындамаған жүздеген мың зиялы қауым өкілдері шет мемлекеттерге қоныс аударса, артынша жүргізілген «қызыл террор» қалғандарын да тым сиретті. Сөйтіп, Ресейде бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан парасатты музыканың тыңдаушыларының тамырына балта шабылған еді. Жұмысшы-шаруа үкіметінің «жаңа интеллигенциясының» басым көпшілігі театр есігін ашпағандар болды. Әйтсе де, социалистік жүйенің өміршеңдігін дәлелдеудің маңызды тәсілі ретінде Лениннің өзі бас болып елде өнер мекемелерінің жабылмай, дамытылуын қолдады. Бірақ, «Жақсы болса-ақ деп едік, тағы да әдеттегідей болып шықты» – деген орыстардың өз мақалындағыдай, «Әлемдегі ең әділетті мемлекет құрамыз» – деп «зұлымдық империясын» құрған коммунистер үкіметінің парасатты музыканы қолдау бағытындағы іс-әрекеттері де кері нәтиже берді. Өйткені, Орталықта да, отар «республикаларда» да музыкалық ірі жанрлардың пайда болуын жеделдету жұмыстары жүргізілгенмен халықтың тиісті дәрежеде музыкалық сауат алуы жолға қойылмады. КСРО мектептеріндегі оқу жүйесі «Жалпы білім беру» деліне тұра, әр пәнге талап әр түрлі болды. Мектепті бітіргеннен соң оқушылардың бәрі бірдей математик, физик болмайтынына қарамастан

мұндай пәндерді оқыту талабы жоғары, ал, адамға өмір бойы рухани серік болатын музыка пәніне көзқарас мүлде төмен болды. Нәтижесінде, КСРО-да парасатты музыка тыңдармандары қалыптаспады, опера, симфония т.б. күрделі музыкалық жанрларға бұқара халықта «ақсүйектердің өнері» деген көзқарас өзгермей қала берді. Осы себептен шығар, классикалық музыканың адам өміріне маңызын түсіндірмекке әрекет жасаған КСРО кезіндегі өнер зерттеушілері өз мақалаларында оқырмандарын «дегеннен үркітіп алмау үшін «классикалық музыка» деу орнына «серьезная музыка» деген сөзді қолдануды әдетке айналдырған. Біздің ел де сол жүйе қалыбынан шыққанын ескеріп мақаланың бірнеше тұсында «парасатты музыка» деген сөзді қолдандым. Сондықтан, бұл екі атаудың мағынасын бір деп есептеулеріңізге болады.

Негізінде, латын тіліндегі «классикус» сөзі «үлгілі, үлгі ретінде ұстанарлық» деген мағынаны білдіреді. «Классикалық музыка» деп жоғары көркемдік талғамға сай келетін, мазмұн тереңдігіне, идеялық мән-маңызға ие, формалық жетілген, адам сезімін баяндауда гуманистік-эстетикалық шеңбер ауқымында болатын және өзінің осы талаптарға сәйкес екенін уақыт сынымен дәлелдеген музыкалық шығармаларды атайды. Классикалық музыкаға тән байытылған тілмен жазылған шығарма айқын ұлттық сипатта болса-дағы оны өзге халықтар да қиындықсыз түсіне алады.

Әдетте, адамға бір нәрсені «білмейсің» деп кемсітсең шамданады емес пе?! Таңқаларлық феномен – КСРО халқының басым көпшілігі классикалық музыканы түсінбейтіндігіне намыстану орнына, мақтан тұтты (*Осы жағдай «Кездесу орнын өзгертуге болмайды» фильмінде милиция қызметкерінің (В.Высоцкий ойнаған) опера мен балетті ажырата алмағандығы арқылы ұтымды көрсетілген*). Сондықтан, мемлекет көлемінде халықтың музыкалық талғамы неше ғасыр бұрынғыдай тек қарапайым формадағы ән жанры деңгейінде қала берді. Бірақ, бұл ұлттың тамырын бекем ететін дәстүрлі ән емес, негізінен КСРО саяси-қоғамдық жүйесін мадақтайтын «солдафондық-патриоттық» әндер болды. Қазақ халқы да дәстүрлі терең философиялық әндерін осындай мазмұндағы және моторлы: марш, вальс, фокстрот сияқты «жаңа» ырғақтардағы әндермен

алмастырды. Сөйтіп, халық әніндегі жеткен деңгейден жүгі төмен, әсіре, ұраншыл шығармаларға қарай ойыса берді. Ал, «тоқырау» аталған брежневтік кезеңнен бастап шетелдерден мүлде жеңілтек «туындылардың» енуі, оларды электрлі аспаптармен дыбысын күшейтіп орындау етек алды. Әрине, КСРО-да кейбір жеке-леген өнер қайраткерлері мұндай «ойсыз, келенсіз музыка арқылы халықты «зомби» етіп топастандыру буржуазиялық қоғамға ғана тән нәрсе» екендігі туралы айтып, бұған қарсы ағартушылық жұмыс жүргізіп көрді. Бір халықаралық конференцияда композитор Д.Б. Кабалевский: «Когда развлекательной музыки слишком много и тем более, конечно, когда она плохая, она обладает способностью отуплять сознание человека» – деген еді. Бірақ, КСРО үкіметі сөз жүзінде: «Буржуазиялық өнер» – деп сынағанымен, іс жүзінде өзі де халықты топастандыру, сондай-ақ, пайдәкүнемдік мақсатта «тобырлық мәдениетті» жаппай насихаттауға ден қойған еді...

1969-1971 жылдары музыкадағы осындай беталысты сынап, тосқауыл қоюға шақырып екі-үш мақала жазып, газеттерге ұсынғанымда редакторлар: «КСРО-да бәрі тамаша ғой!» – деп, жариялаудан бас тартқан соң, композитор Ж. Дәстеновтың кеңесімен Алматы облысы атқару комитетіндегі басшы адамға да жолыққаным бар. Жасы егделеу әлгі адам сөзімді тыңдап, әлі жас екендігімді, есейе келе сабама түсетіндігімді айтып шығарып салғаны есімде (*Бірақ, ол кісі қателесіп, қырық жылдан кейін мен де «сабама түспей», музыкадағы мәселе де мүлде асқынып, міне, қолыма қайта қалам алғызып отыр*). Ал, адамға қажет, шынайы музыка туралы мағлұмат берсем деп сол жылдары бірқатар оқу орындарында тегін лекциялар өткізгенімде оқытушылар мен шәкірттерді жинауда Л.Бетховеннің №23 фортепианолық сонатасы (*«Аппассионата»*) жайында КСРО-ның бас көсемі В. Лениннің: «Адам күдіреті осындай музыканы туғызғанын көргенінде өзінің де адам екендігінді мақтан тұтасын» деген сөздерін естеріне салып, сес жасауға да тура келетін...

Сөйтіп, парасатты музыканы қорғауда өзіме пікірлес таппай жүргенімде, 1972 жылдың көктемінде болған Қазақстан Композиторлар одағының пленумында одақ төрағасы Е.Рахмадиев: «Классикалық му-

зыка концерттерінде залдар бос тұрса, ал, «Дос-Мұқасан» ансамблінің концерттеріне жұрт жапатармағай баруда» – деген сөзді ренішпен айтқанын естідім. Пленумға қатысушы одақ мүшелері, ұстазымыз ертіп әкелген бір топ студент – біз де көкейіміздегіні тап басқандай қол шапалақтадық. Бірақ, әлгі мәселе сол «реніштен» әріге өрбімей қалған. Сондықтан, 1974 жылдың көктемінде осы одақтың сиезіне «Елімізде классикалық музыкаға көзқарасты оңалту жолдары» туралы баяндама дайындап Сарқан қаласынан Алматыға келген едім. Сөзімнің тоқ етер мазмұны: – «Композиторларымыз тек шығарма жазып, қаламақы алу мәселесін ғана ойламай, өз шығармаларын түсінерлік деңгейі бар тыңдаушы қауымды дайындауға атсалысулары керектігін, бұл үшін жалпы білім беретін мектептерде музыка пәнін тек: «Ал, келіндер, ән салайық» деу деңгейінен көтеріп, пәннің бағдарламасын күрделендіріп, арнайы оқулықтар шығарып, талапты күшейтіп, оқушылар ауқымды білім алып шығатын дәрежеге жеткізу қажеттігі»... туралы еді. Бірақ, сөйлеу үшін кезекке жазылғаныммен, мені жассынған болар, сиез төралқасында отырған композиторлар Е.Рахмадиев пен С.Мұхамеджанов бір-бірімен күбірлескеннен соң, маған сөз бермеген. Егер, сол сиездерінде Композиторлар одағы ұсынысымды тыңдап, музыкадағы жағдайды, тыңдаушылар дайындау мәселесін қолға алып, пәрменді жұмыстар жүргізгенде, мүмкін бүгінде «Операда он адам, симфонияда сегіз адам» деген сияқты пікірлер айтылмас па еді?! Адамның парасаттылығын арттырар музыкаға қарсы «антимәдениет» саясатын жүргізу үшін «Битлз», т.б. көше әуесқойларының топтарын арнайы қаржыландырып, насихаттаушы «Әлемдік билікті» мақсат етуші алпауыттар екені бүгіндері анықталып отыр. Алматыдағы Көктөбеге барар жолда «Битлз» тобына ескерткіш қоюшы қазақ қалталылары осынау «антимәдениеттік әуендерден» нәр алып өскен ұрпақ өкілдері болар. Әрине, қазір де парасатты музыканың тыңдармандары жоқ емес. Кейінгі жылдары опера театры мен симфониялық концерттерде негізінен жас тыңдаушылардың көбейгені байқалады. Әйтсе де, егер ежелден: «Музыка – адамды биік сезімдерге жетелер, ой-санасын, мәдениетін өсіретін өнер» – деп бағаланған болса, ал соңғы кездері музыка

өнеріне «еліріп, көңіл алдарқатар ермек» (*развлечение*) – деген теріс көзқарастың тым белең алуы көңіл қобалжытар мәселе болып отыр.

#### «Есер әндер» тұтқынында

«Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдағанның құлағын кесері бар» – деп Абай өлеңінде айтылғандай, өмірдегі жақсы мен жаманның мәңгі күресі, өкінішке қарай, адам сезімінің тілі – музыка өнеріне де «жұғысты» болып шықты. Егер, ойлы, сазды музыка адам сезімін ізгілікке тәрбиелесе, ал, даңғаза, жиілетілген ритмдер арқылы адам психикасына кері әсер етіп, делебесін қоздырып, еліртіп транс жағдайына жеткізуге болады (*Транс-гипноз әсерінен есінен айрылу, өзін басқара алмай қалу*). Адамдардың музыкалық дыбыстар немесе тек ритмдер арқылы да трансқа түсу күйі бұрындары, мешеу қалған тағы халықтардың ғұрыптық билерінен (*құрбандық иаларда, т.б. мақсаттарда экстазға енуі*), бақсылардың зікірінен көрінсе, ал, қазіргі заманда трансқа жетеғабыл «ритмге қимылдау медитациясы» арқылы дискотека аталатын жиындарда қолданылып жүргенін көрудеміз. Ритмдер адамды неліктен трансқа түсіреді, жастарды неліктен шулы дискотекалар қызықтырады? Эстрадалық музыкадағы (*Эстрада – француз сөзі, қазақшаласақ: «тақтайдан жасалған орын»*) ритм соғу жиілігі минутына 120-дан тұрады. Ал, мұндай ритмдік тербеліс төртінші омыртқасының тұсында орналасқан сексуалдық орталықты активтендіру арқылы адам организмінен эндорфин аталатын наркотик түзіп шығарады екен. Әрине, әлгіндей ритмдерді тыңдап «дәніккен» жандар темекі, алкоголь, наркотик аңсаушылардай, үнемі осындай ритмдер ойналып тұруын қажет етеді. Сезімін тербетіп, қиялына еркіндік беретін музыкадан ондайлар «қожасының бостандыққа жіберуінен қорқатын құлша қорқып», тек бірыңғай ритммен бастан тоқпақтап, бір соқпақтан шығармай айдағанды қалайды. Адамға ой салар парасатты музыка тыңдамақ түгіл, олар жай тыныштықтың өзіне шыдай алмай, сәл ойланудан басы қатып, жылдамырақ наркотик түзетін ритмін ырылдатып қоюға асығатын дыбыс тұтқынына (аудио зависимость) айналып, манияқтық кеселге душар болады. Ал, бұған қазір техникалық мүмкіндік жеткілікті. Әлгіндей ритмдерге

**қоса дыбыс күшейткіштердің де адам ағзасына күйретушілік әсері зор екен.** Мәскеу мемлекеттік университетінің акустика кафедрасында адам психосферасына агрессивті музыка үлгілеріне жүргізілген зерттеулер нәтижесі мынаны анықтаған. Мысалы, «Дип Пепл» композициясының жиілігі 2-4 Гц аралығындағы ритмі, оған 40-50 Дб дыбыс күші қосылғанда адамды өзін-өзі бақылай алмайтын күйге түсірген. Ал, жүйке ауруына икем жандар әлгідей «музыканы» 2-3 рет тыңдағаннан соң-ақ жағдайы асқынып кеткен. Шулы дыбыстар мен гармониялық үйлесімі жоқ диссонанстардың музыкалық шығармада қолданылуы да адам жүйкесін зақымдап, қанында адреналинді күрт көтерумен бірге қарын мен төс қуысы тканьдарын зақымдап, бірте-бірте талқандайды. Мұндай дыбыстар жануарлардың ми функцияларын ыдыратып, күйзеліске ұшыратады екен («Я собственник, покупатель» газеті, 13.02.2004 ж.). **Бір таңқаларлығы, адамның денсаулығына осыншама ауыр зақым келтіретін нәрсе «жеңіл музыка» деп аталып келеді!** Ал, шын мәніндегі «жеңіл музыка» дегеніміз не?!

Адамдардың өмірде топтасып мереке өткізетін кездерінде де музыка оның серігі болып қала береді. Бірақ, ойлы, философиялық шығарманы әсерленіп, мазмұнын қалт жібермей тыңдау көпшілік жиылып шұркырасып әңгіме-дүкен құрған, арылы-берілі қозғалыстар жағдайында мүмкін емес. Сондықтан, думанды шаралар кезінде қолдану үшін аса мұқият тыңдауды қажет етпейтін, өлшемі, екпіні бір қалыпты, көлемі шағын, формасы қарапайым «жеңіл» музыкалық шығармалар да бар. Халық музыкасында бұл – мәтінінің мазмұны санаға салмақ салмайтын көңілді, әзіл, ал, әуенінің екпіні жүрдек ән түрінде қалыптасты. Сондай-ақ, өлшемі мен екпіні тұрақты «моторлы» орындалатын әуендер билеу үшін қолданылды. Мұндай шығармалар да эстетикалық жүгі бар, халықтың өмір салтын баяндап, бейнелейтін ұлттық сипатта болды. Италияда мазмұны салмақты, көлемі ауқымды опера жанры пайда болғаннан кейін қоғамдағы келенсіздіктерді әжуа ететін уытты әзіл әндер негізінде комедиялық «Буффа-операсы», 19-ғасыр ортасында оперетта жанры, ал би, пантомима өнерінен 18-ғасырда музыкалық-хореографиялық драма – Балет жанры өмірге келді. Әуенінің өлшемі мен тональдығы сирек ауысатын, екпіні жылдам, көңілді шығармалар симфониялық

оркестрдің де орындауында көптеп кездеседі. Сондықтан, кей кездері парасатты және жеңіл музыканың шекарасы байқалмай қалатын да жағдайлар аз емес. Мысалы, **И.Брамстың «Венгр билері», И.Штраустың вальстері, Ж.Бизенің «Арлезианка» драмасына «Фаррандола», Ф. Мендельсонның «Үйлену тойы маршы» немесе №3-симфониясының жайдары 2-ші бөлімін «жеңіл емес» деп қалай айта аламыз? Ал Л.Бетховеннің №7-симфониясы жеңіл, би өлшемді әуендері мол болғандықтан «Би симфониясы» деген атқа ие болған. Жарайды, халықтық тамырдан шыққан жеңіл музыка осылайша күрделеніп даму бағытында болса, қазіргі «жеңіл музыка» деп жүргеніміз қалай пайда болды?!» – деген заңды сұрақ туады.**

Адам өз бойында жинақталатын артық эмоциялық энергиядан әр түрлі жолдармен – өзінің сана, мәдениеті деңгейіне қарай арылып, жеңілдейді екен. Бір адамдар табиғатта серуендеп, музейлер мен театрға, киноға барып демалса, біреулер сылқиып араққа тойып жанжалдасып, ес-түссіз құлап «демалады». Енді бір адамдар жақсы кітап оқып, шахмат ойнап, опера, симфония тыңдап интеллектуалдық тұрғыда өсе отыра тазарып «демалса», өзге біреулер спорттың дене күшін қажет ететін түрімен айналысып немесе билеп энергиясынан арылуға тырысады. Қазіргі заман дискотекасына барабар, дене күшін жұмсап эмоция шығару арқылы «демалу» медитациясы, менінше, адамдар арасында ежелден орын алған. Мұндай әрекеттерін тағы халықтар өз құдайларына құлшылық ретінде жасаса, өркениеті бар елдер саналатын «көпқұдайлы» көне Грекия мен Римде де шарап және сауық-сайран құдайы Вакхтың (*Бахус, Дионис*) құрметіне оргия, вакханалия аталған мерекелер өткізілген (*«Оргия, вакханалия – әдепсіздікпен, жүгенсіздікпен жасалатын жын-ойнақ, кеш, думан», Орысша-Қазақша сөздік, 1981 ж.*). Бұл елдерде христиан дінінің тарауына орай мұндай мерекелердің өткізілуіне шіркеу тыйым салған еді. Сондықтан, «атлантикалық мәдениетті» осы халықтардың да «би қимылдары» тұрпайылығынан арылып, эстетикалық міндет атқаратын өнер түріне айналған. Бірақ, шарап ішу күнә саналмайтын Еуропа елдерінде феодалдық-аксүйектік дәстүр бұзылып, қоғамға ықпал ету тізгіні түрлі жолдармен байыған буржуазияға көшіп, шіркеудің пәрмені кеміген XIX-ғасырдың ортасына қарай тексіз қалталылардың

талғам-талабына орай әдепсіз «шайтани» билер, оларды сүйемелдейтін даңғаза «музыкалар» пайда бола бастайды. Музыка мен билің кері кетуі, әсіресе, Париж кафешантондарындағы шансонеткалардың әдепсіз дене қимылдарын жасай отырып орындайтын рухани азғындықты насихаттайтын бейпілауыз репертуарынан басталды деуге болады. **Жақсы музыка – ұлағатты сөз сияқты, оны түсініп, қабылдауға парасаттылық қажет. Ал жаман әуен, есер ән – бейпіл, балағат сөздей, құлақты тез былғап, ызындап тұрып алады.**

1870-80 жылдарда капиталистік бағытта біршама жылжыған Ресейде де эстрадалық концерттер бағдарламасы сыған әуендері араласқан, мазмұны жұтаң жылаңқы романстар мен жүгенсіз шарапханалық дырду әндерден құрыла бастайды. **ЖЕП (НЭП) кезінде қоғамды парықсыз әндердің былғап өткенін есептемесек, негізінен, КСРО-да 1960 жылдарға шейін бейәдеп музыка тежелініп, бұл «олқылық» тоталитарлық үкіметтің саясатын мадақтайтын әндермен толтырылғанын жоғарыда айттық. Ал, «тоқырау кезеңінде» өз қалталарын толтыру қамымен жүрген Компартия шенеуніктері халықтың музыкалық тәрбиесін ойлап бас қатырмады. Егер, ХІХ-ғасырдың басынан Европа композиторлары вокалдық шығармаларында мәтін мазмұнын әуенмен аспаптық сүйемел арқылы ашу, толықтыру жолында еңбектенген болса, ал, ендігі әндерде керісінше, ол бірлік мүлде бұзылды. Мысалы, 1960-1980 жылдарда мәтіні махаббат мұңы, т.б. лирикалық әуенді әндер көп шығарылды. Бірақ, электрлі, дабылды аспаптардан тұратын жеңілтек сүйемелдің бірқалыпты тарсыл-гүрсілі ән мәтініндегі мұңды жалған, адамның емес, қуыршақтың мұңы туралы айтылып жатқандай сенімсіз ететін. Ф.Шопен өзінің «Жас пианистерге кеңес» атты методикалық нұсқауында: «**Форте-пиано педалін жақсылап қолдануды өмір бойы үйрену керек**», – дейді. Өйткені, парасатты музыкалық шығармаларды орындағанда әуен дыбыстарын толқын іспетті – бірде акырындатып, бірде күшейтіп әр алуан динамикалық кейіптер арқылы адам сезіміне жеткізуге зор маңыз беріледі. Табиғи музыкалық аспаптарда орындаушылар әр дыбысқа өзінің шынайы сезімін салып «тірі үн» шығарып ойнайды. Ал, саусақ тиісімен барлық тетіктері бір деңгейдегі**

үн шығаратын механикалық мотор іспетті электрлі аспаптарда орындаушы сезімін салып динамикалық нәзік иірімдер жасай алмақ емес. **«Музыка – адам сезімінің тілі» десек, бір сарында және қатты орындалған еш сезімсіз нәрсені музыка деуге болмайды. Бұл – кәдімгі автокөлік, ұшақ, я басқа да техникалық мотордың үнін тыңдағанмен бірдей шулы дыбыстар ғана. Оркестрдің білгірі, композитор Н.Римский-Корсаков өзінің «Оркестрлеу негіздері» атты трактатында дабылды аспаптарды шектеп қолдану керектігін айтса, ал, қазіргі «жеңіл музыка» бастан-аяқ осындай, бір сарынды тарсыл-гүрсіл физикалық (музыкалық емес) дыбыстарға толы. Өткенде, әрі дос, әрі аға болған Әсет Бейсеуовты еске алу концертіне барып, өзім ұнататын «Күткенде» әні қашан орындалар екен деп отырсам, «жаңа аранжировка» жасап орындап азан-қазан тарсылдата жөнелгенде құлақты басуға тура келген. Осындай даңғаза электрлі аспаптардың делебе қоздырар ию-кию, салдыр-гүлдір эффекттерімен көлегейлеу арқылы әуені де, мәтін мазмұны да жұтаң әндер жұртшылықтың рухани талғамын көп жылдардан бері «тәрбиелеуде». Мұндай «музыкада» адами сезімге орын жоқ. Жалпы, музыка күрделі я жеңіл болсын – өнер ретіндегі оның атқарар міндеті адамның мәдениетін өсіру болуға тиіс десек, ал, қазіргі дискотека, концерт, ұнтаспалардан төгілген ритмдер «адамдарды мәдениетке тәрбиелеуде» деп айта аламыз ба? Баяғыдағы оргия, вакханалияларды, сондай-ақ, кейбір діни секталар «зікір» деп атап, шын мәнісінде дінге жат, трансқа түсушілікті ешқашан, ешкім «би, музыка» деп атамаған ғой!..**

Адам өз ойын айтып сөйлегенде дауысы бірде күшейіп, бірде бәсеңдеп отырады емес пе. Классикалық музыка да осы заңдылыққа құрылып әр иірімі түрлі сезімдік нюанстарын беруді мақсат етеді. Ал, егер, адам бастан-аяқ қатты айқайлап сөйлесе оны кім тыңдап, түсінбек?! Дұрыс айтасыз. Оны тек құлағы мүлде естімейтін керең ғана «тыңдайды». Сондықтан, әуені болса да тым қатты тарсылмен сүйемелденген әнді де ешкім тыңдамайды. Байқар болсақ, дискотекашылдар да не орындалып жатқанын тыңдау үшін емес, өздері шыңғырып, ысқырып, шайқалып медитация немесе одан әрі трансқа ену әлегімен әуре. Егер, ойналып жатқанды «музыка» деп есептесе шуламай

тыңдар еді ғой?! Ал, 1970 жылдардан беріде би өнеріне тән белгілі қозғалыс тәртіптері жоғалып, әркім өз білгенінше қыбырлап-жыбырлайтын «қазіргі заман биін» би өнерінің қай жанрына жатқызамыз?! Иә, қазіргі би кештеріндегі қимылдармен салыстырсақ Ш.Гуноның «Фауст» операсындағы «Вальпургиева түні» атты балет қойылымындағы жын-перілер вакханалиясы періштелердің бейкүнә ойынындай көрінеді екен... Баяғыда оргияға, зікірге қатысушылар медитация, транс күйге Құдайға бағыштап түстік деп сенген ғой. Ал, қазіргі атеистер зікірі ше?.. Наркологтардың зерттеуінше рок-музыканттардың 80 пайызы наркотик қолданады екен («Я собств.покуп» 10.11.2006 ж.). Наркотиктерді тарататын ең қолайлы орта – дискотекалар екені, наркотик саудасын қыздыру үшін әлгіндей «елірме ән-әуендер» наркобарондардың арнайы тапсырысымен шығарылатыны айтылып жүр.

Меніңше, аузында Құдай емес, наркотик барлардың қазіргі дискотекасын «би» деп атамай «шайтани зікір» деп, ал, сексуалдықты оятар эндорфин наркотигін түздіретін ритмдерін «жеңіл музыка» демей, өз атымен – «порно-ритмдер» (немесе «порно-музыка») деп атаған жөн. Дін жолына бет бұрған жастар мұндай ритмдері ми, жүйке түкпірлерін қытықтап эндорфин наркотигін түздіретін дискотекаларға барса дәреті бұзылатынын ескерсе дер едім. Бірақ, қазіргі күні бүкіл елімізде мағыналы ой ойламау үшін «зомбилайтын» есірткілі есірік ритмдерден қашып құтылар жер қалмай отыр. Арнайы тыңдағың келмесе де: көшеде, автокөлікте, үйіндегі теледидардан да жарнама, ауа райын хабарлаған, т.б. сәттерде қақпанына түсіреді. «Той дегенде қу бас домалайды» дейтін тойшыл қазақ едік, қазір жасы алпысқа қараған адамдар, тойға барудан қашатын болды. Денсаулығы әлі бұзыла қоймаған және эндорфині жылдам түзілетін, трансқа енуі мақсат еткен жастар жағы әлгіндей ритмдер мен дыбыс күшіне шыдар. Ал, ересек адамдарда талғам да, денсаулық та өзгеше және тойға «зікірге берілу» мақсатымен бармағандықтан ағзасы зомбилануға қарсылық реакциясын туғызатындықтан ауырып қалатын болу керек. Ұлы Л.Толстой кезінде Ресей үкіметіне: «Музыка – это государственное дело. И разве можно допустить, чтобы каждый, кто хочет, гипнотизировал

другого?..» – деп жазған еді. Шынында да, өз-өзін наркоман ететіндерді үкімет жазалайды да, ал, өзгелерді әлгіндей «шайтани ритмдер» арқылы көліктерде, көшеде, демалыс үйлерінде, той-мерекелерде, әскери бөлімдерде, бас бостандығынан айыру колонияларында, т.б. жерлерде еріксіз «эндорфин шығаруға» мәжбүрлеушілікке еш шара қолданбай, көз жұматыны қалай?! Адамға Алладан ми ойлау үшін берілсе, әлгіндей «музыкалар» арқылы ойланбауға зомбилау – оны адамшылықтан шығарып, ой-санасыз айуан қатарына түсіру әрекеті емес пе? Дыбыс арқылы адамды есінен ауыстыратын барлау мекемелеріндегі «музыкалық қорап» бөлмелері жайында, контузия ауруы туралы көпшілік хабардар шығар?

Адамның, жалпы, басқа да тірі организмдердің «шайтани музыкадан» неліктен ауыратынын жапон ғалымы Ямото Масара зерттеп, анықтаған. Ол дыбыс динамиктерінің арасына су құйылған бірнеше ыдысты қойып, әр түрлі музыканы ойнатқан. Одан соң ыдыстардағы суларды мұз қылып қатырып, фотосуретке ірі етіп түсірген. Нәтижесінде, Бах, Моцарт, Шопен музыкаларын «тыңдаған» судың мұзы әдемі гүлдер іспеттес кристалдар (тау бұлағы суымен бірдей) болып қатса, ал рок музыка «тыңдаған» сулардың мұзы бей-берекет (хаос) алабажақ шимай (қала ішімен аққан судыкіндей) болып қатқан екен. Адам денесінің 85 пайызы судан тұратынын ескерсек, тойларда, т.б. жерлердегі дүңкілдеген «музыканың» бізге қалайша әсер ететіні, неліктен ауру қылатыны түсінікті болады (Сондықтан, суды ішерден бұрын классикалық музыканы «тыңдатып» зарядтап алған денсаулыққа пайдалы болмақ).

Бастау тамырын шарапханалардағы дырду әндерден алған қазіргі бәдік «музыкаға» музыкалық есту қабілеті мен талғамы төмен жандар төзімдірек келеді. Ал, музыкалық қабілеті жақсы және шынайы музыканың қандай болатынын білетін талғамы бар адамдар мұндай «музыкадан» ауырып қалады. Олар үшін мұндай, мазмұны жұтаң, қарабайыр «шарапханалық ән-әуенін» тыңдау – балағат естігендей қорлану сезімін туғызады. Мұндай «әндердің» орындаушылары да ежелден әншілік дауыс туралы қалыптасқан ұғымға, өлшемге мүлде кереғар бағыт ұстанғандықтан әнді неғұрлым эстетикалық емес, қырылдаған, ырылдаған дауыспен, көшедегі әлдекімдердің

деңгейінде орындауды жетістік санайды. Олар сахнада қиқулап жын-ойнақ салуымен қоймай, тыңдарманды да балабақшадағы миы толмаған сәбилерге балағандай, өз ритмдеріне қол шапалақтауға итермелеп, зікіріне еріксіз тартуға тырысады... Ал, соңғы жылдарда адамзаттың ән жанрындағы құлдырауының «жетістігі» – әншілік дауысты мүлде қажет етпейтін, әуенсіз «рэп» деген жанрдың пайда болуы.

Иә. Өнердің реалистік бағытта дамуы тоқыратылған сәттен рухани деградация етек алады. Бүгінде рухани нәрін рәптен алып жүрген қоғам, енді, он жылда қандай тығырыққа қадам жасар екен?! Осы орайда тарих ғылымдарының кандидаты, дінтанушы Нәзира Нұрғазинаның: «Толыққанды жүйе ретінде жұмыс істеп, жемісті болу үшін мәдениеттің тамыры, тірегі дінде болуы шарт. Әйтпесе, зайырлану үрдісі күшейе келе, ақыры ол мәдениетті міндетті түрде дағдарысқа, құлдырауға әкеп тірейді (*себебі, мәдениет этикадан ажырайды*). Діннен нәр алмаған мәдениет эрзац-мәдениетке, көзбояушылыққа, зиянды шығармашылыққа айналды» – деген сөздерін келтірсек болады. Өкінішке қарай, мұндай жағдай тек деградацияға ұшыраған «жеңіл музыкаға» (*энге*) немесе даңғаза, шумен сүйемелденетін «денешынықтыруға» айналған би өнеріне ғана қатысты емес, өздерін бұл «дилетанттарға» әсте қоспайтын, музыкада «жаңа заман тілін жасаушымыз» деп есептейтін, музыкалық арнайы білім алған «авангардшыл», «модернистік» ағымдардағы (*экспрессионистік, т.б. формалистік бағыттағы*) композиторларға да қатысы бар. Өздеріне дейінгі Моцарт, Бетховен, Чайковский, т.б. ұстанған реалистік бағытты «ескірген, примитив» деп санайтын ХХ-ғасырдың басынан пайда болған модернистердің «музыкалық шығармаларын» бейнелеу өнеріндегі П.Пикассоның және одан да «асып кеткен» суретшілердің «туындыларымен» салыстырса болғандай. Гармониясы бастан-аяқ үйлесімсіз ащы диссонанстардан немесе музыкалық емес «табиғи» дыбыстардан тұратын, эстетика шегінен шығып кеткен шығармаларын ақтау мақсатында мұндай композиторлар оларға түрлі қорқынышты атаулар (*дүниежүзілік соғыс, фашистік концлагерь, пойыз, үлкен қаладағы автокөліктер шуылы, т.с.с.*)

қояды. Батыс елдеріндегі А.Шенберг, П.Хиндемит, И.Шиллинг дегендер: додекафония, хроматикалық, музыкалық композиция сияқты музыка шығарудың дайын, композиторлық дарынды керек етпейтін рецептерін ойлап тауып, насихаттады. Мұндай «шығармаларын» кейбірі симфониялық оркестрді қорлап, музыкалық емес, физикалық дыбыстар шығаруға (*виолончель немесе контрабас аспаптарының қорабын тарсылдату, т.с.с.*) пайдаланса, енді біреулері нотасыз, музыкалық аспаптарсыз-ақ музыкалық дыбыстардан өзге, «табиғатта бар» дыбыстарды пайдаланатын «Конкреттік музыка» атты жанр ойлап тапты. Ол үшін ұнтаспаға автокөлік сигналы, баланың жылағаны, арыстанның ырылы, теңіз шуылы, балта тарсылы, т.с.с. дыбыстар жеке-жеке жазып алынып, артынша барлығын монтаждап қосу арқылы «шығарма» жасалынды. Бір ескерерлік жағдай – егер авангардист суретшілер идеясы «табиғатта бар нәрселерді фотография сияқты бұлжытпай бейнелеуден қашу, өмірде жоқ формаларды қиялымен тауып бейнелеуге» саятын болса, ал, музыкалық дыбыстар онсыз да табиғаттағы дайын дыбыстар болған емес, адам музыкалық аспаптарды жасағаннан кейін ғана «музыкалық дыбыстар» өмірге келген. Сондықтан, суретші «авангардистер» өмірде бар нәрсені емес, қиялындағыны бейнелеуді «нағыз творчество» десе, ал, музыкадағы авангардистердің әлгі ағымы керісінше, қиялымен музыка туғызуды қойып, табиғаттағы дайын физикалық дыбыстарды пайдаланып «жаңашылмыз» деуде!

Қазақстанда А.Жұбанов, М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов сияқты композиторлардың шығармаларын «примитив» деп есептейтін өз модернистеріміз Алматы консерваториясы студенттерінің арасында 1970-ші жылдардың басында пайда болды-ау деймін. Бірақ, осы консерваторияның композиторлық бөлімін содан бергі 30-жылдан астам уақыт ішінде жүзге тарта шәкірт тәмамдағанымен, еліміздегі ірі мерекелерде үнемі М.Төлебаевтің 1946 жылы шығарған «Біржан-Сара» операсынан «Би» орындалуда! Өйткені, өздері және студенттік ортадағы таныстарынан тұратын шағын топ қана тыңдап, талқылайтын «жаңашыл» композиторлардың бастан-аяқ диссонанстарға толы, адам жүйкесіне

эксперимент тәрізді шығармалары кейбір кино немесе театрлық қойылымдарда шулы эффекттер үшін пайдаланбаса, эстетикалық ләззат алып тыңдауға мүлде жарамайтын дүниелер. **1980-жылдардың басында осы консерваторияның концерттік залында Композиторлар одағының кезекті бір пленумына ұсынылған жаңа симфониялық шығармалар концертіне барған едім. «Қолтаңбалары» бірдей үш-төрт авангардист композитордың шығармасын тыңдағаннан кейін төзім таусылып, залдан шығып кеттім. Менен бұрын шығып дәлізде тұрған композитор Сыдық Мұхамеджановтың жанынан өте бере: «Өңшең жүйкесі ауыратындардың шығармалары ғой мынау!» – дедім ренішімді жасыра алмай. Ол кісі басын изеп, сөзімді мақұлдап: «Осы музыкалар жайлы ойыңызды газеттерге жазбайсыз ба?!» – деді. «Ой, аға, сынаған пікірді газеттер жарияламайды ғой және менің ешқандай атағым да жоқ, өзіңіз жазғаныңыз жөн болар еді», – дегенмін. Бірақ, ол кісі жазған жағдайда оны «музыкадағы жаңа бағытты түсінбейді!» деп талай жерге апарар еді. Міне, ширек ғасырдан кейін «модернистер музыкасы» жайын бәрібір жазып, жұртшылыққа жеткізу арқылы ұлттық музыкамызға өлшеусіз еңбек сіңірген Сыдық ағамыздың сол аманатын орындаған сияқтымын.**

Белгілі француз композиторы Г.Берлиоз өзінің «Қазіргі кезең аспаптануы мен оркестрлеу туралы үлкен трактат» атты еңбегінде: «Среди людей, считавших себя знатоками, принято стало презирать всякое сочинение с простой, мягкой, ясной, благозвучной, естественной гармонией. Музыканты эти пристрастились к диссонирующим аккордам как некоторые животные к соли, к возбуждающим растениям, к колючему кустарнику... Тот-час же родился новый вид педантизма: находились люди, которые считали для себя зазорным модулировать в доминанту и мило резвились, порхая в пустячном рондо из до-мажора в фа-диез мажор» – деп жазғанына қарағанда музыка өнерінде асыра сілтейтін түрлі даңғой «авангардист-жаңашылдар» әр дәуірде болып тұрған сынайлы. Жалпы, музыкалық шығармаларында композиторлардың табиғи дыбыстарға еліктеуі, өткір диссонанстарды қолдануы бұрыннан бар көркемдік тәсіл. Тек шын дарын иелері мұны эстетикалық

шектен шықпай, анайылыққа бармай-ақ қолданған. Мысалы, француз композиторы К.Сен-Санс «Хайуанаттар карнавалы» атты симфониялық оркестрге арналған 14 пьесада тұратын сюитасында түрлі хайуанаттардың дауыстарын, қимыл-әрекеттерін музыкамен бейнелеген. М.Мусоргскийдің «Көрмедегі суреттер» циклындағы «Шібилердің жұмыртқадан шығу биі» пьесасы да осындай. Ол «Борис Годунов» операсында шіркеу қоңырауларының азан-қазан дауысын симфониялық оркестрмен-ақ шебер бере білген. Шығармаларында диссонанстарды молырақ қолдануды ұнататын композитор досым Жолан Дәстенов бірде үйіме келгенде М.Балакиревтің 1869 жылы шығарған «Исламей» атты шығармасының күйтабағын тыңдатқанымда ол: «Иә, вполне современно звучит!» – деген еді. Ал, Г. Берлиоздың 1830 жылы жазылған «Фантастикалық симфониясындағы» диссонанстар мен Р.Штраустың «Дон Кихот» симфониялық вариацияларындағы оркестрдің қойлардың маңырағанын келтіруі ше?! Мәселе не нәрсені де орнымен, мөлшермен қолдануда ғой...

Біздегі «жаңашылдардың» бірталайының тығырыққа тіреліп, адам жүйкесіне ащы дыбыстармен тәжірибе жасайтын шығармаларын қойып, ақыры «жеңіл музыкадан» пана тапқандарын білемін. Әрине, жұрт білмейтін шағын «авангардистер» тобының еліміздегі музыкалық ахуалға әсері жоқтың қасы. Халық санасына, денсаулығына нағыз алапат диверсия әлгі, зиянды «порноритмдер» арқылы жасалуда. Дегенмен, күрделі жанрдағы музыкамыз дұрыс жолмен дамуы үшін оны да арамшөптен тазалап – консерваторияның композиторлық бөлімінде көп жылдан бері орын алған «авангардтық» түрлі «измдер»-мен ұлттық тамырсыз, эстетикалық құнсыз «музыка» шығаруға бағытталған оқу жүйесін өзгерткен жөн.

### Кім екенінді музыкаң айтады

Композиторлар қауымында: «Музыкалық шығарманды есітіп, өзіңнің қандай адам екенінді айтып бере аламын» – деген әзіл-шыны аралас сөз бар. Мұны кез келген адамға қаратып: «Қандай музыка тыңдайтыныңды айт – мен сенің қандай адам екенінді айтып берейін», – деуге де болады. Сондай-ақ, кез келген мемлекеттің



үкіметінің өз елінде қандай музыканы (өнерді) насихаттайтынына қарап-ақ халқына қандай пиғылды саясат ұстанып отырғанын біле аламыз. Рас, ҚР Мәдениет туралы заңында, өзге де бағдарламаларда елімізде классикалық және халық музыкасын жан-жақты насихаттау жайлы көп айтылады. Бірақ, елдегі ахуалды қарасақ, керісінше, бағдарламада жоқ бола тұра әлгі «жеңілтек музыка» ғана аса қарқынды насихатталынып, күллі қоғамды жаулап алғанын көреміз. Бұл – арнайы егіп, баптамай-ақ егістікті басып кететін арамшөпке тән құбылыс. Бірақ, адам өзіне қажет егінді өсіріп, өнім алу үшін арамшөпті бетімен қаулатып жібермей отап, дәрілеп күрес жүргізбейтін бе еді?! Ал, біз тек заң шығарумен «істі тындырып», арамшөппен күреспей-ақ егін алғымыз келеді! Әлем халқының үштен бірін құрайтын мұсылман елдеріндегі жастар порно-музыка тындамай-ақ, дискотекаларда «шайтани зікір» ойнамай-ақ өмір сүріп жатқанын қаперіне де алмай, үлгі ретінде тек «Батысты» пір тұтатын жұрағатымыз бұл мәселеде тағы да сол елдерді мысалға тартар. Бірақ, анық «батысшыл» болса, неге олардың тек бастауын шарапханалардан алған порно-музыкасымен ғана әуестеніп, ал, осы елдерде пайда болып, таралған классикалық музыканы неге білгісі келмейді?! Мәселе, әр кімнің өз өресінің деңгейіне байланысты десек, біздің қоғамның өресінің жеткен жері – Батыстың шығарып тастаған қоқысына құмарлық па?!

Шарапханалардан сахна төріне шығып кеткен «порно-музыка» туралы Кеңес үкіметі: «Бұл тек буржуазиялық қоғамға ғана тән нәрсе», деуші еді. Ал, шын мәнісінде, сол елдерде халықтың парасатты музыкаға құрметі Кеңестік елдердегіден әлде қайда жоғары екеніне шет елдерге барғанда куә болдық. Мысалы, егер Алматыдағы Опера және балет театрына кіру бағасы 200-1500 теңге аралығында болса да адам аз барады. Ал, Римде операға кіру бағасы бір адамға 145 доллар және билеті бір жыл бұрын сатылып кетеді екен. Ал, симфониялық музыка концертіне кіру бағасы бізде 500 теңге болса, 1994 жылы АҚШ-тың шеткері бір штаты Миннесотыдағы Минеаполис қаласында болғанымда симфониялық музыка концертіне бағасы 33 долларға алған билетімнің түбіртегі өзімде әлі сақтаулы. Сол концерт өткен үлкен залда бос орын

болмағаны есімде. Ал, Лондонда болған танысым симфониялық концертке билетті 134 долл. алған. Қазақстанға келген Нью-Йорк камералық оркестрінің скрипкашысы Ю.Вальдман өзінің концертіне билет құны 20-50 доллар аралығында екенін, ал музыканттардың жылдық орташа табысы 120 мың долл. құрайтынын, тек Нью-Йорк қаласында 25 симфониялық оркестр жұмыс істейтінін айтады («Айқын» газеті, 29.04.2006 ж.). Германияда әр жарты миллион адамға бір симфониялық оркестр қызмет етеді екен. Қазақстанда 15 миллион халық тұрады десек, онда елде 30 симфониялық оркестріміз болуы керек екен. Ал, біздегі бары 5 оркестр! Батыс елдерінде, сондай-ақ, Жапония, т.б. Азия елдерінде классикалық музыканы жоғары деңгейде орындаушы шеберлер мыңдап саналады. Парасатты өнерге арналған жоғары деңгейлі талай концерт, фестивальдар өткізілуде. Бірақ, біздің елдегі БАҚ-тар ол елдердегі тек «тобырлық музыкаға» қатысты жаңалықтарды халқымызға хабарлау арқылы «шетелдерде жаппай рок-музыкаға ғана бас иеді» дегендей мүлде жалған ақпаратты қасақана таратып келеді. Шын мәнісінде, АҚШ-та бір айдан аса, Еуропаның Нидерландия, Бельгия елдерінде екі реттен болғанымда көшеде, көлікте, я басқа жерлерде елдің мазасын алып әлгіндей елірме «музыканың» ойнатылғанын бір рет те естімедім. «Шетелде осылай» дегендей, әдепсіз киноларды бізде үйіне теледидардан тегін көрсетсе, ал, АҚШ-та мұндай масқарашылық жоқ. Ондайға құмарлар тек арнайы есептегішті іске қосып, әр киносына сегіз жарым доллар төлеп қана көре алады.

Немістің діни реформаторы Мартин Лютер: «Музыка – теологиямен тең, ібілісті қашыратын бірден-бір өнер түрі», – деген екен. Шынында да, кейінгі кездері АҚШ-тағы кейбір мекемелердің алдына дыбыс құрылғыларын орнатып, классикалық музыкалық шығармаларды ойнатқанда, сол манды жайлап алған көше кезбелері жедел ғайып болған. Мұның себебі – классикалық музыкалық шығарманың үн-ірімдері адам ағзасында жоғары жиіліктегі тербеліс туғызу арқылы зор энергиялық қуат жіберіп тазартуынан, бұған дайын емес жандардың тазаруды бірден қабылдай алмауынан екен. Сондай-ақ, әлем ғалымдары 2012 жылдан бастап Күн системасындағы даму жоғары

сатыға көшетінін, осы кезеңде ол Орталық Галактикадан құйылатын жоғары жиіліктегі космостық фотонды сәуледен өтетінін айтуда. Фотонды сәулеге 2012 жылдан бастап енген сәтте Жер планетасындағы барша тіршілік иелерінде тербеліс жиілігі артпақ. Мұндай жоғары жиіліктегі фотон сәулесінің қуатын қабылдауға шыдау үшін адам алдын-ала өз жанын жоғары жиілікті тербеліске дайындауы қажет. Ал, бұл дайындық адамның имандылық жолына түсуі, парасатты өнер туындыларымен тазарып рухани өсуі, материалдық байлыққа байланбауы арқылы жасалмақ. Материалдық байлық қана қуалаған рухани кеміс жандардың сезіміндегі тербеліс жиілігі және оның өзгеруге бейімділігі төмен болатындықтан олар Жер планетасы енетін «жаңа өркениет дәуіріне» өте алмайды екен. Мұндай өзгерістердің болатынына ғалымдар өзге дәлелдерімен қоса майялықтар жасаған «Әлем өркениеті календарының» 2012 жылмен аяқталуын келтірген...

Адамзат тарихында қанша ұлы жазушы болып, олар қаншама әдеби шығармалар жазған болса, ұлы композиторлар мен олар жазған музыкалық шығармалардың саны да соншама деуге болады. Егер, әдебиетпен мектепте жалпылай таныстырып сауатымызды ашпаған болса, әдеби шығармаларға қызығушылық танытып оқыр ма едік? Ал, оларды оқымасак ой өрісіміз қаншалықты мешеу күйде болар еді? Дәл осы әдебиет әлеміндеі – алып музыка әлемі туралы еш бағыт-бағдар берілмегендіктен халқымыз тұтас бір үлкен өнердің бір-ақ – ән жанры саласынан өзгесінен мүлде мақұрым деуге болады. Егер, музыкадағы ән жанрын мазмұны мәтінімен шектелер өлеңге немесе шағын әңгімеге теңесек, баллада, соната, концерт сияқты орташа көлемдегі жанрларды – хикаятқа (повесть), симфония, симфониялық поэма, опера, балет жанрларын – роман, драма, поэмаларға теңесек болады. Ал, қазіргі жұтаң мазмұнды «жеңілтек әндерді» газеттердегі: біреулердің қалайша семіріп-арықтағаны, некелесіп-ажырасқаны, т.с.с. алып-қашпа, ермек үшін оқып, ұмыта салар арзан өсек-аяндарына теңер едік. Адамды толғантар көркемдік жүгі жоқтықтан мұндай әндердің ғұмыры, газеттің әлгіндей арзан сенсациясындай, тым

қысқа келеді. Өмірі бір роман оқымай, тек осындай газет «сенсацияларымен» рухани сусындаған жан мен әлгіндей кішігірім, жұтаң әндер ғана тындап, парасатты музыкадан мақұрым адамның саналары бірдей деңгейде болмақ. Мұны сондай-ақ, 30 залы бар музейдің тек бір ғана бөлмесін көріп қанағаттанған көрерменнің білгенімен де салыстырса болады. Әрине, жақсы ән – сылдырап аққан бұлақ қой. Олар құйыла келіп өзен болып Ән жанрын құрады. Ал, орта, ірі көптеген шығармалардан тұратын классикалық музыка әлемін алып Мұхит деуге болады.

Кеңестік кезде Брежнев айтқандай: «**Нан болса, ән болады!**» деген түсінік санасына орныққан халық болғандықтан: «**Басқа мәселелеріміз шешілмей жатқанда Хасеннің музыка жайын айтқаны несі?**» – дейтін замандастарымыз да баршылық екенін білемін. Бірінші кезекке адам санасын тәрбиелеуді («**әнді**») қоймай, «**нанды**» қоядан қоғам жаппай бөкдүниешілдікке ұшырап, КСРО-дай алып мемлекет, мұздай қаруланғанына қарамастан бір оқ шығармай, соғыссыз-ақ шіріп, ыдырады емес пе? (*Бұл КСРО көсемдерінің, баяғыда халқы: «Нан және ойын-сауық» – деп жүріп іріп-шіріген Рим империясының тарихынан сабақ алмауынан*). Сондықтан, «**әніміз түзеліп**» адам сана-сезімі өспейінше – өзге мәселелеріміз (*нанымыз-экономикамыз*) де ешқашан шешілмейтінін тарих талай рет дәлелдеген. Бірақ, біз бүгін де адамзаттың сана-сезімін биіктікке тәрбиелер тұтастай өнер түрінен мақұрым бола тұра «**дамыған 50 елдің қатарына енуге**» дәмеліміз. Егер, сана деңгейіміз оларға жете алмаған күйі қала берсек, ертең мұнайымыз таусылған күні ол қатардан тез-ақ шығып қалмаймыз ба?! Дамыған елдер түгіл музыкалық сауат мәселесінде біз Қытайға да ілесе алмайды екенбіз. Бұған 1977 жылы Алматыдағы КГБ ішкі түрмесінде 8 ай тергеуде болған кезімде, шекарадан заңсыз өтіп келгені үшін қамалған бес қытайлықпен кездескенімде көзім жеткен еді. Әлгілердің біреуі де музыка маманы болмағанына қарамастан барлығы нота жазудың екі түрін (*европаши және цифрмен*) жақсы меңгерген екен. Мұндай сауатты жалпы мектепте алыпты. Мамандығы дәрігер 43 жастағы қытайлықтың ұлттық

операсынан айтып берген үзінділері әлі есімде... «Кім қандай музыканы тыңдаймын десе өз еркінде» деп, дәл осы мәселеде демократия ойнау, қоғамдағы сауаттылық, мәдениеттілік мәселесімен мемлекеттік дәрежеде айналыспау – наркомания, алкоголизмді ауыздықтамай, өз бетімен жіберуге бара-бар жауапсыздық. Музыкалық сезімдік тәрбиеміз қирап жатқаны аздай-ақ, енді бар болғаны екі-ақ мың данамен шығарылатын қазақша кітаптар дүкен сөрелерінде өтпей жататын күйге жетіппіз! «Халықта қаражат жоқ болғандықтан өтпейді» – дейді бір сәуегей, қазақтың «кедеймін» дегенінің қалай той жасайтынын көрмей жүргендей. Мәселе қаржыда емес, мұның себебі, елімізде: «алып-сатар болудан асқан өнер жоқ» деген үгіттің халыққа мықты жүргізілуінен, ал, білімге, парасаттылыққа үндеген тәрбиелік бағыттағы саясаттың кемдігінен дер едім. Байқап қарасақ, қоғамы материалдық байлық табуға тым берілген, саудасаттыққа тым жақын елдерде музыка өнері дамымай, адамдарының руханият деңгейі жеңіл-желпі эңбилермен шектеліп, терең мағыналы философиялық шығармаларға сұраныс болмай қалады екен. Мысалы, сауда қуған, тым прагматик ағылшын халқынан, Европадағы өзге елдерде музыкалық өнер қарқынды дамып жатқан ғасырларда да, бірде-бір әлемге әйгілі композитор шықпады. АҚШ-та да солай болды. XX-ғасырда ағылшында Б.Бриттен, АҚШ-та Дж.Гершвин сияқты бірен-саран ірі жанрларда жазатын композиторлар шыққанымен, олардың шығармаларын неміс, итальян, француз, орыс классик композиторларының деңгейімен салыстыруға келмейді. Бұл елдердің музыкадағы аттары тек XX-ғасырда коммерциялық дырду әндермен ғана шықты ғой.

Пайдакүнемдіктен жоғары идеясы жоқ, романтизмнен макрұм қоғамда адамның жан-дүниесіндегі күрделі мәселелерді баяндайтын ірі жанрдағы терең мазмұнды шығармаларға, оны жазатын композиторлық мамандыққа көзқарас төмендемек. Ондай мемлекетте музыка өнері тек табыс түсіретін титәкудырду әуендер деңгейіне құлдырайтынын үкіметі айқын мәдениет саясатын түзе алмай, жатжұрттық антимәдениет экс-

пансиясына іргесі айқара ашық жатқан Қазақстан мысалынан нақты көруге болады.

Ч.Дарвин, адамға аптасына кемінде бір рет парасатты музыка тыңдап және белгілі мөлшерде өлең оқу қажеттігін, өйткені, адамның музыкаға талғамын жоғалтуы – бақытын жоғалтуымен бара-бар екенін, бұл оның ақыл-қабілетіне зияндығын, одан да қауіптісі – мінез-құлқы сапасына әсер ететінін жазған. Иә, гуманистік өнермен тәрбиелеу мәселесі жолға қойылмай, бетімен жіберілген, адамдардың санасы ала-құла қоғамда не түрлі агрессивті мінездердің қатерінен ешкім де сенімді өмір сүре алмайды. Мәдениет экологиясына байланысты Ресей академигі Д.С.Лихачев: «Человек живет не только в природной среде, но и в среде, созданной культурой его предков и им самим. Сохранение культурной среды – задача не менее важная, чем сохранение окружающей природы. Если природа необходима человеку для его биологической жизни, то культурная среда не менее необходима для его духовной жизни, нравственной самодисциплины и социальнойности» – дейді. Егер, мемлекетімізге тобыр емес, тұлғалар қажет десек, адам сезімінің тілі – музыка өнерінің парасатты саласын насихаттау жұмыстарын жолға жедел қою қажет. Өйткені, адамның намысын, сенімін сезімі нығайтады. Биік сезімсіз – сенім солқылдақ бақай-есепке құрылмақ. Сезімі дамыған жан ешқашан қоғамдағы халықтық мәселелерге бей-жай қарамайды. Ал, сезімсізден тұлға шықпайды, ондайлар тобырлық санамен не нәрсеге де көнбіс болып, айдаған жаққа жүре бермек. Сондықтан, еліміздегі мәдени экологияны сауықтыру үшін:

1. Адам денсаулығына зиянды, рухани сезім мешеулігіне ұшырататын «порно-ритмдердің» халықтың еркінсіз теле-радио жарнамаларында, көше, көлік, т.б. қоғамдық орындарда насихатталуына тыйым салынуын жұртшылық Қазақстан үкіметінен талап етуге тиіс.

2. ҚР «Мәденет туралы Заңындағы» классикалық және халық музыкасына қатысты айтылғандардың іс жүзіне асырылуына ықпал ету мақсатында «Парасатты музыканы насихаттау және Қазақ музыкасына ұлттық сипатын қайтару» атты қоғамдық комитет құру қажет.



**Жанғали ЖҮЗБАЙ,**  
күйші

## «НОТА ЖАЗУЫ ҚАЗАҚ КҮЙІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРІП, ДӘСТҮРЛІ КҮЙШІЛІКТІ БҰЗДЫ...»

Жатқан жері жарық болсын, қазақ күйінің білгірі марқұм Ақселеу ағаны 2009 жылдың күзінде Астанадағы Қазақ Ұлттық музыка Академиясының оқытушылары мен студенттері жиналған аудиторияға орындаушылық өнер тарихы курсынан дәріс оқуға арнайы шақырған едік. Ақселеу ағамыз күй тарихын дәстүрлі жолмен талдап (ол кезде кез-келген ұлттық шығарма батыс еуропалық көзқараспен жіктелетін, қазір де сарқыншағы бар) күйтанушықауымдыөзінің тың ойларымен, ғылыми-салыстырмалы қисындарымен таң-тамаша қалдырды. Қазіргі замандағы ноталық жүйені сынай келіп: «Осы нота жазуы қазақ күйінің қасиетіне көп нұқсан келтірді, дәстүрлі күйшілікті бұзды, осы бір «кесепат» таңбаны кім шығарған екен деп зерттей келіп, осы нотаны... қазақ шығарғанын көріп қайран қалдым, нота жүйесіне қатысты біршама сыни мақалаларымды жариялаудан бас тарттым, себебі, осы бір әлемге ортақ музыкалық таңбаны біздің қыпшақтан шыққан ғұлама Әбунасыр әл-Фараби бабамыз шығарған екен ғой» деді... Күйші Таласбек Әсемқұлов ағамыз нотаның қазақ күйіне керек екенін, бірақ, жазу жүйесі түркілік тіл тіркесіне, қазақы сөз бен сөйлем құрылымына сай жүйеленуі, соған сай таңбалардың да қайта жасалуы керек екенін айтады. Жеті нотаның жазылуынан бөлек штрихтардың анықтамасын ұлттық музыкалық тілге сәйкестендіру керек екенін және оны кәсіби оқыту тәжірибесіне шұғыл енгізбесе арты өкініш болатынын да Тәкең бірнеше рет жариялы түрде қадап айтып еді. Осы мәселе әлі күнге дейін толғауы тоқсан болып келе жатыр, ал, қазақ нота білімінің жаңа реформасын баяулата болса да қолға алуға кірісіп кетті. Тәкең шертетін Кетбұғының «Сауға» күйін нотаға түсіру кезінде күйдің қағысын дәл

анықтайтын таңба нота тәжірибесінде жоқ болып шықты, үзбе қағысты жазу үшін қазақтың рулық таңбасындағы «бақан» белгісін қолдануға тура келді, күйдің штрихына дөп келетін белгі ретінде тәжірибеге енді...

Көне таңбалардың қалай шыққанын, жазудың қалай пайда болғанын екшеудің музыка ғылымы үшін маңызы көп. Эволюция логикасы бойынша алдымен бейнелеу өнері, одан соң таңба, ең соңында жазу мен цифр туындаған шығар. Қазіргі нота ұғымы дыбыс емес, дыбысты бейнелейтін таңбалық жазу. Дыбыс екі түрлі – жай және музыкалық дыбыстар. Жай дыбыс пен музыкалық дыбыстың жаратылысы бір, екеуі де физикалық соқтығыстан туындайды. Жай дыбыстың тербеліс биіктігі музыкалық дыбыспен бірдей болуы мүмкін, солай бола тұра, адам құлығы оны таңбалауды қажетсінебейді, себебі, оны сөзбен де бейнелеп, әсерлеп айтуға болады. Ал, музыкалық дыбыс жазу мәдениетін тілейді, дыбысты таңбалау дамымаған дәуірлердің өзінде көптеген халықтар өздерінің музыкалық аспаптарының мойнына шартты таңба ретінде белгілер салған, қазақы домбырадағы пернелердің пайда болуы да таңбалау әрекетінің жемісі, әрбір перненің халықтық атаулары ауызша болса да бірінен-бірі ажырату салдарынан шағады.

Ежелгі грек мәдениетінде дамыған математика мен музыка шығыс ғұламаларының еңбегімен жалғасып көшелі ғылымға айналды. Ол орта ғасырдағы Еуропа ғылымына үлкен әсерін тигізді. Шығыс, оның ішінде араб ғалымдары ғылым жүйесін кешенді түрде қарауды ұсынды, яғни, арифметика, риторика, геометрия, музыка, медицина, поэзия, астрономия, алхимия ғылымдары тұтас зерттелді, логика, философия, тарих та осы ғылымдармен сабақтас бол-

ды. Еуропаның өркениеттік прогресін алға сүйреген бұл кезең (VIII-XII ғ.) музыкалық аспаптардың да дамуына күшті әсер етті. Еуропада араб аспаптары кең қолданыла бастады, осы күнгі лютня (эль-уд), гитара (гүй-тар), ребек (ребаб), тамбурин (бандауыр немесе танбур эль-хорасан), барабан, цитра мен канон сияқты ортағасырлық аспаптардың бәрі арабтікі екені әлдеқашан басы ашылған әңгіме. Шертпелі аспаптардың шығу тарихында лютня тектес аспаптар көшпелілердің қос шекті аспаптарымен қатар пайда болғаны, олардың өзара ұқсастықтары мен дамудағы ықпалдары жөнінде өнертанушы ғалым С.Өтеғалиева нақты тұжырымдар келтіреді, түркілердің қос шекті немесе үш шекті домбыра тектес аспаптары Еуропадағы көптеген халықтардың мәдениетіне кірікті боп кеткені рас. Бұл жерде аспап мәдениетін қалыптастыру шежіресінде арабтармен бірге түркі өркениетінің де жетекші орында болғанын айтқымыз келеді.

Арабтар гректердің көптеген музыкалық еңбектерін тәржімеледі. Аристоксеннен - «Гармоника» мен «Ритмика», Эвклидтен - «Канон» мен «Гармоника», Птолемей мен Никомахтың «Гармоникасы» және Аристотельдің «Проблемасы» Еуропаға Араб аудармалары арқылы жетті. Алғашқы араб музыка теориясының негізін қалағандардың басында біздің бабамыз – Әбу Насыр әл-Фараби мен медицинаның атасы Әбу Әли Ибн Сина тұрды. Алғашқы дыбыс таңбасы аспаптық табулатура деп аталды, бұл нотацияның фонетикалық үлгісі еді. Еуропада пайда болған алғашқы жазулар осы әдіспен жазылды, жеке оқулықтар да құрастырылып тәжірибеге енді. Табулатураның ізімен фонетикалық сольфеджио пайда болды. Араб әліппесінің негізінде адамзатқа ортақ болған бүгінгі нота атаулары белгілі болды: дәл-до, ра-ре, мим-ми, фә-фа, сол-соль, ләм-ля, син-си.

Ортағасырлық Араб өркениетінің Түркістанға (Отырар, Бұхара, Хорасан) мәдени әсері ерекше мол болғаны тарихтан аян, X ғасырда мұнда зиятты білім беретін араб медреселері мен мектептері жұмыс істеді, Орта Азиядағы музыка мәдениетінің даму деңгейінің жоғары болуы сондықтан, Араб музыка теориясын жетілдірген ғалымдардың көбі осы топырақта дүниеге келуі түрік пен араб сазының келісімін жасай алды, бұл істің хордофондардың

жетілуіне де айтарлықтай жұғымы тигені рас. Сол заманнан қалған музыканы таңбалап жазу құралы – Хорезм табулатурасы деп аталады. Оны танбур аспабына лайықтап жетілдірген түрік музыканты-Камил Хорезми (*сойы түрік, сүйегі дулат*). XII ғасырдан бері аспаптық музыка жазбаларының керегін осы жазу өтеді. Дыбыстарды аспаптың пернелеріне лайық таңбалау арқылы оны меңгеру орындаушылық өнерді едәуір оңайлатты. Табулатуралық жәдігердің ортағасырдағы араб мәдениетінен қалғанын фольклортанушы В.Беляев «...ол әл-Фараби мен Ибн Сина өмір сүрген кезеңдердегі арабтың өркендеген музыкалық мәдениетінің жұрнағы болуы керек» (В.Успенский, В.Беляев. *Туркменская музыка. Типография «Комплекс» – 2003*) деген пікірі арқылы тарих бетіне қалдырып кетті. Хорезм нотациясы біздің заманымызға дейін жетіп, бірсыпыра көне өзбек, түркімен шығармаларының жазбалары шифрланды. Бұл салада кеңес дәуіріндегі теоретиктер – В.А.Успенский, В.М.Беляев, И. Р. Раджабов, И.А.Акбаровтар табысты еңбектер жасады.

Еуропада XII ғасырда ғана музыканың мензуралық (латынша *mensura* – өлшем деген сөз) теориясы пайда болды. Осының негізінде дыбысты жазатын таңбалар да дүниеге келді. Нотаны реформалаушы ретінде италия музыкатанушысы Гвидо д'Арrezzoны (992-1050) ерекше атағанымыз дұрыс. Аретинский (орыс деректемелерінде осылай аталды) төрт сызықты нота жүйесін ұсынды. Бес сызықты нота кейін готикалық нотация деген атпен шықты. Мұнда әрбір дыбыс таңбаланды, нотаның ұзақтығы мен биіктігі «шеге таңбамен» белгіленді. Кезінде Б.Ерзакович Мажарстандағы құман қыпшақтардың шіркеу дұғасынан қазақтың «Ақсақ құлан» күйінің ұқсас әуенін осы готикалық жазудан шифрлап тапқан. Сонда, ол жерге қыпшақтардың қоныстануы XIII ғасырда деп есептесек, готикалық жазбаның пайда болу тұсын анықтауға болатындай. Еуропада шіркеу дұғаларының ноталық жазбалары да осы кезеңдерде пайда болды. Нотаның қазіргі түрінің жетілуіне түрткі болған да арабтардың дұғаны әндіте оқуы екенін айта кету абзал, өзге діндегілер де осыған еліктеді. Ислам дініндегі дұғаны оқу үшін музыкалық таңбаның қажетін фонетикалық таңба өтеді. Араб әліпбиінде дыбысты қысқарта, соза, әуенді биіктете немесе бәсеңдете алатын таңбалар бол-

ды, олар негізінен осыған сүйенді. Өздері дамытқан музыка жүйесін діни мақсатта қолданбауының бұдан басқа да себептері де болуы мүмкін... Ал, христиан дініндегі жоралғы бойынша сөз мәтінін сазбен белгілеу үшін ноталық таңба ойлап табудың қажеттілігі зор еді.

Православия дінінде де нотаның сызықсыз таңбалары кең қолданыста болды. Осы мақсатта «Музыка азбукасы» деген арнайы оқулық та жазылды («Ключ знаменный» – Христофордікі, «Извещение о согласных пометах» – Александр Мезенцүтікі, XVII ғ.). Орыс жеріне музыкалық таңбаның келуі грек үлгісімен «кондакарлық әндету» үрдісінен бастау алады, бұл да діни дұғалықтар, византиядан келген, осы күні зерттеле бастаған армяндардың музыкалық белгілерге құрылған хазы нотациясы да орта ғасырда христиан дінімен бірге келген. Осы жазуларды салыстырар болсақ, шығыстық және батыстық таңбалау үлгілері бөлініп шығар еді, екеуі де әріп пен цифрға жүйеленген, тек даму барысында батыстық үлгі алға шығып кетті. Оның себебі ғасырлар бойғы ізденісте және рухани-діни тұрмыстағы қажеттілікте екені айқын еді.

Европалық нота системасы XVII ғасырда толық қалыптасты деуге болады. Алғашқы аспаптық, вокалдық шығармалардың халыққа таралуы осы кезеңге сай келеді. Қазіргі нота үлгісі сол өркениеттің мұрасы. Жалпы, жазу өнеріне келетін болсақ Азиядағы ең көне руникалық таңба Алтайда пайда болғанын айтуымыз керек, оның ішінде қазаққа мұрағаты тиесілі орхон-енесай жазуының әлемдегі алғашқы жетілген жазу екенін тіл ғылымы әлдеқашан мойындап қойған. В.Томсен ашқан орхон жазуларының музыка біліміне қаншалықты қатысы бар екені әлі зерттелген жоқ, дегенмен филологтардың пікірін ескерсек, тастағы жазулардың белгілі ырғағы бар ақ өлең түрінде шыққаны музыканттар назарын аударуы тиіс те (*«Түрік қағанатының тоғыз асылы бар, олар: қара бұдүн – халық, толғақты ту – мемлекеттік рәміз, орда, есір – хан тағы, тәжі, белбау, ақберен – қанжар, өздік ат – тұлпар, хатун – сұлу қыз»*). Бұл мемлекеттік тұтастықты дәріптейтін ата-бабадан қалған сөз. Қазіргі «тоғыз тарау» күйінің осы мағынада шықпаса кім кепіл, домбыраның тоғыз пернесі де тегін нышан емес). Күлтегін мен Тоныкөк заманындағы таңбалау үрдісі жалпы

шығыс жұртына ойма жазуды (иероглиф) әкелді, соның салдарынан Еуропа елі де жазу әліпбиінің өркениетіне қолын жеткізе алды... Таңбалардың ішінде қазіргі нота жазу тәжірибесіндегі белгілерге ұқсас әріптердің болуы болашақта олардың ұлттық музыкалық аспаптарға ғана тән таңбалар жасау перспективасына жол аша алады. Қазіргі ұлттық шекті аспаптарымыздың қағыстары мен штрихтары европалық аспаптардың мүлкі екені, олардың таңбалық анықтамалары төл өнерімізге дөп келіңкіремейтінін ескерсек, бұл ойымыздың болашағы болып қалуы ғажап емес. Күлтегін, Тоныкөк жазбаларының әдеби ескерткіштің жәдігері екенін ескере отырып, поэтикалық тіл мен музыкалық тілдің түбірлестігіне байланысты зерттеуге тұрарлық нысана деп санауға болады. Тастағы жырды – поэтикалық мәтін ретінде бағалай аламыз, себебі, көне түркі мен қазіргі қыпшақ тілінің арасында диалектикалық туыстық үзілген жоқ. Ендеше, ондағы мақам да үзілуге тиісті емес. Жалпы, күй табиғатының арғы сипатын сөз өнерінен іздегеннен көп нәрсені ұтарымыз айдан анық.

Қазақ халқының рулық таңбасы әуен ғылымына қатыссыз болғанмен петроглификада жазу белгісі ретінде қарастырылады. Бұл белгілердің күйге тікелей таңбалық нысан бола алуы ықтимал, себебі, қазақ таңбаларында аспаптардың да бейнесі бар, оның үстіне таңбаның арғы түбірінің әріп екені рас. Ал, әріп – дыбысты, дыбыс – мелодияны, сөз буыны – өлшемді (размерді), сөз екпіні – ритмді туындататыны белгілі. Рулық таңбалардың ішінде домбыраның қағысымен сәйкес келетін белгілер бірен-саран болса да бар және олардың кездейсоқ сәйкестік екенін де мойындаймыз. Рулық таңба мен музыкалық таңбаның ешқандай қисындық қатынасы болмаса да, кейбір күй қағыстары немесе күй ишараттарына сол таңбаларды ұсынуға болатындай-ақ... Домбырадағы «П» – белгісі оң қағысты бейнелейді, рулық таңбадағы аты – «босаға», теріс қағысты суреттей алатын «v» белгісі де бар («теріс таңбалы найман руының таңбасы»), оның рулық таңба ретіндегі аты – «бақан», сол қолдағы ыза қағысқа келетін «+» (ашамай) таңбасы Жошы ханның күмбезінде бар, бұл қазақта кете-оғыз бен керейдің жебені айкастыруды көрсететін таңбасы (Айсаның қресі емес), бұл белгі

(+) домбырадағы сол қолмен қағыссыз шертілетін тәсілін бейнелейді. Телеу мен керей тайпасының таңбасы – «Х» (ашамайдың бір түрі), бұл да шекті аспаптарда биіктігі анықталмаған дыбыстарға қолданылатын белгі. Фложелет әдісіне келетін «О» белгісі ғұндардың күнді белгілейтін көне таңбасы, қазіргі ұлы жүз руларында көп қолданылады, осыған ұқсас «00» арғынның рулық таңбасы, ол «көз таңба» деп аталады. Адайдың – «І» (жебе) таңбасы орыс домрасы мен мондалинада қолдың шерту бағытының көлденең қозғалыстарын бейнелейді, домбырада сирек қолданылады. Қазақтың рулық таңбаларында лиганы бейнелейтін «жарты ай», ашық шекті бейнелейтін «көз», ширек паузаны бейнелейтін «ұмай ана», мордентке ұсас «шылбыр, екінші шектегі ойынды бейнелей алатын көне қыпшақтың «екі әліп» таңбасы сияқты белгілер бар. Кейбір рулардың таңбалары музыкалық аспаптармен бейнеленген, мысалы шанышқылы мен қатағанның таңбасы – домбыра, қоңырат маңғытайдікі – қобыз, қырғызәлінікі – қомыз, алтай-қарпықтыкі – шертер, алтай мен дүрмен-барластыкі – адырна. Төре таңба – тарақ (ш) та төмен қағысқа ұқсайды, оны шертпедегі қара қағысты таңбалауға ұсыныс ретінде кіріктірудің перспективасы бар. Шапыраштының тұмар таңбасы – (>) екпінді акцентке келеді. Осы ұқсастықтарды қазіргі таңбаларымызбен салыстыра отырып штрихтардың баламалы аттарын табуға болатындай.

Профессор Х. Тастанов домбыра методикасына орыс аспаптарының көптеген қағыстарын, аппликатуралық үлгісін домбыраға кіргізген алғашқы әдіскерлердің бірі болды. «Домбыраға арналған пьесалар» атты жинағында домбыраның оң және сол қолдардағы шартты белгілерінің үлгісін ұсынды. Орыс аспабынан алынған домбыра таңбаларының ішінде алабөтен бір таңба көзге жылы ұшырайды, ол кіші жүздің беріш руының «күн» таңбасы – «О», (ортасында нүктесі бар), бұл таңбаны ол шекті термелей тартатын саусақтардың санын айқындау үшін пайдаланды. Х.Тастановтың бұл ізденісі шындығында ұлтшылдықтан тумаған еді, осыған ұқсастау таңбалау үрдісі гитара тәжірибесінде бұрыннан бар болатын. Алайда, осы таңбаның қолданысы кеңес заманында белгісіз себептермен қолдау таба алмады, тәжірибеге еніп үлгермей жа-

тып алынып тасталды. Домбыра методикасына көп еңбегі сіңген Х.Тастановтың осы бір қазақы нышананы арнайы мақсатсыз (мүмкін мақсатты) қолданысқа енгізуге тырысқан әрекет-идеясы әлі күнге дейін қазақ зерттеушілерінің санасында бар. Х.Тастанов ұлттың өзіне тән таңбаларды аспап сипатына сай кәдеге асыруды аспаптың орындаушылық сұранысына орай іске асыруға тырысқаны рас, оның үстіне қазіргі нота жазуының шартына нұқсан келмейтін төл таңбаларымыз бен әріптердің мол екенін оның аңғаруы да мүмкін... Орта ғасырлардағы орыс нотациясының шығу тарихында «шегелер» (гвозди), «белгілер» (помет), «кілттер» (ключ знаменный) деген дәстүрлі таңбалар болғанын жоғарыда айтып өткенбіз, осындай үрдіске паранпар ұлттық таңбалау жүйесінің ендігі жерде жарыққа шығатын қисыны да бар сияқты. Жалқы саусақты таңбалау үшін осы күнгі қолданып жүрген «Ү» (құлақшасы бар) негізінде - кіші жүз Қызылқұрттың таңбасы, оны тәжірибеге енгізген профессор А. Жайымов. Бұл қағыстың таңбалануына өте-мөте сәтті пайдаланылған әдіс боп шықты және тәжірибеге тез сіңіп, жатық боп кетті.

Қазіргі нота жазуына сәйкес келетін әріптер орхон-енисей жазуларында да бар. Мұнда акцентті бейнелейтін белгі, ширек паузаға ұқсас әріптер бар. Болашақта домбыра тәжірибесіне енгізуге ұсынарлық белгілерді осы рунолық жазбалардан да іздеуге болады. Мұндай сұраныс неліктен туындап отыр деген сұраққа жауабым дайын. Қазақ күйлерінің қағыстары мен тәсілдерін қамтамасыз етуге қазіргі балалайкадан ауысқан амалдар жеткіліксіз болып отыр, оның үстіне әдіскерлер ұсынған жаңа таңбалардың көбінің қолданыс аясы тар немесе амалға сай келмейді. Қағыс негізінен ұғымға түсінікті әрі санынан гөрі сапасы бар болуы керек, ал, домбырадағы қазіргі таңбалардың саны отыздан асса да тәжірибеде ықпалды айқындауыш бола алмай отыр.

Бізбен тарихы мен мәдени шежіресі төркіндес Қытай халқында цин дейтін аспап бар, ол біздің жетігенге ұқсас. Осы аспаптың ноталық жазбасы VI ғасырда пайда болған (біздің рулық таңбаларымыздың пайда болуы да соған кезендес). Осы аспаптың таңбаларында біздің назарымызды аудартатын екі мәселе бар: **біріншісі** – әрбір штрихтың, шектің, тәсілдің дәс-

түрлі қытайша аттары болады; екіншісі – олардың тартылу мінездемелері белгілі бір суреттемелік көріністің мағынасын береді немесе маңызын әңгімелейді. Мысалы, оң қолдың бас бармағымен төмен іліп тарту «ұшуға дайындалған тырнаның қанат қомдағанындай» қалыпта болуы, ал, ортаңғы қолмен ілгенде «бұлтқа ілініп қалған айдаһардың» бейнесіндей қимыл жасалуы шарт саналады (Е.В.Васильченко. **Музыкальные культуры мира. Москва. Издательство Российского университета Дружбы народов. Москва-2001**). Мұнда қағыс жасайтын тәсілдердің аттары өте түсінікті әрі қытайдың музыкалық мәдениетіне етене жақын, оның үстіне қолдың қимылы мен «тырнаның» немесе «айдаһардың» соған балама суреті де бар, ол да қағысты айқындайтын қосалқы символикалық таңба болып саналады. Осы аспап үшін жасалған музыкалық таңбалар өте көп, бір ғана вибратор тәсілі үшін 100-ден астам, ал, портаменто үшін 50 шақты белгілер бар. Жоғарыдағы жетіген тектес қытай аспабына арналған «Цинді мадақтау» деп аталатын қытай жыршысы Цзи Каньның мынадай өлеңі бар:

Әуеннің тәртібі мынадай болуы керек:

Бірінші «үлкен төбе» бастайды,  
Одан соң «Қоналқы демалыс»,  
«Тайшань»,  
Содан кейін «Шығыс сарбаздары»,  
Бұлардан кейін «Айдаһардың ұшуы»,

«Маралдың мөңіремесі»,  
«Тауық пен тырна»,  
«Даланың шектері»...  
Бұл саздар кезегімен тартылады,  
Олардың табиғаты тұтас...  
(аударма И. Нұрахметтікі).

Мұнда негізінен аспаптық шығарма композициясының анықтамасы айтылады және орындаудың амалы мен тәсілін іске асыратын штрихтар да солармен тұтас ұғымда болып отыр. Шығармалардың дамуы заңдылығын қозғайтын бұл өлең қытай музыкасында бұлжымайтын композициялық заң бар екенінен хабар береді. Және осы келтірілген шығарма бөлімдерінің аттарына оны тарту тәсілінің аттары да сәйкес келеді, себебі олардың иероглифтік белгілері мен баламалы рәсімдері бар. **Қытай мен қазақ мәдениетінің тамырластығы бар екені рас, дегенмен бізге қарағанда олардың музыканы таңбалау ілімі ежелден дамыған. Олар аспаптарға қатысты зерттеулерінде көшпелі қазақтардың музыкасымен жақсы таныстығы байқалады, Су Бихайдың (қытай тарихшы-**

сы) зерттеуінде қаңлылар мен үйсіндердің қытай мәдениетіне ықпалы мол болғаны жазылған. **Қытайлар осы күнге дейін пипа дейтін шекті аспабын көшпенділерден ауысқан мүлік деп санайды, өйткені, ол қай жағынан салыстырсақ та домбырамен тектес болып шығады. Цин аспабы болса біздің жетігеннен айырмашылығы жоқ, бұл бүкіл түркі тұқымында қадірленген қасиетті аспап.**

Осы мәселелер бізге қытайдың жоғарыда келтірілген аспаптық шығарма туралы өлеңін төл күйлеріміздің құрылысы мен орындау техникасымен салыстыруға ерік береді. Осы қағидамен қазақ күйлерінің құрылысы мен дәстүрлі қағыстарының мінезделуін былайша шендестіруге болатындай.

Күй құрылысымен салыстыру:

«Үлкен төбе» – бас буын, дәстүрлі атауы – күй басы;

«Қоналқы демалыс» – орта буын, дәстүрлі атауы – күй қайырымы;

«Тайшань» – орта буын, дәстүрлі атауы – бел буын (шерпе күйде);

«Шығыс сарбаздары» – ұлы саға;

«Айдаһардың ұшуы» – кіші саға;

«Маралдың мөңіремесі» – үлкен саға;

«Тауық пен тырна» – негізгі тақырып пен қайырма;

«Даланың шектері» – күйдің түйіні, соңы.

Дәстүрлі қағыстармен салыстыру:

«Үлкен төбе» – қара қағыс;

«Қоналқы демалыс» – жалқы қағыс;

«Тайшань» – ілме қағыс;

«Айдаһардың ұшуы» – оң қағыс;

«Тауық пен тырна» – теріс қағыс.

Бұл салыстырмалар өлеңнің тақырыбындағы мазмұндар мен соны рәсімдейтін сурет-таңбалардың ұқсастығынан туып отыр, мұндағы айтпақ ой – көршілес мемлекеттегі музыкалық даму мен көшпелі өркениеттің музыкалық дамуындағы белгілі бір қарым-қатынастың болғандығын, аспаптық өнердің түбіріндегі даму үрдісінің төркіндес екендігін айту ғана. Қытай әрине, отырықшы ел, олардағы музыкалық еркіндігі мүлде бөлек ұғым, дегенмен олардың дыбысты таңбалауы мен біздің дәстүрлі күй аттарының пайда болуында бір жақындық сезіледі. Мұндай пікірді Е.В.Васильченконың жазбаларынан кездестіруге болады (Е. В.Васильченко. Музыкальные культуры мира. Москва. Издательство Российского университета Дружбы народов. Москва-2001).

Жапон, Кәріс, Вьетнам халықтарында



да осындай төлтума мәдениет бар. Мұндағы музыкалық таңбалардың тек қана халықтық екенін ескере отырып және домбыра аспабындағы тәсілдердің де осылардан деңгейі төмен емес екенін мойындайтын болсақ, онда қазіргі нота жазбасына біз де дәстүрлі таңбаларымызды енгізуге тәуекел етуіміз керек. **Бабыр мен Мұхаммед-Қайдар Дулатилармен бірге Үндістанға жеткен қазақ домбырасы ешқандай өзгеріске түспей осы күні үнді халқының ұлттық аспабына айналып кетті, аты да өзгермеген – тампура (домбыра).** Енді, осы аспаптың қолданысына келетін болсақ, үндінің классикалық билерін сүйемелдейтін сарындар орындалады екен, яғни, үнділер оның байырғы түркілік дәстүрлі міндетін бұзбаған. Бұл туралы Е.В.Васильченко: «...Возьмем, например чисто инструментальные формы музицирования, где в ансамбль, сопровождающий солирующий инструмент – ситар, саранги или шенаи и др., как правило, обязательно входит тампура. В этом случае солист-инструменталист как бы берет на себя функцию певца, имитируя на инструменте звучание человеческого голоса» – деп жазады. Бұл жерде тампура-домбыраның адам дауысына жақын тембрі бар екені (көмей-бурдон), оны үнділердің ерекше киелі аспап деп қарайтыны айтылып отыр. Осы жерде, исламдағы сопылық ағым жайында айтуға тура келеді, Қожа Ахмет Яссауи заманында суфизм орденінің орталығы Үндістанда болғаны, олардың діни насихатпен қатар емшілікпен айналысқаны белгілі. Емшіліктің бір шипасы музыкатерапия, оның ішінде күй, саз, қосық екені де рас. **Сопылық ағым қазақтың қобызбен емдеуімен қатар өмір сүрген, сопылық канондары музыка тыңдаудың ағзаға шипасы болатынын жоққа шығармаған. Исламның бір бұтағы суфизмді үнді жеріне апарғандар түрік мұсылмандары болғанын жоғарыда айттық, әңгіме домбырамен бірге Үндістанға көшпелілердің аспаптық шығармасының да кіргеніне ойысады. Қазір тампура-домбыра аспаптық инструментарияда үнді-түркілік мұсылмандық мәдени кезеңнің синтезі ретінде қарастырылып жүр.**

Аспапта орындалатын шығармалардың таңбалары домбыраны ортақ аспап еткен түркілер мен үнділерде жазбаша түрде қалыптаспаған десек те, олардың орындалғандағы тынысының, ырғағының дәстүрлі аттары да сақталған. Қазақ күйлеріндегі күй тартардың алдындағы жора, күйдің

аңызы мен оны шығарушының ахуалын әңгімелеу де осыған сай құбылыс. **Яғни, күйдің тартылуын реттеп отыратын кодекс қазақта бұрыннан бар, оның әрбір орындау мәдениетін айқындап отыратын киелі сөздері де болған, осы күнге дейін жеткен «Күй басы», «Құлақ күйі», «Қосбасар», «Қоңыр», «Кертолғау», «Ақ-желең» сияқты атаулар негізінен күйдің қалай тартылуын алдын-ала жоспарлай алатын дәстүрлі анықтауыштар болып табылады.** Жоғарыдағы қытай аспабындағы анықтамалар сияқты күйдің дәстүрлі композициялық құрылымын айқындайтын анықтама домбырада бар. Қытай музыкасындағы «тырна» мен «айдаһар» сияқты саздық мағынасы бар сөздерге «Қасқыр», «Аққу» сияқты күйлердің аттары төркіндес келеді, ал, «Бозінген», «Ерке Атан», «Қара жорға», «Жорға Аю», «Ақсақ құлан» т.б. сияқты күй атауларының болуы қазақтағы күй композициясы мен орындауға қатысты ұғымдар мен атаулардың мейлінше молдығын көрсетеді, олардың шартты таңбалары болмағанмен орындаудағы қағидалары әлі күнге дейін тұрмысымызда сақталып отыр. Бұрынғы домбыра қағыстарының аттары мен тұрақты жүйесінің аттары кейіннен ұмытылықырап кеткені рас, бірақ, солардың күйдегі салты әлі тірі. Қазір қағыс жүйесін жаңғырту үшін жасалып отырған зерттеулердің негізгі мақсаты да сол. Әуелгі қадамды қағыстар мен олардың тыныс белгілерінен бастағанда және ұлттық дәстүрлі күй мәдениетіне лайық таңбалардың түбірін анықтағанда ғана домбырадағы орындаушылық өнер қалыпты даму жолына түсе алады.

Осы мақаладағы ұсыныстың өміршеңдігі өзіміздің намысымызға, амбициямызға байланысты, жоғарыда келтірілген Ресей, Қытай, Үнді халықтарының музыка ғылымында өз ұлтының таңбаларын ендіргенін және соларды мәдени құндылықтар ретінде қолданып отырғанын ескерсек, бізге де осындай әрекет жасауға ешкім кедергі келтіре алмайды..., аспаптық музыкамыздың өркендеуі жолында кәсіби оқыту саласына осы талапты төтесінен қоятын да кез келген секілді. Ал, біздің тарихымыздың тасқа қашалған таңбалары отандық ғылымға ықпал еткенін қоймайды, өнертану ғылымы да солардан бастау алысын, одан еуропалық өркениетке индей зиян болмайды. Тамам.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,  
филология ғылымының докторы,  
ҚазҰУ-і филология факультетінің  
деканы

## ҰЛЫ АҚЫН, ҰЛЫҚ ҰСТАЗ – ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ

1977 жылдың ақпанында қысқы сессиядан кейін енді-енді жиналып жатқан кезіміз. Тобымыздың старостасы Жалғас Әбнасыров жүгіріп келіп «бізге ақын Қадыр сабақ оқитын болды» деген хабар айтты. Қадыр Мырзалиевтің атағы дүрілдеп тұрған уақыт. Бәріміз сабақ кестесіне қарай тұра жүгірдік. Барсақ, әдебиетшілер тобына Қадекең «Махамбеттану» атты арнаулы курстан сабақ жүргізетін болыпты. Қатты қуанып қалдық.

Сабақ болар күнді асыға күтіп жүрдік. Ұмытпасам бейсенбі болу керек, сағат 3-тегі сабағына Қадыр ұстаз сәл-пәл кешігіңкіреп келді. Әлі есімде ақынның дәрісханаға кірісі, ә, дегенде-ақ, өзіне тартып алғаны рас.

Есікті ашып кіріп келгенде, күтіп отырған бәріміз орнымыздан дүр көтеріліп құрмет көрсеттік. Сәлемдесіп, бас изеп, ізеттік білдіріп, ортаға озды. Сырт киімін сондай сыпайылықпен шешіп-іліп, әр қимылын аңдып отырған біздерге қарай бұрылды. Киіктің асығындай жігіт ағасының ішкі қуат-күшін білдіріп тұрған шымырлық болмысы көзімізге жалт ете түскендей болды. Қалың да ұзын ақбоз бұйра шаштан төмен орын тепкен ашық маңдай, қиырдағыны шалатын қаршыға көз, жоталылау қырлы мұрын, бір-бірімен қиюын таба жымдаса кеткен жұқа ерін, жақ тұстан бөлектене келіп сүйірленіп кететін әдемі иек бәрі-бәрі бейне бір шебердің қолынан шыққандай әсемдене біткен. Бәкене бойлы болғанымен кеуде, аяқ түс әдейі өлшеп бергендей, ұзын-қысқалығы сай келіп тепе-теңдік ұстап тұр. Әдетте, кішкене адамдар көз тарта бермейді ғой. Ал, Қадыр аға тұр-тұлғасы-

мен құдды бір асыл тастан қашап жасаған ескерткіш іспетті көрінді бізге.

Бүкіл аудитория көз алмастан, дем алмас-тан десем де болады, әр қимылды, әр сәтті бақылап отырмыз. Ол кісі тақта алдына келіп, жайлап сәл алға шықты да: «Менің аты-жөнім Қадыр Мырзалиев. Ақын екенімді білетін шығарсындар. Баяғыда, қазір баяғы боп кетті ғой, біраз уақыт сабақ бергенмін, кейін қойып кеттік. Биыл Зекең (Зейнолла Қабдолов) қайта шақырып, жалпы курстан әдебиеттануға кіріспеден, сонан-соң бір арнаулы курстан сабақ оқисың деген соң, келіп қалдық. «Әдебиеттануға кіріспе» келесі жылдан, ал Сіздерге «Махамбеттану» атты арнаулы курстан дәріс оқып, практикалық сабақ жүргіземін, – деді.

«Бұл алғашқы сабақ», – деді сонан-соң сөзін жалғап. – Сондықтан да, көп жағдайды анықтап алғым келгені ғой. Сіздер менен біздердің мүмкіндіктеріміз қандай екен? Қашанда сұраныс пен қанағаттың ара қашығын анықтап алған жөн», – деп сөзін түйіндеді. Ары қарай «Махамбеттану» арнаулы курсының «Кіріспесіне» кірісіп кетті. Осы арада Қадыр ағаның жас кезінің өзіндегі лекторлық шеберлігі мен сабақ өткізуінің сырлары туралы елден естіген бір әңгімені еске ала кеткен орынды.

Менің Алмахан атты Қадекеңнің Салтанатымен (жұбайын айтып отырмын) бірге оқыған құдағиым бар. Өмір бойы мектепте физика пәнінен сабақ берген білімді адам. Қазір зейнеткер, Шу қаласында тұрады. Әлі күнге дейін мектептен қол үзген жоқ. Сол кісі айтатын мына бір оқиғаны Қадекеңнің білім-білігін, қарым-қабілетін танытатын бір адам қызығарлық әдемі әңгіме деуге әбден болады. «8-9 сыныпта оқып жүргенімізде, ол кезде төртінші курс студенті Қадыр Мырзалиев бізде педагогикалық практикадан өтті, – деп бастайтын Алмахан құдағи әңгімесін. – Бір күні мұғаліміміз ашаң, жіңішке келген, ортадан төмен бойлы жас жігітті класқа ертіп келіп:

«Мынау Қадыр Мырзалиев деген ҚазМУ-дің студенті, жас ақын. Бізге практикаға келді. Енді, әдебиет пәнін сендерге осы жігіт жүргізеді», – деп кетіп қалды. Өзі жүдеулеу, үстіндегі киімдері де жарқырып тұрмаған елеусіздеу жігітке алғашқыда ешкім де көңіл аудара қойған жоқ.

Жас жігіт: «Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», – деді де сабағын бастай жөнелді. Әр сөзін безбендеп, тебірене сөйлейді екен. Бірте-бірте бәрімізді баурап алды. Бұрын бізге сабақты дәл бұлай түсіндірген адам болған емес. Алғашқыда күбір-күбірі басым класс іші бір кезде сілтідей тынды. Жас жігіт дәрісін оқып болды да клас-тан шығып кетті. Бәріміз аузымызды ашып, отырыппыз да қалыппыз. Артта отыратын кластан-класқа қалып жүрген бір-екі ересек жігіт бар-тын, солардың біреуі орнынан атып тұрып: «Әй, қыздар, ауыздарыңды ашып неғып отырсыңдар? Мына жігіт қандай, егер, мен қыз болсам дәл осы жігітті айналдырып алар едім» демесі бар ма?! Бәріміз «шу етіп», әлгі жігітті тарпа бас салдық. Бірақ, ішімізде бір сыр кеткені анық. Салтанат та сол кезде ғашық болып қалды-ау деймін», – деп әңгімесін аяқтап еді, Алексен.

Қадекеңнің «Сөйлесе сөздің шешені, ойласа ойдың көсемі» екендігі жас кезінен білінген ғой. Әйтпесе, 20 баланың көзін бақырайтып қойып, есін алып, елітіп қоя ма?! Ал, бізге келгенде Қадекең ел мойындап, жұрт қол қойған шешен-ді. Шешен болған да, Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы «білмір шешен» еді. Оның үстіне бізге оқитын пәні ақынға, ақындыққа қатысты болған соң, ол шешілмей кім шешілсін, ол төгілмей, кім төгілсін! Әр лекциясын кібіртктеп қалмай, бірден көсіле сөйлеп бастап кетуші еді. «Әдебиеттану төңірегінде, жалпы ақын-жазушылар туралы қаптаған кітап, қаптаған зерттеулер бар. Жас кезімде мен солардың біразын оқыдым. Бірақ, кешірерсіз, ештеңе таппадым. Бос сөз. Қайран уақыт, зая кеткен уақыт! Сондай кітаптарды жазған «ғалымдардың» көбі доктор деген атақ алды, дәрежеге ие болды. Кейбіреулері тіптен академик болып жүр. Ал, сұраулар сұрау күйінде қала барды», – деп бастады алғашқы дәрісін, – Міне, біз бен Сіздің міндет осы арнаулы курс арқылы Махамбетке қатысты ең болмаса бір-екі сұраулы дүниеге жауап табу».

Әр сабағын тақырыпқа сай құрып, одан ауытқымай, тақырыптың жан-жақты ашылуына күш салатын. Махамбет жайлы көп білетіндігі соншалық, бір тақырып аясы кеңейіп, кемелінен асып төгіліп жататын. Қоңыр дауыс, күмбір үн де небір деректер мен дәйектерді санаға тоғыта еселей құйып, айтар ойды шегелей бекітіп жататын. Қадекең Махамбеттің бар өлеңін жатқа біледі десем, өтірік айтқандық емес. 90 минуттық бір сабақта сан өлеңнен үзінді оқып, оларды тақырып танымын ашуға шешуші дәлелдер ретінде келтіріп отыратын. Ал, енді, талай шешенді көрдік, талай шешеннің сөзін тыңдадық. Бірақ, Қадыр ағаның ауызекі талдауындай таным талқысын кездестірген емеспін. Махамбет тағдыр-талайы; хан Жәңгірмен қарым-қатынасы: көтерілістің мәні мен маңызы; Исатай-Махамбет достығының ұрпаққа үлгі өнегесі; оның әлемдік ұлылар достығындағы орны; ақындық өнер құдіреті; ақындықтағы дәстүр мен жаңашылдық; поэзияның көркемдік өрнегі; рухтық қуаты; жалпы көркем өнер және адам; қоғам және адам; ұлт және қайраткер; адамзаттықты айқындайтын ұғымдар.

Қадыр Мырзалиев дәрісінің маңызы мен мәйегі міне, осындай сан тарам тағлымды желілерден бастау алатын. Ол осының бәрін таратып айтқанда, ортақтастырып бір тұлғаның бойына жинақтағанда, Махамбет өлең өнерімен әлемдік әдебиеттің, азаматтығымен адамзаттық деңгейде тұлғаланып шыға келетін-ді. Оның бәрі поэзия атты ұлы құдіреттен қуат алып жатқанда, тыңдамасқа, құлақ қоймасқа шараң қалмайтын. Қадыр ағаның Махамбет жайлы бір ғана арнаулы курсы Махамбеттанудағы басты мектебімізге айналғаны даусыз дүние. Өзіміз де кейін докторлығымыздың бір тарауын Махамбет поэзиясындағы азаттық идеясына арнадық. Сол тұста Қадыр аға ой-танымы бағдар шам іспетті, нұр шашып тұрғаны да талассыз шындық.

Қадыр Мырзалиев сөйлеу сөзге ғана шешен емес, керемет туа бітті педагог та психолог еді. Алғашқысын университеттен бойына сіңдіріп шықса, соңғысы тумысынан творчество адамы болып жаратылған жанға тән қасиет. Сондықтан да, ол ұстазға тән осы екі керектің таразы басын теңгеріп ұстаған ұлық ұстаз болатын. Қадыр аға ақын психологиясын ғылыми негізде меңгерген адам-тын. Бірде ол: «Анна Ахматова не көрмеді!

– деп бастады әңгімесін. – Оның басынан кешкенін адам баласына бермесін! Өзінің сүйегі асыл, берік материалдан жаралған ақын жалтақ, қорқақ, аяншақ адамдарды жек көрген. Бірде оған таныстарының бірі: «Мен тісімнің өзін наркозбен алдырдым. Ауырғанына шыдамадым! – дейді. Соны естігеннен кейін Анна Андреевна әлгіні адам қатарына қоспай кеткен. Ал, өзі көшені кесіп өтуге қорқатын еді деп жазады білетіндер. Ойлану керек. Мен өзім бұған сене алмаймын. Күндіз-түні бомбадан бас көтертпей жатқан кезде соғыстың өзінен қаймықпаған батыр тұлға (ол сол кездің өзінде қаланы тастап кетуге көпке шейін келісімін бермеген. Сталин оған арнайы ұшақ та жібермек болған) көшеден өтуге қорқушы ма еді? Егер, шынымен қорықса, онда әрине, мән бар. Халық жауларымен күрестің қызып тұрған шағында кейбір қауіпті кісілерді машинамен қағып өту – құтылудың бір тәсілі болған. Анна Ахматова сияқты аңғарымпаз ақынның оны білмеуі, ескермеуі мүмкін емес...». Таңғаларлық байқампаздық. Ақын жан дүниесінің ішкі әлеміне бойлау осындай-ақ болар. Қадекең өзі сынды ақын мінезіндегі өзгеріс құбылысын кәнігі психологтай тап басып отырған жоқ па?! Ол – нағыз психолог.

Ақын-ұстаз сабақ сайын студент-жас-тардың ішкі әлеміне бойлауға тырысатын. «90 минуттың 15 минуты сендердікі, 75 минуты таза менікі» дейтін үнемі. Ұстаз сабаққа дәл уақытында кіріп, 5 минут сол күнгі сабаққа қатысы бар, бірақ, Махамбеттен өзге дүниеден алынған жалпы адам тәрбиесі, шығармашылық тәрбиеге тиесілі түрлі қызықты, талас-тартысты әңгімені бастап қойып, сабақ аяқталуға 10 минут қалғанда, оны әрі қарай жалғап әкететін. Мәселен ол бірде: «Адамды ғалым қылатын мектеп те, жоғарғы оқу орындары да емес. Оқымысты болу, білімдар болу тек қана өз қолында. Ол үшін, әрине, Құдай берген қабілет, жігер-қайрат, ең бастысы – сол ілім-білімге деген құштарлық қажет», – деді шәкірттерін үлкен әңгімеге жетелеп. Мұның ар жағында үлкен тәлімдік дүние жатыр ғой.

«Белгілі бір халықтық қазына есептелетін тіл емес, белгілі бір региондық саналатын дін емес, ғылым – бүкіл халықтарға, бүкіл ұлт атаулыға ортақ, интернационалды дәулет. Міне, осы ортақ та ұлы дәулет өткен екі мыңжылдық та,

әсіресе, оның екінші жартысында, дәлірек айтсақ, соңғы жиырмамыншы ғасырда қарыштап дамып, ғарышқа қадам басты. Бұл тенденция, әзірше, бұдан әрі жалғаса бермек. Тенденция дегенде мен нақтылы ғарыштық бағытты айтып отырмын.

Басқа жағында біраз күдік бар. Өйткені, дүниежүзінің ірі-ірі оқымыстылары жаңа ғана аттаған жиырма бірінші ғасырдан аса үлкен жаңалық күтпейді. Оның үстіне, сөздің тура мағынасындағы Үлкен Ғылымға апаратын бірден-бір жол – жалпыхалықтық білім. Ал, енді, соның жағдайы мақтанарлық емес». Бұл да өткен ойды жалғастырған келесі сабақтың бастамасындағы толғаныс.

Қадыр ағаның практикалық сабағы тіптен керемет өтетін. Ол қашанда студентке өзін-өзі жан-жақты ашуға, ал ұстазға ізденіске бейімі білімгерді тани білуге ашуға бағытталған бейінділік сабағы болып шығатын. Дәріс сабағында қолына титтей қағаз ұстамайтын ұстаз, жауап берушінің жазып келгеніне жалтақтауын емес, керісінше, өз бетінше сөйлеуін қатты қадағалайтын. Тақырып бойынша баяндама жасағанда да, сол талаптан танбайтын. Шәкірттерінің өзін сөйлетуге, тақырыбын игере алуға тәрбиелейтін. Шығарманың туу үдерісіне бойлауға, шығармашылық тұлға лабораториясын ашуға шақыратын. Ал, өзі әдебиеттегі «ғажап дүниенің» жаралуындағы сан түрлі құбылыстар сыр-сипатына кереметтей сұңғылалықпен енетін, сөйтіп шығармашылықтың сан қатпарын нақпа-нақ айқындайтын. Ол кісінің мына бір әңгімесі осының куәсіндей: «Соғыстың алдында Абдолла Жұмағалиев деген қазақ ақыны болған. Сол болашағы өте үлкен дарын иесі соғыс кезінде ерлікпен опат болған. Соның мінезі де тура Лермонтовтың мінезіндей... Тұрған өрт болса керек. Қасым Аманжоловты сұмдық жақсы көрген. Пір тұтқан. Қасым жоқ жерде біреу-міреу ол туралы қолайсыздау сөз айтса, атып тұрып: «Жанағы сөзіңізді тағы бір қайталаңызшы!» – дейді екен. Қайталаса, қып-қызыл төбелес шығарады екен. Қасым да оны керемет жақсы көрген. «Абдолла» сияқты поэма тек сондай махаббаттан ғана туады деп білем. Ғажап дүние!»

Біздің ұстаздық-шәкірттік бірлігіміз сол практикалық сабақтардан басталады. Аға қойған сұрақтарға тиянақты жауап беріп, талқылауларда шама жеткенше дұрыс-

бұрысына қарамай өзіндік ойлар айтып, ұстаз назарына іліктік. «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Махамбет бейнесі» деген баяндамамызды да ұстаз жылы қабылдады. Семестр ортасына қарай Қадыр ағамен университет дәлізінде, ертерек келіп қалса, күтіп алып, университет алдындағы «Бақбақ» гүл тәріздес субұрқак алдында емін-еркін әңгімелесіп қалатын дәрежеге де жеттік. Бірде ол сол субұрқакқа қарап тұрып: **«Жалпы су тіршіліктің нәрі ғой. Су мен бақты Әбунасыр әл-Фараби өте жақсы көрген. Мүмкін оны ақын еткен есте қалған мөлдір су мен жасыл бақ, туған жердің елесі шығар. Махмуд Аббас өз еңбегінде әл-Фарабидің өленді арабша да, парсыша да жазғанын айрықша атап өтеді. Туған жерінен өте жастай кетіп, мәдениет жағынан әбден арабтанған данышпан туысымызға жат өлкеде жүріп өлең шығарудың қажеті де жоқ еді, әрине. Ал, оның арабша, парсыша жазған жауһар жырларының бұл заманға түгел жетпеуі тіптен мүмкін емес. Сірә, ол өз өлеңдерін басқа есім, басқа нысымен шығарған болуы керек. Әдебиет тарихында мұндай құбылыс жиі ұшырайды... Жо-оқ, Әбу Нәсір әл-Фараби мықты ғалым болғанмен, шабытты ақын болмаған ғой, сондықтан да, оның өлеңдері халық жүрегінде сақталмаған дейін десек, тоғызыншы ғасырдың аяғы мен оныншы ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Әбу-ль-фарадж әл-Исфәһанидің «Күй кітабында» ақынымызға берілген мынандай бір ғажап баға бар. «Поэзия – дөңгеленген алтын түйе, оның басы – Әбунәсір Мұхаммедке, өркеші – Әбу Нувасқа, иығы Омар ибн Әби Рабиға, кеудесі – Әбу Тәммәмға тиеді, қалғаны ішек-қарын – оны екеуіміз бөлісіп отырмыз». Бұл сөз арабтың атақты ақыны Әбу Фирастың аузынан шыққан», – деп қалды. Мұндай ойлар шәкіртті ізденіске итермелемей тұра ма?!**

Сол тұстарда Қадыр Мырзалиевтың екі томдық «Домбыра» жинағы шықты. Өзіміз той басқарып жүргендіктен, той-тамашаның сәніне сұранып тұрған, алдында жеке кітапша болып шыққан кітаптың кем дегенде тең жартысын жаттап алғандықтан, ол оқиғаны қуана қабылдадық. Қадекеңнің кей-кейде жігіт-қыздарға өлең оқытатыны бар еді. Мен өзінің де, өзгенің де өлеңін мәнерлеп оқып бергеніме разы болып, «бұл да өнер» деп көтермелеп қоятын.

«Домбыраның» екі томдығы шыққан

соң «жирен жырау» деп аталып кеткен (Зейнолла Қабдолов қойған) Рахмет деген ұйымдастырғыш жігітпен ақылдасып, ҚазМУ-де М. Әуезов бірлестігі арқылы кездесу ұйымдастыру жағын ойластырдық. Алдымен «генеральная репетиция» жасап, филология факультетінің №8 жатақханасында кездесу өткіздік. Жоспарланған күні ағаны Панфилов пен Киров көшесінің қиылысындағы корпустың алдында өзім күтіп алдым. Сол күтіп тұрған кішкентай ғана уақыттың ішінде Қадекең маған өмірлік тәлім боларлық екі нәрсені үйретіп кетті.

Келісілген уақытта мен ағаны «Бақбақ» субұрқак жаққа қарап күтіп тұрғанмын. Ол ту сыртымнан келіп түртіп қалып, сасып қалған маған: **«Адам – адамның үнемі күтпеген жағынан келеді, қарағым»,** – деді күлімсіреп. Түсінген адамға осында үлкен мән бар-ау. Екеуіміз сәл шүйіркелесіп, бағытты айқындап, енді жүргелі тұрғанымызда, Зейнолла Қабдолов корпустан шығып, үй жағына қарай бет алды. Бір-екі рет шығарып салғаным бар, үй жағын білетін едім. Біз сырттау жерде тұр едік, байқай қойған жоқ. Сол сәтте кіші ұстаз «Сен тұра тұр», – деп үлкен ұстазға қарай жылдамдата жүріп кетті. Мен орнымда тұрып қалдым. Сәлемдесіп, сәл тіл қатысып, қайтып келген соң маған: **«Ағамыз академияға член-корлыққа ұсынылып жатыр ғой, естіп пе едің? Үлкен кісілер кінәмшіл келеді. Байқамады деп тұра берсек, ұят болады. Осындай құрметті атаққа ұсынылып жатқан азаматқа, алғаш көрген сәтте «Ақ жол» тілеген жөн. Көмегіміз болмаса да, ақ тілекке қуанып қалады»,** – деді. Ішімнен не деген кішіпейілдік деп ойладым. Өзі де үлкен тұлға, сонда да інілік ізетті ұмытпайды. Байқамай өтіп кеткен адамға жүгіріп барып, ақ жол тіледі! Зекең де риза болып қалған шығар. Әдемі өнеге, мәңгілік естен кетпес тәлім. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген даналықтың нақты өмірлік көрінісі емес пе? Тәлімнің әліппесі ғой бұл.

Жатақханада кеш өте тамаша өтті. Басқа факультеттегі студенттер де келді. Қадекең тек өлеңмен болмай, терең-терең ойлар айтты. Жатақхананы көріп толқып кетті ме, әйтеуір жастық дәурендегі көңілдің түкпірінен шыққан шырайлы әңгімелердің сыры ағытылды. Сол бір мәнді-маңызды кеш туралы ойларын студенттер көпке дейін айтып жүрді. Әсіресе, студсоветіміз Қанаттың екі езуі құлағына жетіп мәз болды. Біздің жатақханада Қадырмен кездесу болғаны

оған үлкен абырой ғой. Біраз уақыттан кейін ҚазМУ-дің сол кездегі ең үлкен залдарының бірі математика корпусындағы залда «Домбыраға» қатысты үлкен кеш өткіздік.

Залға ел сыймай кетті (ол кездің студенттері алтын еді ғой), небір қасқалар мен жайсаңдар қатысты. Ұстаз мерейі өскеніне біз де қатты қуандық.

Сабақ та аяқталды, сессия да өтті. Алғашқы семинар сабақта Қадыр аға: «**Жалпы курсты (келесі оқу жылында жүргізетін) маған кафедра міндеттеді, ал, арнаулы курсты өзім таңдадым. Мұның екі себебі бар. Біріншісі мен қазір Махамбет шығармашылығымен шын мәнінде шығармашылық ғылыми деңгейде айналысып жүрмін. Себебі, Махамбет туралы драма жазбақ едім. Екіншісі осы сендерге сабақ бергенде өзімнен де, сендерден де бір қызық ой, қажетті деталь туып қала ма деген үміт бар. Жалпы, қандай бір көркем шығарма жазу үшін оның кілтін табу керек. Сонда шығарманы тез-ақ жазып тастауға болады. Ал, кілті табылмаған шығарма жартыкеш болып қала береді. Шығарма кілті кейде он айналып, жүз толғанып жүріп табылады. Ал, кейде оқыстан табыла кетеді. Мен Сіздерден идея күтемін**», – деді. Біздер ойланып-ақ қалдық. Қадекең бізден идея күтетін болса, біздер де бірдеңеге жарап қалғанымыз-ау деген мақтанш сезім де жоқ емес. Мен мұның шын көңілден айтылғанын, болмаса әдістемелік тәсіл екенінің анық-қанығын біле алмадым. Екі ғана мәселе анық. Біз семинар сабақтарына жауапкершілікпен даярланып келетін болдық. Кейін біздің пайдамыз тиді ме, тимеді ме білмедім, Қадағаң «**Жаралы жолбарыс**» атты драманы акыры жазып шықты.

Бұл арнаулы курстан тапқан менің де екі пайдам болды. Біріншіден, «**Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Махамбет бейнесі**» деп Қадыр аға белгілеген тақырып менің «**Біржан-Сара**» айтысының зерттелуінен» кейінгі екінші ғылыми жұмысым болды. Ол арнаулы курстың ең озық баяндамасы ретінде «**Жұлдыз**» журналына жариялануға ұсынылды. Бұл мен үшін үлкен табыс еді. Екіншісі мен ХХ ғасырдағы қазақ данышпандарының бірі Қадыр Мырза Әли сынды ұстаз-дос таптым. Өзім үшін бұл ұлы қуаныш. Ол кезде мен газет-журнал айналасындағы беделді жандардан ешкімді тани қоймайтын

едім. Лаж жоқ Қадыр ағаға баруға тура келді. Мәскеуге ауысатынымды естігенде қуанып қалған ұстазым, көмегін қолма-қол ұсынды. «**Ара**» журналына Тұтқабай Иманбеков зам-редактор болып барыпты, соған менің атымнан бар, жазып береді», – деді. Рахметімізді айтып «**Араға**» қарай шауып жөнелдік. Таптым. Айттым. Тұтқабай ағам жаңа келгенін желеу қылып, құр қол қайтарды.

«**Жазған құлда жазық жоқ**», Қадекең қайта келдім. Тұтқабайға сәл ренжіңкіреп алды да: «**Білім және еңбектің**» бас редакторы Абдулхамит Мархабаевқа бар. Ол жақсы азамат, мінездемелі аласың», – деді. Мен ол кезде Хамаңды танымайтынмын, көрген адамым емес. Лаж жоқ, Қадағаңа сенгендіктен ғана «**Білім және еңбек**» редакциясына қарай бет алдым. Осы жерде еске алатын бір әдемі әңгіме бар. 1987 жылдан бастап мен Хамаңның әріптесі болып үш жылдай бірге қызмет істедім. 1990 жылдан қанаттас екі факультетте қатар еңбек етіп келеміз. Қазір қызметтегі бастығымын (журналистика факультетіндегі декандығымды айтып отырғаным ғой). Ол кісіні бір адамдай білем десем, өтірік айтқандық емес. Аса талантты фантаст-жазушылығы өз алдына, сөзге шешен, ойға тапқыр, зілсіз әзіл-қалжыңның кені, жүрген жері ойын тамаша, өмірдің көленкесіне емес, күнгейіне ұмтылып тұратын жарқын мінез азамат. Сол алғашқы кездесуімізде-ақ, ол кісінің сөз тапқыштығына таң қалғаным бар. Жаздың күні терлеп-тепшіп, жүгіріп отырып көк базардың қасындағы биік үйге жетіп, «**Білім және еңбектің**» қабатын тауып, қабылдау бөлмесіне түлкі қуған тазыдай елеңдей, ентіге кіріп бардым ғой. Бөлмеде мәшіңкі басып жас хатшы қыз отыр, оның арғы жағында терезенің алдында дембелшең келген жігіт ағасы әңгіме айтып тұр екен. Мен екеуіне «**Сәлеметсізді**» арнап, ана кісіге көңіл бөле қоймай, әдет бойынша хатшы қызға жылы-ұшырай, ішкі кабинеттің есігі ашық болған соң оған да көз тастап, іздеген адамым көрінбеген соң: «**Маған Абдулхамит Мархабаев керек еді, ол кісі қайда**», – дедім. **Хатшы қыз маған бір түрлі қарап, күмілжіңкірей күлімсіреп, бірден дегенше, жігіт ағасы: «Әй, ол кісі саған неге керек еді?», – деді.**

– «**Срочный**» шаруам бар еді», – деп жаман орысшамды қосып жібердім.

– Шаруаны бізге айтып көр, қолымыздан келгенше шешерміз», – деді әлгі кісі.

– «**Жоқ, мен тек сол кісіге айта-**

мын», – деп мен де болмадым.

– Әй, іздеген Мархабаевың мен, не шаруа еді соншалықты өрт алғандай асығыс: «Жүрші өзін», – деп ішке кабинетке бастай жөнелді. Ыстық күнде маңдайдан суық тер бұрқ ете түсті. «О, Құдайдың ұрғаны-ай», іздеп келген адамды танымай, онымен сөзге келіп. Бұл надандықты қойсаңшы, ізеттілік деген қайда? Адамның жолы болмайын десе осы да! Қайран Мәскеу, өзімнің де барғым келме еді. Жол болмайын десе, осы да!» деген ішкі ой жегідей жеп барады. Ит қуғандай әсіреңкіленіп келіп едім, енді «Сүтке тиген мысықтай» мықшып, сүмендеп соңынан ердім.

«Иә, не шаруа», – деді Хамаң орнына жайғасқан соң. Маған «отыр» деген ізет білдірмеді. Сүмпиіп тұрған күйі быдырықтатып бәрін айтып шықтым. Көңіл де жоқ, күй де жоқ. Хамаң сәл-пәл ойланып «пәмилемді» сұрады. Ұмытпаған екенмін, оны да айттым. Үнсіздік. Бір кезде «Әй, сенің бізге «бір әріпің» шыққан жоқ! Мен саған мінездемені қалай беремін?», – демесі бар ма?! Премей сою деген осындай-ақ болар. Әсіресе, «бір әріп» маңдайға балғамен періп қалғандай қатты тиді. Пернелі астар, тапқыр ой.

Мен не деуім керек? Үнсіз тұрып қалдым. Хамаң менің жауап таба алмай қалғанымды сезді де, сәл қабағын жадыратып: «Жә, Қадыр өтіңсе, орындау керек, Қадыр жібергеніне қарағанда сен жаман бала сияқты емессің», – деп терефонды терді. Телефонды алған адамды өзіне шақырды. Келген жауапты хатшы Әлібек Асқаров екен. Мінездемені дайындау туралы тапсырма соған берілді. Мен рахметімді айтып, қоштастым.

1987 жылы Хамаң ҚазМУ-ге жұмысқа келгенде, мені таныған жоқ. Осы әңгімені оған өзім айтып бердім. Есіне түсіп, біраз күліп алды. Сонымен, Мәскеу кеттік. Қадыр ағамен 1-2 жылдан кейін сол Мәскеуде жолықтық. Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығына келіпті. Оның мәжілісі Үлкен театрда өтті. Алдын ала барып жолығып, онан соң Жазушылар Одағында кездесіп, әңгімелесіп қалдық. Қадыр аға Москва маңын және жақын облыстарды аралауға қатысқан жоқ, екі күннен соң елге қайтты. «Аш құрсақ студентсің ғой» деп бір жерге шақырып шәй берді. Өз басым біраз әңгімелесіп, қазыналы кенге кездескендей кенеліп қалдым. Қадағанмен

кездесу әрбір адамды рухани байытып тастаушы еді ғой. Ризалық көңілмен қоштасып қала бердік.

Өмір-өзен ағысы тоқтамайды. Тіршілік тынымсыз, күйбең тірлікпен сағым жылдардың зымырай өткенін білмей де қаласың. Біраз жылдардан соң Алматыға оралып, төрт бұрышын «түгендеп» жүргенде, уақыт жылжи берді. Бұзып-жарып бара жатқан шығармашылық та жоқ, Қадыр ағадан ұялып жүрген жай болды. Арнайы іздеп барып жолыға қоймадым. Кездескен сәтте жылы сәлемнен арыға барған жоқпыз. Көңіл түзу, ниет адал күйде қалдық. Бірақ, маған соңғы кездесуіміз қатты әсер етті.

Мен 2009 жылы Зекең (Қабдолов) мен Түрсекең (Кәкішев) басқарған Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы мен фольклористика кафедраларын қосып тарихи әдеттілікті қалпына келтіріп, Қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы кафедрасы атап, бір кафедраға біріктіргенмін. Сөйтіп, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын жаңаша жолға қойдық. Оқыту пәндерінің сапасы жетілдіріліп, тәрбиелік клубтар ашылып, жаңа бір үрдіс басталып кетті. Сол тұста кафедра доценті, Сәлима Қалқабаева «Жүздесу» клубын ашып, атакты ақын-жазушылармен бірнеше кездесулер өткізді.

2010 жылдың 5 желтоқсанында «Қазығұрт» баспасынан 20 томдығының шығуына орай ақын Қадыр Мырзалиевпен жүздесу кешін өткізді. Көптен көрмей жүр едім, Қадаған қартайыңқырап қалыпты. Кешті 20 томдықты шығарған «Қазығұрт» баспасының директоры, ақын Темірғали Көпбаев жүргізіп отырды. Жүздесу сондай жылы-шуақты, өте қызықты болып өтті. Қадыр аға әдеттегінен аудиторияға қажетті деп білген әңгімелерін әдемі айтты. Сонда айтқан «Жазмышта» да бар мына бір әңгімесі күні бүгінге дейін есте: «Бұдан оншақты жыл бұрын ұлттық университетте лекция оқып жүріп мен де бір нәрсеге қатты мән бергенмін. Өз пәніме байланысты әдебиет теориясының көптеген оқулықтарымен танысып шығуыма тура келді. Соның бір де біреуі шығысты аузына алмайды. Мысалы, поэзия және оның түрлерін талдағанда сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин... сияқты еуропалық өлең түрлерімен шектеледі. Гегенің өзі шығыстың жеті данышпан ақынын білемін, жетеуі де менен мықты деген. Еуропа ғалымдары, ең болмаса,

ұлы ақынның осы сөзіне мән бермей ме?! Ойланбай ма?! Олар қандай формада жазды екен деп толғанбай ма?! Егер, олар да Еуропа ақындары секілді сонет, романс, ода, мадригал, баллада, терцин жазған болса неге мысал келтірмейді...». Сонда ішімізде, шіркін-ай, «Әдебиеттануға кіріспеден» Қадыр ұстаз дәріс оқыған баллада арман бар ма екен (Зекеннің аруағы кешірсін!) деген сумақай ой жылт еткені шындық.

Қадыр аға осы кеште өлеңдерін оқып, студенттердің өлеңін тындап, поэзия жайлы ойын білдіріп отырды. Біз де аға туралы естелік айтып, ұстаздың ұлағаты, ағалық тәлімі жайлы тіліміз жеткенше тебірендік. Ағаға арнайы жайылған дастарханда да солай болды. Бәрі жақсы. Бірақ бір «әттен» менің көңіл түкпірімде кетті.

Кездесуде өмір туралы толғанып тұрып аға көзіне жас алып қалды. Мен сөйлеген кезде де жанарында шық барын байқадым. Дастархан басында да бұл жай бір-екі рет қайталанып қалды. Қадыр ағаны бір түрлі аяп кеттім. Мұндайы жоқ еді. Қайындай берік жігіттің көрінген нәрсеге көңілі босай қоймайтын. Көңілге күдік ұялағандай ма, әлде қалай?! Қадыр ағадан бөлектеніп қалған бір тұста жігіттерге: «Әй, жігіттер, Қадаған қартайып қалыпты, байқадыңдар ма, көңілі босай берді», – деп едім, көбірек араласып жүрген Темірғали: «Кейінгі кезде солай болып жүр, дәл байқапсыз, Омаға!» – деп күрсінгендей болды.

Иә, бұл кездесу қасиетті Қадыр ағамен соңғы жүздесу екен. Екі-үш аптадан кейін қайран Қадыр ақын, ақылдың ақыны дүниеден озды. Ол жайлы тараған хабар қазақ жұртының қабырғасын қайыстырып-ақ кетті. Маған Қадаған мұратына жеткен адам болып көрінеді. Алла серік еткен дарынның, ерінбес еңбектің арқасында бәріне де қол жеткізді. Тірісінде бәрін де көрген бақытты жан. Әйтсе де, кеудесінде өзім білетін бір арман бірге кетті ме, деп ойлаймын. Ол кісінің үлкен бір шығармашылық арманы кішірек, тыныш қалада, жеке үйде тұрып, еш алаңсыз шығармашылықпен айналысу еді. Оған уақыт шіркін ерік берді ме?! Дүние апай-топай болып кеткен жоқ па?!

Көңілге медеуі Қадыр Мырзалиев жырларының жылдар жамылғысының астында қалып қоймай, қазақ ұлтты бар да ғасырдан-ғасырға жол тартқан ұрпақтың мәңгілік мұрасына айналарына деген сенім. Ол «ұлы ақын»

деген анықтаманы тірісінде естіп кетті. Оны өзі түлеп ұшқан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Қадағанның 70 жылдығына арналған салтанатты кеште бүкіл зиялы қауымның алдында академик Зейнолла Қабдолов айтты, айтты да елді соған ұйытты. Бір қызығы, сәл-пәл қарсылық білдіре орнынан тұрған Қадыр ақынның өзін де мойындатты. «Ұлылық деген өзіңмен өзің күресу ме әлде?! Өзіңмен өзің күресу – адамдық, адамгершілік, ұлылық үшін күрес» деген екен Толстой қария. Қадаған – осының екінші бөлігін өзіне қағида еткен ұлы күрескердің бірі.

Шындығында, басқаны қайдам, өзім Қадыр Мырза Әлиді ұлы ақын деп білемін! «Пушкин өз заманында алдына жан салмаған білімді адам болған. Ол он бір жасында әкесінің өте үлкен кітапханасын түк қалдырмай оқып шыққан. Және ол кітаптардың бәрі де тек француз тілінде жазылған. Басқаша айтсақ, Пушкинді жаратқан Күдай болса, оны ұлы адам қылған ұлы кітапхана!». Бұл да Қадыр ағаның аузынан шыққан сөз. Ол бұл сөздерді өзін де ұлы еткен «Кітап» атты қасиетті күдірет екенін біліп айтқан. Өз басым Қадыр ұлылығын сәл-пәл болса да түсінетін секілдімін.

Меніңше, Қадыр Мырза Әли – Қазақ поэзиясына өзгеше бір ойшыл өлеңдер әлемін әкеліп, өлеңдегі мән-мағына тұнығын арттырды. Ақын поэзиясының қасиетін танытатын басты белгі ой тұнбасындағы ұлттық сипаттың айқындығы. Оның жыр жинақтарының аттарының өзі-ақ қазақ поэзиясына тән қазақы табиғатты танытып тұрғандай. «Дала дидары», «Домбыра», «Көш», «Жерұйық», «Көкпар», «Қорамсақ», т.б. кітаптарының атауы ойшыл ақынның – ұлттық ұғым-танымынан туған.

Бір бойына алуан қасиетті дарытқан сан қырлы саңлақ дарынға ұлылықты кимау мүмкін емес. Бұл пікірімді ұнатпағанға айтар уәжім жоқ. Өйткені, ұлылықты тану мен бағалау үшін даналықтың қажеті жоқ. Ол – адамдық болмысыңмен сезінуге тиіс ардың ісі. Өзім үшін Қадыр Мырза Әлиұлы ақын – ұлық ұстаз!

Иә, ұстаздық тағылымың мен зиялы-зияткерлік тәлімің мәңгі жүректе, Қадыр аға! Саналы ғұмырымызда Сіздің есіміңізді ардақтап, ұлылығыңызды ұрпаққа үлгі етуді бір сәтте естен шығармаймыз! Ұстаз ұлағаты ұмытылмақ емес, ұмытылмайды да!





Ораз ҚАУҒАБАЙ,  
«Ақиқат» журналы,  
Қонаев университетінің  
профессоры

Қонай батыр Азынабайұлы қашан, қай жерде туылған. Дүние салғанда топырақ қай жерден бұйырған. Белгілі басылымда («Егемен Қазақстан») айтылғандай ол Әлмерек, Қалыбек, Ескелді және Орақ батырлардың замандасы болған ба? Қонай ұрпағы Қонаев Әлмеректің көне мазар-қорғанын қалай көріп, әруаққа тағзым еткен.

#### Меңліахметтің «шежіре дәптері»

Димекеңнің әкесі Меңліахмет ақсақал ақыншалыс әрі Ұлы жүз Үйсін шежіресін жақсы білетін, молдадан сауат ашқан сұңғыла кісі еді. Бәйдібек ұрпақтары жөнінде шежіре шертіп, әңгімелегенде атақты Бауыржан батырдың өзі бұған қайран қалған. Әсіресе, Ысты ата шежіресін оның ішінде Қонайдан тарайтын ұрпақ, үрім бұтақтардың туған жылдары мен ай-күндерін дәл көрсетіп, қағазға түсіріп, хаттап отырған. Мекеңнің өзі жазған «Шежіре дәптерінің» ататек деректері Қонаев туралы шыққан (2008) фотоальбомда жарияланды. Мекең өз әкесі Жұмабай Қонайұлының 1846 жылы туып, 1912 жылы қайтыс болғанын ай-күніне дейін көрсетіп жазады. Жүмекең – Жұмабай қажының мүрдесі Алматының күншығыс жағындағы (Татарка)ескі мұсылман қорымында жатыр. Жұмабайдың әкесі Қонай қай жылы туып, қайда қайтыс болған. Өкініштісі, «шежіре-дәптерде» Мекең

## ҚОНАЕВТЫҢ АТАСЫ ҚОНАЙ БАТЫР КІМ?

немесе «Егемен Қазақстан» газетінде  
жарияланған бір мақалаға байланысты  
қисын мен дерек

атасы Қонайдың атын атағанымен бабасы туралы тіс жармайды. Мекең өз дәуірінде атақты болған Қонай жөнінде арнайы жеке жазып, бір себептерге байланысты оны өзінің «киіз кітабына» енгізбеген. Қолжазбаны Қонай туралы кезінде кітап жазуды ойлап дерек, мағлұмат жинап жүрген Шона Смаханұлына берсе керек. Өйткені, Қонайды «Жанай» деп кейіпкерінің атын осылай өзгертіп алған Шөкеңнің «Үміт жұлдызы» кітабы 1984 жылы «Жалын» баспасынан жарыққа шықты.

Жетісудан жөңкіле көшіп, Арқадағы Тобықты Құнанбай еліне барған Қонай Шөкеңнің мензеуінше Құнанбайдан 20 жастай кіші. Қүнекең 1804 жылы туса, Қонай 1825 жылы туылады. Қонайдың екінші ұлы Жұмабай 25-26 жасында көрген перзенті, яғни, Жұмабайдың 1846 жылы туғанын еске алсақ (жоғарыда айттық) Қонайдың 1820-1825 жылдар аралығында туғаны күмән тудырмайды. Сондай-ақ, 1771 жылы туып, 1854 жылы қайтыс болған Бөлтiрiк ақынмен Қонайдың жiгiт кезiнде кездескен уақыты да осыған сәйкес келедi. Қонайдың туған жылын топшыладық. Ал, ендi дүниеден өткен жылын да болжауға болады. Елуге толмай өмiрден өткен көрiнедi. Олай болса 1868-70 жылдар аралығында дүние салған деп айту жөн.

Димекеңнің айтуынша ұлы атасы Қонай Арқадан атажұрты Алатау өңіріне келгенде аңдып жүрген жаулары Қаскелең маңында қапыда өлтіреді. Жол бойында бесін намазын оқып отырғанда қарақұсына

соққы тиіп, жарық дүниемен қоштасады. Қаскелеңнің терістік жағындағы төбе-жотаның үстіндегі ескі қорым-зиратта Қонайдың мүрдесі болуы мүмкін. Қазақ салтында марқұмды алысқа апармай қайтыс болған маңға қоятыны белгілі. Міне, сондықтан топырақ осы жерден бұйырған деп айтуға дәлел бар.

Өмірден өтерінің алдында Димекен Қаскелең арқылы Күртідегі туыстарына қонаққа барады. Жолда кетіп бара жатып тағдыры тағылым ұлы бабасының рухына дұға оқыған да шығар.

#### Қонай Қоқан хандығына қарсы

Біз жоғарыда Қонайдың қай дәуірде, қай жылдары өмір сүргенін айттық. Шона ағамыздың көркем шығармасында Қонай он тоғызыншы ғасырдың ортасында Қоқан ханы Құдияға қарсы қол жинап, соғысқан батыр ретінде суреттеледі. Жазушы Қонай өмір сүрген дәуірді, уақытты шынайы бейнелейді. Батырдың тұлға болып қалыптасуы он тоғызыншы ғасырдың ортасы. Бұған дау жоқ. **Осы жерде Қонайға қатысты тарихи шындықтан алыс кеткен, дерек, оқиғалары, тіпті, үйлеспейтін бір мақала жөнінде айтуды жөн көрдік. Өткен жылы «Егемен Қазақстанның» көкек айындағы (09.04.2013ж.) нөмірінде «Қалыбек батыр» атты мақала жарияланды. Авторы Досан Жанботаев ағамыз. Онда автор Қонайды он жетінші ғасырда, әз-Тәуке хан тұсында өмір сүрген (1658-1754) Әлмерек абызбен кездестіреді. Ол кезде өмірде жоқ Қонай Әлмерекпен қалай кездеседі. Бұл жаңсақ дерек. Ең қызығы ру басы, Қонайдың әкесі Азынабайды «болыс» деп жазады. Тарихи шындық пен дерек тағы үйлеспейді. Ресейдің «Сібір қазақтары туралы» Уставында болыстық лауазым мен әкімшілік атауы 1868 жылы далалық басқару жүйесіне енгізілгені белгілі. Қонайдың әкесі, ру басы Азынабай шіріген бай болған, болыс болмаған. Ресей отаршылдығы кезінде өмірден**

**озып кеткен. Автордың батырлардың достығы мен сыйластығы жөніндегі жақсы ой-ниеттерін құптаймыз. Бірақ, шындықтан алыс кетуге болмайды. Сондықтан, тұлғаларға қатысты ағаттықты айтуға тура келіп отыр.**

Он тоғызыншы ғасырдың орта тұсында өмір сүрген Қонай, Әлмерек, Ескелді, Орақтардың тұстасы емес Ағыбай, Сұраншы, Сыпатай батырлардың замандасы. Қоқан ханына қарсы жасақ жинап, шайқасқан батыр, ел қорғаны. Қонай туралы кітап жазған Шөкеңнің шығармасында (повесть) бұл жайында жақсы баяндалады. Қонайдың Арқадан Жетісу жеріне қайта көшіп келгенде аты басында батырлығымен аңызға айналған Әлмерек жайында естуі мүмкін және оның ұрпақтарымен кездесуі де ықтимал. Өйткені әз-Тәуке хан тұсында Үйсін – Албанға белгілі болған, Жоңғар шапқыншылығы кезінде Қалмақ батыр Шонжыны өлтірген Әлмеректің даңқы Жетісу, Хан Тәңірі өңірінде дүркіреп тұрған. Ал, оның ержүрек ұрпақтары Тазабек, Саурық және Шалтабай ақын орыс отаршылдарына қарсы жанқиярлық күресті бастаған кезі еді. 1846 жылы Тазабек би Пұсырманұлы Шұбарағаш – Ойжайлауда өткен билер кеңесіне қатысты. Ол кезде елі көшіп-қонып жүрген Қонайдың Тазабек батырмен кездесуі әбден мүмкін.

Меңліахмет қария Әлмерек ұрпағы Құрман – Саурық батыр мен Шалтабай ақын жайында көп естіген. Ал, Әлмерек жайында айтудан жалықпаған. Өйткені, Әлмерек – Құрман Қожеке күйшінің қызы Көкшегір ана жайында жақсы білетін. Албан елінің ақ патшаға қарсы соғысы туралы кітап жазған («Қилы заман») Мұхтар Әуезов көпті көрген Мекенмен жүздескен. **Қаламгер Дөкең (Досан аға) мақаласында Әлмерек Қонайды бір топ батырмен Қарқараға қонаққа шақырғаны баяндалады. Бұл, тіпті, қисынға келмейтін нәрсе. Қонайдан 100 жыл бұрын өмірден өткен Әлмерек қайта тіріліп келмейді ғой. Әрине, авторды жаңсақтығы үшін кіналаудан аулақпын. Өзім ұзақ зерттеп,**

әбден көзім жеткен деректер бойынша Қонай жөнінде осылардың бәрін баяндап, арнайы мақала жазған едім. «Қазақ әдебиетіне», тағыда бір-екі басылымға ұсынған болатынмын. Өкініштісі, әлі жарияланбай жатыр. Өйткені Қонаев аты аталған дүниелерге неге екені белгісіз редакторлар үрке қарайды.

### Әлмеректің жарыққа шығуы

Шындық сол, Қонай Әлмерекпен ешқашан кездесіп, бірге жүрген жоқ. Бірақ, «әруақ әлемінде» адамды таңқалдыратын құбылыстар болады екен. Саясатқа байланысты түнекте жатқан Әлмеректің жарыққа шығуына бірден-бір себепкер болған Қонайдың тікелей ұрпағы Дінмұхамед – Димекең еді. Бұл өзі қызық, тылсым тарих.

Әлмерек абызды пір тұтқан Қонайдың немересі Меңділахмет ақсақал (Димекеңнің әкесі) 1921 жылы Әлмерек жазығында (қазіргі Әлмерек ауылы тұрған) діндарлар жиылып тасаттық берген жерге үлкендерге сәлем берсін деп тоғыз жасар ұлы Димашты ертіп келеді. Тасаттық діни жоралғысы біткен соң, осы маңға жақын Әлмеректің қорған-мазарына келіп, дұға оқиды. Өзімен бірге келген баласына «Мынау, елі Албан-Ата Әлмерек деген атақты, өзі ерекше қасиетті кісінің мазары» деп абыз жайында әңгімелейді. Күн ыстық болғандықтан мазардың төменгі жағындағы бұлақтардан екеуі су ішеді. Бұл оқиға бала Димаштың есіне ерекше сақталып қалады. Жұлдызы жанған жетпісінші жылдары Жетісу жеріндегі шежіре-тарихты, қасиетті адамдар жатқан қорым-зираттарды және белгілі молда, сопылардың өмір-өнегесін жақсы білетін Димекең ақын-жазушыларға, өзінің мұсылманша оқыған достарына Әлмерек жайында «сыбырлап» айтып жүреді. Жазушылар Одағында болған бір жиында шай ішу кезінде Димекең өзіне қызмет етіп жүрген қазіргі белгілі қаламгер Тұрсын Жұртбайдан қайда тұратынын сұрайды. «Аға, мен Алматының шетіндегі Гагарин

кентінде тұрамын» дейді. «Қарағым, ол жердің байырғы аты Әлмерек болатын. Кейін Гагарин болып осылай өзгерді» дейді. Бірақ, толық ешнәрсе айтпайды. Жерсудың байырғы қазақша аттарын біліп жүргенді меңзейді. Ол кезде жас жігіт Тұрсын Әлмеректің басына бала кезінде «үлкен кісінің» келгенін қайдан білсін.

Әлмерек би батырдың өмірі мен өнегесі, ерлігі мен тағылымы жөнінде және оның атамекеніндегі жер-судың қасиеті жайында Димекең өте көп білген. Бұл жайында Әлмерек елі азаматтары белгілі қоғам қайраткерлері Әріпбай Алыбаевқа, Заманбек Батталхановқа және қазір көзі тірі Кеңес Аухадиевке Димекеңнің әңгімелеп жүретіні рас еді. **Жетпісінші жылдардың соңында Тұрсын Гагарин кентінің бұрын Әлмерек атанғанына байланысты Димекеңнен естігенін курстасы әрі жақын досы, Әлмеректің тікелей ұрпағы айтыс ақыны Айтуған Шайымға айтады. Ел ішінде көп жүретін ақын мұны жалпақ жұртқа жаяды. Кеген, Нарынқолдағы абыз ұрпақтары естиді. Сөйтіп, Димекең айтқан дерек бойынша Әлмеректің жатқан жері анық белгілі болып, кейін ескі қорған-мазарына келіп дұға оқушылар көбейді.**

Тәуелсіздіктен кейін 1998 жылы жазда ұрпақтары оншақты киіз үй тігіп, үлкен ас берді. Аста Тұрсын сөз сөйлеп, тележурналистерге біраз әңгіме айтты. Қонай ұрпағы Қонаевтың білгірлігі мен шежіре дерекке сұңғылалығы арқасында түнектен жарыққа шыққан Әлмеректің көне қорған мазарының орнына 2001 жылы жаңа кесене салынды. Кесенені көтерген ол кезде белгілі бизнесмен Серік Сұлтанғалиев еді.

### Қонай Мұханның кейіпкері

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың кемеңгерлігі мен ерлігіне қайран қаласыз. Албан ұлт-азаттық көтерілісін қанын сорғалатып жазғаны әлемге аян. Атақты «Қилы заман» шығармасындағы басты кейіпкерлердің бәрі (Ұзақ, Әубәкір,

Жақыпберді) Әлмеректің ұрпақтары. Ал, Қонай әулеті жөнінде М.Әуезовтен артық білетін адам жоқ. Қаламгердің атақты «Абай жолы» романында Қонайдың аты аталады. Ол ұры-қары, барымташыларға қарсы қол жинап, шайқасатын бір рулы елдің батыры ретінде өзін әйгілейді.

Қонай Жетісуден Құнанбай еліне келгенде алғаш барымташыларды тәубесіне келтірген мықты, өжет және қайсар қазақ екенін танытады. Жалпы, сахарада қарақшылармен қақтығыстың сойқаны қатты болған. Бұл жөнінде қантөгіс шайқасқа өзі куә болған, Семей-Шыңғыстау өңіріне саяхат жасаған (1846 ж) поляк жазушысы Адольф Янушкевич шынайы жазады, әрі қаз қалпында баяндайды. Жорық шайқас кезінде ол Қонайды да көрген болар. Ол осы өңірдегі барлық белгілі адамдармен кездескен. Шөкең кітабында Қонай орыс ояз ұлықтарымен кездесіп, жеке-басына қатысты көші-қон шаруасын айтады. Соған қарағанда, мұсылманша әрі орысша сауаты болғаны сезіледі. Ұрпақ туыстарының айтуынша Қонай өте ірі, дәу, Қажымұқандай күшті әрі алып адам болғанға ұқсайды. Міне, сондықтан «Абай жолы» романында Мұхаң көп кейіпкерлердің бірі Қонайды былай суреттейді: **«Ұзын сары келген, бойында артық қырым ет жоқ дейтіндей сүйекті, сіңірлі Қонай да кең жауырынды, қараңғы кештерде алпамсадай бойымен биік аттың үстінде ол түйе мінген кісідей көрінетін».** Аталған романның үшінші кітабында Қонай бейнесі осылай көзге түседі. Мұхаңның суреттеуіне қарағанда Қонайдың зор кісі, батыр болғаны еш күмән тудырмайды. Қонай қашанда қауіпті жерде топ бастайды. Шөкең шығармасында «Жанай» деп жазса Мұхаң кітабында Қонайды азан шақырып қойған атымен атайды.

Меңліахмет ақсақалдың айтуымен және ол кісінің «қолжазба деректері» бойынша батыр бейнесін жасаған Шөкең де Қонайдың жүректі, көк жал қасқырды қылқындырып өлтірген күш-күдіретін

айтады. Сондай-ақ асқан мерген, елікке шалма тастап ұстайтын әбжілдігін де еске алады. «Үміт жұлдыз» кітабында Қонай (Жанай) Қоқан ханына қарсы Сұраншы батыр әскерінде жүз басы болып, қол бастайды. **Арқаға Тобықты еліне келгенде Қонай Құнанбайға келіп, жауға бірлесіп майдан ашу жөнінде өтініш айтады. Қонайдың аға сұлтан Құнанбаймен етене жақын араласып, жақсы қарым-қатынаста болғаны Шөкең шығармасында шынайы әрі анық айтылады. Тобықты елінде тұлғасы таудай алып адамдар әр кездерде болған екен. Қонайдың Тобықты елінен алған әйелі осы рудан шыққан зор батыр, алып тұлға, аты аңызға айналған Мамай батырдың ұрпақтарынан таралатын, оның ұрпақ-зәуаттарының бірі екенін деректер дәлелдейді. Димекен мұражайында өткен бір шарада білетіндердің мұны жыр қылып айтқаны бар. Димекеннің сұңғақ бойлы, ірі тұлғасы түп нағашыларына тартқан.** Мұхаң Қонайдың ұрпағы Қонаевтың түр-тұлғасына қарап, кітабында батыр бейнесін, кескін келбетін дәл суреттеген ғой. Димекенді түп атасы Қонайдан айнымай қалған оның көшірмесі десек артық айтпаймыз.

«Абай жолы» романында ақынның туған жылынан бастап, дүниеден озған уақытына дейінгі (1845-1904) аралықтағы оқиғалар суреттеледі ғой. Олай болса Қонайдың Абай заманында өмір сүріп, өмірден өткені ерекше қызықтырады. Қонай жігіт кезінде бала Абайды көрген де шығар. Әкесімен кездескенде баласын қалай көрмейді.

Түйіп айтқанда, Қонай Жетісуда даңқтары дүркіреп тұрған Әлмерек, Райымбек және Өтеген батырлардың көзін көрген жоқ. Оны Әлмерекпен кездестіріп, Ескелдімен жолықтырып, Орақпен «орайластыру» шындыққа еш жанаспайды. Мен екі тарихи тұлға (Әлмерек, Қонай) арасында жаңсақ кеткен ағаттықты айтып, оның қайталанбауын еске алып отырмын.



Гүлзат КӨБЕК,  
кинотанушы, Өнертану PhD  
докторы, М. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
жетекші ғылыми қызметкері

Тарихтың міндеті – таңдаулыларды жазу. Уақыт – ұлылардың ғана есімін келешектің жадында қалдырады. Ұлы қадамға тек жүрегі үлкен, рухы биік тұлғалар барады. Олардың істерін сол дәуірдің тынысынан бөліп қарау мүмкін емес. Олар мына өмірге қандай да бір үлкен мақсаттың жүгі мен жауапкершілігін көтеріп келеді. Жазмыш әр дәуірдің өз ұлыларының міндетін айқындап береді. Жаратылыс кез - келген тұлғаның «Ұлы» болып тумайтындығын дәлелдеген. Бұл заңдылық бізге қазақ кино өнеріндегі Шәкен Аймановтай ұлы есімнің көтерген жүгінің маңызын көрсетті. Қазақ киносын Ш.Аймановсыз елестету мүмкін емес. Оның рухани әлемі әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Ол өз дәуіріндегі кино өнерінің тынысын аша білді. Ұлылықтың табиғатына тән Ш.Айманов кино өнерінің іргелі міндеттерін ғана көріп, жүзеге асыра білген. Шығармашылық жолында әр режиссер осы қырымен ерекшеленеді.

Ұсақтық ұлылыққа тән мінез емес екендігі сөзсіз. Ш.Аймановтың ұлылық болмысы бүгінгі таңда аңызға айналған. Уақыт оның осы қасиетін айқындады. Дерек көздерінде режиссердің бұл ерекшелігін дәлелдейтін мысалдар көп. О.Сүлейменов «Кең пейілді, жарқын тұлға» атты мақаласында:

– «Қандай да бір себеппен өз тағдырын киномен байланыстырған біздің көпшілігіміз, жастар мынаны айтады: ол менің

## ШӘКЕН АЙМАНОВ ӘЛЕМІ

ұстазым бола білді. Ол бізге тек кәсібилік тұрғысынан ғана емес, көңілдің кеңдігіне, жан-тәнімен беріле білуге баулыды. Ол іс барысында ұстанымыңа барынша берік, сонымен қатар шығармашылық пікірталасты жеке қарым-қатынастың қақтығысына ұластырмауға үйретті... Ол кез-келген шығармашылық барысында көрсеткен ашуды кешіре білетін, алайда кекшіл, ұсақшыл адамдарға төзбейтін. Кеңдік, оның талантты болмысына тән жан-жақтылық тек өнерде ғана емес, өмірдегі әрбір әрекеттерінен аңғарылатын. Ол бізді мынаған үйретті: адамға адамшылдық берілген, шығармашылық қабілет бос нәрсеге жұмсау үшін берілмеген. Ірі және ауқымды түрде өмір сүріп, жұмыс істей біту керек» дейтін. Келесі деректе автор Л.Каирбекова «Шәкен Аймановтың ашық жүрегі» атты мақаласында: «Табиғатынан сарқылмас қуат иесі Шәкен Айманов көңілі кең, айқара, ашық өмір сүрді. Ол ең басты – адами қарым-қатынасты бағалай білді... Ол адамдарды жақсы көрудің құнсыз талант иесі еді... Себебі, осы Шәкен Аймановтай адамдардың арқасында ең қымбат нәрсе – адамдардың өзара түсінісуі, онан қалды көзқарастар тұтастығы, дүниені сезіну үйлесімі туады» дейді. Бұл пікірлер бізге мынандай тұжырым жасауға негіз болады. Өнердегі Ш.Аймановтай тұлғалардың өмірі мен шығармашылығының сөзсіз жетістігінің құпиясы – жаратылыстағы рух тазалығына жан-тәнімен құмартуы, адамшылдықтың негізін алға тартуы болып саналады. Ұлыларды ұқсас ететін де осы қасиет.

Шығармашылықта қасаң қағидалардың шарттылықтарының шеңберінен шыға алмау үлкен дүние тудыра алмайды. Ғұмыры ғасырларға жалғасатын

туындыларды дүниетанымы кең, жаны еркіндікке ғана құмар шығармашылық тұлғалар жасайды. Бұл да бір Ш.Аймановқа тән ерекшелік. «Егер, Шәкенді еске алсақ, онда «еркіндік» деген ұғымды қатар айтуға тиіспіз. Ол әрдайым да және бәріне еркін болатын: сахнада да және өмірде де. Бірақ, бұл бос еркіндік емес, ол жоғары азаматтық рухпен қабысқан, сондай ақ оның әрбір әрекетінде толыққанды білінетін» – деп, нақтылайды Е.Тұрсынов «Адамдық борыш» атты мақаласында. Келесі «Үзілген әуен» атты деректе Қ.Бадыров: «Жалпы Айманов үшін үйреншікті қағидалар, қасаң шеңбер немесе сартап қалып деген болмайтын. Ол әрдайым да өзінің кейіпкерлерінің мінезіне өз тарапынан бір өзгеріс енгізетін. Іс кейде ермек етуге дейін жететін» десе, «Суреткер бақыты» деген мақала авторы К.Айнағұлова: «Онда артистік пен нәзіктік қатар қабысып жүретін. Даңқ Шәкен Аймановтың өмірлік серігіндей болып, онымен біте қайнасып кететіндей еді» деп тұжырым жасайды. Бұл аталған қасиеттер бізге Ш.Аймановтың өнердің табиғатына тән ерекшеліктерімен өзара үйлесімде өмір сүргендігінің үлгісін айқындайды.

Уақыт бізге Ш.Аймановтың ұлттық кино өнеріндегі көшбасшылық қабілетінің қауқарын дәлелдеді. Атқарған еңбектерін қай тұрғыдан алып қарасақ та оның көтерген жүгінің салмағы аңғарылады. Бұл екінші бірінің қолынан келе бермейтін жауапкершілік. Оның қазақ кино өнеріндегі орны мен адамзаттық бейнесі жөнінде Г.Аксельрод «Шыңға бастар жол» атты мақаласында бейнелі түрде: «Уақыт бейне бір мүсінші тәрізді, ақ мәрмәрға біздің жадымыздан барлық ұсақ, қоқысты ысырып тастап, тек қана адамның бойындағы ең басты құндылықты қашап қалдыратындай. Сонда өмірге құштар ұлының, керемет суреткердің, жаны таза және жарқын да үлкен талант иесінің бейнесі тұра қалады» деп қортындылайды. Бұл уақыт атты шебер мүсіншінің жадымыз бен жүрегімізде қалдырған – Ұлы Шәкен Аймановтың бейнесі еді.

Ш.Аймановтың дүниетанымы назар

аударарлықтай. Оның фильмдеріндегі айтар ойлары мен кейіпкерлерінің таным-түсінігін қазақтың болмысынан бөліп қарау мүмкін емес. Шығармашылықтағы ізденіс жолында өз ішкі әлемі арқылы тұтас ұлттың дүниетанымы мен мінезін ашқандай. Ұлттық киноның алғашқы көшін бастаудың жауапкершілігімен қатар, ол Кеңес дәуірінің идеологиялық саяси талабы өнерге де өз өктемін жүргізіп тұрған заманда қазақтың болмысынан рухы ажырамаған фильмдер түсіре алды. «Шәкен Аймановтың республика өмірінің рухани дамуына қосқан теңдессіз үлесі болашақ театр және кино тарихшыларының әлі де назарын аударатын болады» – деп, В. Любимов өзінің 1984 жылы жариялаған «Ол өз фильмдерінде өмір сүруін жалғастырады» атты мақаласында айтып кеткен болатын. Шындығында да Ш. Аймановтың фильмдері әлі күнге дейін кино зерттеушілердің ғана емес, көрермендердің де назарынан тысқары қалған жоқ.

Саналы ғұмырының мағынасын театр мен кино өнерінен бөліп қарамаған Ш.Аймановтың әрбір шығармашылық туындысы өз ұлттық болмысын тануға бағытталған. Кино режиссері ретінде жанрлық фильмдердің өз уақытындағы үздік үлгілерін жасай алды. «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» комедиялық фильмдерінің бағындырған жетістігіне бүгінгі күні де осы жанрдағы түсіріліп жатқан туындылар теңесе алған жоқ. Ол әдемі юмордың табиғатын аша білді. Д.Өмірбаевтің «Шәкен – қашан да Шәкен» атты тақырыпта даярлаған мақаласында Ю.Померанцев: «...қазір қазақ фильмдерінің осындай өміршең болған бірде-біреуі жоқтығы өзегінді өртейді. Бұл фильмді көгілдір экраннан қанша рет көрсең де қызыға қарайсың. Әрине, басқа фильмдер секілді ол да ескірді. Кейбір беру тәсілдері, сахналық көріністердің қазіргі уақытпен салыстырғанда балаң болып көрінуі еріксіз күлкі шақыратын да шығар. Бірақ та, бұл картинаның ең бір басты қасиеті онда қандай бір уақытқа да бағынбас

достық атмосферасы, мейірімділік пен қуаныш ұшқыны бар» деп, «Біздің сүйікті дәрігер» фильміне өз көзқарасын білдірген. Бұл 1986 жылы жарияланған деректе бір ғана фильмге берілген тұжырым болса да, бұл Ш.Аймановтың барлық фильмдеріндегі негізгі ерекшеліктің нақты анықтамасын береді. Ақиқаты сол, оның фильмдерінің ішкі атмосферасынан аңғарылатын басты қасиеті – рух тазалығы.

Ш.Аймановтың фильмдеріндегі авторлық көзқарасы, шығармашылық ұстанымы бір-ақ қағиданың аясына саяды. Адамзатты адамгершілік қасиетке, ұлтты өзара тану мен үйлесім табатын үндеуге негіздеді. Оның бір ғана «Атамекен» фильмінің философиялық астары табиғатын түсінген көрерменге көп жәйттің басын ашады. Ал, «Алдар көсе» фильмі әлеуметтік теңсіздікті өзгеше қырынан тануға мүмкіндік береді. Соңғы финалдағы өзінің орындауындағы монолог өз ұлтына айтып кеткен аманатындай. Бұл ойымызды «Суреткер бақыты» атты мақаласында К.Айнағұлова: «**Айманов өзінің көптен бергі арманын жүзеге асырды: халық даналығы өмірге әкелген Алдар-Көсе образын жасады. Талантты актер бұл образға бүкіл болмысымен енуімен есте қалды. Осы картина бізге Аймановтың өмірге деген көзқарасын, өзіне ғана тән даралығын айқын байқатады. Біздер оның творчестволық өмірбаянынан, атқарған қоғамдық қызметінен суреткерлік, азаматтық позициясын және туған мәдениетінің тағдырына зор жауапкершілік сезімімен қарағанын көреміз**» деп, нақтылай түседі.

Ш. Аймановтың өнердегі жолын зерделеген жан оның жан-жақтылығын аңғарады. Театр актері ретінде шығармашылық жолын бастаған ол кино өнеріне бетбұрыс жасауының өзіндік себептерін К.Айнағұлованың «Халықтың ұлы» атты мақаладағы мазмұнында: «**Менің театрдан киноға келуім, – деп баяндайды, – менің туған өлкемде болып жатқан және болған қайта жаңғыруларды мүмкіндігінше ауқымды да тереңірек көрсетуге деген құштарлығым болды. Бірақ, театр кино сияқты көрермендерді тұтастай**

**қамти алмайды. Пьеса бір-ақ театрда жүреді. Әрі кетсе бірнеше. Ал, фильмді мындаған көрермен қарайды**». Кино өнерінің артықшылықтарын ерте аңғарып, түсінген Ш.Айманов бұл бағытта өзінің шығармашылық барлық мүмкіндіктерін қолдана білді. Соңғы нүктесін детективті жанрдағы «Атаманның ақыры» атты сәтті туындысымен қорытындылады. Бұл фильм жөнінде Қ.Сиранов «Жарқын, әрі ғажайып талант» атты мақаласында: «**Бұл ақырғы жұмысы көрнекті режиссердің әрбір еңбегінде жаңа бір асуды бағындырып отырғандығының айқын дәлелі. Шәкен Аймановтың шығармашылығы арқылы ұлттық кинематографияның қауқарын пайымдауға болады**» деген көзқарасын алға тартады. Театрдан бөлек кино өнеріндегі Ш.Аймановтың сомдаған рөлдерінің бірегейі Жамбылдың бейнесі оның актерлік шеберлігінің деңгейін айқындап берді. К.Смаилов «Кең талант иесі» атты мақаласында мынандай сілтеме жасайды. «Правда» басылымында С.Бондарчук: «Жамбыл» картинасында Жамбылдың рөлін ойнаған Шәкен Айманов әртістердің арасында өзінің шеберлігімен және нанымды ойынымен ерекшеленеді. Оның өнері нағыз мәнерлілік деңгейіне жеткен. Келбеті, қолы, сөйлеу мәнері мен әрекетінің нанымдылығы сонша, тұтас картина бойына көрермен актер – орындаушыны ұмытып кетеді, және олардың алдында тірі Жамбылдың бейнесі тұрғандай әсер береді» деп жазды. Ш.Айманов Жамбылдай халықтың данышпан ақынының бейнесін қазақ экранына лайықты деңгейінде алып шықты. «Оның көп жоспарлары болатын және ең бастысы – «Абайды» түсіру еді. Ол, тіпті, маған: «О, жуырда «Абайды» бастаймыз, міне сонда сен тер төгетін боласың» дейтін. Осы мақсатының орындалмағаны, қатал кездейсоқтық оқиғаның біздің ортамыздан осындай шеберді алып кеткендігі неткен өкініш» – деп, еске алады Л.Енисееваның «Шебер болу артықшылығы» атты мақалада айтқан естелігінде Н.Ықтымбаев. Алайда, Ш.Аймановтың қазақтың дара данышпаны Абайдың бейнесін экранға шығару арманы бүгінгі күні де өз дәрежесінде жүзеге

аспағандығы ақиқат. **Бәлкім, келешекте Абайдай ұлы да, данышпан ақынның бейнесі мен өмірін қазақ экранында ашып, қамту үшін Ш. Аймановтай біртуар ұлы режиссердің таланты мен қауқары қажет шығар?!**

О. Сүлейменов өз мақаласында шығармашылық тұлға ұғымы мен Ш. Аймановтың болмысына: «Режиссер кәсібі – өнердегі ең күрделісі. Режиссер сөзді – ақындай, музыканы – композиторша, бейнені – суретшідей сезінуі, философия ойлай білуі қажет. Осы аталған барлық қасиеттер бір ғана адами тұлғаның бойында үйлесіммен бірігуі керек. Егер де осы бірлікке қол жеткізсе, біз өз ісінің нағыз үлкен шеберін көре аламыз. Шәкен өнердегі барлық әріптестерінің мойындауымен өзінің ғұмырында осындай кемелдікке талпынды. Және оның тек режиссерге ғана тән емес, кез - келген суреткерге лайық басты қасиеті болды. Ол – ірі де, жарқын тұлға бола алды. Ол – адал да, кішіпейіл еді» деп мінездеме береді. О. Сүлейменов айқындап берген бұл қағида әрбір суреткердің шығармашылықтағы негізгі ұстанымына айналуы тиіс. Сонда ғана Ш. Аймановтай өнер деген ұғымды өз өмірінің үйлесіміне түсіре алатын ұлы күшке иелік ете алады.

Уақыт – ең әділ төреші. Өмір сынақтары – замананың үлкен жүгін көтере білгендерді сұрыптауынан өткізеді. Ақиқат бәрін өз үйлесіміне түсіреді. Адамзаттың игілігі жолындағы мақсатына адал болған тұлғалардың есімі жүрек төрінен орын алады. Жүректен шыққан сөздер оның бейнесін тарихтың беттеріне қалдырады. Ш. Аймановтың адами қасиеттері, шығармашылығы арқылы жасап кеткен құндылықтары, үлгі болар істері мен айтқан өсиеті жөніндегі деректер жеткілікті. А. Әшімов: «Жылдар өтті, бірақ бүгінгі күні де, қаншама уақыттан кейін де мен мынаны айта аламын: иә, ол сахнаның «патшасы», оның толық билеуші иесі және өкім етушісі, асқан таланттың иесі, құпиялы тәсілдердің қайта жаңғыртушысы бола білді. Өзімнің ұстазымды бүгінгі күні еске ала отырып

мынаны нақтылаймын: ол ауқымды түрде өмір сүріп, келешегі зор тарихтың нысанына айналған үлкен дүниелер тудыра алуымен қатар ешқашан қателескен емес. Мен Аймановты оның шығармашылығынан үнемі аңғарылатындай ақын, табиғатынан философ, қарапайым, кішіпейіл және әрдайым да адамдармен қарым-қатынаста қызықты бола білді деп айтар едім. Жарқын, қайталанбайтын тұлға Шәкен Айманов біздің жол көрсеткіш жұлдызымыздай болды. Жастар Шәкен Кенжетайұлына қарай құмартып тұратын және өзі де оларға осындай сеніммен қарай білді. Айманов біз үшін профессор, өз ісінің академигі болумен қатар, ол ешқашан өзінің беделі арқылы үстемдік етіп, жеке пікірін зорлап таңбайтын» дейді. «Адал да, үлкен талант» атты мақалада айтқан өз естелігінде. Ш. Аймановтың болмысының мінездемесін беретін деректер өз уақытында-ақ кеңінен жарияланып, бағаланған. Келесі дерек көзінде Ю. Померанцев өз естелігін: **«Өнер саласында талай жыл қатарынан еңбек етіп келе жатқан менің бір білерім – нағыз суреткер үшін даңғыл жолдың өте қауіпті екендігі. Біз міндетті түрде қиналуымыз, қателесуіміз, құлауымыз керек. Мамыражай өмір бізге жараспайды. Менің ойымша, Аймановтың салмақты болып көрінуі сырт көзге ғана. Ол өзін-өзі жинақы ұстайтын. Неге десеңіз, өзінің атақты екенін, басқалардың үлгі тұтатынын біле тұра, ол қиналыс-толғаныстарын тереңге жасыра білді. Ол өте ержүрек адам еді. Тіпті, кейде оны да сынайтын, ұрысатын. Бірақ та, ол қашан да Шәкен қалпында қала білді»** деп жалғастырады.

Ш. Айманов туралы жарияланған деректер бізге оның болмысының мінездемесін айқындауға мүмкіндік береді. Театр мен кино өнерінің – көшбасшысы, әріптестеріне – үлгі, ізбасарларына – қамқоршы, достыққа – адал, дүниетанымы – кең, тұлға ретінде – ірі, Ұлылығы – жүректе. Үлкен өнердің табиғатына рух тазалығымен жан бітірген Ш. Аймановтың есімі міне, осынысымен тарих беттерінде мәңгілікке қалды.





**Жандарбек ҚАРАБАСОВ,**  
зерттеуші, журналист

## НОҒАЙБАЙ ШЕШЕННІҢ АБАЙМЕН КЕЗДЕСУІ

Ноғайбай Даулетбақұлы 1834 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданында ата-қонысы Сұлутөр өңірінде дүниеге келген. Ол үш жүздің басы қосылған жиындарда Мәті би атанған атақты би – Малдыбай Тауасарұлының тікелей ұрпағы, шөбересі.

Жастайынан алған тәрбиесінің, Құдай көкірегіне салған парасаты мен ақылының арқасында Ноғайбай дала баласынан дарынды шешен, саясатшы, би, дипломат деңгейіне көтеріледі. Осындай дәрежеге жетуіне өскен ортасының, әсіресе, әкесі Даулетбақ би мен ұлы жүз, орта жүз арасындағы дауларды шешуге аянбай ат салысқан ұстазы – Кебекбай бидің де үлесі зор. Оған төмендегі ел аузындағы аңыз дәлел болғандай. Бірде Кебекбай шешен нөкерлерімен бірге атақты Малдыбай бидің немересі Даулетбақтың үйіне қонаққа келеді. Үй иесі мал сойып, қонақтарды күтеді. Қонақтардың қолына су құйып, онегелі сөздеріне құлақ қойып жүрген бала Ноғайбайды байқаған Кебекбай: «Мына балаңды менің қасыма қос, бірге жүріп ел танысын, жер көрсін, үлгі-өнеге үйренсін» – дейді. Даулетбақ оны құп көріп, баласын шешеннің нөкерлерінің қасына қосады. Сөйтіп, Ноғайбай Кебекбайдың тәрбиесінде болады. Кейін Кебекбай қартайған соң, Қасқарау елінің тізгінін ұстайды, беделі күннен-күнге артып, ел аузына ілігеді, ел арасындағы көптеген дауларды шешуге ат салысады, тапқырлығымен, әділдігімен ерте көзге түседі.

Ноғайбай шешен алмағайып кезеңде өмір сүрді. XIX ғасырда Ұлы жүз жерінің оңтүстігі Жетісу өлкесін жара өтетін Іле өзенінің сол жағалауына дейінгі бөлігі Қоқан хандығының билігінде еді. Қоқан бектерінің зорлық-зомбылығына шыдамаған қырғыз-қазақтар әр жерде қарсылық көрсете бастайды. Ал, екінші жағынан ақ патша қазақ жерінің солтүстік шекарасына шептер мен бекіністер

тізбегін салып, батыс, солтүстік, шығыс жақ беттерін қоршауға алып, қазақ даласындағы Кіші жүз бен Орта жүзді өзіне қаратып үлгерген еді. Орыс патшасының көкейін тескен бір арманы – Ұлы жүзді өзіне қарату, Жетісуға бет алған жорығының алдыңғы шебі Аягөзден ары қарай Жетісу өңіріне ішкерлей еніп, бекіністер салу, сонымен бірге Алатау бөктеріне аяқ ілдіруді мақсат етіп қойып, қазақ жерін түгел өзіне қарату үшін Қоқан хандығын ығыстыруға жол ашып, жергілікті қазақтар арасында өзінің саяси билігін нығайту еді. Соның арқасында Қапал, Верный бекіністері, көптеген кішігірім станицалар салынып, орыс-қазақтары көшіп келе бастайды. Осылайша Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығына өту кезеңі басталады.

Жетісуға бекініп алған Ресей әкімшілігі бодандығына өткен жергілікті халықтың би, сұлтандарына бар талаптарын орындату үшін, олармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Барша амал-тәсілдерін қолданады. Басында әкесі Даулетбақпен бірге «өз мұсылманым» деп Қоқан хан жағына болысады, бірақ, хандықтың ішкі жанжалы, сонымен бірге, әртүрлі сылтаумен салықты көбейтуі, халықтың ашу-ызасын келтіруі, көнбегендерге зорлық-зомбылық көрсетуі, екінші жағы ақпатша генералы Колпаковскийдің жүргізген саясатының *(жергілікті халықтың атқамінерлеріне өз жағғына өтуін үгіттеп хат жолдайды, бірін-біріне айдап салады)* арқасында Ресей әскерінің жағына шығады. Сөйтіп, Ноғайбай бидің билікке араласқан кезі қазақ даласының Ресей империясының қанды шеңгеліне біржолата өтіп, өктемдігі артып тұрған тұсқа тура келеді. Бұл кезде Ресей әскерінің Верный бекінісін салып, Алатау бөктеріне нық орнығып алғаннан кейін, әскери күшін молайтып, Шу бойына дейінгі аралықты қоқандықтардан азат етіп, Орта Азияға жол ашу үшін Шу сыртқы өңірін өзіне қаратуды көздейді. 1859 жылы Г.А. Колпаковскийдің бұйыруымен Шу бойын топографиялап, картаға түсіреміз, зерттеу жұмысын жүргіземіз деген мәселені алға

тартып, Шу алқабын барлап, сол өлкені өзіне қаратудың жай-жапсарын қарастыру үшін әскери экспедиция аттандырады. Ресейдің саясатын жүргізуге бұл жұмыстың пайдасы зор. **Өйткені, Колпаковский Қоқан иелігіндегі Пішпек, Тоқмақ қамалдарының маңына шолу жасау арқылы Қазақстанның оңтүстік аймағын отарлауды алға мақсат етіп қойған болатын. Жергілікті атқамінер болғандықтан Ноғайбай би де бұл экспедицияға көмектесуге мәжбүр болған еді.**

Орыс әскерінің Шу бойына жорыққа дайындалып жатқаны Қоқан ханы Құдиярға да жетеді. Сондықтан, 1860 жылы Рүстембек паруаншы және Әлішер, Атабек датқалар басшылық еткен 3000-дай Қоқан әскері Верный бекінісіне қарай аттанып кетеді. Олар Қастек бекінісінің батыс жағындағы 35 шақырымдай жердегі «Бұғымүйіз» деген жерге орналасады, алғашқы қақтығыс 3 шілде күні «Жиренайғыр» өзенінің маңында болады. 9-10 шілде күні Қоқан әскері Қастек бекінісіне шабуыл жасайды. Алайда, 5 шілде күні түнделетіп шыққан полковник А. Э. Циммерман 6 шілдеде Қастек бекінісіндегілерге көмекке келіп үлгереді. Екі арадағы шайқас нәтижесінде-қоқандықтар Шуға қарай шегінуге мәжбүр болады. Одан әрі Циммерман жасағы тамыз айында Шу бойына келіп Тоқмақ, Пішпек бекінісін басып алу жорығына шығады. Сөйтіп, олар 1860 жылғы 28 тамызда Тоқмақ бекінісін, 4 қыркүйекте Пішпекті басып алады, 627 адам қолға түседі. Пішпек бекінісі жермен-жексен етіліп талқандалады. Шу бойы қазақ, қырғыздарының қатты қарсылық көрсетіп, ыңғай бермей қоюларына байланысты бұл жерде тұрақтай алмай, кері Верный бекінісіне қайтып кетеді. Тұтқынға түскен Пішпек бекінісінің бастығы Атабек датқаны өзімен бірге ала кетеді.

**Осы арада орыстардан жеңіліс тапқан Қоқан әскері тез арада күш жинап, қыркүйектің ортасында орыстарға қарсы Шу өңіріне екі үлкен жасақпен аттанады. Бұл жолы Қоқан әскерін Қанағатшах басқарады, алдыңғы соғысты басқарған Рүстембек паруаншы қамауға алынған еді. Әулиеатаға келген Қанағатшах қазақ, қырғыздарды қолдарына қару алып, мұсылман әскеріне қосылуға, қолдауға шақырып, үндеу хаттар таратылады. Онда: «Бүкіл Дешті-Қыпшақ мұсылмандары, Верныйға жорыққа баруға қосылыңдар, бәрінің еңбегін еш кетпейді, Қанағатшах сендерді сый-құрметке бөлейді, мал-жандарыңызға ешкім қол тигізбейді, ислам әскері Іледен ары қарай өтіп, мұсылмандарды қорғайды» – деп көрсетіледі. Ол үндеудің пайдасы да бар еді. Нәтижесінде**

**мұсылмандардан жасақталған 22 мың қол, кейбір деректерде 40 мың адам Верныйға қарай аттанады. Орыс әскерімен шешуші шайқас Ұзынағаш маңында, Жиренайғыр өзенінің бойында өтеді. Ресей әскерін 800 адаммен полковник Колпаковскийдің өзі басқарады. Зеңбірекпен және мылтықпен қаруланған орыс әскеріне төтеп беру мүмкін емес еді. Сөйтіп, Орта Азияға орыстардың алғашқы жорығының бастауындай болған Ұзынағаш соғысы 1860 жылдың 18-21 қазанында патша әскерінің жеңісімен аяқталады (Махаева А. Ш. *Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. Ғылыми-диссертация, 177-180 б.*) Ноғайбай шешен де өзінің жігіттерімен орыс әскері жағында болып Ұзынағаш маңындағы шешуші соғысқа қатысады. Осы соғыстан кейін Ноғайбай би елге танылып, патша генералы Колпаковскийдің сеніміне кіре бастайды. Мысалы, «Ердің сойы – Сұраншы» атты мақалада төмендегідей суреттеледі: 1862 жылы көктемінде генерал Колпаковский Қордай тауының бергі жағындағы Ырғайты өзенінің жағасында Қасқарау елінің халық арасына аты кең тарай бастаған жас биі, дарынды шешен Ноғайбай Дәулетбақұлының үйінде кездеседі. Меркіден Сыпатай батырды шақыртады. Кездесу барысында, Жетісу қазақтарының, әсіресе, Дулат, Шапырашты руларымен Ресей мемлекеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер талқыланып шешіледі. Көп ұзамай орыс әскері Меркіні алады, осы 1862 жылдың соңына қарай Тоқмақ, Пішпек бекіністерін шабуылдап, жойып жібереді. 1864 жылы генерал Черняев бастаған орыс әскері келіп Әулиеата шаһарын басып алады. Қоқандықтарға жақ болды деген сылтаумен жергілікті халықты көп қырғынға ұшыратады. **Осы соғысқа қатысқан қазақтың біртуар ұлдарының бірі Ш.Уалиханов наразылық білдіреді. Сыпатай, Ноғайбай, Сұраншы жасақтары Шоқан жағына шығады. Әскер арасында қобалжулық пайда болады. Алайда, араға айлакер Колпаковский кірісіп қазақ сарбаздарын мәмлеге көндіреді.****

Мұрағат деректеріне қарағанда, 1863-1865 жылдары Верныйдан шыққан Черняев бастаған орыс әскерлері Шу бойы мен Әулиеата, Шымкент, Сайрам қалаларын, Перовскіден шыққан орыс әскерлерімен бірігіп, Ташкент, Шымқорған, Жөлек бекіністерін басып алады. Нәтижесінде, жаңадан басып алған Ыстықкөл, Шу сырты мен Сырдария тізбегін қосу арқылы оңтүстік аймақта Түркістан облысы құрылады. Ұлы жүз қазақтары толықтай Ресей қоластына өтеді.

1865 жылы Ұлы жүз қазақтары Ресейдің қол астына өткеннен соң, патша өкіметі қол астындағы халықтарды бір басқарманың астына біріктіру мақсатымен, қазақтарды басқарудың бұрынғы жүйесін толығымен өзгертіп, бұл өлкені өзінің әкімшілік жүйесіне енгізу шараларына кірісіп кетеді. 1865 жылы патша үкімімен қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне ерекше Дала Комиссиясы шығарылып, Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлауға кіріседі. Жаңа әкімшілік жүйе енгізу қарсаңында Ұлы жүз қазақтарын руластық негізде ауылдарға және болыстықтарға бөле бастайды. Бұдан кейін де бірнеше мәрте реформа жасайды. Сөйтіп, Жетісу өлкесіндегі жасалған әкімшілік-аумақтық реформаға сәйкес, қазақ ауылдарының руластық негізінде 22 болыстық құрылады. Соның ішінде құрылған Қасқарау-Сырымбет болысына Ноғайбай Дәулетбаков болыс болып тағайындалады (*ҚРОММ.3 қор, 1 тізбе, 562-іс*).

1868 жылғы патшалық әкімшілік-басқару жүйесінің «Уақытша ережесіне» сәйкес қайта болыстықтарға бөлу кезінде Ырғайты өзенінің шығысындағы Алатаудың күнгей жақ бетіндегі Қасқарау-Сырымбет болыстығы жаңа құрылған Тоқмақ (1871 жылдан Пішпек) уезіне қарасты болып, Шығыс Ырғайты болыстығы деп аталады. Осы өзгертулерге байланысты Ноғайбай Дәулетбақұлы осы болыстықтың болысы болып қайта сайланады. Сонымен бірге, тағы да жиырма жылдай 1879-1907 жылдар аралығында Пішпек уезінің Қалғұты болыстығының болысы қызметін атқарады (*ҚРОММ.44 қор, 1-тізбе*).

Негізі Пішпек уезіне қарасты Қалғұты болыстығының болысы қызметін атқарған жылдары қырғыз халқының атқамінерлерімен тығыз қарым-қатынаста болады. Әсіресе, Шәбден, Бәйтік және тағы басқа манаптармен де сйлестігі жоғары болған, олардан көмегін аймаған. Бірде Шолпанқұл манап Пішпек уезінің бастығын ұрып Сібірге айдалатын болғанда генерал-губернаторға Шәбден Ноғайбайды салған. Ноқаң Верныйдағы генерал-губернаторға Шәбденмен бірге барып Шолпанқұлдың күнәсін кешуін сұраған. Ақырында Шолпанқұлды итжеккенге айдап-пай құтқарып қалған. Сонымен бірге, қырғыздың бетке ұстар манабы Бәйтік, Қоқан ханы Құдиярдың елшісі Пішпектің бегі-Рахметолла датқаның басын кесіп алғаннан кейін, Құдиярдан сескеніп елін тыныштандыру мақсатында Ноғайбайға ат шаптырып көмек көрсетуін сұрайды. Шу өзенін тел

емген қазақ-қырғыз арасында Ноғайбай би мен Шәбден манап туралы аңызға бергісіз әңгімелер баршылық. Соның біріне келетін болсақ, бірде Шәбден Алматыға жандаралға келіп, кешке бір топ манаптармен қымыз, шай ішіп отырғанда үстеріне Ноғайбай келіп қалады. Оның артынша осындағы көпес Ысқақ келіп Шәбденге сәлем береді.

– Батыр Шәбден, Алматыға бірінші рет келіп отырсыз, сол үшін мынау сізге бізден сый-сияпат: үш киімдік қытайы асыл еді, – деп сыпайыгершілікпен бір бума кездемені алдына қояды. Ысқақ басын иіп:

– Есік-төрді көрмеген едіңіз, қонаққа шақыра келдім, – депті тағы да. Шәбден «рахмет» деп қасындағы манаптарға қарай бергенде Ноғайбай оның алдындағы жаңағы шәйі кездемелерді өзінің алдына тарта қояды, қырғыздар шу ете қалады. Ноғайбай сонда:

– Ау, қырғыз туғандар, мұнша неге шуладындар? Қазаққа олжа келсе, қырғызға байланады, қырғызға олжа келсе қазаққа байланады емес пе?! Бұл бір пайғамбардың мәуіті тоны дейсің бе, қытайдың шытырмағы да, оның құны ат пен түйе болар дейсің бе? – депті. Шәбден:

– Сөз тапқанға қолқа жоқ, алсын-алсын, – деп отырып қалыпты.

Шәбден мен Ноғайбайдың достығымен қоса бұрыннан жалғасқан құдалығы да бар. Қазақ пен қырғыз жанжалдасып қазақ жағы қырғыздың бетке ұстар адамын өлтіріп қойған екен. Құн дауында Жантай манап қыз сұрайды. Қыз Сырымбеттің Малдыбайынан болсын деп талап қояды. Малдыбай ұрпақтары ақылдаса келе Қоңырбай байдың ақылына заты сай Әйшөке атты ару қызын жөн-жоралғысымен Жантай ауылына ұзатады Қордай өңіріндегі жергілікті халық арасындағы аңыз бойынша Ақмай әжеміздің: «Мен Жаныс-Қасқарау Ноғайбайға, болмаса қырғыз Шәбденге тиемін» деген сөзі бар. Бұл аңыз бекер айтылмаса керек. Мендегі қолжазба деректерде: «Ақмай әже 1859 жылы дүниеге келеді. Ол Абайдың ағасы Құдайбердінің екінші әйелі, Тобықты ішінде Мамай руынан шыққан Дулат батырдың қызы Ботантайдан туған ұлы – Әмір атты баласының жесірі. Әмір ер жетіп Ақмайға үйленеді, тағдырдың жауымен отағасы Әмір бұл фәни дүниеден мезгілсіз қазаға ұшырайды» – делінген. Бұл туралы ақиық Кенен ақын:

– Абайдың Ақмай деген жеңгесі ме, әлде келіні ме, сонау Шыңғыстан келіп Ноғайбайға тиген екен. Ақмай әуелі Алматыда тұратын саудагер Мерқасымдағы

апасының соңынан келеді. Мерқасым және Құнанбайдың жиені Әпсемет, тағы біреулер сөйлесіп, оны Ноғайбайға қосады. Бірер жылдан соң, Абай Жетісуға келіп, Әпсеметтің үйіне түскен дейді. Сәлемдесіп, танысқан соң, бір сөздің иіні келгенде, Мерқасымның балдызы Ақмайдың қалай Ноғайбайға қосылғанын сұрап білгісі келеді. Мерқасым өздері араласып құда-жекжат болып жүрген Ноғайбайды мақтайды.

– Жетісудағы елді жел диірмендей айналдырып тұрған Дулаттың төрт балалары. Бұл Жетісудағы қала-далаға, қырғыз-қазаққа қадірлі адам. Бірақ, орысша білмейді, болмаса адамның қара тілді шешені, ауылы Сұлтүрді жайлаған. Шіркін, Сұлтүр десе дегендей жер-ау, мөлдір бұлақ, көк торғын құрақ, салқын сазды. Үлкенсаз, Кішісаз, Қарақия, Қасқажол. Ар жағында қырғыздармен қыз алысып, қыз берісіп араласып кеткен ел ғой, – деп отырғанда, бір жігіт:

– Ноғайбай мен Шабден батыр осы Алматыда жүр, кеше губернатор кеңселерінің алдынан көрдім. Ысқақбай үйіне қонаққа алып бара жатқан, – дейді. Мерқасым ол жігіттен:

– Ұлыққа неге келгенін білдің бе? – деп сұрады. – Сырттан ұққаным, – деді жігіт, – қырғыз Шолпанқұл манап, Сібірге айдалатын болыпты. Пішпек уезінің бастығын ұрған дейді. Соны Шабден, Ноғайбай екеуі «күнәсін кеш» деп, губернатор мен жандаралға келіпті. Қадірін салып келген соң, олар Шолпанқұлдың күнәсын кешіпті. Осыған байланысты Ысқақбай оларды қонаққа шақырыпты. Сарыбас ақын, қырғыз Қалмырза жырышы қастарында, – дейді.

– Рахмет, жігітім, көп әңгіме айттың, – деп бәрі дуылдасып қалады. Абай үндемей тыңдап отырады. Ертесіне Шабден батыр рұқсат қағазды алып, ауылына жүріп кетеді. Ноғайбай қаладағы жолдас-жора, жек-жаттарымен амандасып қайтқалы қалады. Таңертең Мерқасым Ноғайбаймен оған ере келген Әселге барып, Абайдың келіп, үйінде жатқанын айтады. Бастан аяқ әңгіме нобайын түсінген Ноғайбай ең алдымен, базардан бір ту бие алдырады. Құнанбайдың бұрында дабысын білетін ол Абай деген ақын да, ақылды баласы бар деп еститін. Арғыннан Ақмайды алғалы Тобықтының жағдайын толық білген Ноғайбай, енді, Абаймен дидарласуға бет қояды. Мерқасым Ноғайбайды Әселімен ертіп келіп, Абай отырған үйіне кіргізеді. Үйдегілер жапырылып амандасады. Абай да орнынан тұрып, Ноқамен құшақ жайып сәлемдеседі. Есен-амандықтан кейін Ноғайбай Абайға бұрылып:

– Иә, Абай мырза, жол болсын, мына Мерқасымнан сіздің осы үйде жатқаныңызды естіп, сәлемдесейін деп келдім. Алатау, Алматыға келген соң, бізге қонақсыз ғой, қаладан біз де, сіз де қайтқанша дәм-тұз тата тұрсын деп сойысқа бір ту бие ала келіп ем. Онан соң, Абай шырағым біздің ауылды көріп қайтыңыз. Мынау отырған Әсел бәйбішеден дәм татып, Ақмай жеңген жолығып қайтарсың, – депті. Сонда Абай:

– Рахмет, Ноқа, дұрыс айттыңыз. Арқадан ауа жайылып бір асылымыз мұнда келіп, сізбен отандасыпты. Сөйтіп, жесіріміз теңін де, жерін де тауыпты. Құнакеннің зәрімен кеткен, аталы жерден шыққан текті ару еді. Ноқа, Ақмай жеңгем туған жерін, өскен елін аңсап, Арқаға барып қайтамын десе, шау-жайынан қақпаңыз? – деп күліп қояды. Екеуінің аузын бағып отырған көпшілік ду күліп, қошамет көрсетеді. Түрлі ас, тамақ, қымыз құйылып, салтанатпен Мерқасым екеуіне бар ықылас-пейіл білдіреді. Ноғайбай Абайды Сұлтүрге шақырады.

Сонда, Абай:

– Ноқа, ауылыңыз қашықтау екен, Ақмайды Алматыға келтірсеңіз, көріп қайтайын, – деп еді, Ноғайбайдан бұрын Сарыбас ақын дереу домбырасының құлағын бұрап-бұрап шырқап жібереді:

*Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбай-ды,  
Тобықты Ырғызбайлап ұрандайды.  
Қазақта бірінші боп қажы болған.  
Өз әжең есіне алып, бір Құдайды,  
Меккеге тәңірге арнап үй салғызған,  
Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды.  
Ноқанды көрген шақта жесіріңіз,  
Айналып аққу қаздай шыға алмайды.  
Шалатұғын палуандай сөзің әрлі.  
Абайжан көңілің қалай, бұраңдайды?  
Бармаған шақырғанға зар болады,  
Құрметпен барған қонақ ұялмайды.*

Отырған көпшілік «Пәлі, Саракен тура айтты», – десіп қалады. Абай күліп Сарбасқа: «Рахмет, барайын, халық шақырған жерден неге қалайын?» – дейді.

Сұлтүрге бет алған қырық-елу адам Абай мен Ноғайбайды ортаға алып сырнайлатып, кернейлетіп, сән-салтанатымен келеді. Жайлаудағы қалың ел таңырқап, кәрі-жасы қарап тұрады.

Абайды әуелі Әсел бәйбіше үйіне түсіреді. Тай сойылып, сары қымыз құйылып, Әсел де Абайды аса зор ілтипатпен

құрметтейді. Әсел ару да Абайдың кермиық келбетіне, киім киісіне, жүріс тұрысына, сөйлегеніне қарап, оны Жетісу адамдарымен іштей салыстырады. Абай да Әселдің бөлекше әйел екенін байқап танып, Ноғайбайға Құдайдың лайықтап қосқанына сүйсінеді.

Келесі күні Абайды Арғын апайға түсіреді. Ауылы бөлек одан да түрлі қырғыз-қазақтың әдет-ғұрпын, тамашасын көреді. Жеңгесінің баласы Илиястың бетінен сүйеді, қыздарын алдына отырғызып еркелетеді. **Қысқасы, Абайды Ноқаңның балалары, ағайын-інілері кезек-кезек, таласып қонақ етеді. Сұлу төрдің көк жайлауында Абай бір жетідей жүріп, ас-тойларды көріп, елдің сана-салтымен танысады.**

– Ноқа, жеріңіз де, еліңіз де тамаша. Байлық та, батырлық та, ақындық та халық арасында жоқ емес, бірақ, жастар оқусыз екен. Байлық көзі оқу-білімде, олай болса балаларды оқыту, құнарлы жерге елді қоныстандыру керек. Сіздерде үлгі аларлық мүмкіншілік көп, Алматы мен Пішпек арасында отырсыздар. Түбінде баянды еңбек-егін салған, жасынан оқу оқып білім алған, би болған, болыс болған өнер емес. Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, – деп ұйқастыра сөйлегенде, Ноғайбай басын изеп мақұлдапты. Абай Ноқаңнан қайтуға рұқсат сұрайды. Арғын апа Алматыға дейін шығарып салмақшы болады: Әсел бәйбіше қонағына ішік жауып, екі жолдасына да ат-шапан береді. Еркебай ауылына дейін Қасқараудың жақсымын деп жүрген адамдары Абайды құрметтеп шығарып салады. Жұлқынып тұрған үш арғымақ қара жолды бұрқыратып Ноғайбай мен Абайды, Арғын апайды, Мерқасымды әйелімен Алматыға қоныраулатып ала жөнеледі. Қырғыз-қазақтың Абайды көргендері «шіркін-ай туыс осы екен» – десіп, тандай қағып қала береді.

Абай қалаға келген соң, үш күннен кейін Шыңғысқа қайтты. Разы болғандай, Ноғайбай сыйына көңілі толғандай түрі бар. Тағы да сәлем-сауқаттар беріп, Арғын апай да, Мерқасым да, оның әйелі де жегі жапар болып жатыр. Қаладағы арғындар келіп, Құнанбайға сәлемде – деп, аманат айтты. Абай аттанарда Ноғайбайдың қолын алып тұрып:

*– Алатау асқар бел екен,  
Үйсін атты ел екен.  
Етек жеңі кең екен,  
Алма-жеміс көп екен.  
Сұлу төр құтты жер екен,  
Қойны толы кен екен.  
Қоңыр желі Қордайдың*

*Дертке иіша, ем екен.  
Елден елдің кемі жоқ –  
Қасқараудың көлемі.  
Тобықтыдай кең екен,  
Ерден ердің кемі жоқ,  
Ноғайбай да ер екен,  
Бақытты бопсыз Ақмайым,  
Келген жерің құт екен,  
Артық деп те кетер ем-  
Ел намысы дер екен,  
Қош сау болғын ер, Ноқа.*

*Арта берсін берекең!* – деп тақпақтай жөнеліпті. Сонда Ноғайбай да:

– Рахмет Абайжан! Ел бағына туған ер екенсің, ақылың дария көл екенсің. Көпке бірдей ұл болып тұрған ұл екенсің. Бір ауылға болысатын кісі емес, бүкіл ел қамын ойлайтын қамқор дана көрінесің. Орысша да, мұсылманша да білімнің зор екен, менде Жетісудағы елге атым бар, азды көпті хатым бар адаммын. Бір-ақ арманым бар адаммын. Ол патшамен орыс тілінде еркін сөйлесе алмайтыным. Абайжан, сөге жамандама, әкен Құнанбайға, арқадағы елге бізден сәлем дерсің.

Ноғайбай одан әрі:

– Күнекең әкесі Өскенбайға ас беріп ат шабамын деп, үш жүзге сауын айтқанда, менің ағам Мадияр он жолдасымен бұл Жетісудан озған Төртөбел жүйрікті алып барады. Сонда, Құнанбай бір сайыпкерін жіберіп: «Алатаудан келген атты сынап кел» – депті. Ол сыншы Төртөбелді көріп: «Үйсіннің аты бір күн тыныкса, алдымен келеді» – депті. Сонда, Құнанбай уағдалы күнге қаратпай, бір күн бұрын атты алысқа айдатып, бәйгені әділетсіздікпен өзі алыпты. Алыстан созылып барған Төртөбел ат екінші болып қалады. Онымен тұрмай – Үйсіндер, атың озбады, Алатауға не деп барасындар, ә – деп әжуалапты. Сонда Мадияр ағамыз: *Жарығы бірдей түсер күн мен айдың,  
Әбілез қызын алған Жамантайдың.  
Баласы шақырып ап зорлық қылды,  
«Көзі соқыр» деуші еді Құнанбайдың.  
Үш жүзге әділ болған әз-Төле би.  
Өтеген тұқымы едім, Малдыбайдың.  
Төртөбелдің бәйгесі – ердің құны,  
Ақымызды жегізбес бір құдайым,* – депті.

Мадиярдың сөзіне Құнанбай ыза болғанмен, Алшынбай, Қаратай деген кісілер:

– Қой, Құнанбай мырза! – деп, Мадиярды Өскембайдың үйіне түсіріп қайта сыйлапты. Сол Мадияр айтқандай, Абай шырағым, «Ат құнына, нар пұлына» – деген, Ақмай келді ақымыз түгенделді – деп, Ноқаң әзілдеп қалжың айтыпты. Абай да уәжді жауап қайтарып, екеуі айқара құшақтасып, қош десіп, жолға шығарып салыпты.



**Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ,**  
спорт журналисі

## **ТҰҒЫРЫНАН ТАЙМАҒАН ТҰЛҒА**

**немесе «Азамат мерейі»**

Халқына қисапсыз қызмет көрсетуде ел мерейін өсірген азаматтар қазақ жерінде баршылық. Ел үшін туған жиделі жас жетпістің төріне шыққан Омархан Исаханов өз заманының сондай тұлғалы азаматы.

Омархан Тарбағатай тауының бөктеріндегі Үржар ауданына қарасты Науалы ауылының тумасы.

...Қыр жусанының танау қытықтап, аршыған жұмыртқадай көкірек сарайынды ашып сала беретін ғажайып иісін қанына сіңіріп, ауыл тұрмысының қат-қабат қызғы мен қияметін көріп, ыстығы мен суығына бірдей төзіп, бар тауқыметіне шыдап баққан қазақ балаларының бірі болып өсті.

Омарханның ат жалын тартып мінген балалық шағынан қазіргі мазмұнды да мағыналы өмір жолына зер салсаңыз ғибратқа толы парасат пен ізгілікке көз жеткізесіз. Иә, әр қазақ баласы үшін көкірегіне сағынышқа толы шуақ сеуіп, ерекше ыстық сезімге бөлейтін ауылдың орны бөлек. Омархандай ел ағасы болған азаматтар балалық шағын кеңестік дәуірдің еншісінде қалдырғаны белгілі. Ол заманның ең ардақты да абыройлы адамы, еңбек адамы болатын. Осы қағиданы зердесіне түйе білген Омархан еңбекке етене жақын болды. Адал еңбегімен ел елеулісіне айналып, құрметіне бөленген. Жақсы мінезімен, тынымсыз еңбекқорлығымен жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген ауылдың аяулы азаматтарының тұлғалары қашанда биікте.

Жасынан адамдардың қабағына қарап, бір тілім нанды бөліп жеді. Жұртқа жаны ашып тұру, біреуге қол ұшын созу, қысқасы, адамгершілікте болуды жүрегіне түйіп өсті. Оның бар оқулығы дала болды. Сол даланың адамдары бұған

дархандықты, жомарттықты, кішілік пен кісілікті үйретті, тоқытты, оқытты. Сол дала тәрбиесімен келіп қазақтың дене тәрбиесі институтына оқуға түсті. Дене тәрбиесі институтын таңдауы тектен-тек емес еді. 1959 жылдан бастап, мектеп қабырғасында жүріп спорттың бірнеше түрімен айналысты. Балалықтың балғын шағында боз кілем үстінде қазақша күрестен бағын сынаса, бертін келе жеңіл атлетика, волейбол, велоспорт түрлерін де өз өміріне серік етті.

Республикалық, облыстық жарыстарда ерекше көзге түсіп, ел құрметіне бөлене білген спорт түрі – ол шаңғы спорты еді. 10-15 шақырымдық қашықтықтағы сындарда шаңғымен сынаптай сырғи білген Омархан Жігітбекұлы үнемі жеңіс көмбесінен көріне біліп, спорттың бұл түрінен спорт шеберлігіне үміткер атанды. Осынау спорт түрлерінің бар қыры мен сырының құпиясын меңгеруге баулыған Қазақстанның Еңбек сіңірген жаттықтырушылары Болат Тұрлыханов пен Илья Иванович Борило сияқты ұстаздарын ілтипатпен еске алады. Жасынан осы ұстаздарының қабағына қарап, адамгершілік сияқты қасиеттерді жүрегіне түйіп өсті. Сол дала тәрбиесін қия алмаған Омархан 1970 жылы дене тәрбиесі институтын тәмамдаған соң туған ауылына келіп, ұстаздық жолға түсті. Науалы ауылында ұстаздық ете жүріп, Үржардағы Болат Тұрлыханов ұстазына барып, қазақша күрестен шеберлігін шыңдай біліп, күрестің осы түрінен Қазақстан Республикасының Спорт шебері атанды. Мектеп қабырғасында жүріп, күні кеше ғана шәкірт болған балауса жас, енді ұстаздық өнердің тұтқасын ұстады. Ол жылдарда Науалы мектебі білім сапасы жағынан болсын, өнер мен спорт жағынан болсын ауданда үнемі алдыңғы қатарда жүретін.

Дене пәнінің мұғалімі бола жүріп, мектеп оқушыларын күрес, бокс, жеңіл

атлетика, шаңғы спорты түрлеріне баулыды. Шаңғы спортынан 4x5 шақырымдық эстафеталық сында Науалы мектебінің командасы облыс чемпионы атануына Омар Жігітбекұлының қосқан үлесі өлшеусіз. Шаңғы спортынан аудандық, облыстық жарыстарда шаңғымен сырғанауда ел атын шығарып, жасындай жарқыраған Омархан Жігітбекұлын бүкіл ауыл орынды мақтан тұтатын. Сондай-ақ бұл табыстар Омар Исахановтың спорттық, бапкерлік жолдағы алғашқы бастауы десе де боларлық. Ұржар ауданы үлкен спортқа талай-талай майталман спортшыларды берген құнарлы өңір. Оған бірден-бір дәлел кешегі Кеңес Одағының тарихында грек-рим күресінен қатарынан жеті рет КСРО чемпионы болу атағы (160 миллион халқы бар Ресейге, 50 миллион халқы бар Украинаға бұйырмаған) нарқасқа балуан қазақтан шыққан Дәулет Тұрлыхановқа ғана бұйырыпты. Оқығаны мен тоқығаны, көргені мен білгені мол Омархан Жігітбекұлына ауыл аясы тар болғандай көрініп, үлкен спорттық жолға түсуді ойлап, 1972 жылы астанамыз Алматыға келіп, Алматы малдәрігерлік институтының дене шынықтыру және спорт кафедрасына оқытушы болып орналасты.

1973 жыл Омархан Исаханов өміріндегі бетбұрыс жылы болды. Спорт әлемінің есігінен сығалап, қасиетті табалдырығын аттағаны сол жылдарда Қазақстан спортын басқарған Аманша Сейсенұлы Ақпаевтың арқасында екенін ілтипатпен еске алады.

Спорт Комитетке дзюдо, самбо, қазақша күрес түрлерінен мемлекеттік жаттықтырушы болып бекітілгенде Аманша Ақпаев оған:

– Ал, інім саған спорттың осы үш түрін аманат етіп тапсырып отырмын, мұнымен қоса ұлттық спорт түрлеріне ерекше мән беретініне сенемін, – деп үлкен міндет жүктеген еді.

Намысқа тырысқан Омархан қай қиырға салса да, қиядан көрінді, қай тереңге салса да, бойлап та, ойлап та шыға білді. Қайраткерлік пен ерік-жігердің үлгісін көрсетті. Болашақ жеңімпаздарға қазақ халқының болмысын, ұлттық салт-дәстүрін, спорт өнерін, мәдениет үрдісін ұрпақ бойына сіңіретіндей тәрбие көзін аша білді. Әлемде, XX ғасырдың 30-жылдары самбо күресінің тұсауы кесілген жыл болып табылады. Самбо күресінен ең бірінші Әлем чемпионаты 1973 жылы ұйымдастырылды. Теге-

ранда өткен бұл чемпионатта КСРО самбошылары 10 салмақ дәрежесінің тоғызында жеңіс биігінен көрінді. Бұл табысқа қазақстандықтар да үлес қосты. Мемлекеттік жаттықтырушы Омархан Исаханов қазақша күрес, самбо, дзюдо күрестерінің тамырына нәр бере білуінің арқасында спорттың аталған түрлерінен өмірге толағай табыстар келе бастады. Енді, сол табыстарға аз-кем тоқтала кетсек артық болмас. Самбо күресі бойынша Еуропа біріншілігі 1972 жылы ұйымдастырылды. Рига қаласында өткен Еуропа біріншілігіне КСРО құрамасымен бірге Жапония, Иран, Моңғолия балуандары қатысты. Бұл сын КСРО самбошыларының айқын басымдығымен өтті.

1981 жылы Қарағанды қаласында самбо күресінен КСРО-ның чемпионаты өтті. Оған 15 одақтас республикалармен бірге Мәскеу, Ленинград балуандары қатысты. Осы жарыста 48 келі салмақта қазақстандық екі балуан бақтарын сынады. 17 жасқа енді ғана толған Айтжан Шаңғараев пен Қанат Байшолақов осы салмақта ақтық финалдық айкаста екеуі өзара кездесті. Бұл бәсеке Айтжан Шаңғараевтың жеңісімен аяқталды. Ол КСРО чемпионы атанды. Онымен бірге дәл осындай атаққа қол жеткізіп, алтыннан алқа таққан Тараздық Алмас Мұсабековті де атай кеткен жөн. Қазақстан құрамасы тарихта бірінші рет командалық екінші тұғырдан көрінді.

Шаңғараевтар бірнеше ағайынды азаматтар, олар Айтжан, Қайрат, Мараттар. Бұлар Алматы қаласының түбіндегі Қарасу ауылының тумалары. Әрине, бұлардың спорттағы осындай толағай табыстары өзінен-өзі келе салмағаны белгілі, олардың осындай биікке көтерілуіне жол ашқан бапкерлерінің тынымсыз тер төгуі мен ізденістерінің нәтижесі екені даусыз. Бұл жерде самбо күресінің көсегесін көгерту жолында бүкіл саналы ғұмырын арнаған – Темірхан Досмұханбетовтың еңбегін ерекше атауға тиіспіз. Ағайынды Шаңғараев, ағайынды Қалаяқовтарды КСРО, Еуропа, әлем чемпиондары биігіне көтере білгені үшін Досмұханбетовке КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы берілді. Белгілі бапкер Марат Жағиттың шәкірті Алмас Мұсабеков 1986 жылы Еуропа чемпионы атанды.

Самбо күресінің Отанына айналған өңірдің бірі Қарағанды облысының Жаңа-Арқа ауданы. Аталған ауданның түлегі

Айбатыр Махмұтов 1992 жылы Әлем кубогын жеңіп алды. Осы аудандағы Атасу ауылындағы «Жас сұңқар» спорт мектебінен 1973-1990 жылдар аралығында бүкіл әлемге аттары мәшһүр болған әлем және Еуропа чемпионы Қанат Байшолақов, әлемнің күміс жүлдегері Әлісұлтан Волобуев, Әлем кубогының жеңімпазы Айбатыр Махмұтов, Талғат Байшолақов және Жанат Байшолақовтар қазақ елінің мерейін өсірді. Әлемді аузына қаратқан осыншама чемпиондар шоғырын тәрбиелеген Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, КСРО-ға еңбегі сіңген жаттықтырушы, Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, осы атақтардың лайықты иесі – Диханбай Дүржанұлы Биткөзов болатын. Ерекше еңбеккер азаматтың арқасында Жаңа-Арқа ауданын бүкіл әлем таныды. Сен тұр мен атайын дейтін атақты спортшылардың дақырты еліміздің барлық аймағына жетіп, қазақша күрес, самбо, дзюдо күрестері қазақ жерінде кең қанат жая бастады. Осындай іргелі істердің басы-қасында болып, ылғи жайнап, маздап, жалындап тұратын от сияқты Омархан өзінің жануымен қоймай, өзімен бірге өзгелерді тұтатып, жадыратып жүрді.

Айналасындағыларға шуағын шашатын белгілі де білікті азаматтармен жанаса жүріп, өз міндетін шұбасыз атқарды. Омекең, Абай айтқандай «ақылы мен еңбегіне» сенген адам. Екеуі екі жақтап оны биікке көтерді, құлашын кеңге серметті. Сондықтан да, болар, қатықсыз қара көжесі мен қара нанын адал жеген азамат. Адал ас бойға сіңімді дегенді тірлігімен дәлелдеді. Күні бүгінге дейін бірі аға болғандардың аялы алақанын, бірі іні болғандардың жомарт жүрегінің жылуын жиі еске алады. Дзюдо күресін де үнемі назарында ұстап, осы жолда тер төгіп жүрген белгілі мамандармен тізе қосып, күрестің бұл түріне де дем берді. Ауыз толтырып айтарлықтай табыс баршылық. Оған айғақ 1975 жылы Марат Әзімбаев Еуропа чемпионы атанса, теміржолшылар арасында Юрий Малиновский әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Кеңестік одақтың төрінде жалындай жарқыраған өрендер аз болған жоқ. Олар Марат Әзімбаев, Ибрагим Оздаев, Александр Зверинцев, Бостан Жаңбырбаевтар қазақ елінің мақтанышына айналды.

1982 жылдан бастап қазақстандық дзюдошылар Халықаралық жарыстарында республика атынан жеке команда болып қатысу құқығына ие болды. Омар

Исахановтың ұсынысы бойынша Алексей Атаев құрама командаға бас бапкер болып бекітілді. Біреулер үшін мансап болып саналатын, мәртебе болып көрінетін қоғамдық, мемлекеттік істер, яғни отан алдындағы, халық назарындағы қалтқысыз қызмет Омархан үшін перзенттік парыз, азаматтық міндет болып табылады. Рас, халық сеніміне ие болудан асқан абырой жоқ.

Жүрегінен сылдырап аққан осынау ізгіліктің кәусар бұлағы Омарханды арман шыңына шығарып, жақсылармен жанастырды, отызында орда бұзды, қырқында камал алды, тең құрбысының алды болды. Қандай қызмет атқарса да, шікірейген шенеунік болған жоқ. Қазақ намысы қай тұста желбіресе, Омархан сол жерден табылды. Ұлттық спорт түрлері жайында Омекең өз ойын былай білдірді:

– Кеңес дәуірінде қазақ халқы өзімен бірге ғасырлар бойы бірге жасасып келген ұлттық ойындары мен спорт түрлерінен айырылып қалуға шақ қалды. Құдайға шүкір, қаншама аумалы-төкпелі заманды бастан өткізсек те, Алла Тағала біздің пешенемізге асыл мұраларымыздан біржолата көз жазып қалуды жазбады. Империяның тегеуріні қанша мықты болғанымен, ол біздің ғасырлар бойы қалыптасып, халық санасы мен болмысында мықтап орын алған ұлттық спорт ойыны, мәдени өнерлерімізге деген сүйіспеншілігіміздің тамырына балта шаба алмады. Ал, Ұлттық спорт түрлеріне жататын қазақ күресіне келсек, оның алар орны ерекше. Бүкіл тарихи ғұмыры жаугершілік заманда аттың жалы мен түйенің қомында өтіп, ұланғайыр кең даламызды жаулардан, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, ел тәуелсіздігі жолында басын бәйгеге тіккен ата-бабаларымыз үшін қазақ күресі тек ұлттық спорт түрінің бірі ғана емес, ел іргесін қорғайтын, ұрпақты ерлік-рухта тәрбиелейтін жауынгерлік тәлім-тәрбие мектебі болғаны даусыз.

Жалпы, халқымыздың қанына сіңіп, оның өмір-тіршілігінің ажырамас бір бөлігіне айналған, халықтың жауынгерлік айла-тәсілдерге жетіктігін, рухының биіктігін, қазақ мінезінің өзінің байтақ даласындай кеңдігін көрсететін ғажап өнер екенін, жатпай-тұрмай дәлелдеген Омархан қазақ күресі ұлттық спорт түрі болғанын кеңестік дәуірдегі кейбір кертартпалардың көзін жеткізе отырып, дамытуға атсалысты.



Міне, бұл орайда Қазақ халқының атын әлемге паш еткен Қабден Байдосов, Жаксылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыхановтар күрес әліппесін ең алғаш рет осы қазақ күресінен бастағаны анық. Қазақтың қырка шалуын тамаша меңгерген Қанат Байшолақовтың самбодан әлем чемпионы атануы қазақ күресінің арқасы. Спорт өнерін тұмардай қадір тұтатын жапондықтар өздерінің дзюдо, каратэ, сумо күресін, корейлер таэквондоны, қытайлар кунг-фу, у-шу ұлттық спорт түрлерін әлемге мойындатса, қазақ халқының көне ғасырлар қойнауынан бастау алатын қазақ күресі кеңестік дәуірде бесіктегі баланың күйін кешу Омархан Жігітбекұлының арқасына аяздай бататын. Дүниежүзінің барлық түкпірінде әлем халықтары мойындаған қазақ күресін көрсем деп армандайтын.

Қазақ күресі федерациясының президенті Серік Адамұлы Түкеевтың тынымсыз ізденісі мен бел шешіп кірісуінің арқасында қазақ күресі бүгінде жаңа өмір кезеңіне аяқ басып, қабырғасы қатайып, дүниежүзілік ірі жарыстардың өзегіне айналды. Бұрынғы FILA президенті Рафаэль Мартинетти ұлттық спортымыздың ерекшелігі мен дамуына жоғары баға беріп, қазақ күресі әлемдік күрес қауымдастығына қабылдануға лайықты деп шешіп, Серік Түкиевпен арадағы заңды құжатқа қол қойды. Бұл құжат қазақ күресін жаңа белестерге көтерді. Оған үш-төрт жылдан бері өткізіле бастаған «Қазақстан барысы» белдесулері айғақ. Әлемдік, Еуропалық біріншіліктер мен ойындардың өткізіліп келе жатқаны өз алдына бір төбе.

Омархан Жігітбекұлы барлық өмір жолын елдің елдігі мен береке бірлігін нығайтуға, ынтымағын бекітуге арнап жершілдіктен, күншілдіктен әрқашан да бойын аулақ салатын, ешкімді мақтамай, ешкімді даттамай еңбегіне қарай бағалайтын. Сондықтан да, қазақ күресінен дзюдо, самбо күрестеріне ерекше еңбек сіңірген көптеген мамандардың ісін бағалауда «Ердің атын елі шығарады, елдің атын ері шығарады» деген аталы сөзге жүгініп, әрбір адамға өзінің лайықты бағасын беру, кімнің де болса арына сын екенін бір сәт те есінен шығарған емес. Бұл кісінің шапағатын көрген, аралас-құралас бола жүріп жоғарыда аталған күрестің үш түрін дамытуда аттары бүкіл әлемге әйгіленген белгілі спорт мамандары мен басшылардың аттарын атап, түстерін

түгендейтін болса, олардың қатары 40-50-ден асып түседі екен. Сондықтан, еліміздің әр аймағында жемісті еңбек етіп жүрген Омекеңнің үзеңгілестерін қадау-қадау атағанды жөн көрдік. Олар: Темірхан Досмұханбетов, Амантай Қарақов, Елемес Әлімханов, Керей Қойшыбек, Михаил Шепеюктер – бәрі Алматыдан. Оңтүстікте – Болат Қырықбаев, Жақан Оңалбеков; Таразда – Марат Жахит, Манарбек Ақайдаров; Оралда – Қамеш Ісмағұлов; Қарағанды облысында – Диқанбай Битқозов, Анатолий Малкин сияқты өз ісінің қас шеберлері күні бүгінге дейін жемісті еңбек етуде.

1973 жылдан 1986 жылға дейін аталған үш күрес түрінен еліміздегі тұңғыш мемлекеттік жаттықтырушы болу тек Омархан Жігітбекұлының маңдайына жазылған бақыт болды. Қазақша күрес, дзюдо, самбо күрес түрлерінен кеңестік дәуірде халықаралық, әлемдік деңгейде қол жеткізген табыстар ұшан-теңіз екен. Оның бәрін тізіп, атап шығу мүмкін емес. Адамның қайраткерлігі, тұлғалығы әркімнің атқарған ісі арқылы айқындалатынын Омархан ағаның өмір жолынан анық байқаймыз. 1981 жыл мен 2000 жылдар аралығында Омархан аға белгілі спорт маманы Елемес Әлімхановпен бірлесіп серіктес автор ретінде қазақ күресінің жаңа ережесін өмірге әкелумен бірге, қазақ күресіне қажетті спорттық киімдердің жаңа түрлерін, жаңа нысанның нұсқасын ұсынды. Бұл нұсқалар дүниежүзілік федерациясында (FILA) бекітіліп, мақұлданды. Бүгінгі біріншіліктер мен ойындардың өткізіліп жүрген барлық деңгейдегі жарыстар сол спорттық киімдер үлгісі бойынша өтіп келеді. 1995-2005 жылдар аралығында Омархан Жігітбекұлы Қазақстан Республикасының туризм және спорт агенттігінің спорттық атақтар мен марапаттар бекітетін комиссияның бас маманы қызметін атқарды. Онымен қоса агенттіктің қолданбалы спорт бөлімінің басшысы бола жүріп, осы бөлімге тиісті 16 спорт түрін, атап айтқанда: бокс, дзюдо, самбо, қазақ күресі, ауыр атлетика, семсерлесу, бессайыс, садақ ату, стенді көздеу, су спортының барлық түрлерінің дамуына ерекше үлес қосты.

Жоғарыда аталған жұмыстармен қатар агенттіктің жанындағы кәсіподақ қоғамдық комитетінің төрағасы қызметін қоса атқарды. Ол Қазақстан Республикасының 200-ден астам спорт шеберін, 4-еңбек

сіңірген спорт шеберін, 25-республикаға еңбегі сіңген жаттықтырушыларды даярлады. Омарханның еңбек жолында өзін ғана емес, елін, қазағын биікке құлаш ұрғызу, төрткүл дүниеге таныту мақсаты мен адамзатқа тән кісілік үлес қосу мұраты жатыр. Омархан Жігітбекұлы күрес әлемінің барлық деңгейінде жемісті еңбек ете білген тұлға. Ұлы ойшыл әл-Фараби «Әр дәуірдің өсіп-өркендеуіне адал еңбек сіңірген адам ғана қайраткер, әркез халық мүддесін өзінің қара басының мүддесінен жоғары қойған, халықтың қорғаны болған және ұлт мүддесі үшін күресе білген ғана – Қайраткер» деген.

Бұл тұрғыдан алғанда Омархан ағаның 1981-1985 жылдар аралығында КСРО Құрамасының Қазақстандағы жаттықтырушысы болғаны соған дәлел. Сол қызметті атқара жүріп, қазақ жастарының әлемдік аренаға шығуына зор үлес қосты. Көп іс тындырса да менменсіп, көсемсіп кеуде соқпайтын «бетегеден биік, жусаннан аласа» – бірқалыпты, мінезі мен қалыпты жүріс-тұрысынан бір айнымайтын, азаматтар болады. Ондайлар кейде көптің көзіне түсе де бермейді. Қарапайымдылығымен қатарда жүреді. Көп тыңдап, аз сөйлеп, өзінің қортынды ойын бірақ айтады. Иске мығым ондай азаматтардың жан дүниесін білмекке суыртпақтап сыр тартқанда ғана барып, кеудесі сырға толы қойма, қазіргі қоғамның дамуына қосып отырған үлесі мен жемісті еңбегінің аса қомақты да мәуелі екеніне көз жеткізесің.

Жемісті еңбек жолындағы алған мәртебелері мен алған атақтары атан түйеге жүк болғандай екен. Атап айтар болсақ: КСРО-ның Еңбек ардагері медалі, Қазақстан спортының құрметті қайраткері (2003), Ұлттық Олимпиада комитетінің құрметті белгісі (2008), Денешынықтыру мен спортты дамытуға қосқан еңбегі үшін белгісімен, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 жылдығы, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдығы медальдарымен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы, Спорт шебері, Қазақтың спорт және туризм академиясының Құрметті профессоры, Омархан Жігітбекұлы Исаханов 2007 жылы кеудесіне «Құрмет» орденін тақты. Мұның бәрі адал еңбектің арқасында келген мақтаулар мен марапаттар.

Елбасымыздың «Біз ел боламыз десек өз кәсібін сүйетін адамдарды, еңбек

ерлерін дәріптеуіміз керек. Еңбек елеусіз қалмағаны абзал. Әсіресе, қарапайым еңбек адамының маңдай терін көре біліп, дер кезінде арқасынан қағып, марапаттап жатса оның несі айып» – деуі тектен-тек емес.

Иә, мақтасақ еңбек адамын мақтайық! Шіркін, задында адам сұлу болуға тиіс қой, тән сұлулығы ғана емес, жан сұлулығына не жетсін. Ал, шын мағынасындағы сұлулық – сырбаздық. Бұл қасиетке уызында жарыған, кенен кісі ғана, табиғаты таза, санасы сара адам ғана ие бола алады. Жүріс-тұрысы да бөлек, нағыз қазақ – осы қазақ дейтіндей, алты қарыс ақ маңдайы алты айшылық жерден жарқырап, мойылдай қара шашын шалқасынан толқындата қайырған, толыса біткен сұңғақ бойын тік ұстаған тәкаппар деуден гөрі текті азаматтың сырбаз қалпына саятын болмысына қарап, ағасы дейтінің нағыз өзі. Келбетіне қарап жетпіске келген деуге аузың бармайды. Сөзі мен ісі ылғи бір жерден шығатын инабатты, өзгеге оқыс қыжылы, қызғанышы жоқ, етек-жеңі кең адам ғана ие бола алады. Әділін айту керек біз көріп жүрген Омархан Жігітбекұлы осы санаттағы азамат. Сол Үржар сияқты паңдар елінде туып, өскен Омар ағамыздың тұлғасынан да тектілік, сүйекке біткен серілік пен ірілік байқалып тұрады. Қашан көрсең сол сырбаз да салқын, салмақты қалпы. Сын-дардай сұңғақ бойы қандай. Иілмей, бүгілмей тіп-тік болып жүреді.

«Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс», – деп бір ойшыл айтқандай өмірінің бар мәні ұрпағына дұрыс тәрбие беруде екенін жақсы ұғынған Омархандай әкенің еңбегі жемісін берді.

Омархан Жігітбекұлы жұбайы Әлия Жүнісқызы екеуі өнегелі үш ұл, инабатты қыз тәрбиелеп, немере, шөбере сүйіп, еңбегінің зейнетін көріп, батагөй қария атанып отыр. Әке мен шеше тәлімін алып, ер жеткен ұл-қыздары түрлі салаларда жемісті еңбек ете жүріп, еліміздің беделді азаматтары атанды. Омекең жасым жетпіске келді деп, қол қусырып қарап отырмай, еңбек жолын спорт саласында әлі де жалғастыруда.

Елдің бірлігін сақтап, жұмыла еңбек етіп, терең білім алып, өзіміздің ұлттық қасиетіміз бен болмысымызды, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, өз тілімізде сөйлеп, өз дінімізде болуын әр қазақ баласының мойнындағы ұлы парызы деп білемін» – деді Омархан Жігітбекұлы. Бұл оның өмірлік кредосы. «Жанында жүр жақсы адам» дегендей Омарханның бұл болмысы кімге де үлгі боларлық.

Тұғырыңыздан таймаңыз – Омархан Жігітбекұлы дейміз!



Дулат ТҰРАНТЕГІ,  
ақын-аудармашы

## КӨРКЕМ АУДАРМА ЖӘНЕ АҚЫН ТАЛҒАМЫ

(сын-эссе, хамса)

### Құнды шығарма – ұлт қазынасы

Адам баласы жасаған мәдениет жетістігі күллі жұртқа ортақ. Дүниенің бір түкпірінде керемет бір әсем музыка немесе қылқалам туындысының керемет екен деген аты шықса, ол сол сәттен бастап бүкіл адамзаттық рухани құндылыққа айнала бастайды. Әрине, авторын айтпағанда сол ұлттың меншігі екендігі даусыз. **Өнер туындылары табыс көзі болмай тұрған кездер де болған. Ол кезде ол туындыны көріп немесе тындап тамашалаудың ауқымында мүлде шек жоқ-тын. Бар да концерт залына кір немесе көрмені арала. Сәулет, мүсін өнері немесе қолданбалы бұйымдар арқылы берілетін ұлттық өнер туындылары да сондай. Қай бір жерде болмасын өнердің бір қылы үзілсе, ол сол халыққа ғана емес, бүкіл әлемдік рухани байлыққа сызат түсті деп ұғынуымыз керек (И.Ф.Фон Гумбольд).** Ал, сөз өнерінің жайы басқа. **Мұнда негізгі нәрсе тіл мен ұлттық дәстүр, салт-сана ерекшелігі басымдыққа ие. Бірақ, бұл шарттылықтың талғамға мәтбилігі жоқ.Талғам тым субъективті.**

Бұл адам баласы сонау өнерге өнер деп қарай бастаған көне дәуірлерден өрбіп, ренессанс дәуірінде қайтадан жаңа сипат, жаңа сапада ары қарай дамып, Алла Тағаланың адам көкірегіне салған рухының алтын арқауындай болған адамгершілік, ізгілік ұғымдарының өріс ала бастаған кезден бері келе жатқан эстетикалық, дүниені көркемдік тұрғыда танып білуінің мызғымас шарты екені даусыз. Бұған дейін жұртты үнемі үрейде ұстаған Құдай атын пайдаланып инквизиция шеңгелін кең жайған жеке адамның түкке тұрғысыз екенін дәлелдеумен келген замандар өткен. Оған дейін сол схоластикалық өктемдік пенделерді

тұқыртып мүлде бас көтеруіне мүмкіндік бермеген. Көзсіз, соқыр мүлгу фанатизмі құл иеленушілер мен феодалдық жүйеге өте керек болатын (*көзсіз, санасыз бас шұлғу қазіргі фундаменталистік бағытта сақталып отырғанын көріп отырмыз,көргені сол, тіпті, дүниежарықтың есігін енді ашып, ненің не екенін, өмірдің не екенін білмей жатып, 6-7 жастан бастап, беліне жарылғыш байлаған белбеу байлап өлімге жұмсауы еш бір ақылға симайтын, адам баласына деген көрсоқыр қастандық емес пе?!*) Ал, шындығында адамды Тәңірі Иенің өзі көркем етіп жаратқандығымен олардың ісі жоқ.Көркемдіктің түп бастауы адамның, адамдықтың өз болмысында жатыр. Осыны түсіне бастаған кәрі құрылықтың сонау алыс ғасырлардағы дарынды өкілдері барлық әсемдікті адам тұлғасынан, оның ағзасында ішкі жүйке тітіркенуі мен ішкі нұрдан еміс-еміс білініп тұратын тылсым сырды ашуға көп әрекеттенген.Антикалық гректік мәрмәр мүсіндер бізге соны мензейді. Тициан мен Рубенстің тағы басқалардың Венерасы мен Афродиталарындағы жалаңаш тән негізінен ішкі көркемдік нұрды сыртқа шығарсам деген ниет жатыр.Ал, біздер балаң кезімізде әлгі суреттердің репродукциясын көркем өнер альбомынан алғаш көргенімізде бетімізден отымыз шығып, алақанмен басып қалып, жүзіміз оттай қызарып кеткен жайды бастан кешірдік.Шын көркемдікті де өнер иесі тудырған әсемдікті тану үшін үлкен дайындық керек екенін сонда ұғына бастағанбыз.

**«Человеку следует научиться распознавать и ловить проблески света, озаряющие его душу изнутри, а не лучи исходящие от созвездия бардов...».** Мұны Америкалық өткен ғасырда өмір сүрген Ральф Эмерсон деген сыншы айтқан екен.

Қарап отырсаң солсөз бүгінгі даңғарашуы басым, өздерін осы заманның бардтары (сері) санайтын толып жатқан әнші «жұлдыздарға» бағытталған сияқты. Сонымен, біздің айтпағымыз қандай да болмасын көркем туынды

оны жасаушының табиғатында бар түп негізден бастау алғаны игі. «Силы заложены в нем, не имеют подобных в природе, и лишь ему самому дано узнать, на что он способен...» деп келеді әлгі ойдың жалғасы. Қалған туындылардың бәрі не еліктеу, не қайталау. Ол да қолынан келмесе, құстаналау. Қызғаныштың төркіні надандық та, ал, еліктеушілік -- өнердің тұқымына түз құюшылық. Осы пікірге әбден сенгендігі соншалық, тіпті, әлгі Эмерсон профессор Гарвард университетіндегі бір дәрісінде «Америка әдебиетінің тәуелсіздік декларациясын» жариялау керектігін айтты. Мұны ақындар Ф. Рено, О.Холмс табанда қолдап, содан кең өріс алып кетті. Бұндай қадамға олар У. Уитменнің «Өсімдік жапырақтары» шығармасы жарық көргенде оған тәңті болғандықтың белгісі, көрінісі деп санаған. Бұдан былай біз Еуропа әдебиетіне еліктемейтін боламыз деген. Бірақ, бұл баршаға ортақ көркем туынды, оны барынша насихаттап, барлық тілдерге аудартуымыз керек деп шешкен. Көркем аударма одан бұрын да жанр есебінде шығармашылық қауым ортасында берік орын алған. Бүкіл 18-19 ғасырлардағы орыс әдебиеті Еуропа әдебиетінен нәр алып қалыптасты. Сөйте тұра, батысқа мұрнын шүйретін русофилдерге Пушкиннің досы Чаадаевтың өткір мысқылға толы памфлет хат жазатыны содан. Өзі шыққан шекпенге аяқ сүртпін, су ішкен құдығына түкірмеу керектігін айтады.

Өнер ауыс, шеберлік мұра. Әлем әдебиетінің небір жауһар туындылары өзге халықтарға жақсы тәржімалар арқылы тараған. Гете Хафизге бас игенде фарсы тілін білді дейсіз бе, тәржімән арқылы таныған. Пушкиннің өзі Құранды аудармасы арқылы оқып, құлай беріліп, көптеген вариациялар, еліктеу өлеңдерін жазғанда араб тілін білген жоқ қой. Бәрі аударманың мықтылығынан. Жуковский Шиллерді аударғанда керемет рахатқа бөленіп, ұлы ақынмен тілдесудің өзі бір ғанибет екен депті. Сондай-ақ, ол Т. Карлейльді, Т. Грейді аударып ақындыққа түпкілікті жолдама алғандай болады. Ағылшындық ақын Әлем әдебиетінің озық үлгілерін аудару ақындықтың үлкен мектебі.

Қазақта екінің бірі өлеңші. Бірақ, өзге тілден дәл сондай ғып өлең аудару қиынның қиыны. Пушкинге ұстаз болған Жуковский Грейдің «Селодағы зират» балладасын аударып, өзі сол аттас ұзақ өлең жазып, ақындыққа содан біржола

бет бұрды. Қазақ даласына тәржіма ісі Ұлы Абай атамыз арқылы көркемдіктің жаңа белесіне көтерілгені белгілі. Оның Пушкинді, Крыловты, Лермонтовты аударуы тек біздер үшін ғана емес, бүкіл әлем әдебиетіндегі үлкен өнер құбылысы, шеберлік шыңы деп танып отырмыз. Абай мектебінің өкілі Ахмет Байтұрсынов т.б. алаш азаматтары Шәкәрім қажының аудармалары, онан беріде нәзирашыл, шығыстық қиссашылдық бағыттың шайыры Шәді Жәңгір ұлының «Мыс салт аттының», «Полтава» поэмаларын аударуы тегін емес. Ұлы туындыны ұлылар танып, жаппай жамиятқа насихаттаса көкірек көзін ашуға деген игі талпыныс емей немене? Бүгін біздер прозаға соқпай поэзияның жекелеген, жауһар үлгерімінің (бұрын айтылып, бірнеше мәрте сөз болған болса да) әлі де илеуін қандыра түсуді қажет ететін бірқатарына тоқталсақ деп едік.

#### А. С. Пушкин қазақ тіліне қалай аударылып жүр ?

Ұлы ақындар ұлт шеңберімен шектелмейді. Ол бүкіл әлемге ортақ. Ол солай бола тұра өз ұлтының баға жетпес қазынасы. Әдебиетте, музыкада, көркем өнер туындысының қай-қайсысы болсын шекара білмейді. Өйткені адамзатқа оның ізгілігіне қызмет етеді. Егер, бүкіл әлемге ортақ бір-ақ жүрек болса, онда әр жүректің бірі тұтас бір әлем (Мұны айтқан Жапон жазушысы Я. Кавабата). Бұл жай жүрекке айтылған сөз емес, ол бүкіл әлемге ортақ ойлар мен сезімдерді бойынан өткізген ақын жүрегі, не ұлы ойшыл ғұламаның жүрегі. Яки, үлкен әлем – ұшы-қиыры жоқ ғарыш болғанда, дәл соның барлық қасиетін еншілеген кіші әлем – адам. А.С. Пушкин де сондай ұлы жүректің иесі. Оны ұлы етіп тұрған, міне, екі ғасырдан асып бара жатқан мәңгілік рухына бөлеген ұлы поэзиясы. Сол поэзиялық мұра бүгінде әлемге қанша тіл болса, қанша ұлт болса соның бәріне аударылып өмірдің өзімен, қатар жасасып келеді. А.С.Пушкин қазақ тіліне де көп аударылды. Қанша ақын болса, сонша ақын оның поэзиясынан нәр алып, шабыттанып көркемдік әлемге құлшына қадам басты.

Пушкинді қазақ тілінде алғашқы әйгілі еткен ұлы Абай. Ол Абай арқылы сайын сахараға Татьянаның әні болып қалықтап, ол Евгений Онегин болып, сырбаз бекзаттықтың, тазалықтың,

мәрттіктің еуропалық өнегесі болып, махаббатқа адалдықтың үлгісі болып, сері қалпын танытты (*Бұдан басқа ұлттарда ондай серілер болмады деген ұғым тұмаса керек, қазақтың өз сал-серілері, Жапонның өз самурайлары өз ұлтының сұлулық, мәрттік, ерлік, өрлік өнегелері, өз Айвен-голлары болатыны ақиқат*).

Абай мен Пушкин рухани дүниесі өзалдына әңгіме. Мұнда ішкі жан дүние – интеллект бар. Бұл туралы бұған дейін қаншама пікірлер айтылып, қаншама ғылыми жұмыстар жазылды. Соның алғашқыларының бірі де бірегейі де Мұхтар Әуезов болатын. Ол сонау 1936 жылдың өзінде «Пушкинді қазақша аударудың тәжірибелері», «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы», «Көркем аударманың кейбір мәселелері» атты мақалалар жариялады. Ұлы ұстаздың бұл пікірлері кейінгі қалам иегеріне үлкен ықпал етіп, олардың көркемдік тәсілдерін меңгере түсуіне әсері болды. Жалпы, қазақ жазушысы-ақындарының үлкен әдебиетке, оның әлемдік озық үлгілеріне баруы, оларды меңгере отырып, көркемдік қуат, ой-арман пафосының көтерілуі, көңіл көк жиегін кеңейте түсуіне ықпал етпей қалған жоқ. Бұл өркениеттің, мәдениеттің санадағы сілкініс, құлашты кеңірек жая түсудің үлкен көрінісі еді. Көптеген аудармалар дүниеге келді. Солардың бірегейі де шоктығы ерекше биігі А.С. Пушкин шығармалары.

Мәдениет дегеніміз бүкіл адамзатқа ортақ, бірақ, ол өзінен-өзі емес, өзіндік ұлттық қасиетімен толыққанда ғана адамзатқа ортақ бола алады. Ол осы өзіндігімен, қайталанбастығымен құнды. Міне, осындай құндылықтардың бірі Пушкин жырлары еді. Пушкинді меңгеру арқылы қазақ ақындары да биік деңгейге көтеріліп, рухани жетілудің жолына түсті.

Бүгін біз сол Пушкин өлеңдерін аударудағы кейбір, жекелеген ақындарымыздың дара таланттылығымен және сол деңгейге жете алмай, кемшін түсіп, жібекті түте алмай жүнге айналдырған тұстарына да назар аударсақ дейміз.

Жалпы, Пушкин әлемі қаншалықты зор ауқымды болса, оған соншалықты көңіл бөліп, аударуға талпынған ақындар аз емес. Бұл ретте әсіресе Ұлы ақынның туғанына 150 жыл толған 1949 жылы шыққан қазақ ақындарының қалың кітабын айта кеткен жөн. Мұнда Абай Онегиннің сипаты, Татьянаның Онегинге жазған хаты, Онегиннің жауабы, Онегиннің Татьянаға

хаты, Татьяна сөзі, Онегиннің өлердегі сөзі, Ленскийдің сөзінен, Онегиннің сөзі тараулары аса жоғарғы шеберлікпен аударылған мәтіндері басылды. Бұл аудармалар туралы көптеген ғылыми мақалалар жазылып, диссертациялар да қорғалып жатқаны белгілі. Тіпті, Абай жасаған бұл аударманы ақын Аманхан Әлімұлы Қазақтың өз төлтума романы, Пушкинмен жарыса, тайталаса жазған дербес туынды деуге болады деген пікір айтқан. Сол қалың кітапта Қуандық Шағытбаевтың аударуында «Евгений Онегин» түгелге жуық жаңадан тәржімалаған нұсқасы жарияланған. Бұл кітапта Пушкинді аударуда кім жоқ дейсіз. Бәрі бар; Т. Әлімқұловтан, Х. Ерғалиевтен бастап, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, Ә. Тәжібаев, Т. Ахтанов, Т. Жароков, М. Әлімбаев, Ғ. Орманов, Б. Өтетілеуов, Б. Ысқақов дейсіз бе, бәрі бар. Ол аудармалардың көркемдік деңгейі туралы лайықты сын пікірлердің айтылғанына жарты ғасырдан астам уақыт бопты. Осы тұста жуырда осы заманның, жаңа буынның көкірек көзі ояу, аса сауатты өкілінің бірімен аударма туралы пікірлесіп қалғанымызда:

– Аударма даген не ол? Түп нұсқа тұрғанда, оригинал тұрғанда ?!

– Жұрттың бәрі шет тілдерді білмейді ғой. Солай екен деп көп нәрседен бейхабар болу керек пе?

– Жоқ деймін, аударма болған соң жақсы туындының өңі қашады ғой, міне мына:

*Буря мглою небо кроет*

*Вихри снежные крутя.*

*То протяжно зверью воем,*

*То заплачет как дитя,* – деген жолдарды қалайша айнытпай басқа тілге түсірерсің? – деді.

– Неге, дәл солай етіп аударылған ғой, міне:

*Бұрқап боран көкті жапты*

*Қарлы құйын қуалай.*

*Кейде ұлыған аң сияқты*

*Кейде жылайды баладай.*

– Мынау шынында да керемет аударма екен. Мұншалықты дәл аударуға болатынын білмеппін (*әріптесімнің кезінде орыс мектебінде оқығанын байқаған боларсыз*).

Негізі, бұрынырақ оқығандарыңа араға жылдар салып қайта оралып отыру да керек екен-ау. Пушкинді әр ұрпақ өзінше, жаңаша танып, жаңаша тәржімелеуде. Енді, міне, қазақ ақындарының жаңа буыны Пушкинге тағы да келіп, өз жолымен, өз талантымен жаңаша 200 жылдық мерей тойында өз

хәл-қадарынша үн қатқанын көріп отырмыз. Сол өлеңдердің бұл жолы бір екеуіне ғана тоқталмақпыз. Мәселен, ақынның «К...ға» кейде «Кернге» атты өлеңін білмейтін әдебиетші жоқ.

*«Я помню чудное мгновение*

*Передо мной явилась ты.*

*Как мимолетное мгновение*

*Как гений чистой красоты...* осылай басталатын өлеңге қаншама романстар жазылды? Қаншама жүректер толқып өз сүйгеніне ынтық сезімін білдіру үшін осы шумақты іштей қайталады немесе үздіге жазған хатына эпиграф етіп (құлақ күйі) алды десеңізші. Ал, ақындар жарыса жазып, бәсекеге түсіп, еліктеп, әлгі сиқырлы сөздерді қайталап, оның қазақша болмысы қалай болар екен деп тебіреніске түсті.

Өмірден өтіп кеткен ата-буын ақындарымыз Мағжан, Илияс, Тайыр, Ғали, Қуандық, Ғафу, Тәкен, қазіргі көзі тірі Мұзафар, орта буын Кәкімбек кейінгі ұрпақ Тұманбай, Қадыр, Фариза, Сабырхан бәрі осы өлеңге назар аудармай қалғаны жоқ.

**Жалпы, аудармаға төл аударма, сөзбе-сөз аудару, еркін аудару, жарыса жазып, бәсекелесу, мағынасын ғана сақтап өзінше вариациялар жазу (өз нұсқасын ұсыну немесе сол өлеңге еліктеп жазу) сияқты түрлері кездеседі. Әрине, жазушы ақынның алдына қойған мақсатына байланысты.** Ал, осылардың ең қатал, ең ауыр талап деп саналғаны ақынды аласартпай, төмендетпей, дәл сол қалпында һәм мағыналы, һәм дәлме дәл, жол ма жол, өз өлшемінде аударма жасай отырып, өлеңнің қасиетін, ақынның архитектуроналық ерекшелігін, ұлттық нақышын сақтап қалу. Бұл жөнінде Абайдың Гетеден-Лермонтов арқылы аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін аударманың ең озық, ең көркем классикалық үлгісі екенін білеміз. Осы талаптарды ойға ұстай отырып, әлгі «К...ға» өлеңіне оралайық.

1949 жылы қазақ тілінде А.С.Пушкиннің қалың кітабы жарық көргені бар. Бұл ұлы ақынның туғанына 150 жыл толуына орай шығарылған кітабы болатын. Сол кітабка «Кернге» өлеңі ақындар Ғали Орманов, Қуандық Шаңғытбаевтардың аудармалары берілген.

Ғали Орманов:

*«Есімде, шіркін, сол бір шақ*

*Алдыма жсайнап келіп ең.*

*Жарқ етіп шұғылаң нұрға ұқсап*

*Жүзіңнен сәуле көріп ем»* – деген болса

Қуандық Шаңғытбаев:

*«Шіркін-ай,*

*Өткен сол бір сәт,*

*Көрініп кеткен түске ұқсап*

*Тәңіріндей газиз көріктің»,* – деп түпнұсқаға жақындай түседі. Міне, бұл екі шумақтағы асты сызылған сөздер Пушкин өлеңінде жоқ. Қазақ ақындарының өз жанынан қосқан сөздері. Әрине, мұны қазір түсінуге болады. Өткен ғасырдың соғыстан кейінгі жылдарында поэзияға құныға бас қойған қазақ ақындары Пушкинді қызықтап, таңдай қаға тамсанып отырып аударғаны байқалады. Сол сезімдерін жеткізе алмай «шіркін», «шіркін-ай» сөздерін қосып жібереді. Түп нұсқаны еске түсірейік:

*«Я помню чудное мгновение*

*Передо мной явилась ты...*»көріп отырсаңыздар мұнда таңдануды білдерітін «Ох» «Ах» сөздері жоқ. Ал, Ғали Орманов **«жарқ етіп шұғылаң нұрға ұқсап, жүзіңнен сәуле көріп ем»** деп өзінше жарқын бейне жасайды. Бұл өткен күндер жәдігерлері. Кезінде әдеби сын бұл аудармаларына бағасын берген болатын. Енді, бүгінгі күні ақындардың Пушкинді қаншалықты меңгергендеріне назар аударайық. Белгілі ақын Кәкімбек Салықов:

*«Жадымда газжап сол бір кез,*

*Алдымда тұрдың мүлтіксіз»* деп аударған. Мұндағы мүлтіксіз сөзі түп нұсқаға мүлдем жат екені өзінен өзі көрініп тұр. Бұл тек келесі тармақтағы **«Елестей ғайып өткен кез, Сұлулық тәңірі кіршіксіз»** деген **«кіршіксіз»** сөзіне ұйқас ретінде алынып отыр. Өйтпеген жағдайда **«мүлтіксіз»** орысшаға қайта аударсақ **«безусловно», «безупречно»** немесе тағы сондай мағына беретіні айқын. **«Алдымда тұрғаның рас», «Келіп көріңгенің сөзсіз»** сияқты тіркестерге жуық болады. Ал, ізінше осы өлеңнің екінші шумағы Кәкімбек Салықовта керемет әдемі шыққан.

*«Үмітсіз, қасірет мұң артқан*

*Үрейсіз дүрмек ішінде*

*Нәзік үн кетпей құлақтан*

*Баурады бейнең түсімде»*

*«В томленьях грусти безнадежный*

*В тревогах шумной суеты,*

*Звучал мне долго голос нежный*

*И снилось нежные мечты».*

**Ия, ұлы ақынды әр уақыт сол ұлы қалпында сақтап қала білу екінің бірінің қолынан келмейді. Буырқанып, шабыт қысып керемет өлеңнің әсерінен туған жеке шумақтар, ұғымы ауыр әрі жай ғана қарапайым сөздер үйлесімі өзге тілге аударылған шақтарда бірде көмескі**

тартып кететіні бар. Мұны біз басқа ақындардың аудармаларына қарап отырып, тағы да көз жеткізетіндей болдық. Қараңыз Дәуітәлі Стамбеков бір кездері әлгі өлеңдерді аударуға талпынып:

*«Есімде сол бір сәт, Дарига-ай  
Алдымда тұрдың күнімдей,  
Түсімде жатқан балымдай  
Тәңірден асқан піріндей»* – деп Пушкин-

де мүлде жоқ сөздерді қосып, өзінше өлең құрағаны бар. Әлгі айтқан ала-құлалық мұнда да қайталанды. «А.Кернге» өлеңі аудармада онша жатық шықпағанымен Пушкиннің ақындық қуаты тереңінен буырқанып, өз аудармашыларын шабыттандырып жіберді. Оған дәлел: Д. Стамбековтің «Талисман» деген өлеңі өте бір сәтті жұмыс деуге болады.

*Тынымсыз теңіз тулайды  
Жартасты соғап ыңырысып.  
Көгінде айы зулайды,  
Ғажайып кеште тымырсық.  
Гаремге сеніп, сыйынып,  
Ләззатін сезген мұсылман.  
Айдай қыз бірде қиылып,  
Маған да тұмар ұсынған.  
Еркелеп тұрып алдымда,  
Жоғалтпа мәңгі-тілегім.  
«Ғажайып бір күш бар мұнда,  
Бар мұнда адал жүрегім».  
О, досым, пәле-жаладан,  
Атыңа сенің айтылар.  
Зұлымдық пенен табадан,  
Сақтайды осы бойтұмар.*

Пушкиннің «К...ға» немесе «Анна Кернге» атты өлеңінің аудармасының ішінде мен байқаған үздігі әзірше Фариза Оңғарсынованың аудармасы деп білемін. Мұнда да еркін көсілу, өзінше жырлау көріністері жоқ емес. Әйтсе де дәл, әрі көркем кестелеуде өзге ақындардан Фаризаның шоқтығы едәуір биік.

*«Ғажайып сол сәт әлі есте  
Жарқ етіп шықтың алдымнан  
Періште ме әлде елес пе  
Ай көркің мені таң қылған  
Үмітті мұңға ұрлатып  
Күн кеітім жалғыз, жалынсыз.  
Нәзік үнімен тіл қатып,  
Түсіме ендің дамылсыз...»* міне көріп

отырсаңыздар, қаншалықты жатық, әдемі, әсем өлең туғанымен бұл шумақтарда да артық сөздер бар. Айта кету керек Пушкинге қандай ақын болса да ауық-ауық оралып, оның нәрлі жырларынан сусындап отырады. Ғажайып жырлардың әсер күшінің ықпалымен еріксіз еліктеп, жарыса жазып тәржімалауға құлшына бастайды. Солардың

бірі Оңтүстік өлкесіндегі ақын Мейірбек Ақынбеков. Оның Пушкиннің туғанына 200 жыл толуына орай бір топ аудармаларымен танысқан едік.

«А. Кернге» бұл ақын да қалам тартқан екен.

*Ғажайып бір сол сәт жадымда  
Алдымда тұрдың сен кенет.  
Тәтті түс, елес, сағымдай  
Перизат көркің еркелеп,  
Үміт сөніп, торығып,  
Бұғанда мұң, шер күйі үнді.  
Сазды үнің жетіп толы үміт,  
Түске енді бейнең сүйкімді.*

Орта қол аударма, өзге ақындарға тән кемшілік мұнда да орын алған. Асты сызылған сөздер Пушкин табиғатына үйлеспейді. Оның үстіне бір сөз, бір шумақ өлеңде әлденеше қайталанады. Аудармадан гөрі ақынның өз туындысы екендігі айқын аңғарылады. Яки, қосарлана, жарыса жазылған көп вариациялардың бірі. Осы өлеңді кезінде біз де аударғанбыз. «Жағдайды пайдаланып өзін дәріптемек пе?» дей көрмеңіздер, айтылуға тиісті сөз айтылып қалсын.

*Ғажайып сол сәт әлі есте  
Кенеттен маған жолықтың.  
Жарқ етіп өткен елестей  
Өзі боп мінсіз көріктің.*

Заманымыздың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов Мәскеу әдебиетшілер оқу орнын бітіргенде оған аудармашылық қызмет ұсынғанын айтады. «Менің көзімнің жеткені – қара сөзді басқа тілге аударуға болады. Ал, өлең жарықтық аударғанда көбінесе ең мәнді нәрінен жұрдай болып шығады», – деп жазады. Аударма өлең теріс айналдырып төсеген кілем тәрізді өрнегі бұлдырап көрінеді, ал, көздің жауын алатындай ана сыртқы нәзік ұлпасы ұшты-күйді жоқ. Орнында – тақыр қасаң алаша қалған.» Олжасша солай болса солай шығар. Туысынан рухы ұлттық болғанымен, орысша тәрбиеленіп қалыптасқан орыс тілді ақынның қазақшаға әу бастан зауқы жоқ. Олжас керемет ақын, бірақ, аударманы уәр қылмаған. Бірақ, «торғай сойдырсаң қасапшыға сойдыр» дегендей нағыз ақынның қолынан шыққан аудармалар түп нұсқадан еш кем түспей құлпырып шығатыны бекер емес. Енді бір жәй айта кететін нәрсе, – Пушкин өлеңінің әркелкі аударылуы өлеңнің түп нұсқасының өзі соған жетелегендей. «К...ға» өлеңінің өзі ұстазы Жуковскийге еліктеудің туындысы. Интертекст. Ұстазының «Лалла

рук» атты өлеңінде

*«Ах, не снами обитает  
Гений чистой красоты»  
Как воздушный утра сон,  
.. чистое мгновение  
Как утро юного творенья*

*Она пленительна пришла»* – деген жолдар бар.

Жуковскийдің өлеңі ұзақ. Пушкин сол өлеңге бәсеке болсын деп, әлгі шашыраңқы сөздерді бір-ақ шумаққа сидырып жіберген. Мұнда әр сөз үлкен жүк көтеріп тұр. Сол үшін де өзге тілдерге аударылуы қиын. Бірақ, бәрі де адамына, ақынына, оның ішкі қуаты мен дарынына байланысты. Кей тұста түп нұсқадан асып түсетін аудармалар да кездеседі.

Кезінде Пушкиннің ұстазы В. Жуковскийдің айрықша сөзі бар еді, «**Аударма дегеніміз ақын мен ақынның бәсекеге түсуі**» деген. Ал Мағжан Жұмабаев аударманы өз шығармадай көру керек, ол да сенің жүрегіңді жарып шыққан перзентің деп айтқан.

2006 жылы Қазақстандағы Пушкин жылына орай қазақ ақындары Пушкинге тағы да қатты оралып жаңа, тың аудармалар жариялады. Олардың ішінде Ф. Оңғарсынова мен Серікбай Байбота Қошын-Ноғайдың «Сығандар» поэмасын жаңадан аударуын үлкен оқиға дер едім. Екі ақын бір поэманы жарыса, қабаттаса аударған. Бірінің атақ даңқынан бірі ықпай батыл да шабыттана аударғаны көрініп тұр. Мұнда тағы да Фаризаға тән сәл еркін кетушілік, сөйте тұра Пушкиннің табиғатынан ажырамайтын әуенділік, жинақылық, екпін мен ырғақ айқын байқалған.

Ал, Байбота жырларында тұжырымдылық, Пушкинге тән сөз мағынасы мен көркемдік айшықтар анық сақталғаны айқын байқалады. **А. Блоктың айтқаны бар-ды. Ақын өлеңін тәңірінің алдында тұрғандай сезініп жазғаны абзал деп. Бұл сөз аудармаға да тиесілі демекпіз.** Әдебиеттер байланысы ұлттарды жақындастырады. Өнер туындылары бүкіл адамзатқа ортақ байлық. Рухани байлықты сақтайтын тек сол рух иесі ұлт ғана. **«Нация – духовная хранилище народа, и если она скуднеет, страдают другие народы, ибо сокровищница духа принадлежит всем. Неведимыми протоками соединяются между собой народы, и жизненно важно для их сохранения, чтобы эти протоки не были забыты умом невежества и предрассудков»** керемет айтылған емес пе. Бұл Гетенің жан серігі Вельгельм

Фон Гумбольт. Ия, әрқашан да ұлттар жан дүниесі араласа беруге бейім.

Көркем туындылардың дүниежүзілік үздік туындылары осы кезде де ана тілімізге аударылуда. Бірақ, бұл бұрынғыдай құлашты кең жайып, мемлекеттік тапсырыспен қарқынды жүріп жатқан жоқ. Қазір Астанадан 2006 жылдан бері «Әлем әдебиеті» (**редакторлары – алдында Кеңес Юсупов, қазір Думан Рамазан**) журналы жарық көруде. Мұнда осы уақытқа дейін әлемнің не бір керемет, ең озық деген өнер туындылары жарық көріп, айтулы қылқалам шеберлерінің репродукцияларынан жеке туындылар басылып келеді. Мәселен, көне шағатай – түркі тілінде жазылған «Тотынаманы» түп нұсқадан Ираннан келген қандас, жерлесіміз оқымысты Нияз Тобыш аударыпты. Бұл кісі көне шығыс әдебиетінің ең құнды мұраларының бірі болып табылатын еңбекті аударып қана қоймай оның шығу тегін де зерттеген екен. Негізінен бұл туынды хиджраның 730 жылы, қазіргіше айтқанда 1340 жылдары парсының Зияоддин Нахшаби деген ақын көне үнді тілінен фарсиге аударған көрінеді. Одан, міне, қазақшаға Нияз Тобыш пен Айсағали аударып отыр. Мұндай бірегей туындылар қазақ рухани өміріндегі елеулі оқиға. **Өзге тілден түп нұсқадан тікелей тәржіма жасау бұл үлкен зиялылықтың көрінісі. Онан соң журналда ағылшын Конан Дойл т. б. Жапон-Ясунари Кавабата, Қытайда, Испанда, Француздар, эрине орыстар да қазақша сөйлеп рухани ләззатқа бөлеп отырғанын айтуымыз керек...** Аудармалар жалғасып келеді. Эрине, журнал болған соң оның мүмкіндігі де шектеулі. Сонда да болса, бұл басылымға зор табыс тілеуге тиіспіз. Жақсы, игілікті істеріңіз жалғаса берсе екен деген тілек бар. Оқи отырып терең-терең ойға қаласың. **Осы журналда сыншы қарындасымыз Айгүл Кемелбаеваның «Гете мен Абай» атты мақаласына кезіктік. Гете – Лермонтов – Абай ! Бұл шоғырды Айгүл рух патшалығындағы кездесу депті. Орынды сөз.**

#### И. Ф. Гетенің «Кезбенің түнгі жыры»

Бұл жыр жайында аз жазылған жоқ. Айтулы ғалымдардан бастап, жазушы батырымыз Бауыржан Момышұлы. Үш тілді еркін меңгерген өзі неміс, жаны қазақ Г. Бельгер де көзі қаракты зиялылардың көбі қалам тартқан. Осы тұста Гетенің кезбесі туралы біз де өз тарапымыздан шұқынып жүріп



қызықты деректерге кезіккендей болдық. Кезіктік те өз хал қадарымызша тәржімалап жұртшылықтың патша көңіліне ұсынып отырмыз.

*Ты, что с неба и вполне  
Все страданья укроаешь.  
И несчастного вдвойне  
Вдвое счастьем наполняешь.  
Ах, к чему вся скорбь и радость!  
Истомил меня мой путь!  
Мира сладость  
Низойди в больную грудь.*

Бұл неміс тілінен орысшаға А. Фет аударған «Кезбенің түнгі жыры». Бұл кәдімгі М. Лермонтов, одан Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғыптан» төрт жыл бұрын жазылған алғашқы екі шумағы. Мұны Лермонтов ескермей, тастап, соңғы өзіне ұнаған екі шумағын ғана аударған көрінеді. Біз мұны өз қолымыздан келгенінше деп, мына аудармамызды ұсынып отырмыз.

*Сен білмең пең Хақ ісін  
Серги ме мұң жегісі.  
Бақытсыз жанды екі есе  
Бақытты етем деймісің?  
Шаттық пен шерді тәрк еткем!  
Қажытты әбден жол мені!  
Дүниеде барлық тәтті еммен  
Әуре етпе ауру кеудені.*

Гете бұл тақырыпқа қалай келді, ол да біреуден аударған жоқ па екен? Әлде бұл ойға қандай жағдай жетеледі екен? – деген ой мазалай бастады.

Алдымен мынаған келісіп алайық. Бұл өлеңді әр кім әр қалай талдап келді. Біреулер ыстық аптапта әбден шаршаған жолаушының көңіл күйін бейнелеген десе.. «..Какое тихое успокоительное чувство ночи после знойного дня веет в этой маленькой пьесе Гете...» В. Белинский, Г. Бельгер де осы пікірде («Брат среди братьев» кітабы, жазушы, 1981 ж.). Ал, Лермонтов жай тынығу емес, мына шаршатқан дүниеден баз кешіп мәңгі тыныштыққа жетерсің дегенді меңзейді дейді И. Андронников. Белгілі жазушы М. Шагинян болса Гетенің сол кездегі көңіл күйінің эсері болар дейді. Осы өлең жазылардан бұрын қарындасы қайтыс болған екен. Соның қайғысы, енді, біраздан соң сенің де баратын жерің сол болар деп өзіне өзі айтқаны шығар. Бұл алдағы мәңгі тыныштықты меңзеген туындыға ұқсайды деген. Ақынның ұлылығы да сонда, не бір қарасөзден қаймақ қалқуға дайын білімпаздар өлеңді әр қырынан танып, ойды сан саққа жүгіртіп жатса

Гетенің көкірек аясының соншалық кендігі болар. Соның бәрінен Абай аудармасы біздерге етене жақын, әрі көркемдік қуаты жан рахатына бөлейді. Біз оны өз тарапымыздан бұл табиғат ананың жаратылыс құбылысының бір көрінісі, адам жандүниесімен, оның өрекіпген, шалдыққан бір сәтімен үйлесіп, үндестік тауып тұрғаны демекпіз. Бұл сөзіміздің түп төркіні тақырыптың шығу төркініне қызыққан біздерді сонау алыс антик заманының ақыны жазып қалдырған бір туындыны еске салып, соған жетелейді.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы VII ғасырда гректерде Алкман деген ақын өткен екен. Ол «Тыныштал, дүние» деген тақырыпта мынадай өлең жазыпты:

*Спят вершины высокие гор и бездн  
провалы*

*Спят утесы и ущелья,  
Змеи, сколько их черная всех земля  
ни кормит,*

*Густые рои пчел, звери гор высоких  
И чудища в багровой глубине морской,  
Сладко спит и племя  
Быстролетающих птиц.*

Бұл сөз жоқ, Гетенің көкейіне қона кеткен туынды. Өйткені, Гете тек ақын ғана, ұлы философ қана емес, сонымен бірге, ірі табиғат зерттеушісі, биолог емес пе еді? Әлгіндей табиғатты жеріне жеткізе тыныштандыруға шақырған көне ғасыр ақыны мұның назарынан тыс қалуы мүмкін емес.

Байырғы грек ақыны дүние жаратылысының ұлы ерекшелігін, бүкіл жанды жансыз әлемнің күндіз сергек боп түнде тыным алу заңдылығын ойға алып отырғанын, әу бастағы болуға тиісті тепе-теңдікті қалайда сақтау керектігін жырға тиек еткен. Мұнда табиғат ана жайлы ой басым. Гете тақырыпты негізге ала отырып, оған адамдық, инсандық реңк беріп, жүрек жылуымен жұмсартып түскен сияқты. Әрине, Абай атамыз ол өлеңмен таныс емес шығар. Бірақ, мәтіндегі жасырынып тұрған табиғат анаға деген көне ақынның жан дірілін, ұлы түйсікпен жазбай танып, қалғыған тау мен елжіреген далаға деген аялау сезімі құмығып қалмаған. Өйткені қазақ тау мен даланың, табиғаттың төл перзенті. Өзгелерден Абай аудармасының басым боп тұрмағы содан ба дейміз. Енді, сол көне өлеңді біз де қазақшалап көрелік (Алдын ала оқушыдан кешіруін өтінемін, бұл тұста өзіміздің аудармашылық «машығымызды» көрсетпек деген еш бір пендешілік ойы-

*мыз жоқ, тек әңгімеміз жалаң болмай, қызықты болуы үшін дегеніміз зой).* Өлеңге есіміздің кеткені соншалық оның бірнеше нұсқадағы тәржімәсін жасағанбыз, соның біреуі мынадай.

*Ұйқыға енген құз жартас, таулар биік,  
Терең шатқал түнеріп қалған ұйып.  
Қара жерден нәр алған бәр-бәрісі,  
Жыландар мен қанишама тау тағысы,  
Гүлдеген аралар ығы-жығы  
Терең теңіз қызылкөз құбыжығы  
Құс атаулы тынышқан сусылдаған  
Тәтті ұйқыға кетіпті бүкіл ғалам.*

Әрине, бұл бір керемет тәржімә деп атаудан аулақпыз. Бәлкім бұдан да жатық, бұдан да көркем аударам дейтіндер сөз жоқ, табылар. Сол үшін қызығушылар болса көп кітап ақтарып, уақытын кетірмесін деген ниетпен екі тілдегі мәтінді толық келтіріп өттік.

Дегенмен, Геге өлеңін Абай қалай аударғаны жайында біздіңше, Г. Бельгерден артық талдаған авторды кездестірген жоқпыз. Ал, біз ұсынып отырған мына өлең тақырыптың түп төркіні қайдан шықты екен деген әуестік қана.

#### Түп нұсқа және тәржіма туынды

Жалпы, аударманың бүгінгі жай күйі жайлыәлгінде аз кем айтқандай болғанбыз. Көңіліміз орнықты болуы үшін аударма теориясы, оған қойылатын қай тілде, қай елде болмасын, бір ортақ тұжырым бар екен. Мейлінше түп нұсқаға жақын болу, ең маңыздысы мәтіндегі мағынаны тап басып тану, өлеңге қойылатын шарттарды сақтау ұйқас, ырғақ, екпін, өлшем. Мәтіндегі бейнелілік, сөз орамындағы көркемдік. Лажы болса түп нұсқада жоқ сөздерді қосуға көп әуестенбеу. Біздер, шынын айту керек, аударманы орыстың ұлы ақындарынан үйренгенбіз. Сонау Жуковский, Сологуб, Бальмонт, Лифшиц, Н. Гумилев, Б. Пастернак, А. Блок, Эфрон, В. Шкловский, К. Чуковскийлер жасаған аудармалар арқылы әлем әдебиетінің озық үлгілерімен таныстық. Бұлардың бәрінің ортақ ұстанымы, тағы да айта кету керек, тәржімәшінің сөздігі қаншама бай болғанымен, ол тәржімеленіп отырған мәтінге қызмет етпесе, оның қажеті шамалы. Тәржімәшінің мәтін сөзін аударуға әрекет үстінде көптеген сол тектес сөздер іздейтіні, неғұрлым көбірек синонимдер табуға тырысатыны белгілі. Бірақ, оны жазушының рухына, стиліне сәйкес келгенде ғана ең жақын дегенін пайдаға асырған жөн делінеді.

Әрине бұдан басқа да қойылатын талаптар мен шарттылықтар баршылық. **Осының бәріне бас ие, мәтібилік құқық** – тек түп нұсқа, тек мәтін ғана болу керек. Ұнаған өлеңді автормен жарыса, қабаттаса жазуға берілсеңіз өз ісіңіз, өз еркіңіз, бірақ, ол таза тәржіма емес, сол мәтіннің сіз ұсынып отырған жана нұсқалары, вариациялары болып шығады. Мұны еркін аударма деп жүр. Немесе тағы сол сияқты шетел жазушыларын орыстандыру (не қазақыландыру) Ресейде де бізде де болған. Бұл тұста бір мысал, аударма ісінің керемет теоретигі және өзі де теңдесі жоқ аудармашы саналатын К. Чуковский Диккенстің тәржімәшісін қарапайым орыс сөздерін ағылшынның аузына салып, текке әуреленген дейді. «...Британдық мырзалар мен бегімдердің бір біріне айтқан «И мы не льком шиты, Батюшки! Пропала моя головушка. Тю-тю» деген сөздері тым ерсі сезіледі» деп сынаған болатын. Осы тұста тәржіма теоретиктері қазақ, қырғыз, қарақалпақ жырларын орыс тіліне аударудағы жетістіктерді атап көрсетеді. «Манасты» бірнеше ақын аударған. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлуды» Вера Потапова, «Қырық қызды» А. Тарковский аударғанын білеміз.

Аудармалардың сәтті шығуын аударушылар мәтіннің аса құнды, көркем болуынан деп түсіндіреді. Өзі жақсы шығарманы жаның рахаттанып, сүйсіне аударасың. Одан төмендетуге құқық жоқ. Сайып келгенде, аударманың құндылығы аударушы ақынның ақындық қуатына байланысты. Әлгі біз келтірген ережелер мен шарттар тек еске алуға болатын бағытнамалар ғана. «Түптің түбінде, қазақтың белгілі аудармашысы Кеңес Юсупов ағамыз айтқандай тәржіменің тағдырын әр қашан тәржімешінің дарыны, оның рухани мәдениеті, оның талғамы, ізеті шешеді». Бұдан артық не айтарсың?!

#### А.Фетті аудару жайында бірер сөз

Ұлы жазушы Л.Н. Толстойдың өзін тәңгі еткен орыстың ғажайып лирикақыны А. Фетті қазақ ақындары тиіп қашып дегендей біраз аударған. Әйтсе де, арнайы жеке кітап болып басылғанын көрмеппін. **2007 жылы болса керек, белгілі ақын Нармахан Бегалы ұлы Феттен аударған кітапшасын ұсынған еді. Қуана қабылдап, құныға оқып шықтым. Оқып шықтым дегенім дұрыс та емес шығар, өйткені үлкен ақындарды кәнігі**

оқырман оқып шықпайды, әрдайым оқып жүреді. Кітаптың жақсы жері сол мұнда орысша мәтін мен қазақша тәржімә қатар беріліп отырады. Оқисың да екі тілдегі нұсқаларды табанда салыстыра бастайсың. Жақсы өлеңдерді сәтті шыққан аударманы көріп тұшынып рахат сезімге бөленесің. Кей тұста аудармашы еркінрек кеткен кездерінде бұл неге бүйтті екен деп, қайта-қайта оқып белгілі бір байламға келе алмай жүретінің бар. Әр акын өзіндік стильге ие. Оның жазу мәнері сөз саптауы ешкімге ұқсамауға тырысқан өзіндігі болады. Біз білетін Нармахан мейлінше сыршыл, сөз тандауда қытымыр, талғампаз акын. Тағы бір ерекшелігі – сөз жасаушылығы, жаңа, тосын тіркестер табуға, айшықты оралымдар іздеуге құмарлығы. Сіз зауза шілдеде кең далаға ұзақ көз талдыра қараған шағыңызда не көрер едіңіз? Әрине сағым. Ал сол көріністі Нармахан акын көріп былай суреттепті.

*«Үндесіп тұр талтүсте аспан мен жер  
Көкжиек белуардан су кешіп тұр»  
немесе күзгі шақта болар:*

*Үміті үсіп үбір шүбір, кіл қымбат,  
Сұмтиер ме сіңір сүйек сұрқыл бақ.  
Қайрылмайтын мәрт мінезбен*

*тас бұлақ,*

*Мұздай күйде қайнай түсті бұрқылдап.  
Қырсығып жел нәзіктікке дүрсініп,  
Күн бұлтқа бір тұншығып, бір шығып.  
Мұңаяды іштей ғана күрсініп,*

Қызығынан қытық кеткен тіршілік – деген шумақтарды оқығанда міне, мынау нағыз ақындық демеске лажыңыз қалмайды. Көз алдыңызда бұлындаған жадау көрініс көкейге қона кетеді. Содан да «Сағыныштың отты демімен өртеніп кетті көз жасым» дегендей сіздің де осынау күзгі мұңды күндерде көз жасыңыз өртенген кездеріңіз болған шығар! Иә, бұл қуатты ақындықтың «кылқаламы жүрегінен созылып барып» қапысыз сурет салған нағыз шебердің қолтаңбасы.

**Нармахан акын осы арынды шабытымен А. Фетке тиіскенде орыстың сыршыл лиригін қазақтың сырбаз да сыршыл лиригі қалай да еркін меңгеріп кететін шығар деген үмітпен аудармаларға бас қойған жайым бар. Түйсік те үміт алдамапты. Бұл бәлкім екі ақынның табиғатының ұқсастығынан болар.**

*Өз басымыз Фетті оқып отырып,  
«Тихо ночью на степи  
Небо сказало ей сти!  
И курганы спят.  
Звезды ж крупные в лучах  
Говорят на небесах*

*Вечный – свят, свят, свят!* – деген өлеңін қалай қазақшалауға болар екен деп едәуір толғанғам. Әсіресе, «**крупные звезды...**» онан соң.. **свят, свят, свят** деген жері бар ғой. «**Жұлдызы**» бәлкім «**баданадай**» болар ма екен? Деп әрі сәрі күй кешіп жүргенімде, бұл Нармаханда әп әдемі шешімін тауыпты.

*«Жым жырты дала,  
Ұйықта деді түнгі аспан  
Күңгірт қана.  
Орғыл орғыл обалар қарауытып,  
Жатыр ұйқтап молалар жым*

*жырт қана*

*Жұдырықтай жұлдыздар сыбырлайды  
«Жаратқаннан сұратсын ел жұрт  
пана»,* – ақынның көңіл күйі дәл табылған. Аудармада ең алдымен ақынның көңіл-күйін дәл табу ләзім, соған байланысты өлең ары қарай өріле береді. Мұнда тек «орғыл, орғылдар» санаға тосын тиетіндей. Ал, «свят» жаратқаннан пана сұрағандық. Бұл діндарлар арасында әбден қалыптасып кеткен шіркеулік сөз. Оның бізшесі «О, Жаратқан! Өзің сақтай гөр! Сияқты болып келеді. Бұлай деп көбіне қатерлі шақта айтады ғой. Фет акын бұл тұста қандай да бір қатер, қауіпті сездіріп айтып тұрған жоқ. Жайма шуақ мына тыныш түнге пана бол деп тілеуқор болғаны анық. Аудармашы осы тұсты тап басқан деп тәпті болдық. Осы өленде:

*«Нет движенья; лишь порой  
Бриллиантовой слезой  
Ангел пролетает»* – деген жолдар бар. Бұл аудармада:  
*«Ұлы үнсіздік ұлғайды ірге жақтан,  
Оң баталы періште ұшып өтті  
Жауһар жасын жер үшін  
сорғалатқан».*

Қазақта қандай бір жақсы тілектер айтылғанда үлкендер жағы әумин! Періштенің құлағына шалынсын деп жатады. Адамдардың ниет, пиғылына қарай кейде періштелер төменге түсіп пенделердің тәубасына құлақ түреді. Міне, сол сәт «ангел пролетит» болып адамдарға сезілгендей жақын келген. Екі акын осы тұста қапысыз үндесіп тұр.

Аудармада жақсы, сәтті шыққан шумақтар едәуір баршылық. Мұндағы біз байқаған жағдай Нармахан әр кезде өлеңді дербес қоймай, оның болмысына араласып, қазақы мағынасын жаңа толықтырулармен, анықтауыштармен ішкі жасырын сырды аша түссем деген ниетін қымтамайды. Мәтіндегі сөздерді түгін қалдырмай аударсам деген ниетті басшылыққа алады.

*«Когда смущенный умолкаю,  
Твоей суровостью томим.  
Я все в душе не доверяю,  
Холодным колкостям твоим.  
Камыгумен қабарады қабағым,  
Бізғарыңмен ықтырғанда сен мені.  
Жалаң жаным жаралым,  
Мысқылыңа жарты мысқал сенбеді.*

Осындағы «...в душе не доверяю» сөзі аудармада «...жарты мысқал сенбеді» боп, түпнұсқада жоқ сөз қосылып (*жарты мысқал*) ойды тереңдете аша түскен. Феттің осы өлеңінің қалған екі шумағы да өте жақсы шыққан. Егер, бір авторды шартты түрде бір түске телісек, мысалы, Фетті қызыл, Нармаханды жасыл түс деп белгілесек, аударма тұсында бір бояу бір бояуды ауыстырмай, әр қайсысы өз реңкін сақтай отырып әсем кемпіркосақ өрмегін түзер еді. Енді, бір кездерде қызыл бояуға жасыл бояу көбірек еніп кетсе ол солғын тартып байырғы реңкінен ажырап қалар еді. Мұны біз «Фет Бегалиевтеніп барады, керісінше ол Феттену керек еді» деп әзілдер едік. Енді, осы орайда айтатын бір гәп бар. Қалайда өлеңді терең ұғынықтылықпен аударамын деп жаннан, өз тарапынан сөз қоса берудің де шегі бар сияқты. Қараңыз:

*Чудная картина  
Как ты мне родна  
Белая равнина  
Полная луна.*

Жалпы, Фет көп сөзді емес. Аз сөзбен жеткізсем дейді өзі Ресейдің провинциясында тұрғандықты ұнатқандықтан өлеңдерінде халықтық әуендер, тіпті, кейде частушкаға да ұқсап кететін әуенге лайық, сазды жырлар, кейде әлдилеулер жиі ұшырасады. Оның мәтіндеріне композиторлар романстарды көбірек жазуының бір сыры осында жатқан сияқты. Аударған кезде осыны да еске ұстаған ләзім ау дейміз.

Жоғарыдағы өлеңді Нармахан қалай аударды екен, соған зер салайық:

*Сусаулы жанға азық,  
Жағымтал жалған ай.  
Ақ ұлта жамылған кең жазық,  
Сүтмене толған Ай.*

Көріп отырсыздар, аудармашы тым еркін кеткен. Мұндағы алғашқы екі тармақ түп нұсқаға мүлдем келмейді. Феттегі ойнақы әуенге сұранып тұрған ырғақ аудармада ескерілмеген. Және ырғағын, өлшемін жақсы бастап үшінші тармаққа келгенде «жамылған» сөзін қосып буын санын көбейтіп жіберген. Одан соң, ақынның туған өлкесін ет

бауырына жақын санап (*Чудная картина как ты мне родна*) деген сүйіспеншілік сезімі ескерілмей, елеусіз қалған. «Сусаулы жанға азық, жағымтал жалған ай» жоғарыдағы ұғымды қалай ойласаңыз да бере алмайды.

Негізінде Фетті біле түскен сайын, оның ақындарға қояр талабының аса қатал екенін сезіп, аударуға жүрексіне бересіз. Ол поэзия тандаулылардың үлесіне тиесілі тылсым дүние деп санаған. Кәдімгі өнер өнер үшін дейтін шікәмшіл топтың, кірпияз элитаның белсенділерінің бірі» «Псевдопозэту» (ақынсымаққа) деген өлеңінде «Молчи, поникни головою, как бы предсав на страшный суд...» дей келіп, нашар өлеңдерін мен қасиетті муза сарайына аяғыңды аттап басушы болма. Орныңды біл, бұл тәңірілік қасиет деген сөз айтады. Бұл ойын тағы да «Муза», «Ақын» өлеңдерінде жалғастыра түседі. Солай болса да, біз жүрексіне жүрексіне Фетті аударуға тәуекелге барғанымызда бұған абайламаса болмас, оның өз сөзімен ғана өзімен сөйлесу керек шығар деген ойда болдық. Ал, мына тұста жасыл бояу қызыл бояудан артықтау боп, қанықтау боп түскен. Яки, Фет Бегалиевтеніп барады.

Фетті аз кем біз де аудардық («Әлем әдебиеті» журналы, «Көкейтесті» өлеңдер жинағымда, «Бесін ауып барады» өлеңдер жинағымда жарияланған). Әлгі айтқан «Чудная картина...» деп басталатынын біз аударған болатынбыз. Нармаханнның аудармаларын оқи бастағанда баяғыда студент шағымызда Ізтай ақын мен Шәміл болса керек, бір екі інілері сыншы Қалжан Нұрмахановқа базналық па, реніш пе сондай бірдеңе айтып тұрғанның ішінде болып едік. Сонда аналар Қалжанға, аға, сіз бізді сынайсыз, ондай болса, өзіңіз аударып көрсетіңізші деген еді. Содан бері сол сөз естен кетпейді. Сын айту үшін алдымен өзін бәрін бастан кешіріп барып, сосын қаламға ерік беру керек екен-ау дегендей. Сонда да болса бұл тұста мен Нармаханнан жақсырақ аударып отырмын деген ойдан аулақпын. Құдай ақы ондай емес. Жәй, өз аудармамды салыстыра кеткім келгені ғой.

*Жақынымдай ең ыстық,  
Мына ғажап көрікті-ай!  
Аппақ жазық кеңістік,  
Әп әдемі толыпты Ай.  
Жалт-жұлт еткен қар әне,  
Биік көктен нұр құлап.  
Барады жалғыз шаналы,*

*Көз ұшында бұлдырап.*

Аудармада өз тарапынан сөз қосып, өзінше кетсе Абайды үнемі алға ұстап, тасасына тығылудың керегі жоқ. Абай өзінше сөздер қосып, өзгеше ұғым жасаса, төл туындының ырғағын, өлшемі мен әуезділігін мейлінше сақтаған және бейнелі көркем дүние жасаған. Ал, дәл аударам деп көп сөзділікке ұрыну И. Тургеневтің қара сөзбен жазған өлеңіндей болады. Мұны айтқанда Тургеневтей жазушыны күстанәлап тұрғамыз жоқ. Ол жанрын өзі айтып тұр ғой, қара сөзбен жаздым деп. Олай болса оған қанша сөз болса да сия береді. Ал, өлеңде аударушы жанынан сөз қосса ол тек бейне, өрнек жасау үшін ғана қосылу керек.

Тағы бір өлеңді талдап көрелік:

*Как мошки зарею  
Крылатые звуки толпятся;  
С любимой мечтою  
Не хочется сердцу расстаться  
Мұны Бегалиев:  
Шіркейлердей шұғылаға шүйгіген,  
Қапыл қанат дыбыстар үпір-шүпір  
өрледі.*

*Дегбірсіз деп күй кілең.*

Тәтті арманмен қоштасуға шіркін жүрек көнбеді, – деп аударған. Осы тұста белгілі орыс ақыны, аударма ісінің жақсы маманы Н. Гумилевтың «...Повторим же вкратце, что объективно соблюдать:

- число строк, - метр и размер,
- чередование рифм - характер рифм,
- характер слова,
- тип сравнений-особые приемы, переход тона...»

деген аудармашыға қоятын талаптары еске түседі. Тіпті, бір қызықты жай – ағылшын өлеңдерінде ер адамдар айтатын (немесе оқитын) сөздердің ұйқасы мен әйелдер оқитын сөздердің ұйқастары басқа болатын да шарттылықтар бар екен. Бұларды олар еркек ұйқас, ұрғашы ұйқас деп атайды. Аударма жасағанда осыларды да сақтау талап етілетін көрінеді. Жарайды, бұл сияқты күрделі жаққа бармай ақ, ескермей ақ қоялық. Бірақ, өлең, өлең болу керек қой, көп сөздің жиынтығы емес. Өлеңнің ырғақтылығын айтпағанның өзінде бұл аудармада «үпір шүпір», «шіркін» «өрледі» сияқты артық сөздер түп нұсқаның ажарын ашып тұрған жоқ. Өз шартты сөздерімізше жасыл реңк тағы да қалыңырақ жағылған. Н. Бегалиевтің кітабына талдау жасап, ұлттық тілдік бояуы қанық, арғы бергі ғұламалардың біраз аруағын қозғаған сыншы Сәрсен-бек Сахабат аударманың жақсы екендігін жеріне жеткізе айтыпты.

Біз де соған риясыз қосыламыз. Шынында да, жақсы аудармалар. Қырық өлеңнің бәріне тоқталып жату шарт емес. Біразын айттық. Солардың ең әдемісі меніңше Феттің бөбегіне арнаған «Колибельная-сы» қазақтың әп әдемі аналар әлди жырына айналған. Жалпы, жоғарыдағы айтылған бір екі ауыз сын тұтас аудармаға анау айтқан көлеңке түсіре қоймайды деп ойлаймыз. Бұл дос адамның, өнерге шын жанашыр адамның жақсы нәрсесі одан әрі көркейе түссе екен деген ниет қана. Нармахан Бегалиевке орыс зиялылары бұл еңбегі үшін дән риза. Оған Әдебиет саласындағы ең жоғарғы атақтардың бірі К. Симонов атындағы сыйлық тағайындағаны қазақ ақынының еңбегін жоғары бағалап, соған нағыз лайық деп тапқандығы деп білеміз. Осы тұста Сахабатқа қарата айтылатын бір сөз – Нармахан ақынды қатты қадір тұтып, талантына ерекше тәнті екен. Енді, сол сезімін аударма өлеңді алдын ала талдамас бұрын білдіруге болмас. Ондай жағдайда аударушы не жазса да жақсы көрініп кетуі хақ. Бұл тұста сыншы объективті болғаны жөн. Мұндайда талғам таразысы түп нұсқа болмақ.

Аударма мектебі үлкен мектеп. Оның шәкірттері мейлі түбітiek, мейлі тісі түскен кемиек болсын тәртіпті сыйлайтын, талапқа көне білетін шәкірт боп қала беруі тиіс. Жазушы, сыншылардың бірқатары өнер туындыларын талдағанда сыншылардың айтқанын заң деп қабылдау керек дегенді ұстанған. Негізінде олай емес. Сыншының пікірі міндетті емес, тек еске алуға лайық бағалы ойлардың бірі деуге болады. Кезінде Пушкиннің ұстазы В.А. Жуковский сын туралы мақаласында «...предлагайте мысли свои, не думая, чтобы они были неопровержимы...» (В.А. Жуковский, Избранные, М. 1954 г. Стр. 516) деген. Сонымен, сынды, әдемі де әділ көркем сынды белгілі Грек аңызындағы Гераклдың жыл сайын бір қызды жеп тұруды әдетіне айналдырған Минтаврды өлтіруге бара жатқанда шым шытырық жолдан адаспау үшін Ариадна сұлудың жіп шығырықтап бергеніндей жолбасшылық роль атқарғанымен салыстырсақ артық болмас демекпіз. Әдеби сын- жақсы, сауатты талғамның темірқазығы іспетті.

Байқайсыз ба, осы күнгі жас ақындар аудармаға көп бара бермейді, өйткені ол шаруа көп ізденуді керек етеді. Бүгінгі аудармашылар теле сериалдардағы диалогтарды ғана жақсы меңгерген. Ал, жас сыншылар аз оқиды.



**Ақжол ҚАЛШАБЕК,**  
**филология ғылымдарының**  
**кандидаты**

## ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ ЖАЗБАЛАР

### Әуелгі сөз

Бұл бір «үшбу рисала», «дәфтер хат  
ғибрат»... Әдебиет жайлы сыр жазу.

\*\*\*

*Стамбол, патша болсаң да, Құддыс,  
Шамға,  
Бұхар мен үкім етсең де Үндістанға,  
Ағылыын, Қытай, Мәскеу, Римді алып,  
Дін түзеп, әмір етсең де бұл жиһанға,  
Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін  
тегіс,*

*Кірерсің ақыр бір күн көрстанға.*

(Алтыбас Ақмолдадан Ахмет Байтұрсынұлы көшірген. Байтұрсынұлыдан мен көшірдім. Бұл не көшіру? Даналық философиясын көшіру. Жәй почерк көшіру емес).

\*\*\*

Құран: Ал-Уақиға сүресі, 11-37 аяттар:

11. (Аллаһқа) жақын болғандар.
12. Рахат бағында болады.
13. Әуелгілерден көбісі,
14. Ақырғылардан азы.
15. Олар сәнді төсектерде жатады.
16. Бір-біріне қарап жантайып.
17. (Оларға) мәңгі жас балдар айналып жүріп (қызмет етеді).
18. Бұлақ (шарабы құйылған) тостаған, құмыра кеселермен,
19. Ол бас ауыртпайды, ақылдан айырмайды,

20. Қалаған жемістер бар,
23. Сақтаулы інжу сияқты.
24. Бұл істеген амалдарының сыйлығы.
25. Онда олар лағып айтқан бос һәм күнәлі сөздер естімейді,
26. Тек «Сәлем», «Сәлем» деген сөздерді естиді.
27. Оң жақпен келушілер. Оң жақпен келушілер кімдер?
28. Олар тікенсіз Лотостардың ішінде,
29. Жемістері салбыраған банандардың,
30. Қою көлеңкелердің,
31. Сарқырап аққан сулардың
32. Мол жемістердің ішінде болады,
33. Ешқашан таусылмайтын һәм ешкім қорымайтын.
34. Олар биік төсектерде жатады.
35. Біз оларды жаңа бейнеде,
36. (Еркек көрмеген) қыздар етіп жаратамыз,
37. Тек күйеуін сүйетін, құрдастар етіп жаратамыз.

**Р.С. Құран тілі – көркемдік атаулының Эвересті ғой. Оған теңесер күш-қуат қайда?! Автор құран аяттарын шамасына қарап аударды, әйтпесе, Алла – жаратушы, біз бар болғаны автор ғанамыз...**

\*\*\*

Абайдың әдебиеттегі алтын ережесі мынау болған: «Өнер шарғыға муафих болсын...»

\*\*\*

Олжас Сүлейменов: ол кетті «Аз и Я» дан (қайда?) «Итал и Я»-ға..

\*\*\*

**Хрущев кезінде тұрған «жылымық» («оттепель») әсерінен пайда болған орыс**

әдебиетінің «алпысыншы жылғылары» («шестидесятники») Андрей Вознесенский мен Евгений Евтушенкодан үзінділер: Андрей Вознесенскийдің түнгі пейзажы:

Сколько звезд!  
Как микробов в воздухе...  
Е.Евтушенко:

Потеряла Россия в России Россию  
Она ищет себя, как иголку в стогу...

Евтушенко «алпысыншы жылғылар» деп: Гагарин, Высоцкий, Сахаровтарды атайды... Қазақтың алпысыншы жылғылары: режиссер Шәкен Айманов, композитор Шәмші Қалдаяқов, суретші Салахаддин Айтбаев, Д.Қонаев, І.Есенберлин, «Жас тұлпар» ұйымы, «Лениншіл жас» газеті, 1975 жылы Нью-Йоркте «Қола Прак синоскоп» жүлдесін алған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр»? атты қазақ мультфильмі, т.б.

\*\*\*

#### Тағор

«Мен өзімнің бос сөз екеніме ұяламын!» – деді Сөз Еңбекке. «Мен өзімнің тым жұтаң, қарабайыр кедей екенімді білемін!» – деді Еңбек Сөзге.

Алаулаған жалынға оның түсірген жарығы үшін рахметінді айт, бірақ, оның көлеңкесінде үнсіз шыдап, сабырлық сақтап тұрған білгені де ұмытпа.

Тазалық ол – махаббат тасқынынан, сезім шырынынан пайда болатын байлық.

Өмір жазғы гүлдердей әдемі болсын, өлім күзгі жапырақтардай тартымды болсын

*(Тағорды қарап отырмай қазақшаға аударған автордың нақ өзі)*

\*\*\*

#### Сұлтанмахмұт:

Підие, зекет, пітірге қапшық болып,  
Миллетке микробтігі тие отыруға...  
Қазаққа басымыз дер шляпалар,  
Очки сап, портфель ұстап жүрген  
жандар,  
Істеген он тиындық еңбегі жоқ,  
Бос мылжың даурықтада қанша  
мән бар.

\*\*\*

#### REQUIEM

(Реквием)

1935-1940

..Муж в могиле, сын тюрьме,  
Помолитесь обо мне.

*(Анна Ахматованың 30 жылдар қасіреті туралы айтқаны. А. Ахматованың күйеуі – орыстың атақты ақыны, акмеизм ағымының теоретигі, кейіннен пролеткульт лекторы – Н. Гумилев, ұлы – атақты кеңес тарихшысы – Л. Гумилев. Шығарма жазылған кезде большевиктер ақынның күйеуін атып, ұлын Қараганды лагеріне қамаған болатын).*

\*\*\*

Машһүр Жүсіп Белинскийді, Көкбай Ленинді, Шәкәрім Гаспринскийді, Абай Салтыков (Щедринді) әжептеуір-ақ дәріптеген екен...

\*\*\*

#### Кеше:

«...кертартпа ағымдар бүкіл әлемдік әдеби дамудың кезең-кезеңдерінде көптен-көп: әдебиеттегі мазмұн дегенді біржола ұмытып, жалаң пішінді ғана қуалаған жат сарынды *формализм*, оның асқынған түрі – *абстракционизм*, бұлардың «бел балалары» – әсіресе қызыл *экспрессионизм*, бет алды лаққан *футуризм*, дарашыл, күйрек *импрессионизм*, күңіренген *символизм*, діни-мистикалық *акмеизм*, қылтың-сылтың трюкке толы *имажинизм*, күллі кертартпа ағым атаулының бүгінгі буржуазиялық өнердегі қырық құрау қосындысы – өңі айналдырылып, қайта тысталған түрі – *модернизм*...» (З.Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. 1970. 363 б).

#### Бүгін:

«Модернизм, абстракционизм, авангардизм, экзистенциализм, мифологизм, сюрреализм» сияқты ағымдар өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке қарауды қою керек те сияқты. Көркемдік ізденістері алуан түрлі, егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жаңа дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау – алдымызда тұрған зор міндет» (Ш.Ыбыраев. «Әдебиетіміз үдеп жүр ме, жүдеп жүр ме». «ҚЭ» газеті. 1996. №10).

\*\*\*

Ал, енді, осы екі пікірден соң, үшінші жол іздемей көрші...

\*\*\*

**Бұралаң тарих:** Ұлы Отан соғысы кезінде Бауыржан Момышұлы деген қазақ Мәскеу түбінде немістерге күйрете соққы беріп, орыс жазушысы А.Бек оның жатқа айтуымен 1942 жылы «Волоколамск тас жолы» атты повесть жазып, 1943 жылы оны «Знамя» журналында жарияласа, осы кезде Мәжит Айтбаев деген тұтқын, эмигрант, жазушы қазақ Берлин қаласында «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып, «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы қызметінде жүріп, 1943 жылы Берлинде «Абылай хан (дастан) және басқа өлеңдер» атты кітап шығарған.

\*\*\*

**Қара өлеңнің қара иірім даналығынан:**

Ай батса қалар дала күңгірт болып,  
Көктемде қой өледі қылқұрт болып.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Қалармыз біз де бір күн жым-жырт болып.

\*\*\*

**Бейсенбай Кенжебаев** – қазақ әдебиеті тарихының мұзжарғыш кемесі болған...

\*\*\*

**Филологтың ғарыш туралы айтқаны:** «Тоқтар Әубәкіров – дулығаны скафандрға ауыстырған батыр қазақ».

\*\*\*

Тәкеннен: Дүрмек бар жерде даңғой бар. Соқыр тауықтың талғамы дананы танымайды, жемді таниды. Бұлбұлға есектен ән үйрен деп ақыл айтқан қарға өзінше ағынан жарылған.

\*\*\*

#### Модернизм

**В.Хлебников:** Бобэоби пелись губы;  
**А.Крученых:** Дыр буль щыл (убешур) скум;  
**Қиясбай:** Айдалада ақ қасқыр опак-сопак, Ақ сиырдан туады жирен айғыр, Аспанда ителгі құс пішен жейді; «пролеткультиші» **Маяковский:** Я меряю по коммуне стихов сорта;

**R.S. «Шолпан»** Дарвинді мақтайды. **Л.Толстойдың «Воскресение»** атты романының кейіпкері, төңерісшіл **Набатов «тезектің бидай дәніне, бидай дәнінің тауыққа, итбалықтың құрбақаға, құрттың көбелекке, жаңғақтың еменге айналатынына»** сенген, бұндайға тек сюр-реалистер мен футуристер ғана сенеді.

\*\*\*

**Совет (кеңес) фольклоры:** «ВКП(б) – все кончится погромом (большим)», «Серп и молот – смерть и голод» (*«АиФ» газеті, №20, Май, 1996*).

Ұлы Отан соғысы кезіндегі фольклордан:

Өнгреннен ат келді,  
Ат жалында хат келді.  
Апармай кеткір қу пойыз,  
Апарып тастап бос келді.

(Сөлтай әжем)

\*\*\*

Өтірік – пүліш, шындық – қылыш (Қадыр Мырзалиев).

\*\*\*

**Синекдоха:** «Қызыл пагон» Москва өлді. «Бесжұлдыз әдебиет» тарқады. Пролеткульт құл-талқан болды.

\*\*\*

**Жұлдыз Самырат:** автордың әдеби бүркеншік есімі.

\*\*\*

#### Толстой

**Бывают люди машинные**, которые отлично работают, когда их приводят в движение, но сами не могут двигаться (*Машина тектес адамдар болады, қозғалысқа түсірсе болды мүлтіксіз жұмыс істейтін, бірақ, өз беттерінше қыбыр ете алмайтын*).

**Нашия:** Толстой қуыршақ адамдар туралы айтып жатыр...

Если бы цель жизни состояла только в том, чтобы люди переделывались из детей в стариков, то люди не умирали бы до старости (*Егер өмірдің мағынасы жас адамның қартаюында ғана болса, онда адамдар қартайғанша өлмес еді*). P.S. Өмірдің тек



ішіп-жеуден тұрмайтындығын дәлелдейтін қарапайым қисын.

**Воспитание.** Стоит заняться воспитанием, чтобы увидеть все свой прорехи. А увидав начинаешь исправлять их. А исправление самого себя и есть наилучшее средства воспитания своих и чужих детей больших людей.

Женщина делает большое дело: рождает детей, но не рождает мыслей, это делает мужчина. **Һашия:** *Бұны Клара Цеткин оқымаған ғой...*

**Все мы думаем** что наша обязанность, призвание – это делать разные дела: воспитывать детей, нажить состояние, написать книгу, открыть закон в науке и т.п., а дело у всех нас только одно: делать свою жизнь, сделать так, чтобы жизнь была цельным, разумным, хорошим делом. **Һашия:** Құдай-ау, соған қолымыз тимей жүр ғой... алдыңғыларына айналып.

Будущего нет. Она делается нами (*Болашақ деген болмайды, оны бүгін жасайды*).

Дело жизни не в том чтобы быть великим, богатым, славным, а в том чтобы соблюсти душу (*Өмірдің мәні ұлы болу, бай болу, атақты болу да емес, жан дүниенің кірлетпей, таза ұстауда*).

Жизнь есть умирание. Хорошо жить – значить хорошо умирать. Постарайся хорошо умирать (*Өмір ол – өлу. Жақсы өмір сүру деген – жақсы өлу деген сөз. Жақсы өлуге тырыс*).

Человек не знает что хорошо, что дурно а пишет исследование об упавшем аэролите и о происхождении слово «куколь» (*Адам қызық. Не жақсы не жаман екенін ажырата алмай тұрып, опат болған аэролит пен «куколь» (арам шөп түрі) деген сөздің шығу тегі жайында зерттеу жүргізеді*).

Вера в авторитеты делает то, что ошибки авторитетов берутся за образцы. **Һашия:** *Қазақияның тарихы осындай авторитеттердің қателігіне толы болмаса не ғылсын... Біздің «Атекем біледі» сияқты нәрсе ғой... Қараңыз: (Мейірхан Ақдаулетұлы, «Этнографиялық жасырынбақ...») немесе «намысшыл зиялы-*

*ларға құлаққағыс» // «ҚӘ» газеті, 7 қаңтар, 1998 жыл).*

Удивительное дело: я знаю про себя, как я плох, и глуп, а между тем меня считают гениальным человеком. Каковы же остальные люди? **P.S.** Бұндайды тек Толстойдан естідім.

Обыкновенно говорят: это очень глубоко-мысленно и потому не вполне понятно. Это не правда. Напротив. Все то, что глубоко, то ясно до прозрачности. Как вода, которая бывает мутна на поверхности, а чем глубже, тем прозрачнее. **P.S.** Бұған «күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарған» Мұқағали жырлары дәлел.

**Толстойдың мінәжәті:** «Помоги, бог мой. Научи. Одного хочу – делать не свою, а твою волю. Пишу и спрашиваю себя: правда ли? Не рисуюсь ли я перед собой? Помоги, помоги, помоги». (21.07.1909). **P.S.** Толстойды көп оқи бермеу керек. Әйтпесе әдебиетпен айналыса алмай қаласың. Әдебиетпен шын айналысам деген адамның ақиқатында Толстойдан аулақ жүргені абзал.

\*\*\*

**Шедевр – тұтас кезең жемісі.** «Қарт-кожа», «Батыр Баян», «Оян, қазақ», «Айтыс» – алашорда кезеңінің мәністі мәнерлерінен. І.Есенберлин, О. Бөкей прозасы, Мұқағали лирикасы, М.Шаханов балладалары – «алпысыншы жылғылардың» айқын қолтанбасы. «Алпысыншы жылғылардан» кейін арнайы әдеби кезең қалыптанған жоқ. Сондықтан да шедевр жоқ. Қалыптасу жүріп жатыр. Ол міндетті түрде болады. Ендігі кезең – тәуелсіздік кезеңі. Кім оған ілінеді? Белгісіз. Алмас қылыштай қаламдар әр жерден-ақ жарқылдайды...

Бірақ, тарих пердесі толық түрілмей тұр, әзірше.

\*\*\*

**Сыншы қандай болу керек?** Ж.Аймауытов пен Т.Әлімқұлов сияқты болу керек.

\*\*\*

**Реализм** ол бар болғаны – «мимесис» («табиғатқа еліктеу») ғана ғой (Аристотельдегі).

\*\*\*

**Ай – қап**

«Тіл, әдебиет – дүниедегі барлық бақыт, сығаттың, ғылым, өнердің, дін уа мәдениеттің асыл ұршығы дүр» (Ғұмар Қараш, Айқап, 1911, №10).

\*\*\*

**Б.Момышұлы**

Тексізден тезек артық.  
Арсыздан айуан артық.  
Көп тұрған су сасиды,  
ойламаған ми сасиды.

**Өтіріктің балын жалап тірі жүргеннен**, шындықтың уын ішіп өлген артық.

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.

**Соғыс** – халықтың күш-қуаты мен ерік-жігерін сынайтын ұлы емтихан.

**Һашия:** Бауыржан – рух қой!  
(М.Мырзахметұлы).

\*\*\*

Нет магии сильней, чем магия слов.  
А.Франс.

\*\*\*

**Шерханның шерлері:**

Өлгеннен соң байдың да сүйегі аппақ,  
кедейдің де сүйегі аппақ.

Шындықты бұрмалаушылар көдеден де көп.

Қып-қызыл өтірікті көтере беретін осы дүние ғана.

Улы араның денесінен бал тамшылайды.

Тікені ащы сояудан раушан гүлі жұпар шашады.

Бізге үлкен ел, ұлт болу үшін әр ру өз туын шошандата берсе сол – қайғы. Көп ту Көк туды құлатады. Мемлекет біреу. Ту біреу. Басқаның керегі жоқ.

\*\*\*

**Қалам**

**Ол** (адамға) **қаламмен** (жазу-сызуды) **үйретті** (Құран, 94/4). Ғалымдар айтады:

Үш түрлі қалам бар. Біріншісі – Алла қолымен жаратқан қалам. Ол қалам дүние жаратылғаннан бастап, Қиямет күніне дейін болатын нәрселерді жазған. Екіншісі – Алла періштелерге сыйлаған қаламдар: олар болмыстарды, амалдарды, тағдырларды жазады, үшіншісі – адамдардың қаламдары. Бұларды Алла адамдарға сыйлады. Олар өз сөздерін жазады және басқа да мақсаттарына пайдаланады. Қалам – Алла Тағаланың ұлы нығметтерінің бірі. Егер қалам болмаса дін де тұрғызылмас еді, тіршілік те түзу болмас еді. Бұл нығмет Алла Тағаланың шексіз жомарттығын білдіреді. Ол пенделеріне білмеген нәрселерін үйретіп, оларды надандық қараңғылығынан білім нұрына шығарды. Сондай-ақ жазу білімінің артықшылығы туралы да баса айту керек. Бүкіл ғылымдар, даналықтар бұрынғылардың хабарлары мен айтқандары жазу арқылы ғана сақталды. Егер жазу болмағанда діннің де, дүниенің де істері тұрақты болмас еді (Һашия:Қалам ұстайтындар ойлансын... Қалам ойыншық емес).

\*\*\*

**Түйін**

**Сана тазарса әдебиет таранар еді.** Әдебиет тарану үшін алтын тарақ керек. Сана тазару үшін жұмсарған жүрек керек. Әдебиет – айна. Ішкі сарайыңның айнасы. Ішкі сарай көмір болса, әдебиет – көмір, ішкі сарай алтын болса – алтын, темір болса – темір, бізге іші – алтын, сырты – күміс әдебиет керек, ағайын. Сырты – бүтін, іші – түтін әдебиеттің керегі жоқ. Жаңа заманның, жаңа ойдың жаршысы болатын асыл сөз керек. Жаңа ой – ақиқатпен жаңарып, өтірігі өлген ой. Ондай ой – былғаныш, ауру яки өлі жүректен шықпайды. Жаратқанның қасиетті жазуына бойұсынған, саф таза, сау жүректен ғана шығады.

\*\*\*

Тәмәм.



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,  
«Ақиқат» журналы

Қайтеміз, өткен шақты айтамыз да. Шын мәнінде де Өмірзақ Қожамұратов алдыңғы қатар ақындарды айтпағанның өзінде, қалың жыр сүйер қауым сағына күткен ақын еді. Бірақ, оны елеп-ескермей, тіпті, одан да тереңдете айтсақ ұмыт қалдырып, сыртқа тепкен өзіміз. Ия, бірлі-екілі аға ақындарымыз оның алғашқы аяқ алысына қуанып, үміт артқанын айтпасақ, онда, оларға қиянат жасағанмыз. Мысалы, аға-ақын саналған Әбділда Тәжібаев: «**Өмірзақ арналы да ойлы лирик болатын нышан білдіреді, жақсы үні мен жақсы сырлары бар әуезді үндері оқушыны сезімге бөлейді, әсем ырғақтар бесікше тербейді. Әр алуан суреттер елестеп, әр алуан дыбыстар ойнайды. Өмірзақ әлі жас. Оның қазіргі жырлары қуантса, болашағы зор үміт күттіреді**», – дегенде, оны көпшілік аға-ақындарымыз жас қаламгерге берілген артық «аванс» ретінде қабылдаған. Тіпті, жас ақындарды көрсе елден бұрын елпектейтін Әбу Сәрсенбаев ағамыз болса: «**Өмірзақтың бойында ақынға тән байқағыштық, суреткерлік бар**», – дей келіп, ақынның сыршылдығына баса назар аударғанын Әбділда Тәжібаев пікірімен үндестірсек, онда Қожамұратов назардан тыс қалмаған сияқты көрінер. Бірақ, соған қарамай осы бір мақтаулардан кейін-ақ ақын шығармашылығына үмітпен қараушыларға қарағанда, қызғанышпен қараушылардың саны артпаса кеміген жоқ. Оны өз қатарлары Оспанхан, Мұқағали, Свет Оразбаев, Изтай Мәмбетов, Зейнолла Серікқалиев, Сейфолла Оспанов, Дулат Исабеков сияқты әріптестері де назардан тыс қалдырған жоқ. Соған қарамай ақынның өленде де, өмірде де шын мағынасындағы бағы ашыла қоймады. Егерде, ашыла қалған

## ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ

немесе әдеби ұрлықты  
реминисценциядан ажырата білейік

жағдайда Мұқағали Мақатаев ол туралы: «**Осы пақыр әзірге пойызға билетсіз мінген адам тәрізді. Өз құрбыларының қатарынан орын тимей-ақ қойды осыған, бірде-біріміз оған кел деп те, кет деп те ниет білдіре алмадық. Мынау барын, мынау жоғың демедік. Бұған Өмірзақ тұрарлық еді**», – демес еді ғой. Көзі тірісінде бірлі-екілі ағалары мен қатарларының көңіл шуағына ілінген ақын өзін қалған әріптестері мен оқырмандарына толық дәлелдей алмады. Өйткені, оның алдында «қызғаныш» атты алдырмайтын алып тау жатқан болатын. Ал, өмірден өткен соң «көзден кеткен адам көңілден кетеді» деген принцип өз дегенін істеді. Әлі де солмыз. Тек бүгін ғана Қали Жолдасов деген азаматтың мұрындық болуымен тілге тиек етіп, әңгіме етіп отырмыз.

Неге Өмірзақ Қожамұратов көзі тірісінде де, өмірден өткеннен кейін де елдің де, ақын қатарларының да есінен жазықсыз, қисынсыз, орынсыз аты-жөні жоқ шықты. Оны көзі тірісінде көріп-білгендер оның ірі ақын екенін білді. Бірақ, оның ақындық тұлғасын көзге іліп, сөзін құлаққа қыстырмады. Қазақ поэзиясына шын, шынайы таланттар аздық етпейді. Қазір де оны Мұқағали, Төлеген сияқты асқақтатып айтсақ неміз кетер еді. Қызғанып, бөліп жаратын ештеңе жоқ. Әйтпесе ақын Өмірзақ:

*Біле кет!*

*Ақылдан адасқандардың,*

*Ажсалдан адаспайтынын.*

*Тақ үшін таласқандардың,*

*Табытқа таласпайтынын,* – демес еді ғой. Бұл – қазадай қасіретті де, табыттай ауыр да, тотияйындай уытты да ащы өлең жолдары. Күнделікті көп шындықтан биік, терең, кең, иманға негізделген ұғым түсініктегі жалқы ақиқатқа ден алдырған жыр жолдары. Міне, осындай ақын неге ұмытылып, ауызға аз түседі.

Бірлі-екілі жастарымыз болмаса, олардың көпшілігі Өмірзақ Қожамұратовтай ақын бар екенін білмейді. Яғни, біз әлі күнге дейін белгілі бір тізімнен шыға алмай, көргенімізден таңбай, ұстағанымыздан айнымайтын деңгейде ғана шын да шынайы ақындарды іздейді екенбіз. Әйтпесе, Мағжанды жаппай біліп, ол ұстаз санаған, тіпті, оның тұңғыш кітабын шығарған Бернияз Күлеевті неге білмейміз. Сондай-ақ, Өмірзақпен үндескен Мұқағалиды, Төлегенді аузымыздан тастамай, тізімнен қалдырмаймыз да, Өмірзақ Қожамұратовты елеусіз қалдырамыз. Мен оған Мендікеш Сатыбалдиев, Марат Отаралиев, Свет Оразбаев, Құдаш Мұқашев, Жүсіп Қыдыровты қосқан болар едім. Соған қарағанда біздің жадымыздың «шығармалық жиып-тергені «соқыр көргенінен жазбайдының» кері болса керек.

Сезім – дербес, жеке бастық құбылыс. Бір сөзді, бір ойды, идеяны бәріміз бірдей әр қырынан айтып, жаза беруіміз заңдылық. Бірақ, тандану, мұңдасып, мұң кешу, қайғы-қасіретін тарту, лап етіп жанып, жалп етіп өшу сезімін әрқайсысымыз әрқилы, яғни, жеке дара дербес кешеміз. Оның куәсі – Өмірзақ, Мұқағали, Төлеген жырларындағы бір-біріне ұқсамайтын, кей тұстардағы алуан сырлы өлеңдер. Өмірзақ Қожамұратов поэзиясының ерекшелігі де сонда. Оның поэзиясы ешқандай мектептік деңгейге келмейді, не шәкірттік кезеңге жатпайды. Ақын жырын біз тағдырмен байланыстырамыз. Өмірзақ Қожамұратов жырының жалаң газет бетіндегі мақалалардай оқылатын өлеңдерден артықтығы – көркемдігінде, образдылығында, саздылығында.

*Боз қырау түскен бозаңда,  
Бозамық тұман көз жұмсаң.  
Боз ала таңғы азанда,  
Бусанып тұрды боз жұсан.  
Сан рет өліп, тіріліп,  
Сарғайып кеткен өмір-ау.  
Санаңда тұрған ілініп,  
Бозторғай күміс қоңырау.*

Бұл – музыка, саз ырғақ, жанның табиғатпен үндескен тұсындағы ақынның көңіл-күйі. Блок «Поэт – сын гармонии» яғни, «Ақын – үндестік ұлы» дегенде осыны айтқан болуы керек. Абайдың «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, тептегіс жұмыр келсін айналасы» деуі де

саяды емес пе? Біз жоғарыда сөз басында Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновті, енді оларға тағы да біршама ақындарды қосып, Өмірзақ Қожамұратов үндескен дегенді аты аталған ардақты ақындарымызды кеміту үшін айтып отырған жоқпыз. Әдебиетте, жалпы өнер атаулыда «реминисценция» деген ұғым-түсінік бар. Оны латын тілінен аударғанда «естелік, есімдегі, еске түсіру» деген сөз болып шығады. Реминисценция – тарихи-табиғи шығармашылық категория. Яғни, өткен, бүгінгі ақындардың поэтикалық байланысының бір көрінісі. Егерде, кейбір образдар, сөз орамы, тіркес, бірдей сөздер мен сөйлемдер, жолдар, жалпы ырғақ бір ақындардан ауысып, екінші ақындармен үндесіп жатса, ол ешқандай да көшіру немесе ұрлыққа жатпайды. Оны шығармашылық тілде «реминисценция» дейді. Шығармашылық психология, уақыттың тыныс-тіршілігі, алуан көріністер мен лептердің біртектілігі, тарихи-табиғи оқиғалар бірлігі ақындардың, бір-бірін қайталауына ерік-еркінен тыс әкеліп соқтырады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың мына бір жолдарына назар аударалықшы. Ақын «Отыз бесінші көктемім» өлеңінде:

*Отыз бес күз,  
Отыз бес қыс,  
Отыз бес жаз,  
Осал өмір емес-ау, отыз бес жас.  
Отыз бес жыл өткердім,  
Отыз бес жыл қуарып,  
Отыз бес жыл көктедім, – десе,  
**Өмірзақ Қожамұратов:**  
*Жалаңтөс кіріп тасқынға,  
Нөсердің бұлтын ойнаттым.  
Осынау аспан астында  
Отыз бес рет тойлаппын.  
Отыз бес құздың басында,  
Отыз бес гүл-гүл жайнаппын.  
Отыз бес қыздың қасында,  
Отыз бес бұлбұл сайраттым.  
Отыз бес оқты қабылдап,  
Отыз бес оққа қарылдым.  
Жүрегі жүрген жалындап,  
Отыз бес,**

*Сенің арыңмын!* – дейді. Осындағы екеуінің басынан кешкен оқиғаларының бір көрінісі, қас-қағым сәттегі көңіл-күйлерінің үйлесуі, өлең ырғағын былай қойғанда сөз сөйлемдерінің қайталануы әрі сөз саптауы

адамды таң қалдырады. Мұқағалидың «Автограф», «Аккулар ұйықтағанда», «Мен басымнан қорқамын» секілді өлеңдерін оқып отырып, оның Өмірзақ Қожамұратовтың сол тақілеттес өлеңдерін бағыт-бағдарға алғанын байқауға болады. **Екі ақын өлеңдеріндегі образдық және ырғақтық, кей тұстағы мазмұндас үндестігі еш ерсі емес. Өйткені, заманы, уақыты бір қос таланттың бағыт-бағдарлас болуы заңдылық. Төлеген Айбергенов жырларының да Өмірзақ өлеңдерімен астасып, қоян-қолтықтасып жатуы да сондай. Сол кездегі көзбен қарағанда енді бір жас ақын Зейнолла Тілеужанов өзінің «Лебіз» кітабында:**

*Күндерді алдап өлеңмен,  
Жылдардан жанда сыз қалды.  
Жылату оңай болғанмен,  
Жұбату қиын қыздарды, – деп толғаса,  
ақын Өмірзақ Қожамұратов:  
Аққудың көгілдіріндей,  
Күнәдан пәк, ей, мүсін.  
Жылатып алып біреуді,*

*Жұбату оңай деймісің, – дейді.* Осынау жолдардағы сөз қайталану арқылы бір көңіл-күйді білдіру екі ақын тарапынан да шынайы поэзия тудырған. Бұл жолдар – өмірдің өзінен ойып алынған шумақтар. Негізі ақиқат. Енді, тағы да бір мысалға жүгініп көрелікші. Көпшілігіміз өлеңін жатқа оқитын Төлеген Айбергенов:

*Сен өзімді көрсең,  
Тұрысым осы менің.  
Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең,  
Шошыр едің, – десе,  
Өмірзақ Қожамұратов:  
Білмеймін сені,  
Мен сені,  
Жолсерік болып тосып ем,  
Сезімді көрсең мендегі,*

*Сен қазір, жаным, шошыр ең, – дейді.* Осы бір төкпе жыр үлгісіне жататын шумақтар жаңа сарындағы ырғақ, дәстүр жалғастығымен мені қатты қызықтырады. Міне, бұнда да ақындар үндестігін байқайсыздар. Енді, тағы да бір ақынға жүгініп барып мысалдарымызды тоқтатсақ деп отырмыз.

**Кеңшілік ақын «Тобық» атты өлеңінде:**

*Құдашаға мен де бір тобық бергем,  
Сұраған соң ол дағы тауып берген.  
- Не қалайсыз? – дегем мен үміттеніп,  
Қалағанын айтуға қауіптенген.  
Ән қалаған.  
Алдарқап, алаңдауға,*

*«Құдашаны» кайырып тәмамдағам.  
Тәмамдамай қайтейін – іңкәр дүние,  
Оған да арман, айта алмай маған да  
арман, – десе,*

**Өмірзақ Қожамұратов:**

*Құралайдай қунақ қыз тобық берген,  
Тобық берген сәтінен торып келген.  
Ай, апталар түскесін арамызға,  
Ұмытқан да шығар деп жорып келген.  
Аяғымды келтірді-ау аспанымнан,  
– Тілегің не? – дей бердім сасқанымнан.  
Ән тіледі...халімді біле тұрып,  
Қайран бола қойсын ба қашқанымнан.  
Ән салған боп, домбыра*

*дығылдаптым,  
Ән емес-ау, өзімше ыңылдаптым.  
Құралайдай қунақ қыз құдашаны  
«Әлұлайды» айтып-ақ жымыңдаттым,* – дейді. Бір оқиға, бір сезім легі жырға көшкенде осылай сөйлейді. Қазақы әдет-ғұрып, салт-дәстүрден өрген осынау өлеңдегі оқиға қозғалысы маған ұнайды. Бірақ, озық өлең үлгісі дей алмаймын. Ұйқастары әлсіз, жалаң, жалпы. Жоғарыдағы біз келтірген үш-төрт ақындардың бір-бірін қайталаулары неліктен? Бұл не? Бір-бірін конспектілеу ме? Әрине, жоқ. Бұл жоғарыда біз айтқан реминисценциялауға жатады. Мұндай бірін-бірі қайталаулар әдеби, шығармашылық процестерде кездесіп отырады. Өйткені, поэзия – жанды қозғалыс. Табиғаттың төрт мезгілі, уақыттың толқыма лептері қаншалықты қайталанса, өлеңнің де соншалықты қайталанып жатуы бек мүмкін. Яғни, заңдылық. Мұны реминисценциялау дейміз. Тіпті, орыс ақындарының өзі бір-бірін жиі қайталаған. Мысалы, Пушкиннің «Гений чистой красоты» деген жолы Жуковскийден алынған. Байрон «Хочу я быть ребенком вольным» десе, Есенин «Я хочу быть отроком светлым» дейді. Дәл сол жолдарды Қуандық аға Шаңғытбаев «Бала қылшы балдырған баяғыдай», Мұқағали «Сәби болғым келеді» деп қайталайды. Бұл процесс поэтикалық бастаудың көзі. Арысы үндесіп, сөз сөйлемнің алмасып, қайталануы арқылы өлең өрісі кеңейіп, ішкі иірімі байыған. Тағы бір мысал. Сабырхан Асановтың «Өмір өтіп барады, өмір өтіп» жолдарын Жарасқан Әбдірашевтен жолма-жол кездестіресің. Тұмаған – Тұманбай Молдағалиевтің «Екі

Тұмашы» мен Жарасқан Әбдірашевтің «Екі Жарасы» да дәл сондай. Анна Ахматова «И такая могучая сила» десе, Блок «И такая влекущая сила» дейді. Некрасов «Лес обнажился, поле опустел», – деп толғаса, Леонид Андреев: «Лес опустел, и поле обнажилось», – деп қайталайды. Жуковский «Последний бедный лепт» десе, Пушкин, Евгений Онегинде сол сөзді айна-қатесіз жаңғыртып, нақ сол күйінде тілге тиек етеді. Ендеше, біз бір-бірінің жолдары мен сөздерін қайталаған ақындарды ұрлықшы немесе көшіруші демей, оларға шығармашылық үндестіктен туған бірін-бірі қайталау деп қарауымыз керек. Мұның барлығын мысалға келтіріп отырғандағым, жоғарғы аталған ақындардың барлығы да Өмірзақ Қожамұратовпен үндескен. Бұл сөзіме ешкім де намыстанбауы керек. Және оның астарынан бәле іздеп жатушылық та артықтық. Мен жоғарыда аталған ақындардың ешқайсысының беделін түсіріп, абыройын төккім келмейді. Менің сөз етіп отырғаным – таза әдеби процесс. Ал, егерде оны түсінбей, оның астарынан кімде-кім бәле қуса онда оларға алдарыңнан жарылқасын деймін де қоямын. Өйткені, өлеңдегі сауатсыздық қашанда да қай кезеңде де кездескен, кездесе береді де. Бұны шегелеп, қадап, нықтап, тарата айтуымның себебі орыстың, тіпті, Қытай, Жапон прозаиктері «Біз Гогольдің «Шинельінен» шыққанбыз» дегенді ешуақытта намыс көрмеген. Және ол әлемдік әдеби айналысқа түсіп кеткелі қашшан.

Жалпы, реминисценция – құрылыс материалы сияқты, бір ақынның сөз, сөйлем, образ ырғағын пайдалану арқылы тосын да жаңа бір ой түйіп, мазмұн ашу. Өмірзақпен жоғарыдағы мен тілге тиек еткен ақындардың айырмашылықтары осы тұста. Сондықтан да, сөз бен сөйлем қайталау еш қылмыс немесе ұрлық емес. Ол үнемі қозғалыс үстіндегі жанды организм, яғни, поэзияның бір тұстарда кездейсоқ немесе заңды қайталанып үндесуі. Мысалы, Мұқағалидың «Жан азасы» реквиемі Пушкиннің «Моцарт и Сальериімен» жолма-жолды былай қойғанда, басталған тұста-ақ деталь ұқсастығымен көңіл аударарды. Реті келгенде айтайық, қазір ұмытылып бара жатқан марқұм ақын

Сейсен Мұхтарұлының «Келші қарғам, мандайыңнан иіскейін» деген өлең жолдары Мұқағалида сөзбе-сөз қайталанарды, тіпті, ұйқастары да «тиіспейін» болып қайталанғанын оқығанда таң қаласың. Бұл – ақындар табиғатының үндестігі мен оқиғалардың өмірде қайталанып, әрбір ақынның басынан өтетіндігінің белгісі.

Жалпы, Өмірзақ Қожамұратов – сұлулыққа құмар, табиғатпен үндескен ақын. Оның «Тау жаңбыры» деген өлеңіне назар аударалықшы:

*Тұратын ылғи ой қаптап,  
Ақын ғой мына тау деген.  
Найзағай – қалам ойнақтап,  
Төсінен бұлттың сауды өлең.*

**Немесе:**

*Төбемде еркін аунаған,  
Жел айдап, бұлтты тоздырып.  
Күндерім үшін жасамаған,  
Арқамды кетті-ау қоздырып.*

Осы бір жолдардан оқып отырып, табиғат пен ақын стихиясын қатар қоюға болады. Өйткені, екеуі де – Алла жаратқан құбылыс. Олардың бір-бірімен сырласуы да, үндесуі де сонда. Өмірзақ Қожамұратов лирик қана емес, үлкен ойлы ақын да. Оның қысқа қайырым өлеңдерінен бастап, «Сезім дәптеріне» дейінгі аралықтағы жырларын оқығанда оған еріксіз көз жеткізесің. Ол тағы бір өлеңінде, яғни, махаббат жырында:

*Сәуірдің желі біз күткен,  
Сәруар гүлді желпігей,  
Құлпырып шықты қыз біткен,  
Қарға аунап тұрған түлкідей.  
Қуанышыңа, қайғыңа  
Жатпаймын әсте таласып.*

*Аспаным күз, Ай күз,  
Тұрғандарыңа жарасып, – дейді.*

**Немесе:**

*Ағызып барады ағын,  
Айды – алтын жұмыртқаны,  
Қағады барабанын,*

*Бақалар ымырттағы, –* деуіне неге таң қаламыз. Осындағы жанды суреттер мені еріксіз қайран қалдырады. Бұл өлеңде де Айбергенов ырғағы бар. Өмірзақта мұндай өлеңдер өте көп. Оның барлығын шағын мақалаға сыйғызу еш мүмкін емес. Сондықтан да, құрметті оқырман, қалған жыр-ләззатын Өмірзақ Қожамұратовтың «Сезім сәттері» кітабынан алыңыздар. Біз бағыт-бағдар беріп, жол сілтеуші ғанамыз.

Мен азды-көпті Өмірзақ Қожамұратов

туралы ойларымды алдарыңызға жайып салдым. Ақынның ендігі жыр-тағдырына уақыт төреші. Жалпы, Өмірзақ Қожамұратов – өзінің атақ-даңқымен емес, тіпті, қызметімен де емес, тағдырымен ақын. Ешқандай қызмет те, атақ-дәреже де ешкімді ақын ете алмайды. Сондықтан, мектеп пен пешене ұғымы – бір-біріне қосылмайтын ұғым, түсініктер. Ақындардың бір-біріне ықпал етуі мектеп болса, ал бір-біріне ұқсамаулары – тағдыр-пешене. «Пешенесіне жазылған» деген меңзеудің де сыры сонда. Ендеше, тағдыры ақын еткен Өмірзақ Қожамұратовтың жыр кешін өткізіп отырған Қали Жолдас секілді жігіттерге үлкен рақмет айтамыз. Ақынын ұмытпау ұлтын ұлықтаумен пара-пар іс-әрекет. Ендеше, нағыз ақындарымызды жас жігіттер сияқты ұлықтай білейік, ағайын!

**P.S. Назарларыңызға ұсынып отырған «Талант тағдыры» мақаламыз, кезінде өмірден өткен талантты ақын Өмірзақ Қожамұратовтың «Сезім сәттері» атты жаңа шыққан кітабына байланысты тұсаукесерде жасалынған баяндама еді. Баяндама жасалып біткеннен соң Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновтың кейбір жанашырлары маған: «Сен ұлы ақындарымызды жыр ұрысы аттандырдың», – деп дүрсе қоя берді. Мені таңқалдыратыны – біздің әдебиетімізде өздеріндей сауатсыз адамдардың жүруі ешуақытта да поэзиямызды өсірмейтінін білмейді-ау, со шіркіндер. Тіпті, олардың әлемдік әдебиетте реминисценция деген ұғым-түсініктің барлығын білмеуі ұят-ақ. Мен егер де бүкіл дүниежүзі ақындарынан Мұқағали мен Төлеген Айбергеновтың, Өмірзақ Қожамұратовтың, Қуандық Шаңғытбаевтың, Кеңшілік Мырзабековтың, Зейнолла Тілеужанов сияқты ақындарымыздың бір-бірімен үндескеніндей жайларды мысалға келтірсем, онда бір мақала аздық етер еді. Сондықтан да, ақындардың бір-бірімен үндесулерін немесе бірін-бірі қайталауларын ұрлық емес, шынайы да, шын мағынасындағы табиғаттарының бір-біріне жақындығы ретінде қабылдау керек. Өйткені, өмірдің олардың өлеңдерінде образға оралып, бейнелі**

**де адам түсінбейтін жағдайларда үндесуінің өзі Алланың олардың аузына сөз салуындағы бір құдіреттің нышанын көрсетсе керек. Мысалы, өмірінде тірі қазақты көрмеген орыс ақыны Осип Маңдельштамның:**

**«Божье имя, как большая птица,  
Вылетело из моей груди» – (1912)**

**Деуімен, 1937 жылы атылып кеткен Николай Клюев деген ақынның:**

**«И сердце птичкой из груди,  
Перепахнуло в кущи роя» – (1937)**

**Деуінің біздің тірі орысты көрді ме, көрмеді ме білмеймін. Кемпірбай ақынның:**

**«Кеудемнен көкала үйрек қош деп  
ұшты,  
Сол шіркін, кәрі жолдас өлең білем»,**

**– Деуінің аралығында не жатыр? Міне, осынау үш ақын жырларының бір-бірінің сөздерін қайталап, жыр мазмұндарының үндесіп жатуларының өзінде қандай құдірет бар?! Бұл – нағыз ақындарға берілетін ерекше қасиеттер. Оны адам емес, Алланың өзі қадағалайды, әрі нағыз ақындардың ауыздарына көзге көрінбейтін құдіреттер арқылы бірін-бірі қайталаған сөздер салады. Міне, осыны әдеби тілде реминисценция деп атайды. Ал, біздің сауатсыздарымыз болса бұдан ұлы ұрлық көреді. Қандай да ақын болмасын немесе жазушы, сыншы болмасын сауатты болмаса, әрі білімді болмаса онда өлеңді де, прозаны да, одан тіпті тереңдетіп айтсақ сыншылықты да қоюы керек. Сондықтан, әдеби ұрлықты реминисценциядан ажырата білу керек. Нағыз ақындықтың құдіреттілігі сонда.**

**Қазір, сол бір кештегі баяндамадан соң мені ата жауы санайтындардың саны көбеймесе, кеміген жоқ. Мен оларды бар болғаны әдеби мәселеде сауатсыздардың қатарына қосып, оларға «Алла алдарыңнан жарылқасын» деген тілеу тілеймін де қоямын. Олардың арасында өздерін ақын санап, кеудесін қағып жүргендер де бар. Ал, енді поэзиядан алыс, қарапайым оқырманға өлеңнің қыр-сырын түсіну үшін «сауатты да, білімді оқырман болыңыз» деген тілек қана айтқым келеді.**



Темірхан МЕДЕТБЕК,  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың  
лауреаты

## ӨТКЕННІҢ ӨКІНІШІНЕН ДЕ РУХ ІЗДЕГЕН

Бүгілген тізесін жазып, іілген еңсесін көтерген ел, ең алдымен, қаншама жылдар, тіпті, қаншама ғасырлар бойы көз жазып қалған өткеніне ден қойып, сол өткеніне өткел салып, ондағы жасалынған жәдігерлер мен құндылықтарды қатал да қатыгез заманалар көміп тастаған уақыт құмының астынан қазып, аршып алуға бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кетсе керек. Әрине, жүздеген жылдар бойы зорлық пен зомбылықта өмір сүрген, маңдайының соры бес елі болған біз сияқты елдің өткенде кеткен есесі де, өзекті өртер өкініші де көп. Тым, аса көп. Алдымен, бүгінгі күннің төбесінде тұрып, шет-шегі жоқ мыңжылдықтардың қиыр алыс түпкірлеріне дейін тарам-тарам боп созылып жатқан тарихының жолдарын, тарихының тамырларын тауып алуың керек. Әрине, тарих деген алдымен ғылым. Ал, ғылым көбіне-көп нақты фактілермен, қасаң дәлел-дәйектермен ғана сөйлейді. Сондай-ақ, тарих жолдары мен тарих тамырын табу бір бөлек те, оларды тану бір бөлек. Екеуі екі басқа. Сонымен бірге, ол тарих тамыры рухани нәр, рухани құнармен байытылмаса, онда ол, мүлде қатып-семіп қалмаса да, тым әлсіз, тым сылбыр соғары сөзсіз. Ол тамырды буырқандырып, толтырып соқыратын тек қана сол рух.

Рух деген құдіретті сөзді де, біз кейде, біржақты түсінеміз. Оны біз көбіне-көп ұдайы жеңіске шақырып, жалауын жел-біретіп, семсерін оңды-солды сермеп тұрған кілең бір атойлаған сөздер деп ұғатынымыз бар. Ал, шын мәнінде, ел мен жердің қамын ойлап қамығып сөйлейтін қынжылысыңызда да, оның өткенін ойлап опынып сөйлейтін өкінішіңізде де рух бар. Өйткені, халық неғұрлым қатты қамықса, ертеңінің қамын соғұрлым көбірек

ойлайды, өткеніне неғұрлым көбірек өкінсе, соғұрлым өжеттеніп, өршелене ұмтылады, неғұрлым қайғы-қасіретті болса, соғұрлым қайраттанып кетеді. Әрине, ол халық намысты, жігерлі болса. Ал, намысты, жігерлі халықтың сөзі де, тілі де ақындар ғой. Халықтың қаншалықты намысты, қаншалықты жігерлі екені, бәрінен бұрын ақындарынан білінеді. Шынын айту керек, әсіресе, тәуелсіздік алар алдында да, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары да ежелгі арқар мүйізді, арыстан дауысты «ақырып теңдік сұраған» жыраулардың бұла болмысын бойына сіңіріп алған біздің ақындарымыз бес қаруын түгел беліне тағынған нағыз сардарлық та, сарбаздық та мінез көрсете білді. Қатыгез заманның қабат-қабат темір қақпасы қақырап қаусап, темір шымылдығы сыпырылып түскен соң-ақ ол ақындар уақыт топырағының астында қалып қойған тарихи тақырып қамалдарын «жаулап алу» үшін лап қойды да, ұлт бойында өткен күндердің асқақ рухын оятуға кірісті. Міне, сол қадірлі қатардан қайратты ақын Қасымхан Бегманов та табыла білді. Оның «Ташкентпен қоштасу» атты өлеңін оқысаңыз өзегіңізді өрт боп жалар өкініш пен омыртқаңызды опырып жіберердей опыну құшағында қаласыз.

*Шұлы шаһардың самаладай боп  
шамдары жанды жарқырап,  
Көшелерінде даладай дарқан қазақтың  
көне салты қап.*

*Алиаңдай басып алашордашыл  
осында жүрді-ау асылдар,  
Асылдарымды біздерден бөліп түбіне  
тартты гасырлар.*

Қалай өкінбейсің?! Қалай опынбайсың?! Қалай күйінбейсің?! Күні кешегі біздің ұлт көсемдеріміз бен алып арыстарымыздың осынау тас қаланың тас көшелерінде әлі күнге ізі сайрап, тас аландары мен тас сарайларында үндері сайрап тұрса! Енді, ол іздер бірте-бірте суырып соғып тұрған уақыт құмынан көмескі тартып, ол үндер бірте-бірте қашықтаған сайын қашықтып, алыстан естілер сарынға айналмақ.

*Еңсемді езген күн болды,*



*жарық күнім түн болды,  
Қала жаққа қарасам, көзіме жас  
толасың.  
Қалай қиып кетермін Төле бидің  
моласын!*

Ақын жатбауыр-тасбауыр болып бара жатқан тасқала – Ташкентін қия алмай қиналып тұр. Бұл қоштасу ғана емес, айырылысу. Амалсыз айырылысу. Қайта оралмастай хал кешу! Өйткені, қазіргі Ташкент «Алаштың тілін ұмытқан». Енді, мүлде күдер үзуден басқа амал жоқ. Осымен арғы-бергі тарихымыздың тағы бір ауыр қақпасы сықырлап ашылды да, көкірегімізді қақ айырып, қайта ашылмастай боп сықырлап біржола жабылды...

Рухсыз тарих – құлықсыз тарих. Құлықсыз тарих, әлбетте, фактілер жиынтығы ғана. Оның бойына бүлкілдеп соққан рухты қан жүгіргенде ғана ол тарих бүгінге, ертеңге, арғы алыс күндерге қызмет етпек. Ол үшін рухтың басты-басты бастау көздерінен мейірің қанғанша сусындап, оның оқшау-оқшау асқақ кезеңдерінен мерейінді өсірер, мәртебенді асырар қастер тауып, өршіл мінез бен өжет қайсарлықты бойыңа барынша сіңіре білуің керек.

Міне, ақын енді Махамбет қабірінің басында тұр.

*Тарихқа найзаменен атын жазған, жан  
бабам,*

*Мәңгілікке асау жыр мен хатын  
жазған, жан бабам.*

*От шашырап, жалын атқан сөзіңе,  
Бостандықтың жолында бассыз*

*қалған өзіңе,*

*Бас шоді парызым ғой деп білдім...*

Өткеннің рухты тұстары мен рухты тұлғаларының алдында бас ие алмаған адам, ертеңгі күннің алдында кеудесін керіп, басын шалқақ ұстап жүре алмайды. Өткеннің қаны мен жанын бойына сіңіре алмаған адам бостекі бос елес, солбырайған сұлба! Тіпті, өткенінді тани алмасаң, ертеңінді таба да алмайсың. Бірінсіз бірі жоқ. Қасымхан осы бір аксиоманы бар болмыс-бітімімен, бүкіл тамыр-талшығымен сезіне біліпті. Адам жанының рухтануы, қайта-қайта айтып отырғанымыздай, елі мен жері үшін жан берісіп, жан алысқан өткен әруақтарға шын ниет, шын пейілмен құлай жығылып мінәжат етуден басталады. Өткенімізді танып-білмей жатып «ертең! ертең!» деген сөзді өңешің жырттылып, өндірішегің үзіліп кеткенше қанша айқайлап қайталап айтсаң да рухтана алмайсың. Өйткені, «ертең» тұлғасы тұлдыр абстракция! Бос қиял! Оның келбетін тек

қана өткенінді танып, өткеніңмен табысып қана көз алдына нақты елестетуің мүмкін! Басқаша болуы мүмкін емес!

*О, Түркістан, шапағат бер, сабыр бер,  
Сары даладан бақыт іздеп сабылды ел.  
Сағым басқан қырда жатқан елеусіз  
Мені мұңға батырады қабірлер.*

*Қабірлерім, өткен ғасыр, өткен күн,  
Тарихы ол кеше өмірден өткеннің,  
Мен қайғысын болмысыммен сезінем,  
Иесінің сандықтағы шекпеннің.  
Бәйіт арна, құрбандық шал, дұға қыл,  
Дұға қыл да, жүрегіңмен жыла бір.*

*Қабірлерге қамқор ана секілді,*

*Аруағымды қымтап жатқан мына қыр.*

Осы жолдардан-ақ сен қыр үстінде жатқан қабірлер арқылы ақын бойына тылсым бір қайратты күш пен айбатты сестің сіңіп кеткенін бірден сезіп, бірден аңғарасың. Өйткені, ол күш пен сес сенің де бойыңдағы қалғып бара жатқан қайрат пен жігерді дүр сілкіндіріп, қаның мен жаныңды дүбір мен дүрбелеңге толтырып бара жатады. Ойыңда от тұтанып, сананда шақпақ шағылып жатқандай хал кешесің! Рух сабақтастығы, рух табиғаты деген осы! Өйткені рух жанды құбылыс. Рух, әдеттегі жай күндері ұлт бойында жайбарақат дамылдап жататын, көзге көрінбейтін тылсым сілкініс, найзағай, көк сүңгі. Егер, біз еліміздің әйтеуір бір түкпірінде бір қазақ әлдебіреулерден жапа шегіпті, әлдекімдерден жәбір көріпті деген сөзді есітсек-ақ, әлгі біздің бойымызда дамылдап, жайбарақат жатқан сілкініс қопарыла жарылып, найзағай біткен қыпқызыл боп шатырлап, көк сүңгілеріміздің алмас ұшы көкке шаншылып шыға келері сөзсіз. Сондықтан, қай ұлтты да рухтай ешнәрсе біріктіре алмайды. Рухынан айырылған ел, ыркынан да, тұғыр-тұрқынан да айырылады. Біздің барлық жерде де «рух, рух» деп жағымыз талғанша қақсап, деміміз өшкенше өзеурейтініміз содан ғой. Бірақ, амал не, ол сөзімізді құлағының дәл түбіне зеңбірек қойып атсаң да селт етіп естімейтін тас керең заманға тап болып отырмыз. Содан да, рухымыз жасып, жігеріміз құм болып қала ма деп қорқасың. Өйткені рухы жасып қалған елдің құты қашып, жігері құм болған елдің тілегі түтілген жүн болады. Ондай елдің еңсесі ешуақытта көтерілмек емес. Сондықтан да, Қасымхан ақын жүрген жолдары мен барған тұстарының бәрінен, алдымен, рухты тұлғалар мен рухты нышандар іздейді. Іздейді де табады. Табады да көкірегі қарс айырылып аһ ұрады, өңешін өрт жалап өкінеді, кеудесі көріктей керіліп күрсінеді. Оның «Ыстықкөл жаққа жол түскен кейбір шақтарда, Хан Кенені ойлап

көзіме ыстық жас келді» дейтіні сондықтан. Содан да, ол «Ағыл да тегіл жастығым су боп ояндым, Жаныңа сенің Наурызбай болып жеткім кеп» деп күйзеледі. Содан да, ол «Айналып көкті жүргендей кекті жебе бір» деп кесекті ойға батады. Содан да ол:

*Ноғайлы болып аңырадым,  
Отырар болып қаңырадым,  
Ақтабан болып шұбырып,  
Далада қалды саңлағым.  
Семей де болып сенделдім,  
Ертіс те болып емделдім.  
Қасіретіңмен қайысып,  
Қызығыңды кем көрдім.  
Нарын да болып ұлыдым,  
Арал да болып құрыдым.  
Желтоқсан болып борадым,*

*Лақтырып тағдыр құрығын,* – деп бірде шамырқанып шарт сынып, бірде далада қалғандай сандалып сансырап, бірде қабырғалары күтір-күтір етіп біртіндеп сөгіліп, енді бірде борандай бұрқырап түтеп, әйтеуір сан-сапалақ халге түсіп, сан-сапат күй кешеді. Өткенмен сырласу кім-кімге де оңай болмаса керек. Өйткені, өткеннің өкінішті қасіреті мен өзекті өртер қайғысы аса ауыр. Қасымхан ақын өткеннің сол өкінішті қасіреті мен өзекті өртер қайғысын тұла бойынан өткізе біліпті.

Менің бір жігі байқағаным, Қасымхан Бегманов көбіне-көп өткенмен өмір сүреді екен. Бейне бір оның бүкіл тіршілік мазмұны мен мәні өткенде қалғандай. Өйткені, ол қайғысын да, уайымын да, тіпті, қуанышын да өткеннен іздейді. Бұл сөздерді мен тектен-тек айтып отырғам жоқ. Ол бұл мінезін елі мен жерінің тағдырлы тарихын тану тұстарда ғана емес, аласұрған жастық шақтағы махаббатын жырлағанда да анық танытады. Жастық шағын есіне алса-ақ болды, оның жыр-шанағынан әбден сартап болған сағыныштың сары уайымы сарнап, перне-пернелерінің астынан емешегі езіле үздіккен саздар мен әуендер безілдеп, қыл ішегінен шері тарқатылмай ішкүса болған әуендер мен сарындар үлдеп қоя береді.

*Жиырма жыл көрмегенмін,  
көрмегенмін,*

*Қалайша тірі қалғам, өлмегенмін.  
Көзіңе ерініңе, әуезіңе,  
Өлердей болып жаным, шөлдегенмін,*

*Алдыңда тұрмын міне, өлмегенмін,* – деп сол бір қызсыз осыншалықты өмір сүргеніне, өзге емес, өзіне өзі таңқалып қараған ақын, «Сені жырлап өту үшін жалғаннан, аяулым-ау, мұңын алғам Мағжанның...» деп өзінің мұңының да ет пен терінің арасындағы қызба жел емес, оның тамыры әріде, әруақты текте

жатқанынан хабар береді. Махаббат мұңы Мағжан мұңымен мұңдас ақынның көкірегі қарс айырылып сөйлемеске әдді жоқ. Ондай ақын, ең алдымен, махаббатқа адал. Ондай ақын ғана «Махаббат жоқ» – деген сөзді естісем, көз алдыма сен келесің, аяулым» дей алады. «Сенсіз өткен жиырма жылым өтірік, сенсіз менің өткен емес бір күнім» деген сөздер де сондай ақынның ғана аузынан шыға алса керек. Сондай ақын ғана «Ең соңғы сөз айта алатын хал болса, жаным, Сенің есіміңді атармын» деп өліп-өшеді.

*Сонау көктем, аңсатты ғой, аңсатты,  
Жүректен жыр, көңілден күй қаниа*

*ақты.*

*Сенсіз өткен жылдар мені мұңайтып,  
Сенсіз өткен айлар мені шаршатты.  
Тұнжырайды аспан жалын жыймаған,  
Жүрек бердің махаббатын қимаған.  
Елеусіздеу осы ауылдың қызы ғой  
Маған мәңгі жалғыздықты сыйлаған.*

Мәңгі-бақи жалғыздықты сыйлаған махаббатқа да соншалықты еміреніп, соншалықты тебіреніп сөйлеуге де болады екен-ау! Есі кеткен, ынтығы құрыған неткен көзсіз махаббат бұл?! Олай демей, енді бұған не дерсің?!.. «Жалғыздықты сыйлаған» қатал махаббаттан да ләззат тауып тұрса!

Қасымхан өзінің соңғы кітабының атын «Ол көктем оралмайды» деп атағанда да, сол қайтып оралмайтын, мәңгілік жалғыздыққа тастап кеткен өктем махаббатты тұспалдап, ишаралап қойса керек. Оның бұрқылдап қайнап, тасып-төгіліп жататын асау сезімдерге толы ғашықтық жырлары тұнып тұрған драма. Үзіліп кетердей боп үздігіп сөйлеп тұрған ол, кенет көп ұзамай амалы жоқ шарасыздыққа ұрынып күйзеле күдер үзеді. Бірақ, ол күдер үзгенде ат құйрығын кесісіп, мойнын бұрмастай сырт айналмайды, енді жан арпалысына түседі. Өзімен өзі күреседі. Өз отына өзі өртенеді. Бірақ, жанып кетпейді. Бір махаббат драмасынан құтылар құтылмастан тағы бір махаббат драмасының ішіне кіреді. Яғни, тағы да ғашық болады. Құдай-ау, бірде бір беті қайтпайтын, бұл неткен өжет, бұл неткен қажымас қайратты махаббат! Басына қаншама соққы тиіп, қаншама таяқ жесе де қайтпайды-ау, қайтпайды!

*Күйеуден бозым үстем ет  
Жігітке сын ба, қалған сын,  
Ерніңнен үнсіз тістелеп  
Үстіңнен төніп сүйгенде  
Жағымнан тартып қалғансың.  
Ал сонда кімді қаусаттың,  
Қаусырды қазір жыр мені.  
Жағымға тиген саусақтың*

*Жүзіме емес, жаным-ау,  
Жүректе қалды іздері.*

Бірақ, акын шапалақ жесе де, не қызды, не өзін айыптап, кінәлап жатпайды. Өйткені, «Жыласа былай шыға өзі жылар, Акындар сүйген қызын жылатпайды». Бұл оның өмірлік кредосы. Сондықтан, болса керек оның махаббаты қаншама сәтсіздіктер мен өкініштерге толы бола тұра сүртілген шыныдай тап-таза, таңғы шықтай мөп-мөлдір. Жастық шағында өткен, тіпті, олар сәтсіздіктер мен өкініштерге толы бола тұра, тамсанған сайын тамсандыра беретін, жан ләззаты мен жүрек құштарлығына шүпілдеп тұрған махаббат пен ғашықтық сәттерді еміне, егіле, кейде сөгіле жырлаған Қасымхан Бегманов заман мен уақыт алдындағы міндеті мен борышын, парызы мен қарызын бір сәт те есінен шығарған емес.

*Тура жолда сүріндім де,  
құладым,  
Көкке қарап, бойға қуат сұрадым.  
Көңілімнің ағыта алмай бұлағын,  
Ақ қағазда...  
өксін-өксін жыладым.  
Кеше ғана атушы едік сақаны,  
Қайда дейтін...  
Қырығың да тақады.  
Ақ кемпірдің жүзіндегі әжім мен  
Ақсақалдың ойландырды сақалы.*

Ақын толысты. Ақын кемеліне келді. Уақыттың қабағына, заманның ажарына зер салды. Алыс-жұлысы да, тартыс-таласы да көп мына өмірдің алағай да бұлағай кезендерін де, ыстық-суығын да, ащысы мен тұщысын да көрді. Өрге ұмтылсаң етегіңнен тартып, еніске түссең одан сайын еңсенді езіп жіберуге даяр не деген қатыгез қатал заман бұл?! Адам біткен бір-бірінің абыройын айрандай төккеніне, бір-бірін жерден ап, жерге сап аяусыз жәбірлеп жатқанына мээ. Бір-бірін қабірге тықпай, бір-бірінің қадіріне жетер емес.

*Таң атады,  
күн батады,  
Қара жерде айналар.  
Қатал тағдыр тіл қатады,  
Көкіректі қайғы алар.  
Бақыт сенің қолдарыңда,  
Күндер келер арайлы.  
Жүріп өткен жолдарыңда,  
Өсек қардай борайды.  
Қанаттылар барады ұшып,  
Уақыт шіркін зырлайды.  
Қара түнде қара мысық,  
Көкіректі тырнайды.  
Иштен тынды-ау талай дана,*

*Қос ішектей септесер.  
Жер басарсың қалай ғана,  
Қадіріңе жетпесе ел.*

Бұл өлеңнен бұрынырақ жазылған басқа бір өлеңінде айтқандай «алты қапты жарып шығар кездікпін» десе де, өмірдің өсегі мен жаласына, әділетсіздігі мен аярылығына адам жаны шыдас берер ме?! Ең сұмдығы, ақ тер көк тер боп адал еңбек етіп, оған барынды да, базарынды да қиып бергенде, артыңнан айтақтап ит қосып, алдыңнан қақпан құрып, үстіңнен қиқулатып құс ұшырып жататыны қалай?! Мұндайға жан да, тән де төзер ме?! Олай болса, акын байғұс жоғарыдағыдай қамыға, жабыға өлең жазбай қайтеді?!

Бүкіл ғұмыры алыс пен жұлыстан, тартыс пен таластан, шаппа-шүп айқастан тұратын бұл пенде ғұмыры тек қана пәнилік өмірден бақилыққа кеткенде ғана байыз табатын болса керек. Өз өмірінде көп нәрсені көріп, көргенін көкейіне әбден түйіп алған Қасымхан да мұны бір кісідей біледі. Біледі де, туған жердің төсінде төмпешік-төмпешік боп баракат тауып жатқан әруақтардан ғана рухани демеу тапқандай болады. Өйткені, мақаламыздың басында қайта-қайта тәп-тіштеп айтқанымыздай, өткенсіз бүгін де, ертең де жоқ. Болмақ та емес. Олай болса, біз де мақаламызды Қасымханның бәйіттей естілетін бейіттер туралы өлеңімен аяқтағанды жөн көрдік.

*Бейіттерге қонды тағы кептерлер,  
Кептерлерім, алысқа ұшып кетпеңдер.  
Төмпешіктер деп қарама жсай ғана,  
Бұның бәрі кеше өмірден өткендер,  
Айналайын кептерлер.  
Мәңгілікке осында орын тепкендер,  
Тылсым сырды сезгендей ме кептерлер.  
Кептерлерге мұң шаққандай көрінді,  
Алуан адам талай келіп кеткен жер.  
Бейіттерді аяқ асты етпеңдер,  
Моншақ көзді үрікпейді кептерлер,  
Дәм-тұз бітсе бізде барар орын ғой,  
Бал өмірді қимай-қимай өткендер.  
Сан айналар шыр көбелек көк пен жер,  
Біздер әлі кездесеміз, кетпеңдер.  
Бұл бейітте жатыр жақсы адамдар,  
Қоштасайық, қош болыңдар,*

*кептерлер.  
Қоштастым мен жанарымнан жас  
парлап,  
Дүние-дәурен, басымыздан қашиқан бақ,  
Бейіт қорып жүрген нәзік құстарым  
Бірте-бірте бара жатты аспандап.*

Бұл жолдардағы кептерлер пәни мен бақилықты жалғастырып жүрген рухтар ғой. Рух өлмесін!



**Ғабит ЗҰЛХАРОВ,**  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

Кейінгі жылдарға дейін поляк пен қазақтың әдеби байланысы жайында қалың оқушы қауым тартымды дерек білмей келген еді. Сырттай қарағанда шынында Еуропаның қақ ортасында жатқан Польша елімен Қазақстанның тікелей мәдени байланыс жасауына мүмкіндіктер аз сияқты. Алайда, тарихтың ашылмаған, ұғылмаған құпиялары қашан да көп қой. Бұл ретте қазақ елімен Батыс Еуропа елдерінің әдеби қарым-қатынас тарихында қазақ жеріне айдалып келген поляк ұлт-азаттық қозғалысы өкілдерінің, прогресшіл, демократияшыл көзқарастағы поляк революционерлерінің орны ерекше. XIX ғасырда қазақ даласында Т. Зан, Я. Виткевич, А. Сузин, Л. Турно, А. Янушкевич, Г. Зелинский, Б. Залесский, С. Гросс сынды поляк азаматтары ұзақ мерзімді айдауда болған. Жіктеп айтсақ, поляктың белгілі революционері, демократ-публицист Адольф Янушкевич (1803-1857) сол кездегі халқымыздың өмірі туралы **«Қазақ даласындағы сапар жазбалары»** атты тарихи танымы барынша басым кітап жазып кетті (Париж, 1861ж). Ал, поляктың дарынды суретшісі Бронислав Залесский (1820-1880) Қазақстанның батысында тоғыз жыл айдауда болған кезеңінің баянды белгісіндей **«Қазақ даласының тіршілігі»** атты суретті альбом жасауға мүмкіндік тапты (Париж, 1865 ж). Кезінде Семей қаласында айдау мерзімінің бірталайын басынан кешірген, право ғылымдарының кандидаты, ұлы ақын Абайдың рухани серіктерінің бірі бола білген Северин Гросс (1852-1889) **«Қазақтардың байырғы әдет-ғұрыптары»** деген ғылыми еңбек бастырып шығартты (Петербург, 1886).

## ЗЕРДЕЛІ ЗЕЛИНСКИЙ

(Поляк ақыны Густав Зелинскийдің  
**«Қазақ» және «Дала»** поэмалары туралы  
сыр толғау)

Біз бұл мақаламызда поляк халқының парасатты перзенттерінің бірі – революционер-демократ ақын, қазақ даласында айдау мен сүргіннің алуан азабын көрген Густав Зелинскийдің (1809-1881) қаламынан туған тамаша шығармалары – **«Қазақ» және «Дала»** дастандары туралы біраз сөз қозғамақпыз. Зелинский Варшава университетін бітіріп, енді ғана қоғамдық өмірге араласа бастаған кезде Ресейге тәуелді, бағынышты Польшада ұлт-азаттық қозғалысы басталғанда, ол мұның белсенді ұйымдастырушыларының бірі болды. Елде **«Халық кегі»** атты құпия патриоттық ұйыммен байланысқаны үшін ол 1834 жылы сотталып, сол заманның сөзімен айтқанда, **«қырғыз даласына»** жер аударылды. Сегізжылдық айдау кезінде ол Есіл бойындағы қазақ ауылдарында, Аягөз, Балқаш, Жетісу жерлерінде де айдауда жүрді.

Зелинский қазақ жерінде айдауда болғанда халқымыздың тұрмыс халі, әдет-ғұрпы және салт-санасымен жете танысады. Өз халқының тәуелсіздігі үшін күрескен ақын қазақ елінен де Польшадағыдай екіжақты езудегі қайғылы тағдырын жанымен сезіп, түсіне білді. Қазақ даласының сұлу табиғаты, дала өміріндегі әлеуметтік қайшылықтар, жай халықтың ауыр тұрмысы, шер-мұңы, үміт-арманы, олардың ақжарқын адалдығы, адамгершілік қасиеттері поляк ақынын барынша қызықтырады. Ол осынау өлкенің табиғатына ғашық болып, көшпенділермен достасып, олардың өмірінен шабыт алып, оған өлең жолдарын арнайды. **Шығыс елдері туралы экзотиканы көбірек қалайтын дағдымен жүрмей, поляк ақыны алдымен сол дәуірдегі Қазақстанның салт-тұрмысын нақты сурет-**

теуге ниеттенген. Г.Зелинский өзінің шығармашылық өмірінде көптеген көлемді дүниелер жазған. Солардың ішінде оның арқалы ақын атағын шығарған «Қазақ» және «Дала» дастандары. Бұл жерде бір еске ұстар жай: Густав Зелинский қаламынан алдымен «Қазақ» (түпнұсқада «Киргиз») дастаны туып, ол 1842 жылы Вильно қаласында жеке кітапша болып басылған. Ақынның бұл екі дастаны сол кездің өзінде-ақ тез әйгіленіп, Европа халықтарының көптеген тілдеріне аударылып үлгерген. Мысалы, бір ғана «Қазақ» дастаны неміс тілінде 4 рет (1851-1855, 1858 және 1888 жж), чех тілінде 1863 жылы, ал, француз және ағылшын тілдерінде 1870 жылы қатар басылып шығыпты.

Шығыс қазақстандық орыс жазушысы Г.Д.Гребенщиков (1883 жылы туып, 1964 жылы Америкада өлген) оны француз тіліндегі нұсқасынан орыс тіліне тәржімалап, 1910 жылы Томск қаласындағы «Бытовая Сибирь» серіктестік баспасынан жеке кітап етіп бастырып шығартқан екен. Қазірде осы кітаптың бір данасы Семей қаласындағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайында сақтаулы тұр. XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында «Қазақ» дастанының Европада ғана 22 рет басылып шығуының өзі-ақ оның жоғары бағаланғанын анық аңғартса керек. Зелинскийдің «Қазақ» дастанын ақын Әбдікәрім Ахметов, «Дала» дастанын ақын Тайыр Жароков қазақ тіліне аударуда мейілінше көп еңбек сіңірді. Бұл екі дастанның басы біріктіріліп, 1964 жылы ғана төл тілімізде «Қазақ» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. Алайда, содан бері 45 жыл өтсе де бұл дастандар Қазақстанда қайта басылым көрген емес. Ендеше, жазылғандарына бір жарым ғасырдан асып кеткен бұл екі дастан жайында біраз сөз қозғаннның ешбір сөкеттігі жоқ сияқты. «Қазақ» дастаны XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстан өмірінің кейбір маңызды мәселелерін елестетеді. Сәби кезінде әке-шешесінен амалсыз ажырап, бір бай орысқа сатылып кеткен қазақ баласының ер жеткенде елін сағынып, тұтқыннан қашып шыққаны, жолында бір бай ауылға кездесіп, қонақ болғаны әңгімеленеді. Әке-

сін барымта кезінде өлтіріп, жігітті бала күнінде сатып жіберген адам қонып отырған үйдің иесі болып шығады. Бұл құпияны әңгіме арасында қартайған, бүгінде би болған адамның өзі байқаусызда айтып қалады. Өзіне қатты қиянат жасаған зорлықшының кім екенін жаңа таныған жігіт көп толқиды. Қонып отырған үйдің қызы – Жәмилаға деген құштарлығы мен қыз әкесіне деген өшпенділік жігітті қатар қинайды. Мына келген жігіттің кек алуға беттегенін сол ауылдың әулие бақсысы түс көріп, биге ескерту жасайды. Би мен бақсы ақылдасып, абайсызда жігіттің көзін жоюды көздейді. Бұл арам пиғылды сезген жігіт сүйген Жәмиласымен қашып құтылмақ болады. Бидің өзі бастаған қуғыншылар жете алмайтын болған соң, далаға үш жақтан өрт қояды. Ақырында жас ғашықтар алаулаған отжалынның ортасында күйіп өледі. Дастанның қысқаша мазмұны осындай. Кейбір жерлерінде романтикалық поэзияға тән шарттылықтар сақталғанымен, дастанның өн бойынан қазақ даласының сол кездегі шындығы анық аңғарылады.

Дастанның шартты түрдегі басты кейіпкері – Жігіт. Ол құлдық торынан қашып шыққан, азамат өмірге ұмтылған асқақ арманның, ізгі сезімнің адамы. Бұл туралы дастанның алғашқы шумақтарында-ақ:

*«Құтылмаған қанды тырнақ тезінен,  
Бала бүркіт бейнелі жас кезінен.  
Жүрегіне ұялаған ізгі арман,  
Бір шынығып, бір түлеген өзімен.  
Аңсағаны – еркін өмір, бостандық,  
Құлдық торын тас-талқан ғып  
бастарлық»*

*Ұшу еді жас жігерін қанат қып,  
Түссе жолы туған елге бастарлық»*,  
– деп құлдықтан қашып шыққан жігіттің жүйрік атын, шетсіз, шексіз кең даламен өзі туған жеріне қарай қыран құстай ұшып келе жатқандығын, сезім сапырылыстарын ақын шебер суреттейді. Бұл суреттер тегінде алыста жүріп айдау көрген, сүйікті елін сағынған ақын жүрегінің де тынымсыз дүбірмен үндес. Азаттықты аңсап, еркіндікке ұмтылған жігіт пен ақын жүрегі бірге соғып тұрғандай.

Дастанның оқиға желісін ақын драмалық шиеленіске құрып, шиыршықтай өріп, негізгі кейіпкерлердің бейнесін биіктетер

## Достық дастаны

әр қырынан аша жырлайды. Сағынған ауылында сый-құрметке бөленген жігіт жау-таң көзді сұлу Жәмилаға ғашық болады. Жәмила дастанда былайша суреттелген:

*«Қаниша кезсең қазақтың кең  
даласын,  
Сырдария, Аягөздің арасын.  
Жетісу мен Үргенішті шарласаң,  
Бұған теңді қайдан іздеп табасың.  
Көрген адам қарап қалар сүйсініп,  
Күлгенінде бетке шұңқыр жиылып.  
Ауызында ақық тісі тізіліп,  
Еріні пәк, көрмеген бір сүйіліп».*

Ақын суреттеуінде әділетсіздік пен зұлымдық араны ақ махаббаттың да жолын тосады. Өктем озбырлығымен өлім тұзағына түсіреді. Өлім құшағына түскен қорғансыз қос мұңлықты ақын күйініп:

*«О, дүлей күш, көзсіз еді бұл неден,  
Жалын анау қыз бұрымын өрлеген.  
Соңғы демін ғашық жсарлар бірге  
алды,*

*Жас жандары зарлап шықты кеудеден»,* – деп суреттеуі де қазақ даласындағы жүгенсіз үстемдік пен әділетсіздіктің нышаны белгісіндей көрінеді. Зелинский қазақ халқының таланттылығын, өнерпаздығын жете танып, жоғары бағалағанын оның қазақ әндерін мына бір суреттеуінен көруге болады.

*«Шіркін, қазақ әндерін-ай, әндерін,  
Жұлып кетер жүректің әр, нәрлерін.  
Кейде ызғарлы, күз даладай көңілсіз,  
Кейде аспандай, неткен шексіз нәрлі  
едің!*

*Кейде әндетсе еркін дала ұлдары,  
Кетсе шырқап, кеуде кере бір бәрі.  
Бар табиғат тына қалып мүлгиді,  
Сахара әні-қазақ әні тыңдары».*

Ал, Г. Зелинскийдің «Дала» дастанында белгілі бір сюжет желісі жоқ. Дастан ұзақ толғаудан «Дала», «Таулар», «Бәйге», «Жыр» атты төрт бөлімнен құралады. Дастанның алғашқы бөлімінде автор қазақ даласының жыл мезгілдері – қыс, көктем, жаз және күз кездеріндегі көріністерін ел өміріне ұштастыра, байланыстыра шебер жырлайды. Қазақстанның көп жерлерін көріп, мол әсер алған поляк ақыны табиғат тамашаларын, ғаламат құбылыстарын сүйсіне де тебірене де жырлағанда, олардың дәл суреттерін біре-

бояулар арқылы нақышын келістіріп қолданады. Дастанда Тарбағатай; Алатау тауларының, Лепсі, Аягөз өзендерінің, Балқаш көлінің аттары аталады. Қодар атты батырдың да жақсы істері келтіріледі. Ақын Қодарды ата-бабасының данқымен әйтеуір ел билеп отырған ақсүйектің бірі демей, оның өз күшімен, өз ісімен аты шыққанын баса баяндайды. Қодардың қайраттылығы сонша, қарсы шаппақ болған жолбарысты жалғыз өзі ғана жайратады.

«Дала» дастанын оқу үстінде қазақ жеріндегі әр құбылысқа ақынның айрықша мән беріп, үлкен ой түйіндеуге ұмтылатындығына және соның өзін жалаң баяндамай, сезімге орап, көзге көрінерліктей суреттеп отыратынына риза боласың. Ақын айтатынын да, ойлайтынын да әрқашан кесек турап, еркін жеткізеді. Айталық, дастанның «Дала» атты бөліміндегі алғашқы шумақтарында:

*«Алдыңды орап тұтқын қып,  
Ауын құрар ақ боран.  
Тұрар жер жоқ ықтық қып,  
Ұйтқыр құйын қаптаған.  
Тірідей молаң қаланып,  
Тұрар қорған ақ қардан»,* – деп.

Қазақдаласындағы боран сұрапылдығын батыл бейнелесе:

*«Көрдің бе сен көктемнің,  
Соққан жібек самалын,  
Қыста ұйықтаған шөптердің,  
Майда оянып қалғанын»* – деп әз

көктемді әдемілеп өлең өрнегімен кестелейді. Тіпті, бұл жолдар ойлы оқырман түгіл талантты суретшінің қылқаламына сұрапыл тұратыны айтпаса да түсінікті. Дастанда жанды сүйсінтер шымыр шумақтар жеткілікті-ақ. Тамаша ақынымыз Тайыр Жароковтың аудармасын оқыған адам «Дала» дастанынан эстетикалық ләззат алады, құйылып тұрған өлең өрнектерін көріп парасатты поляк ақынына, оны ажарландырып аударған қазақ ақынына алғыс сөзін қосарлап арнайды.

*«Жасыл Балқаш көлі көздей  
мөлдіреп,  
Жаға талы кірпігің.  
Жарқырап тұр құм жастанып  
қолтығы,*

*Әлсін-әлсін бетін самал үргілеп.  
Көкжиекпен көл тоғысы уылжып,  
Жібек жсел де күлдірлемей күмілжіп.  
Түп-тұңғиық тыныштықтың  
                                төрінен,  
Отты жолмен келе жатыр күн  
                                жылжып».*

Міне, Тайырдың осындай тамаша тәржімасында поляк ақынының өрелі өлең кестесі айшықты өрнек тауып оқушысын риза етеді. Поляк ақынының қазақ халқына деген бауырмалдығы, аяныш сезімі дастанның өн-бойынан анық аңғарылып тұрады. Зелинский шығармаларының бағалы жері осында деп білеміз. **Сыршыл, романтик акын** өзінің жан дүниесін айналасында болып жатқан болмыстармен байланыстыра жырлағанда, олар жаңаша жарқырайды. Жалқылықты жалпылыққа айналдырып жіберу немесе тұтас көрсету, ара-жігін байқатпау жағына келгенде қарадүрсіндікке ұрынбай әр ойы орнықты шығады. Әр шымыр шумақтан тарам-тарам жол шығып, ой алғырлығы, сезім пәктігі тұтасып, өмір-өнерді қорғаушы күшке айналып кете береді.

«Дала» дастанында қазақ елінің аса кәделі тамаша бәйге – ат жарысы көркем кестеленген. Біздің поэзиямызда бәйге І.Жансүгіровтың «Құлагер» дастанында және басқа бірін-саран шығармаларда ғана көсілте жырланған ғой. Бақсақ, бұдан бір жарым ғасырдан бұрын поляк акыны бәйгені үлкен шеберлікпен, поэзия тілімен өрнектеп үлгерген. Тіпті, қазақ халқының өмірінде жылқының орны бөлек екендігін төмендегіше түйіндегеніне қалайша таңқалмассыз. Ендеше, тағы да, зерделі Зелинскийді тыңдалық.

*«Ат үстінде туып қазақ сәбиі,  
Ат үстінде айтылады әлдиі.  
Жерге тәй-тәй баспас бұрын сол  
                                бөбек,  
Атқа шауып, алуды ойлайды бәйсені!  
Апыл-тапыл баспас бұрын алдымен,  
Атқа мініп үйренеді жсай күні.  
Ат-қазақтың ауасы да даласы,  
Атсыз бір күн тұра алмайды баласы.  
Онысз оның ашыылмайды аясы.  
Қайғысын да, қуанышын бөлiскен,*

*Ат көзінің бейне ағы мен қарасы.  
Кісінесе тілдескендей иесімен,  
Аттан артық сықылды оған базасы».*

Ие, «Далада» халықтың түрлі әдет-ғұрпының көңілге тез ұялар көріністері көп-ақ. Күндіз бәйгенің қызығын көрген ел адамдары кешкі намаздан кейін үлкен үйге жиналып атағына, жасына қарай отырысып, «таудай болып үйілген» етті әп-сәтте тауысқанын да қағыс қалдырмай қалтқысыз суреттейді.

*«Кей жігіттер мұжып жамбас,  
жауырын,  
Сүйек ұстап шегіністі аулаққа.  
Қолы шапшаң мұжығанда әжілікті,  
Флейтаны отырғандай ойнап та».*

Айтқан сөзін, тартқан күйін жұрт сілтідей тынып тыңдайтын қазақ жырауын Зелинский ақындықтың, ерекше өнерпаздықтың үлгісі ретінде көрсетеді. Өзінің туған елі – Польша ақындарына сонау сахарадан көрген қазақ жыршысын өнеге етіп алға тартady.

Міне, поляк ақынының дастандарынан осы секілді талай шындықтың беті ашылады. Екі дастанның да құндылығы осында. Бұл орайда, «Дала» дастаны ең соңғы шумақтарының өзі де оқырмандарын жалықтырмайды. Қайта ертеңгі өршіл өмірге ұмтыла беруге меңзейді. Егер, мұны ақынның өз ойымен аяқтасақ, онда бұл төмендегідей жыр кестесімен зерленеді:

«Жолаушылап жолымнан мен  
адасып,  
Сізге мейман болып келдім тау асып.  
Соққан салқын самалына даланың,  
Кеуде кере көкірегімді кең ашып.  
Кездестірсем Сіздердей көп ұрпақты,  
Тату-тәтті тұрған егер әжарасып.  
Риза болып өзіме-өзім айтар ем,  
Тұр,-деп мұнда ата рухына жол  
ашып.  
Батыр Қодар, алда бағың ашылсын,  
Жыршыдағы үзбей үміт арманын,  
Ән мен күйін асулардан асырсын.  
Бәлкім, алда алуандаған сан жылдан,  
Домбырадан күй төгер ол  
жанжырған...»

Әрине, шығармалары мұндай баянды, баталы сөз қозғаған поляк ақыны Густав Зелинский мұрасын шаң баспақ, ұмытылмақ емес.

## **М. Әуезовтің ұлт фольклоры мұрасын жинау, жариялау және насихаттау саласындағы еңбектері жайлы бірер сөз**

Әлем мәдениеті тарихына туған халқының парасат болмысын танытқан М. Әуезов даналығы ең алдымен туған елінің рухани бұлағынан нәр алды. Өйткені, даналық өз жұртының ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық рухани қазыналарының інжу-маржандарын өз бойына сіңіріп барып, оны заман талаптарына сай еліне жаңғыртып, түлетіп жеткізуден тұмақ. Оған М. Әуезовтің Ж. Аймауытовпен бірге Ташкентте шыққан «Алаш» газетінің 1917 жылғы 30 наурыздағы 16-санында жарияланған ең алғашқы баспа бетін көрген еңбегі «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласындағы ой сілемдерінен бастап, «Әдебиет тарихы», «Қазақтың ауыз әдебиеті» кітаптары мен «Әр жылдар ойлары» жинағына топтастырылған зерттеу еңбектері мен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы фольклорлық, этнографиялық, этнопедагогикалық мол суреттемелері айқын дәлел. М. Әуезов өзінің алғашқы публицистикалық еңбектерінен бастап-ақ, халық мұрасының тағлымдық мәнін ашып айтуден ғана шектелмей, осы бағытта өзі ұстанған өзгеше қайсар өлшем, таймас берік танымынан айнымайды. Бұл орайда М. Әуезов еңбектерінің екі арнада өрістегені белгілі. Оның бірі – ғалымның халық мұрасын ғылыми зерттеу нысанына алуы болса, екіншісі – оларды суреткердің көркем туындыларына өзек етуі болатын. Мұның алғашқысына 1922 жылы «Шолпан» журналының 3, 4-сандарында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласынан бастап, диссертацияларында, монографияларында, ғылыми-зерттеу мақалаларында, түрлі жинақтар мен оқулықтарында басылған еңбектерін, ал, екінші арнасына «Еңлік-Кебектен» бастап, «Абай жолы» роман-эпопеясына дейінгі көркем туындыларын жатқызамыз. Мұның сыртында көпшілікті халық мұрасын жинауға ат салысуға шақырып, 1925 жылы 23 көкекте «Қазақ тілі» газетінде «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақала жазып,

онда ұлт мәдениетін дамыту үшін оқу саласындағы тіл, әдебиет, тарих, салт-дәстүрді өркендету керектігін, ал бұлардың өркендеп, өсуі ел ескілігін халық ішінен жинап, бастыруға байлаулы екендігін айтып қана қоймай, өзі бас болып 1924-25 жылдары «Таң» журналына, кейін өмірінің соңына дейін түрлі басылымдар мен жинақтарға фольклор мұраларын үзбей бастырып отыруының өзі зор ғибратты тағлым екені аян.

Осы орайда айта кетер жайт, аталған мақала жарияланған басылымда М. Әуезовтің автор ретінде есімі жазылмаған. Ол турасында жазушы шығармашылығының білгірі Қайым Мұхаметханов «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 15 қаңтардағы санында архив деректерінен дәлел келтіре отырып жариялады. Ол дәлелдердің нанымдылығы да, мақаланың тілі, ой оралымдары да оның М. Әуезов туындысы екендігіне күмән тудырмастай. Оның үстіне мақаладағы негізгі ой жазушының «Әдебиет тарихы» зерттеуіндегі ой-пікірлерімен сабақтасып, тіпті кей жерлері сол күйінде қайталанып та отырады. Айталық, мақаладағы әдебиет тарихын жинап, зерттеудің маңызы туралы айтылған тұстар кітаптың «Жазушыдан» деп аталатын арнауындағы ойлармен тікелей үйлесіп жатса, мақаладағы Қодар образына берілген мінездеме мен жар-жардан келтірілген мысал кітаптың «Қозы Көрпеш - Баянның мәнісі» атты тарауында еш өзгеріссіз қайталанып келеді. Міне, бұл айтылғандар «Әдебиет тарихы» зерттеуінің сол 1924-1925 жылдары жазушының педтехникумдағы курстарда жүргізген дәрістері негізінде дайындалғанынан мағлұмат берсе керек.

Сонымен, осы мақалада ол ел ішінен қандай мұраларды жинау керектігін саралап жазды. Сөйтіп, басқаларға фольклорлық мұраларды жинаудың жолын көрсетіп қана қоймай, өзі де осы бағытта зор еңбек етті. М. Әуезовтің ел ішінен жинап бастырған фольклорлық мұралары жайлы еңбектерін тізіп атасақ, олар мыналар:

1. 1924-25 жылдары өзі редактор болған



Семей губерниялық атқару комитетінің тілі «Таң» журналында бастырған «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Бұхар жыраудың Керейге айтқан сөзі. Көкбай ақсақалдан», «Бұхар жырау сөздері. Көкбай ақсақал айтуынша», «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі», «Айтаңсықтың қоштасқаны». Ақын айтуындағы «Қозы Көрпеш-Баяннан», «Жаман бақсының сарыны. Көкбай, Тұраш ақсақалдардың айтуынша», «Жаман сарт сарыны», «Сыбан Ақтайлақ би. Көкбай ақсақал айтуынша», «Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұхар жыраудың айтқан бір толғауы», «Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны», «Мәлике қатын мен Тоқтамыс би» нұсқалары.

2. 1924 жылы жазда Жетісу губерниясының Алматы, Жаркент өлкелерін аралап, сол экспедиция кезінде «Сары қыз бен Омарбектің айтысын» жазып алған.

3. 1924 жылы Семейде керей Уәйіс ақыннан «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» Жанақ пен Бейсенбай ақындар жырлаған нұсқасын жазып алып, 1936 жылы кітап етіп бастырған.

4. 1933 жылы Шымкент драма театрының артисі Отызбай Жұмабаевқа Кентау қаласындағы Дәнібек деген қариядан «Үміт қыздың өлімі» атты поэманы жаздырып алған.

5. 1934 жылы маусымда Алматы облысы Іле ауданында тұратын Нұралин деген азамат «Бай мен кедей» айтысын Өмірзақ ақыннан жазып алып, М. Әуезовке жіберген.

6. 1941 жылы маусымда Семейлік Садық Қасиманов ел арасынан «Байжұман» деген поэманы жазып алып, М. Әуезовке жіберген.

7. Осылайша М. Әуезов өзі және оның ұйымдастыруымен жиналған фольклорлық мұраларды баспасөзде жариялату жұмысымен қатар айналысты. Мәселен, 1940 жылы С. Аманжолов құрастырған «Жұмбақтар» жинағына редакторлық етті.

8. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының фольклор бөлімінде жиналған мұраларды сұрыптап, баспаға даярлау негізінде 1959 жылы «Қамбар батыр», 1961 жылы «Алпамыс батыр», «Қыз Жібекті» кітап етіп бастырды.

9. Қазақтың фольклорлық мұраларын орыс тіліне аударып, бастыруға еңбек сіңірді. 1940 жылы Москвада «Песни степей» атты қазақ әдебиеті антологиясы

жинағының фольклорлық бөлімін М. Әуезов құрастырды.

10. 1953 жылы Москвада Сидельников құрастырған «Казахские народные сказки» жинағының редакциясын басқарды.

11. 1958 жылы Фрунзеде қырғыз ғалымдарымен бірге редакциялық ұжым мүшесі ретінде «Манас» эпосының ғылыми басылымын шығаруға қатысты.

12. 1940 жылы қалмақ халқының эпосы «Жәңгірді» жеке кітап етіп шығарды.

13. Т. Ізтілеуовтің айтуымен жазып алынған «Рүстем батыр» эпосын 1961 жылы жеке кітап етіп шығарды.

**М. Әуезов халық мұрасын жинап, баспасөзде жариялау ісімен қатар, олардың мәнін қалың оқырманға түсінікті де нәрлі тілмен жеткізу бағытында да тер төккен публицист қаламгер болғаны аян. М. Әуезовтің фольклор мұраларын ел ішінен жинау мәселесіне арналған «Халық әдебиеті туралы» [1] деген мақаласы 1924 жылы Ташкентте шығатын саясат, шаруашылық, мәдениет, ғылым хәм техника саласындағы жетістіктер жазылып, жастарды өнер-білімге шақыратын «Жас қайрат» журналында жарияланды. Онда ол көмескіленіп, ұмытылып бара жатқан халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін, халықтық мұраларды тез арада жинап, баспа орындарына беру жөнінде өтініп, үлкен мәселе көтереді: «халық әдебиеті жиналып, жазылып қағаз бетіне түспесе, бірден-бірге ауызға тапсырылып жүргенде қайта жоғалып, өшпесе, өнбейді» – дей келіп, «меніңше, халық әдебиетін жинауға қолайы бар адамдар оқыған шәкірттер болуы керек. Шәкірттер жаз еліне барған жақтарында халық әдебиетін жинап, керектісін тауып пайдаланатын, басылып, жарыққа шығарылатын, баспасөз майданына түсетін жерге жеткізуі керек. Әсілі, ескі әдебиетімізді жинауға жас оқығандарымыз күш көрсетпесе, халық әдебиетімен аз жылда ашық қоштасармыз» [1] – деп тиімді жағын қарастырып, дұрыс бағыт та көрсетеді. Бұл орайда, оның Семей облыстық «Қазақ тілі» газетінде «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» [2] атты мақала жазып, онда: «Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру жалғыз ғана әдебиетті сүюшіліктен тұмайды. Жақын жердегі алдыңғы керегі әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой,**

сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып, нығайып, өзіне біткен көрігі мен күшін жинау үшін керек. Көрік пен күш жинау елдің ішкі байлығын сыртқа шығарып, бетін ашады. Өткен заманның қадірлілері талайдан келе жатқан қазақтың бұл күнге дейінгі көмескі болып келген ақыл, сезім жолындағы бітімін айқын көрсетеді. Талайдан қалыптанған ой тұлғасын көзге елестетеді. Қазақтың өткен күндегі тұлғасы айқындалмай, келешегінің беті ашылмайды. Өткен күннің ұғымы мен нанымы, әдегі мен салты анықталып, екшелмесе, алдыңғы бет түзелмейді» [2], – деп фольклорлық мұралардың ел өмірі мен келешек мәдени тағдырындағы маңызын көрсете келе, нақты әдебиет пен тарихқа қатысты қандай түрлерді жинау керектігін атап-атап көрсетуі куә. Сол көрсеткендерін жинауға өзі де ат салысады. Ол жайында қаламгердің халық ағарту қызметкерлерінің Одағына мүшелікке тіркелу үшін 1929 жылы 28 қаңтарда толтырған анкетасындағы: «В 1926 ездил в Семипалатинскую губернию, на родину казахского поэта Абая, для сбора материалов, касающихся его жизни и деятельности».

В 1927 г. в Жетысускую губернию и летом 1928 г. в Киргизию с научным заданием в составе экспедиции Московского института Востока» [3], – деген деректері бар. Сондай-ақ, М.Әуезовтің 1927 жылы жаз айларында І.Жансүгіровпен бірге Жетісу өлкесіне экспедицияға барғаны жайлы В.Н.Әуезованың естелігінде де жазылған [4,376]. Қаламгердің «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» тарихи повесі осы экспедициялар нәтижесінде дүниеге келген болатын. Ал, «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің бас кейіпкері М.Әуезовтің ташкенттік әдеби ортада араласқан адамы Тұрар Рысқұловтың әкесі екені белгілі.

Әуезовтің фольклор мәселесіне осыншалықты үлкен мән бере қарауының бір себебі, жаппай орыстандыру саясаты қарышты қадаммен қала мен қыр елін жайлап бара жатуы еді. Орыстар ерте қоныстанған Семей өлкесінде өзге дінділердің көптеп шоғырлана бастауы, орыс мектептерінің ашылуы, басқару орнында тек орыстар отыруының бәрі қазақ тілі мен дініне нұқсан келтіретінін жазушы жете түсінді. Ахмет Байтұрсынұв: «Хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрт-

тың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал, халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақталуы»[5,185] – деп тегін жазған жоқ еді. Зиялы ағаның бұл сөзі жас зерттеушіге үлкен ой салды. Әуезовтің халық арасында ұмыт болып, жоғалып кетудің аз алдында тұрған ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауға бел буында, ат салыса кірісуінде де саяси мән жатқанын осыдан ұғу қиын емес. Сөйтіп, Мұхтар Әуезов «Халық әдебиеті туралы» мақаласындағы пікірін «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында толықтыра түседі. Онда ол, ел ескілігін жинау бір-ақ беттегі адамдардың міндеті емес, оқи біліп, жаза білген бар қазақ баласының міндеті деп, бұл жолда ең алдыңғы тілекті ел ішінде ескі сөзді білетін кәрі құлақтарға айтамыз дей келе, Кирпедтехникумның 100 шәкіртіне ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жөніндегі нұсқау берілгенінен құлағдар еткен.

Ел ішінде кең тарап, көп айтылатын батырлар жыры, ақындар айтысы, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер, әр рудың шежіресі, хандық дәуірді белгілейтін әңгімелерді, яғни әдеби-тарихи маңызы бар ұлттық құндылықтарды жинауды ұсынады. Жазушы мұндай ұсыныс-пікір жариялап, құрғақ сөзбен ғана шектелмейді, іргелі істің басы-қасында жүріп, ел арасынан жиналған үлгілерді сұрыптап, тандай отыра, араға көп уақыт салмай «Әдебиет тарихы» атты көлемді де құнды еңбек жазды.

**Құралай МЫРЗАХАНҚЫЗЫ,**  
**Абай атындағы Қазақ ұлттық**  
**педагогикалық университеті**  
**Магистратура және PhD**  
**докторантура институтының**  
**1-курс магистранты.**

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әуезов М. Халық әдебиеті туралы// Жас қайрат, 1924, №3,4.
2. Әуезов М. Әдебиет ескілігін жинаушыларға// Қазақ тілі, 1925, 23-көкек.
3. Ташкентский период Мухтара Ауэзова//Панорама Шымкента, 1999, 25 ноября.
4. Ауэзова В. Первые годы //кітапта: М.Ауэзов в воспоминаниях современников. Алматы: «Жазушы», 1997, -432 стр.
5. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: «Алаш», 2003, -380- бет.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАЛАЙ ЖАҚСЫ МЕҢГЕРУГЕ БОЛАДЫ

Ағылшын тілін қалай үйренуге болады? Кез-келген тіл білуге құлшынған жанның ойында тұратын сұрақ... Полиглоттар тарихында: Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерсе, шотландиялық Дерик Хернинг 22 тілде еркін сөйлейді екен. Ендеше біздің ағылшын тілін еркін меңгеруге толықтай мүмкіндігіміз бар. Әлемде үйренуге қиын тіл жоқ. Әр тілдің өз заңдылығы бар. Ең алдымен тіл үйренемін деген адамға мотивацияның болуы аса маңызды. Ол мотивация – сіздің мақсатыңыз болмақ.

Сонымен ағылшын тілін меңгерудің тиімді жолдары:

### 1. Дұрыс ресурстарды таңдағаныңыз

**дұрыс:** грамматикалық оқулықтар, фильмдер, бағдарламалар

### 2. Сөздік қорыңызды көбейту керек.

Көп уақыт бойы сөздікке телміріп есте сақтаудан шаршайтын боларсыз. Ендеше визуалдылыққа көшіңіз. Ұзақ мәтінді сөздерден қарағанда, мультимедиялық көріністерді көбірек көріңіз.

### 3. Ән тыңдағанды ұнатасыз ба?

Олай болса, ұялы телефоныңдағы ән жинағын өзгертуге тура келеді. Көңілді, баяу айтылатын ағылшын тілінің әндерін тізімге қосыңыз. **Меңгеріп жүрген тілде көбірек ойлап және еркін сөйлеуге машықтаныңыз.**

### 4. Бейнебаян көріңіз.

YouTube-тан ағылшынша кинолар мен сериал, роликтерді көрер болсаңыз, онда уақыт алдында кінәлі болмайсыз. Мұнда, ағылшын сөзіне құлағыңыз үйреніп, айтылуының дұрыс жолын, лексикасын біршама біліп қаласыз. Ол үшін субтитрі бар, көруге жеңіл кинолардан бастағаныңыз дұрыс. Бұдан кейін ақырындап күрделі киноларды көруге икемделіп, субтитрді қажет етпейтін де боласыз. Бұның бәрі жай айтыла салған сөз емес. Сондықтан күнде бір уақытта ағылшын тіліне көңіл бөліп тұрыңыз. BBC арнасының жаңалықтарымен басталған ағылшын тілін үйрену ниетіңіз

бірнеше ай уақыт көлемінде жақсы көрсеткіштерге жеткізуі әбден ықтимал.

Интернет желісінде жаңалықтар мен кинолардан басқа ағылшын тілін үйрену сабақтары бар. Аталған сабақтар жетіп артылып жатыр. Күніне қаншама ерікті адамдардың оқып үйренуі үшін материалдар қосып, үсті-үстіне үстемелеп жатады. Солардың ең жақсыларын кіріп көріңіз.

### 5. Кітап оқыңыз.

Егер де, көгілдір экран алдында ұзақ отыруға ата-анаңыз рұқсат етпесе, онда сізге кітап көмектеседі. Кітап болғанда да тілі жеңіл, тұрмыстық кітапты айтып отырмыз. Бұндай кітаптардың пайдасы ағылшын тілін үйренушілерге аз тимейді. Оны санамалап жеткізе алмаймыз. Ең бастысы, сіз күнде таңғы салқын ауамен ерте тұрып кітап оқып, оны түсінуге зер қойсаңыз, алда-жалда арнайы курстарға барып жүргендерден де артық білім алуыңызға болады. Себебі, таңертең оқыған кітап басқа уақытта оқыған кітаптарға қарағанда өтімді болады. Түні бойы демалған ми клеткалары кез келген ақпаратты жинап алуға бейім тұрады. Тағы бір ескертетін жағдай, өзіңізді қинап еш уақытта кітап оқымаңыз. Ол сіздің пайдаңызға емес, үлкен бір олқылыққа айналуы мүмкін. Уақытыңыз бір мезетке босап қалса, қойын қалтадан кітапты суырып алып, оқыған дүниенізді бір қарап шығуыңызға болады. Есіңізге барлық бұрынғы оқығандарыңыз қайта келіп, одан бетер жақсы сақтала түседі.

**Жанетта ИМАНКУЛОВА,**  
Алматы Энергетика және байланыс университетінің оқытушысы

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Ағылшын тілі мектепте». 2010 жыл №1 және 2009 жыл №1.
2. Хабаршы 2009 жыл, №1.
3. Интернет желісі.

## СОДЕРЖАНИЕ

М. Д. Состояние казах.  
**Алик АЙДАРБАЕВ.** Развитие страны и улучшение социального положения народа является нашей общей обязанностью.  
**Д. КИШИБЕКОВ, Т. КИШИБЕКОВ** Родина – это самая важная и особенная структура.  
**Сеилбек МУСАТАЕВ.** Гражданство – это политико-государственное, а нация – это политическое и народное понятие.  
**Зикирия ЖАНДАРБЕК.** Кто и как должен писать казахскую историю?  
**Айтан НУСИПХАНУЛЫ.** Нам бы не помешало иметь националистический настрой.  
**Кудияр БИЛАЛ.** Религиозное отклонение негативно влияет на психологию нации.  
**Игиллик АЙМЕН.** Чьей войной была Великая Отечественная война и чья была победа?  
**Ислам ЖЕМЕНЕЙ.** Повлияли ли приказы Амира Темира на вселенную?  
**Хасен КОЖА-АХМЕТ.** Сумасшедшая музыка уже дошла до предела.  
**Жангали ЖУЗБАЙ.** Музыкальные ноты нанесли вред казахским кюям, тем самым испортили традиционное исполнение кюев.  
**Омирхан АБДИМАНУЛЫ.** Великий поэт и великий педагог.  
**Ораз КАУГАБАЙ.** Дедушка Динмухаммеда Конай батыр.  
**Гүлзат КОБЕК.** Мир Шакена Айманова.  
**Ж. КАРАБАСОВ.** Встреча Абая и оратора Ногайбая.  
**Рабат ЖАНИБЕКУЛЫ.** Слава уважаемого человека.  
**Дулат ТУРАНТЕГИ.** Художественный перевод и вкус поэта.  
**Акжол КАЛШАБЕК.** Заметки о литературе.  
**Аманхан АЛИМУЛЫ.** Судьба таланта.  
**Темирхан МЕДЕТБЕК.** Жизненный опыт, полученный из прошлых досад.  
**Габит ЗУЛКАРОВ.** Разумный Зелинский.  
**Куралай МЫРЗАХАНКЫЗЫ.** Роль Ауэзова в сборе, публикации и пропаганде наследия национального фольклора.  
**Ж. ИМАНКУЛОВА.** Как хорошо можно выучить английский язык?  
Содержание журнала на русском и английском языках.

## CONTENT

Kazakh's condition.  
**Alex AIDARBAYEV.** Development of the country and improvement of the social condition of the people is our responsibility.  
**Dos KISHIBEKOV.** Motherland is the most important and unique structure.  
**Seilbek MUSATAYEV.** If citizenship is a political and government concept, then nation is a political and people's concept.  
**Zikiriya ZHANDARBEK.** Who and how should write the Kazakh history?  
**Aitan NUSIPKHANULY.** What we need is nationalism.  
**Kudiyar BILAL.** Religious aberration negatively affects on nation's psychology.  
**Igilik AYMEN.** Whose war was the Great Patriotic War and whose victory was it?  
**Islam ZHEMENEI.** Did the orders of Amir Temir have an effect upon the universe?  
**Khasen KHOZHA-AHMED.** Crazy music makes everybody go mad.  
**Zhangali ZHUZBAY.** Musical notes harmed Kazakh kui and thus spoiled traditional way of playing kui (Kui is traditional music played on dombra).  
**Omirkhan ABDIMANULY.** Great poet and respectable educator.  
**Oraz KAUGABAY.** Konai batyr, grandfather of Dinmukammed.  
**Gulzat KOBEK.** The world of Shaken Aimanov.  
**S. KARABASOV.** Meeting of Abay and master of rhetoric Nogaiabay.  
**Rabat ZHANIBEKULY.** Honorable person.  
**Dulat TURANTEGI.** Literary translation and the poet's taste.  
**Akzhol KALSHABEK.** Notes on literature.  
**Amanhan ALIMULY.** The destiny of talented person.  
**Temirkhan MEDETBEK.** Life experience gained from the pain of the past.  
**Gabit ZULKAROV.** Right-minded Zelinskiy.  
**Kuralai MYRZAKHANKYZY.** Auezov's role in the collection, publication and promotion of heritage of national folklore.  
**Zh. IMANKULOVA.** How to learn English well?  
Table of content of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. Факс: 8 (7272) 394-37-62. электронды адрес: [akikat1921@mail.ru](mailto:akikat1921@mail.ru)  
[www.akikatkaz.kz](http://www.akikatkaz.kz)

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 08. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

**КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ:** *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

**КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР** – Серікқали ХАСАН.

Мұқабаның бірінші бетінде: Левитан. «Күз».

*Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.*

*Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.*